



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АҚИҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№8, ТАМЫЗ, 2014

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНХАТ

Тіл туралы заң қабылданар алдында.....3

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Сон Чхи КЫН. Корея мен Қазақстанның жақындығы және екі жақты қарым-қатынасты дамытудың келешегі.....4

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жания ӘБДІБЕК. Қазақтың досы кім?.....10

КЕЛЕЛІ КЕҢЕСКЕ ОРАЙ

Айдос САРЫМ. Қазақтың досы шетелдегі қазақ диаспорасы мен зиялы қауымы...19

Жарылқасын БОРАНБАЙ. Доссыз дүние бос.....22

ЕРКІН ОЙ МІНБЕРІ

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ. Бізге «ұлтшылдардың билікке келуі» емес, «билік жүйесінде ұлтшылдық принциптерінің басымдыққа ие болуы» керек.....24

Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ. Қазаққа қауіп қайдан?.....28

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Сейілбек МҰСАТАЕВ. Батыстық сарын басып бара ма, қалай?.....36

МӘНІ ЖОҒАЛМАҒАН МАҚАЛА

Марат ҚАБАНБАЙ. Ақмолаға көшкін, ағайын!.....39

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ. Масанов – камердинер емес пе, осы?.....42

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Хасен Қожа-АХМЕТ. Әміре неліктен «Қыз Жібек» операсына қатыстырылмады?.....45

ЗАМАНА ЗАПЫРАНЫ

Болат ЖҮНІСБЕКОВ. $17 = 32 + 37X$ немесе Үрей формуласы.....58

АЩЫ ДА БОЛСА...

Мырзан КЕНЖЕБАЙ. Бұл Ер Төстік емес.....62

МЕНІҢ ҰСТАЗДАРЫМ

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ. Ғұлама.....65

МӘДЕНИ МҰРА

Уахит ШӘЛЕКЕНОВ. Асыл текті Әйтеке Байбекұлы.....72

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ	
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ. Ақын ұлын асқар тауы жоқтайды.....	75
Көпжасар НӘРІБАЕВ. Аптал азамат, білікті басшы.....	82
ТАҒЫЛЫМ	
Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА. Пірімжанов неге ұмытылып барады?.....	86
ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ	
Берік СӘДУАҚАСОВ. Қаламгер туралы сыр.....	91
НАРЫҚТЫҢ ЖҮГІН НАР ТАРТАР	
Бақытжан ЖАҚСЫМБЕТОВ. Қай салада жүрсем де, жақсы мінез бен еңбекқорлығымнан таңған емеспін.....	95
ОЙТОЛҒАҚ	
Әсия БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ. Мағжанның молалық лирикасы.....	98
ИМАНДЫЛЫҚ ИПІМДЕРІ	
Мейрам ОМАРОВ. Тұрсынбай датқа туралы.....	101
ҒАЛЫМ МІНБЕРІ	
Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА. Гендер – жаһандық үдеріс.....	106
Үмбетхан СӘРСЕМБИН. Қоғам дамуының тарихи кеңістігіндегі ұлттық интеллигенция феномені.....	109
ЖАҢА КІТАП	
Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ. Даланың дана перзенті.....	112
ҚАЛАЙ БОЛСА СОЛАЙ	
Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫНЫҢ әзіл-оспақ беті.....	114
Журналдың орысша, ағылшынша мазмұны.....	116

ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:

«Қазақ газеттері» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек КЕНЖАЛИН

БАС РЕДАКТОР: Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Ораз ҚАУҒАБАЙ, Қыдыралы ҚОЙТАЙ (редактордың орынбасары – жауапты хатшы), Серікқали ХАСАН.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС: Сарбас АҚТАЕВ, Есберген АЛАУХАН, Әділ АХМЕТОВ, Бүркітбай АЯҒАН, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ, Раушанбек ӘБСАТТАРОВ, Ғарифолла ЕСІМ, Әбіш КЕКІЛБАЕВ, Уәлихан ҚАЛИЖАН, Ғалымқайыр МҰТАНОВ, Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Серік ПІРӘЛИЕВ, Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қуаныш СҰЛТАНОВ, Ерлан СЫДЫҚОВ, Кеңес ҮШБАЕВ, Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ, Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ, Зарема ШӘУКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің облыстардағы өкілдері: Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ (Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48, Батырбек МЫРЗАБЕКОВ (Қарағанды облысы) – 8-710-2-90-19-73, Толымбек ЫБЫРАЙЫМ (Астана) – 87013457938 Оразалы ЖАҚСАНОВ (Қостанай облысы) – 87772307184.

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАР АЛДЫНДА

(Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеттің мемлекеттік тіл туралы өткізген семинар кеңесінде сөйлеген сөзі)

Нұрболат Масанов не дейді:

– «Свет нашего общества» – это русскоязычные, они более интеллектуальны, цивилизованы и везде у руля находятся они. Например, в государственном управлении, бизнесе и т.д. Русский язык выполняет функцию общения, а казахский язык не может выполнить эту функцию, так как этот язык – язык кочевников. На этом языке цивилизованные люди не могут общаться. Потому, что не хватает слов для выражения мыслей. Поэтому этот язык должен служить как исторический памятник казахского народа. А борьбу вокруг этого языка вели люди, которым нужна была власть, сейчас уже ясно в чьих руках и уже нет той борьбы. Потом труды великих мыслителей не переведены на казахский язык, даже своих писателей – Абая и т.д. не могут издать.

А в отношении коренного и некоренного населения тоже выяснили: коренными в Казахстане остаются все, кто родился здесь».

«Тотем бағдарламасынан»

Айтан Нүсіпхан не дейді:

– Мемлекеттік тілдің қазіргі хал-ахуалына баға бергенде, «ана жерде жүріп жатыр, мына жерде жүрмей жатыр» деген тұрғыдан келу, меніңше, дұрыс емес. Президент аппаратында, Министрлер Кабинетінде, Жоғарғы Кеңесте бағы жанбай, баяны қашқан қазақ тілін төменгі буындар не қылсын?! Бізде саясаттың сорпасын сапырып отырғандар қазақ тілінің тағдырын қазақ халқының тағдырымен шындап байланыстырғысы келмейтін тәрізді болады да тұрады, маған. Әйтпесе, бүйтіп құр тұлыпқа мөңіреп жүрмес едік.

Кейбір жерлерде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында жүзеге асырылып жатқан азын-аулақ оңды шаралар бар-ақ шығар. Мен олардың игі істеріне көлеңке түсіргім келмейді. Дегенмен, мына бір нәрсені атап айтуға мәжбүрмін. Үкімет ықылас, пейіл танытпай отырған жағдайда, төмендегілердің тыраштанғанынан ештеңе шықпайды. Тіпті, мұндай әрекеттің өзі жалпы және ресми фонда бір түрлі күлкілі, әумесерлеу адамдардың ісі сияқты көрінетінін жасырудың қажеті бар ма? Өйткені, өздерін «байыпты» санайтындардың бәрі қазақ тілінің тағдырын баяғыда, орыс тіліне ресми тіл мәртебесі берілген күні-ақ, күз ернеуіне іліндіріп қойған. Қазір тіл саясатының тұтқасы солардың қолында тұр. Не істеу керек?

Күресу керек. Тек қана күресу керек! «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басына шабасың ба?» дегендей, тілі, ділі үшін күреспеген өмірдің ешқандай мәні де, мағынасы да болмайтынын айрықша көрсеткім келеді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауыттардан қай жанымыз ардақты?! Елім деп еңіреп өткен осы сандақтар тіккен ұлттық рух туы бүгін неге қисаюы тиіс?! Ұлттық тілің – арың мен намысың! Сондықтан да, оны ата-бабаларымыз жанын салып қорғады. Барын салып байытты. Оны бүгін қорғап қала алмасақ, бізге сын. Атақ, байлық, мансап та керек. Бірақ, ана тіліміз – мемлекеттік тіліміз одан жоғары.

Өткен жылы Абай тойын өткіздік. Біле білсек, Абай тойы шенеуніктер тойы емес, қазақжыры мен қазақтілінің тойы болуы керек еді. Қазақтілін ұлы Абайдың жаңа бір белеске көтергені шындық қой. Ол өзінің барлық шығармаларын тек қазақ тілінде жазғаны да баршамызға мәлім. Бірақ, сіздер, сол тойға орай, ресми адамдар тарапынан қазақ тіліне деген бұған дейін жеткен биігін аласарту дәл осы тойлы жылдың «табысы» болды. Алда Мұхтар жылы келе жатыр. Бүйте берсек, біздің кемеміздің рулін ұстап отырғандар осы «бағытқа» тағы да бұра тартпайды деп айта аламыз ба?

Шынымды айтсам, дәл осындай ой-ауанда жасалып жатқан «Тіл туралы» заңның тағдыры мені қатты алаңдатады. Егер, бұл туралы заңды «қысым көріп жүрміз» деп байбалам салушылардың қас-қабағына қарап жасайтын болса, онда мұндай заңның барынан жоғы жақсы. «Тіл туралы» заңға тілдік ортаны қорғау мәселесі қызыл өзек, алтын арқау болуы керек. Осыған орай, орыс тілінің өктемдігін тежейтін байыпты тетіктер жүйесін жасайтын уақыт жетті. Рас, байбалам, айқай-шу болады. Бола берсін. Негізі жоқ өтірік байбаламның бәрібір өмірі қысқа. «Қазақстанда орыс тілі қысым көріп жатыр» деушілердің не ниеті дұрыс емес, не есі дұрыс емес. Шын мәнінде, Қазақстанда – өзінің бірден-бір тарихи Отанында – қазақ тілі қысым көріп отырғаны дәлелдеуді керек етпейтін шындық. Бізге орыс тілінде күшті насихаттық қару керек. «Ана тілі» газетінің арасынан орыс тілінде қосымша шығарған, ал, тіпті, шамамыз келіп жатса, жеке газет шығарған жөн. Біз әлі күнге дейін қарсыластарымызбен айтыста өз мүмкіндігімізді толық пайдалана алмай келеміз. Шындық біздің жақта. Дәйек те, дерек те біздің жақта. Ендеше, орыс тілінде көп тиражды газет шығарып, оны тек Қазақстанға ғана емес, Ресейге де таратайық. Қарсыластар қатарын әлсіретуде мұндай қарудың тиімді болатынына мен еш шүбәланбаймын.

20 наурыз, 1996 ж.



Сон Чхи КЫН,
Қазақстандағы Оңтүстік Корея
Республикасы елшілігінің
Алматыдағы өкілдігінің басшысы,
Бас консулы

Сөз басы

Корей Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына биыл 21 жыл толып отыр. Бүгінгі таңда екі ел әлемдік қауымдастықта бірін-бірі қолдап, тек қана экономикалық жағынан емес, саяси тұрғыдан да ынтымақтастығын белсенді арттырып келеді. Сонымен қатар, екі ел арасындағы көпірге айналған 100 мыңдаған қазақстандық корейліктердің арқасында біртіндеп қоғамдық, мәдениет, білім салаларындағы қатынас кеңейіп, дамып барады. Қазақстан баламалы түрде салыстырғанда жас тәуелсіз мемлекет болып табылады және елдің тұрақты дамуы үшін ұлттық бірізділікті нығайтуға, әлемдік қауымдастықта мәртебесін арттыруға бар күш-жігерін салып келеді, сондай-ақ мемлекеттің одан ары гүлденуін арттыру үшін жаңа даму модельдерін зерттеу үстінде. Бұл тұрғыда, Қазақстан үшін 1945 жылы тәуелсіздігін орнықтырғаннан кейін модернизациялау мен демократизациялауды тұрақты әрі ұтымды жүргізген Оңтүстік Кореяның даму дағдысы жақсы үлгі бола алады.

Қазақстан мен Оңтүстік Корея дипломатиялық қарым-қатынасын 1992 жылы орнатқан, бірақ, 1997 жылғы азиялық қаржы дағдарысына байланысты, екі ел арасындағы қарым-қатынас тоқырауға ұшырады. Ал, 2000 жылы сол кездегі Корей Президенті Но Му Хённің басшылығы тұсындағы «Энергетикалық дипломатия» саясатының жүзеге асуының нәтижесінде екі жақты қарым-қатынас – қайта жанданды. Содан кейін, президенттікке Ли

Корея мен Қазақстанның жақындығы және екі жақты қарым-қатынасты дамытудың келешегі

Мён Бактің келуімен екі ел арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді, яғни, әртарапты дами бастады. Бүгінде қазақстандық-корейлік қарым-қатынас стратегиялық әріптестік деңгейіне жетті. Дегенмен, екі ел арасындағы өзара қатынас уақытша тыныштық кезенді өткерді, тұтас алғанда олар тұрақты әрі тапжылмай дамып отырды. Президент Но Му Хён басқаруы тұсында Корея Қазақстанды бай табиғи ресурстары бар және дамуға әлеуеті жоғары әріптесі ретінде мойындады. Ал, Ли Мён Бактің президенттік басқаруының тұсында екі ел арасындағы қарым-қатынас дамуы сан жағынан да, сапа жағынан да артқаны айқын көрінді. Екі елдің басшыларының өзара тығыз қарым-қатынастары Президент Ли Сеул қаласының мэрі болып тұрған кезден басталған еді. Оған дәлел, бұрынғы Президент Ли Мён Бак 2012 жылы Қазақстанға 2 рет келіп кеткен болатын. Енді, Президент Пак Кын Хеңнің басшылығымен құрылған Кореяның жаңа үкіметі екі жақты қарым-қатынас жасауда жана өріс алады деген сенім бар. Себебі, қазіргі Корей үкіметі «Еуразия Жібек жолының» экономикалық әлеуетін жоғары бағалайды және осы аймаққа өте үлкен қызығушылық артып отыр. Соның ішінде, елдердің тауар айналымын жылдам жеткізу үшін Корейлік жарты аралдар мен Еуразияның «Жібек жолын» жалғастыруды дамытудың 7 маңызды дипломатиялық міндеттерінің қосылғанына сенім артады.

Сөйтіп, Оңтүстік Кореямен Қазақстан дипломатиялық қарым-қатынас орнатқаннан кейінгі қысқа ғана 20 жыл ішінде сапалық және сандық даму ынтымақтастығына қол жеткізді. Екі ел шекаралас болмағанмен де, Корея мен Қазақстанға дипломатиялық байланысты табысты дамыту қиынға соққан жоқ. Ең алдымен, Қазақстандағы

100 мың корейлік ынтымақтастықты дамыту жолында айтарлықтай маңызды рөл атқарып отыр. Екіншіден, Корея мен Қазақстан өзара қосымша экономикалық құрылымдарға ие. Үшіншіден, екі ел аймақта үйлесімді рөлге ие және халықаралық аренада әріптестікті дамытуға ешқандай кедергі жоқ. Төртіншіден, Корея (ODA) «дамудың арнайы көмектері» бағдарламаларын іске асыру жолдары бойынша өз тәжірибесін Қазақстанмен бөлісті. Осы мақалада екі елдің үйлесімін, ұқсастығын, екі жақты қарым-қатынасының одан ары дамуының келешегін анық әрі терең зерттегім келген еді. Сонымен, бұл мәселеге кешенді түрде келуім керек болды, сондықтан, мен археология, антропология, лингвистика және тарих жағынан екі елдің жақындығын зерттеуге ниет еттім. Бұл мақаланы жазу туралы идея уақытша экономикалық әріптестікпен шектеліп қана қалмай, мәдениет негіздері ұқсас қалыптасқан, екі елдің өзара бауырлық қатынасын нығайтуды көздеген ықыласымнан туындап отыр. Осы жерде тоқтала кеткім келеді, екі елдің халқының тарихта тамыры бір болғандықтан екі жақты қарым-қатынас о бастан дамыған. Қарым-қатынасты қалыптастыруға оң үрдістердің болуына сай 2012 жылғы Кореяның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы бойынша өткен Форумда «Жаңа Жібек жолы» деген әріптестіктің көпқырлы арнасы болып табылатын жаңа термин пайда болды. Мұндай қадамдар осы екі елдің жақындығына байланысты қордаланды.

Корея мен Қазақстанды біріктіретін төрт бөлім

Бірінші, Археологиялық жақындық – Номадизм.

Бәріңізге аян, Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан көшпенділіктің көп тараған жері болып табылады. Бұдан басқа, ең қызықтысы, отырықшы тұрмыс кешкен корей халқының қанында ат үстінде жүретін халықтың өзіндік ерекшелігі сақталған. Бүгін әлемнің 170 елінде корей диаспорасының 7 млн. астам адамы бар. Бұл, ат үстіне жайғасқан халыққа тән ерекшелік болып табылатын корей халқының ДНҚ-дағы тұтастығы мен

жігерлілігінің сақталғанының кепілі болып табылады.¹ Ғалымдар корей халқының тарихтағы көшпенді халық екенін және олардың ДНҚ-сының шығу тегі бойынша ауқымды ізденістерін жалғастыруда. Әлем халқының деншілігі отырықшы тұрмыс кешкен, сондықтан, құжаттық материалдарын сақтауда осалдық танытып келген көне көшпелі халықтарға, «жабайы мінезді, талқандаушы, мәдениетсіз» ретінде қараған. Бірақ, тарихта осы іспеттес көзқарастар бұрмаланып келген. Шындығында, сол заманның үлкен жаңалығы от ауызды қарулар әлемдегі соғыс бағытын түбегейлі өзгерткенге шейін сол кездегі көшпелі халықтарда өте жылдам күшті әскер болған.

Табиғаттың қатал заңына төтеп беру үшін, көшпенділер батыл, талантты, нарықтық бағдарлы, бәсекеге қабілетті, дербес, сыртқы қарым-қатынаста мақтан тұтарлықтай әрі ашық болған.² Сондықтан да, ат үстінде күн кешкен корейлердің ДНҚ-сы белсенді және әлемдік нарықта бастамашылдығымен сақталған деп айтуға болады. Бұлар қола дәуіріндегі тасқа жазылған суреттерде анық сипатталған. Сонымен қатар, тасқа жазылған бұғылар мен қола айна, корей халқының «Тангун» қолбасшысы туралы жазылған аңыз, бұның бәрі олардың күнге табынғандығының дәлелі болып табылады. «Ханзулар кітабы (қытайлар)» ғұндар мен корейлер бір тайпаның топтары ретінде сипатталады. Ханзулардың «ғұндар» деп атаған тайпалары ең әуелі Алтай өңірінде шоғырланып, одан кейін шығыс пен батысқа тарап кеткен.³ Есте қаларлығы, Корея аралдарында болған «Силла» атты ежелгі мемлекеттен қалған жәдігерлердің ішінен көшпенділер өмірін сипаттайтын «Донбок» қола қазан табылған.⁴ Ең қызықтысы, Силла заманындағы «Салт атты» қола мүсінінің сыртқы пішіні (№91 ұлттық қазына) Европалықтардың суреттейтін ғұндардың түріне өте ұқсас келеді. Әрине, сену қиын, бірақ қазір табылып жатқан біздің эрамызға дейінгі 3-4 ғасырлардағы тас мазарлар мен ағаш табыттардан жасалған Силла заманының шеңберлі қорғандары скиф-алтай қорғандарының пішіні мен құрылымына ұқсас. Осы тектес мазарлар 4-6 ғасырлардағы мариупандар

(Силла корольдері) тұсында тұрғызылған, *(«ған» атағын атпен жүретін солтүстік халықтары қолданған. Бұл, Силла заманындағы король отбасылары кең далада еркін жүрген халық арасынан сайланып отырғанын дәлелдейді. Бұдан басқа, 1973 жылы Кёнчжу қаласында Мичу королінің қорғаны маңынан (Силланың 13 королі)* Оталық Азия мен Иранда көп қолданыста болған қылыштарға ұқсас алтын қылыш табылған. Оның пішіні осындай суық қарулар пайдаланған үш мемлекеттің замандарынан басқа еш жерде кездеспейді. Ал, оның жасалуы мен пішініне ұқсас қылыш 1928 жылы Қазақстанда Бурабай көлінің маңындағы қабырлардан табылған.⁵ Демек, Кёнчжу қаласынан табылған алтын қылыш Орталық Азиядан әкелінген немесе оны біреу сол жақтан алып барған.

Сөйтіп, біздің эрамызға дейінгі алтайлық мол жәдігерлердің Корей мен Қазақстаннан табылуы, корей халқының бабалары Орталық Азияның көшпенді халықтарымен ежелден жақын байланыс жасағанын дәлелдейді.

Екінші, Алтайлық бір тілдік топ бойынша жақындық⁶ Корей және қазақ тілдерінің тамыры бір, яғни, екеуі де алтайлық тілдік топтан деген болжам бар. Лингвистердің пікірінше, корей мен қазақ тілдерінде 300-ге жуық сөз өте ұқсас болып келеді екен, мысалы: «чагын-шағын (маленький)», «бурак-булак(село)», «катал-катал(требовательный)» және т.б. Қазақстандағы ең биік шың «Хан Тәңірі» деп аталады. «Тәңірі» сөзі ежелгі шаманизмнен шыққан Құдай деген мағынаны береді. Ал, корей тілінде бұл сөз «Таңғұн» деп айтылады, «корей халқының ру басы» деген мағынаны береді. Бұдан басқа, ең алғашқы корей королдігі Кочосонның астанасының атауы «Асадал» қазіргі Қазақстанның астанасы «Астана», бұлар тек атауымен ғана емес мағынасы жағынан да айтылатындығында өте ұқсастық бар. Сөз алды қосымшасы «аса», «ас» алтайлық «ас(as)» «дараланушы» деген сөзінен шыққан, ал «дал», «тана» - алтайлық «тала(tala)», «төменгі белес немесе кең дала» деген сөзінен шыққан. «Дал» корей тілінде «Яньдал (күн асты)» және «Иньдал(көлеңкеде)» деген сияқты сол мағынасында қалған. «Ғажайып

дала» немесе «көтерілген күн астындағы дала» деген мағынаны беретін «Астала (As-tala)» сөзі уақыт өте келе астана деген қосымша мағынаға ие болды. Біздің бабаларымыз сөздерін иероглифтарда жазған, сондықтан, иероглифтен оқығанда айтылуға оңай «астала» сөзі «асадал» болып айтылу жағынан өзгеріске ұшыраған.⁸ Алтайлық тіл – түрік, моңғол, тұңғыс-мәнжүр тілдерінің тармақтарының басын қосатын тілдік топ. Зерттеушілер жоғарыда айтылған тілдер өзара байланысты болып табылады деп санайды. Шынында, бұл тілдерде дауыстылар үндестігі, жалғамалылығы және т.б.⁹ жағынан ұқсастық қасиеттері байқалады.

Сонымен бірге, қазақ тілі түркі тілінен, корей тілі тұңғұс тілінен туған деген топшылау бар. Әрине, корей тілі мен оның теориясының тууы туралы түрлі пікір бар, оған қоса алтайлық тілдер тобына корей тілін енгізу бұл тек болжам болып отыр. Дегенмен, біздің эрамызға дейінгі Маньчжурия мен Корей жарты аралдарының кең атырабындағы тілдер 3 тілдік топ Суксин, Буё және Хан тілдері болғаны, оның ішінде алтай тілімен түбі бір Буё тілінен Когурё, Окчжо және Доньге тілдері пайда болғанына ешқандай күмән жоқ.¹⁰ Үш мемлекеттің ішінен әсіресе ат үстінде жүрген Когурё халқының өзіндік белгісі ерекшеленіп тұрады. Сонымен қатар, Когурё өте үлкен территорияны басып жатқан, оның ішіне Корей жарты аралдарының және Маньчжурияның солтүстік аймағыда кіреді. Осыларға зер сала отырып, Когурё алтайлық мәдениетпен өте тығыз байланыста болған деп айтуға болады.

Үшінші, Антропологиялық жақындық (моңғолдық шырам, бас сүйегінің пішіні) Конгук университетінің медициналық магистратурасының профессоры Го Ги Соктың 2001 жылғы жүргізген зерттеулерінің нәтижесі, екі халықтың антропологиялық тұрғыдан ұқсастығын дәлелдейді. Ол корейліктердің бас сүйегіне сараптама жасау арқылы корей халқының пайда болуын зерттей отырып, басқа халықпен салыстырғанда корей халқына қазақтар ұқсайды деген шешімге келген. Профессор Го әр түрлі халықтардың арасындағы ұқсастықты бас сүйегінің жіктері мен астыңғы жағындағы саңылауы арқылы және 60 белгісі бойынша зерт-

теген, нәтижесінде корейліктер мен қазақтардың бас сүйегінің құрылымы өте ұқсас екенін білген. Көшпенділердің «Жалпақ бастылық» үлкен емес әрі жалпақ маңдай және жатық ұзыңқай бас сүйегі дулыға кию үшін олар бас сүйектерін рабайсыз өзгерткен дегенді білдіреді.¹¹ Корейліктерге бәрінен де Қазақстанның орталық-шығысы өңірінде тұратын Орта жүз қазақтары ұқсайды екен. Егер, картаға қарасаңыз бұл өңір Моңғолияның батысы, яғни, Алтайдың батыс бөлігінде орналасқан. Сондай-ақ, Байкал көлінің маңайында тұратын бурят-моңғолдарда корейліктерге ұқсайды. Олар Шыңғыс ханның негізгі ұрпақтары деген болжам бар. Кейбір мамандар Буё деген мемлекеттің атауы «Бурятия» дегеннен шыққан дейді. Бүгінгі таңда корей тарихшылары неоконфуциандық негізде «Корей жарты аралдарындағы кіші Қытайдың» әсерінен солтүстік далада құрылған ата-бабаларымыз Маньчжурлердің тарихының бағасын осы күнге дейін білмей келген корей халқы үшін «Алтай» өлкесі үлкен маңызға ие. Тарихи архивтерде ат үстінде жүретін біздің елдің халқы Еуропа, Орталық Азия және қытай арасындағы делдал өкілдері болып сипатталады. Бұл халықтың ДНҚ-сында ноу-хау мен тарихтағы ең үлкен мемлекетті құру және басқару бойынша тәжірибелері сақталған.¹³ Бұдан басқа, сусамырды зерттеуші доктор Ли Хонг Гю, Сеул университетінде корей халқының пайда болуы туралы өте үлкен жаңалық ашты. Солтүстік елдердің болмысына тән организмді басқалармен салыстырмалы түрде алғанда көбірек жылу бөлетіндіктен, 70 пайыз корейліктердің организмдерінде май сирек жиналады екен, сондықтан да корейліктерде сусамыр ауруы аз кездеседі. Сонымен бірге, корейліктердің мұндай сыртқы келбеті мен генетикалық болмысы, яғни қардан және қытымыр ауа-райындағы суықтан қорғайтын сыртқы терілерінің қалыңдығы, бетінің жалпақтығы, жіңішке еріні, тәмпіш мұрыны, қалың қасы, кішкентай көзі, дененің жоғарғы жағының үлкендігі корейліктердің шығу тегі Алтай, Байкал, Сібір сияқты өңірлерден болғанын дәлелдейді.

Төртінші, Корей халқының алтайлық өңірмен тарихи жақындығы (туыстығы). Көптеген тарихшылар 3-4 мың жыл

бұрын корейліктердің бір бөлігі Алтай өңірінде өмір сүрген деп санайды. Қазіргі кезде көп адам Корей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас осыдан 70 жыл бұрын корейліктерді Орталық Азияға күштеп жер аударғаннан кейін орнады деп есептейді, бірақ, шынына келгенде екі елдің қарым-қатынасы одан ертеректе басталған болатын. Бұған қоса, корейліктер протоплазмасының құрылымы бойынша алтайлық тайпалар тобына жатады. Алтайлықтардың сөзіне сүйенсек, «Таңзаған» алтайлық ертегісінде алтайлықтар өздерінің тегі санайтын алтын құрбақа болған, корей халқының Гори мемлекеті ертегісінде де дәл осындай Құрбақа-король бар. Яғни, алғашқы деректі материалдарда негізгі кориум Алтай болған. Таңқаларлығы, Қазақстанда табылған алтын табыттардағы сәндік үшін жасалған жәдігерлердің кескіндері, Силла мемлекеті дәуіріндегі әшекейлерде де кездеседі. Яғни, сол заманның өзінде корей халқы мен Орталық Азияның көшпенді тайпалары қарым-қатынас жасап тұрған, соның ішінде Еуразияның кең даласы арқылы сәндік бұйымдармен және бетінде бедері бар әшекейлермен алмасып тұрған.¹⁵ Сонымен қатар, Кореяның антикалық тарихы кітабында Кочосон халқы мен ғұндар туған бауырлар болып келеді деп жазылған. Бұл туралы деректер тек қана Қазақстанда ғана емес, Өзбекстанда да кездеседі. Мысалы, Афросиаб ғимаратының қабырғасындағы суретте Кокүрө елшісі салынған. Бұл ғимарат қабырғасындағы суреттер 640-660 жж. Кокүрө мен қытайдың Таң династиясы арасындағы соғыс жылдары салынған болу керек. Сондай-ақ, бұл қабырға суреттері Кокүрө мен түркілер арасындағы алыс-берісті ғана емес, сонымен қоса, ұлы генерал Кокүрө Ёнгэсомунның әлемге өзінің қожалығын жүргізгісі келген Таң династиясына қарсы тұру үшін көшпенділермен де ынтымақтастықты арттырғысы келгенін баяндайды. Таң династиясының әскерін Талас шайқасында басқарған генерал Госончжи мен барлық корейліктер жақсы білетін генерал Ондол да Орталық Азияда дүниеге келген деген болжам бар.

Бұл тектес болжамдар Корей мен Қазақстан арасындағы тарихи жақындықты

одан ары қызыға зерттеуге жетелейді. Сонымен қатар, Корё мемлекеті тұсында жазылған, араб-саудакеш тайпалары туралы ән, Кёндок король басқарып тұрған кездегі Силла мемлекетінің атақты ғалым-монахы Чунгдамның жазған үнді Кумараживін мадақтайтын жыры, Пекче мемлекетінің Хукчисанчжи генералының түркілерге қарсы соғысы баяндалатын «Чангипаранга» әні сияқты Корей мен Орталық Азияның ежелгі байланыстарының тарихы туралы тұстары да бар. Дегенмен, Чосон конфуциондық дінді елдің негізгі діні етіп ендіргеннен бастап Корей мен Орталық Азияның белсенді қарым-қатынасы шектеліп, қытайдың Мён династиясымен қарым-қатынасы екпін ала бастаған.¹⁶

Сөз соңы

Қазақстан – мәдениеттер тоғысқан көпұлтты ел. Сондықтан, қазақтар басқа халықтардың тәжірибелері мен мәдениетін зерттейді және жақсы түсініп, қабылдайды. Қазақстанда бейбіт әрі үйлесімді өмір сүріп жатқан 140 ұлттың ішінде өздерін 4-ші Жүзбиз деп есептейтін (қазақтардың дәстүрлі бірлестігі) корей диаспорасы, қазақтардың туған бауырларымыз деп санайды және жергілікті тұрғындармен жақсы әрі тығыз байланыста өмір сүруде. Сонымен қатар, Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 21 жыл ғана болса да, көп қазақтар корей кинофильмдері мен телехикаяларын жақсы көреді әрі музыкасын сүйіп тындап, Кореяны Азиядағы ең басты әріптесі ретінде санайды.¹⁷ Әрине, қырғи қабақ соғыс жылдарында бірін-бірі туралы аз білсе де қысқа уақыттың ішінде саяси кедергілердің жоқтығы мен өзара экономикалық толықтырушы құрылымдарының арқасында екі елдің әріптестік қарым-қатынасы дәуірлеп дамып келеді. Осы айтылғанмен ғана екі елдің қарым-қатынасын толық жеткізу мүмкін емес. Корей халқының қанына сіңген солтүстік халықтарының ұрпағы сияқты ат үстінде жүруге бейімділігімен қазаққа ұқсас қасиеттері, жаңа сұраныстарды игерудегі ұтымды іскерлігі мен табандылығы одан ары жақындастыра түсті. Одан басқа, корей және қазақ тілдеріндегі көп ұқсастық та ынтымақтастықтың артуына дәнекер болды. Екі тілдің бір-біріне ұқсастығы кездейсоқтық емес. Бұнымен қоса, корей ғалымдарының

зерттеулерімен дәлелденген екі халықтың антропологиялық жақындығы да бізді таңдандырады. Мұндай ұқсастықты тек қана екі халықтың шығу тегінің бір екенімен және өз уақытында белсенді араласып тұрғанымен түсіндіруге болады. Ұқсас мақалдар, аңыздар мен ертегілердің ұқсас атаулары, бірқатар тарихи материалдардың бір уақытта пайда болғаны Корея мен Қазақстанның о баста жақындығы барын тағы да дәлелдей түседі. Жалпы, бұл мақалада екі елдің барлық ұқсас қасиеттерін түгендеп шығу мүмкін емес.

Француз экономисті, Еуропалық қайта құру және даму банкінің бұрынғы президенті Жак Аттали, ХХІ ғасырда қоғамда көшпенділердің өмір сүру салты мен ынтазарлығы, идеологиясы мен құндылықтары үстем болады деп болжаған еді.¹⁸ Яғни, біз бүгін жаңа номадизмнің қажеттігі туындаған дәуірде өмір сүріп отырмыз. Теңдессіз қоғамдық және экономикалық өзгерістер заманында өткен уақыттың құндылықтары мен өлшем бағалары жаңа дәуірге анахрондық және жарамсыз болып есептеледі. Мұндай жағдайда, халықаралық аренада өзіне көп көңіл аудартып отырған Қазақстанмен ынтымақтастықты арттыру және екі елдің сыбайластығы мен ортақ тарихы, екі елдің жақындығы, қандай бағытта болмасын дамудың шапшаңдығын арттырады. Әр дәуірдің өз қажеттілігіне сәйкес жаңа экономикалық және саяси байланыстар орнатуға болады, бірақ, тарихи әрі мәдени туыстықты қолдан жасау мүмкін еместігін айта кеткім келеді. Тарихи әрі мәдени ортақ негізде қаланған Қазақстан мен Кореяның қарым-қатынасы өзара ынтымақтастықты арттыруға, соның ішінде мәдени салада әріптестікті дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі екі жақты құрылымдық байланысты жаңа деңгейге көтеру үшін айтарлықтай негіз қаланды деп айтуға болады. Тек қана ынтымақтастықтың дәнін сеуіп, арамшөптерді тұрақты тазалап, сумен және тыңайтқышпен қамтамасыз етіп тұру керек. Дәл осындай жағдайда біздің жақындығымыз, рухани және мәдени құндылықтармен байланысымыз, оңтүстік корейлық және американдық қарым-қатынастағыдай біздің экономикалық мүдделерімізді қарқынды дамытудың өрісін кеңейтеді. Әзірше, Кореяда Орталық Азия туралы азды көпті теріс пікірлі имидж бар. Дегенмен, егер, біздің екі елдің жақындығы туралы кеңінен насихаттайтын болсақ, онда

сөзсіз екі жақты оң әрі достық пікірлер тарап, ынтымақтастық іс-жүзінде жүзеге асыру арта түседі және «Алтай өңірінде экономикалық ынтымақтастықтық ұйым» құруға немесе «Алтай өңірінде мәдени бірлестік» құруға мүмкіндік туады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

¹ Юн Ёнг Хо, Янг Ёнг Хо, Ким Санг Ук және т.б.: «Еуразияның алтын кіндігі», Сеул, 2010 ж. – 299 бет).

² Ким Сок Донг: «Корей Республикасының Экономикасы және корей халқының ДНҚ-сы», Сеул, 2011 ж. – 26 бет.

³ Осы саланы зерттеу жiнiндегi маман, Чон Су Ил профессордың сөзiне сүйенсек (Дангук университетi), «Ғұндар» олар қандай да бiр тайпаға жатпайды, Алтай жотасының оңтүстiк-шығыс аймағында өмiр сүрген, өздерiн ғұндармыз деп атаған көшпендiлер. Кең мағынада алсақ, олардың бiр бөлiгi шығысқа (Чусин (Jüsin), ал екiншiсi Батысқа (Ғұндар (Hun) ауысып кеткен. Яғни, Чусиндердi (Jüsin) Ғұндар (Hun) деп айтуға болмайды. Чусин (Jüsin) негiзiнен шығыс аймақтарда өмiр сүрген және Монғолияға-Маньчжурияға-Корей жарты аралдарына-Жапонияға тарап кеткен Ғұндар тайпаларының фракциясы болып табылады.

⁴ «Донбок» – көшпендiлер тайпаларының көшбасшысы ет дайындау үшiн рухани тазару салтанатына пайдаланатын, қола қазан.

⁵ <http://cafe.naver.com/centralasiago/1654>.

⁶ «Алтай – Ресей, Қазақстан, Қытай, Монғолия шекарасында орналасқан және алтын тау деген мағына беретiн қырқаның аты. «Алтай» сөзi – қазақ және моңғол тiлдерiнде: «алтын» және «алтан» деп сақталып қалған. Түрлi аңыздар мен лингвистикалық зерттеулер нәтижесi бойынша корей халқының түп негiзгi бабалары дәл осы Алтайдан шыққан. Шын мәнiсiнде Алтай Республикасында (Таулы-Алтайда) корей тiлiне ұқсас садун (құда), самчун (аға), пап (күрiш), от (киiм), мал (жылқы), мул (су), дак (тауық), маныл (сарымсақ) және т.б. сияқты корей тiлiне ұқсас сөздердi естуге болады. Сонымен қатар, тұрғындары да корейлiктерден құйып қойғандай айнымайды» – делiнген 2010 жылы Қазақстандағы Корей Республикасының елшiлiгiнiң Шығыс-Қазақстан

облысындағы туризмдi зерттеу бойынша құрған делегацияның құрамында болған Донъянг университетiнiң профессоры Ким Ун Хэ-нiң Өскеменге барған сапарынан кейiнгi жазған «Корея мен Қазақстан ұқсас: Асадал елдерi (Common Features of Kazakhstan & Korea)» атты мақаласының 15-16 беттерiнде.

⁷ Кейбiр ғалымдардың айтуынша, Корей халқының антикалық тарихы баяндалатын «Хандангоги» кiтабында «Тәңiрi», «Теңыр», «Танғұн» және т.б. сөздер тараған өңiрлердегi Құдаймен тiлдесетiн дiнбасылары Кочосон мемлекетiнiң қарамағында болған дейдi.

⁸ Ким Ёнг Ил «үш мемлекеттiң географиялық кiтаптарындағы ежелгi атаулардың түрлерi мен алтай элементтерiне сараптама, Топономика» 2001 жылғы маусым.

Ким Пил Ёнг «Корей және қазақ тiлдерiндегi жалғаулардың салыстырмалы сараптамасы», Алтай ғылыми журналы, №18, Сеул, Сеул университетi, 2008 ж., 126 бет

¹⁰ <http://terms.navar.com/entry.nhn?cid=1189682&mobile&categoryId=200000850>

¹¹ Кенжу қаласында Кырёнг королiнiң қорғанында «Салт атты» кейпiнде жасалған қышшының басы және Кимхэ қаласында IV ғасырдың ашық ағаш табыттардан жалпақ пішіндегi 10 бас сүйек табылған.

¹² Ким Ун Хэ, 2010 ж., 8-12 беттер.

¹³ Ким Ун Хэ: Ұлы Чусиндi (Jüsin) iздеу, (1), Сеул, 2006 ж., 67-68 беттер.

¹⁴ Ли Хонг Гю «Корей халқының тегiн генетикалық тұрғыдан iздеу», Байкал, корей халқының шығу тегiн зерттеу, «Духовный мир» баспасы, 2003 ж., 233 бет.

¹⁵ КВС телеарнасының «Тарих» бағдарламасын түсiрушi арнайы топ: «корей мен әлем тарихының ортақтығы», Сеул, 2011 ж. 28 бет.

¹⁶ Чи Бэ Сон «Корея мен Орталық азияның тарихтағы алыс-берiсi». – Кореяның Орталық Азиямен бiрлескен халықаралық ғылыми-конференциясы. Корей мәдениетi мен ақпараты қызметi (KOCIS), 2012 ж., 144-146 беттер.

¹⁷ Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Сұлтанов Болат мырза, өткен кездесуде Қазақстан Үкiметi батыста Германияны, шығыс елдерi iшiнен Оңтүстiк Кореяны 1 әрiптесi деп санады, деп тоқталап өткен болатын.

¹⁸ Юн Ёнг Хо және басқалар, 2010ж., 52 бет.



Жанния ӘБДІБЕК,
журналист

ҚАЗАҚТЫҢ ДОСЫ КІМ?

Черчилльдің «Британияның мәңгілік дұшпаны да, досы да жоқ, тек мүддесі ғана бар» деген сөзі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ: «Үй таңдама, көрші таңда» дейді. Немесе «Досыңды көрсет, сенің кім екеніңді айтамын» деген сөз бар. Қазақ елі өткен ғасырда 70 жыл бойы қызыл тудың астына біріккен одақтас мемлекеттерді дос деп келді. Ал, тәуелсіздік алғаннан кейін түркі тілдес мемлекеттер мен Орталық Азия елдерін өзімізге дос тұтамыз. Экономикалық тұрғыдан Ресей мен Белоруссия секілді одақтастарымыз бен өзге де стратегиялық әріптестеріміз бар. Ал, солардың ішінде досы қайсы? Енді, бүгінгі жүріп жатқан Ресей-Украина қақтығысы жоғарыдағы біз айтып отырған достық ұғымын күйретіп, оған саяси-қоғамдық астар беріп отырған жоқ па? Осыдан кейін, достықта шекара жоқ дегенге сеніп көріңіз. Достық ұғымын қазақ, Қазақстан жағдайына аударсақ, шынында да бізде достық жоғары тұру керек пе, әлде мүдде жоғары болуы керек пе? Біздің «Қазақтың досы кім?» деген сауал қойып отыруымыз өзі жоғарыдағы мәселелерден туып отыр. Осыған байланысты, редакциямызда «Келелі кеңес» өткізіп, мәселені қоғам талқылауына салған едік. Кеңеске «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос КӨШІМ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Талас ОМАРБЕКОВ, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультетінің профессоры Нәбижан МҰХАМЕДЖАНҰЛЫ, саясаттанушы Расул ЖҰМАЛЫ және психолог, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің оқытушысы Жарас СЕЙІТНҰР, философ Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ қатысып, қызу ой-талқы өткен еді...

– Қазіргі мемлекеттер мен ұлттар достығының тағдырын саясат пен экономика, табиғи ресурстарға негізделген мақсат-мүдде шешетін тұста «Қазақстанның мемлекеттік деңгейде досы бар» деп айта аламыз ба? Қазақтың досы кім? Жаһандану үдерісі қарқынды жүріп жатқан ХХІ ғасырда дос таңдауда ұлттық мүдде мен тарихи сабақтастық



мәселесі қаншалықты ескеріледі?

ДосКөшім: – Достық ұғымын тар шеңберде алып қарастыра болсақ, жеке адам достықты еш уақытта таңдап алмайды. Жеке

адамның достығы табиғи жағдайда болады. Олардың артықшылықтарына байланысты мына адаммен дос болайын деп таңдау жасай алмайсың. Ал, мемлекеттік деңгейде мәселе мүлде басқаша. Менің ойымша, мемлекетте дос болмайтын сияқты. Тарихи байланысы бар, ежелден келе жатқан тату көрші болуы мүмкін. Бірақ, егер ол мемлекеттің билігінің саясаты өзгерсе, достығының да сақталуы екіталай. Черчилльдің айтқан сөзі дұрыс. Мемлекетте тек мәңгілік мүдде ғана болады. Әсіресе, соңғы кезеңдегі жаһандану процесінде ұлттық мәселелер өрши бастаған тұста мемлекеттің мүддесі бәрінен жоғары тұруы керек. Енді, қазақтың досы кім деген тақырыпқа келер болсақ, біз

ертеден келе жатқан туысымыз – кыргызды дос тұтамыз. Сөйте тұра, **«Қыргыз бізге не бере алады?»**, **«Қандай күш бола алады?»** деп табиғи достыққа белгілі бір шарт қоя бастаймыз. Елімізге қиыншылық жағдайы туса, ол қолдау бола ала ма, экономикалық жағынан көмектесе ала ма деген секілді саудалық, мүдделік мәселеге көшкен секілдіміз. **Дегенмен, бір анық жайт, біз түркі елдерімен саяси мүддеден гөрі достық емес, туыстық қарым-қатынас сақталуы керек. Қазір де, болашақта да ол маңызды. Себебі, түркі халықтарымен тілдік, қандық, туысқандық байланыстарымыз өте тереңде. Бұл бірінші мәселе. Екінші мәселе, өзіміздің көрші мемлекеттермен бірдей қарым-қатынас ұстау мәселесі.** Түркі елдерімен туыстық байланыстар мен көрші елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуды біз белгілі бір деңгейде ұстап отыруымыз керек. Кейбір кезде саяси қажеттілікке қарап, түркі туысқандығын көтереміз. Бірақ, оның саяси-экономикалық байланыстарымыз бір деңгейде емес. Тек рухани, мәдени жағынан сәл болса араластық бар. **Үшінші жағынан, көрші елдермен достастық Кеңес үкіметінен қалған бұрынғы Ресей, т.б. ТМД елдерімен жақынбыз да, ал, қасымыздағы Қытаймен байланыс бұрынғы кездегідей қалды. Бұл психологиялық және саяси тұрғыда осылай сақталып қалды. Міне, осы үш мәселе біздің саяси бағытымыздың негізгі өзегі болуы керек.** Түркі елдерімен достастық және көрші елдермен байланыс. Қазіргі Америкамен немесе Еуроодақпен қандай байланыстамыз деген мәселені ғаламдық деңгейде көбірек қоямыз. Ол бүгінгі күн тәртібінен әлі де болса алыстап отырғанымызды көрсетеді.



Талас Омарбеков:
– **«Қазақтың досы кім?»** деген сауалдың астарына үңілсек, мәселе халықтың досы кім деген мәселені меңзеп отыр. Халықтың досы бар, туысқандары бар. Сонымен бірге, ол халықтың мемлекеті бар. Тарихтан білетініміздей, мемлекет әрқашан халықтың мүддесін қорғау керек. Немесе мемлекет халықтар арасындағы достыққа сына қағады. Мәселен, Украина мен Ресей жағдайын алып қарайықшы,

Киев Русімен ортақ тарихы болса да, соңғы жайттар туысқандыққа өзгерістер алып келді. Ал, біздің туыстас кыргыз халқымен трансшекаралық өзендер проблемалары, тарихта Кенесарыға қатысты мәселелер бар. Достыққа талпынған мемлекеттер арадағы осындай қиыншылықтарды жеңу керек. **Менің ойымша, халықтардың арасында туысқандық, тарихи тамырластық болса да, мемлекеттер арасында достық болмайды. Өйткені, мемлекет – саяси құрылым. Біз туыстас, көрші елдермен әлі талай дау-дамайға барамыз. Қазақта екі үлкен дау бар: жер дауы, жесір дауы. Жер дауы әлі күнге дейін толықтай шешілді деп айта алмаймыз.** Қытаймен де, кыргызбен де, Каспий теңізі арқылы шектесетін мемлекеттермен де арасында келіспеушіліктер бәрібір бар. Сондықтан, мемлекеттер арасында достық болмайды. Белгілі бір саяси бағыт, стратегиялық серіктестіктер болғанымен, уақыт өте бәрі өзгеріп отырады. **«Қазақтың досы кім?» деген мәселе көтергенде тарихқа соқпай кетуге болмайды. «Қазақтың досы кім?» деп бұрын Алаш қайраткерлері көп ізденді. Одан арғы тарихқа көз жіберсек, қазақ өмір бойы дос іздеп келе жатқан халық.** Сақ заманынан бастап, үйсін, ғұн дәуірлерінен дос іздеп келе жатырмыз. Билеушілердің көпшілігі қытайлардан әйел алды. Тіпті, қытайша киім кигендері де, Қытайға барып, сонда қалып қойғандары да болды. Дос боламыз деп, Қытайдың саясатына алданып қалғандары тарихтан белгілі. Елтеріс қаған Шығыс Түрік қағанатын құрған кезде Қытаймен дос бола алмайтынын түсініп, Орханнан алысқа көшіп, астана салған. **Ата-бабаларымыз Қытайға еліктеп, өсіп-өніп кетерміз деп қала салуды, отырықшылыққа көшуді де армандады. Алайда, біздің дәстүріміз, салтымыз, дініміз бәрі басқаша. Дүниетаным, түсінігіміз бөлек. Біз Черчилльдің айтқанына келе жатырмыз. Қазақ мемлекетінде енді достық болуы екіталай.** Шекараласпайтын, ортақ этникалық, әлеуметтік саяси мәселелері жоқ Түркиямен туысқан боламыз деп жиі айтылады ғой. Былай алып қарасақ, қазаққа түріктерден жақын халық жоқ. Басқа түркі халықтарымен шекаралас болғандықтан, оқтын-оқтын шаруашылыққа қатысты мәселелер туындауы мүмкін. **Түркия қанша дегенмен батыстық демо-**

кратияны ұстанған мемлекет. Ал, менің Қазақстанның Түркиямен дос болатынына күмәнданатыным, түріктің тарихшылары Түрік қазанатының тарихын білмейді. Ол жақтан кеткенбіз, қазақ даласы тарихи Отанымыз деген құр сөз. Оларда қазақ еліндегі Қыпшақ-Оғыз қатынасы, Оғыз-Қарлұқ қатынасы секілді мәселелерді жазып жүрген тарихшы жоқтың қасы. Және өздерінің арғы тарихи Отандарын, тарихи тамырларын білмейді. Ал, ойлап көріңіз, өзінің жеті атасын, шыққан тегін білмейтін халықпен қалай дос бола аламыз? Алдағы уақытта біздің еліміздің саяси дамуы қайда кетеді, Түркия қайда барады деген сұрақ екі елдің достастығына сенімсіздік тудырады. Түркия батыстық демократияға түскен халық. Осындай жағдайда біздің достығымыз тұманды. Алайда, достық қарым-қатынастарымыз күннен күнге жанданып жатыр. **Түрік академиясын, ТүрікСОИ секілді ұйым құрып жатырмыз. Бірақ, түрік елдері мұны түгелімен қолдап отырған жоқ. Осындай жағдайда достық туралы айту өте қиын. Біз қазір қиын жағдайда тұрмыз. Аймақтық бөлінулер күшейеде. Қаптаған одақтар құрылып жатыр. Бұл одақтар халықтарды жақындастырмайды. Экономикалық, саяси тұрғыда бірін біріне кіріптар мәжбүр ете отырып, кіргізеді. Осындай жағдайларда халықтар достығы туралы әңгіме айтуға бола ма? Менің ойымша, саясат араласқан жерде достық туралы айту артық. Қазақ өте сақ болуы тиіс. Үлкен мемлекеттер, діні, салты басқа халықтар бар. Сондықтан енді, не істеу керек? Менің ойымша, түркі тілдес мемлекеттердің ортақ салтын, дәстүрін насихаттап, рухани тұрғыдан жақындастыру үшін жұмыстар атқарылуы тиіс.**



Мәмбет Қойгелді:— Абайдың: «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөзі бар емес пе. Қазақ бір-бірімен дос болуы керек. Өзімен өзі дос бола білмесе, істің түбі бос болады.

Байқасаңыздар, қазір жер ресурстарына талас басталып кетті. Әлемдік деңгейдегі жеке одақтар осы процесті жүргізіп жатыр. Жер бетіндегі адам саны өскен

сайын, ресурстар үшін талас та күшейе түседі. Осындайда халықты сақтайтын бір- ақ нәрсе ол оның бірлігі. Қазақстан жағдайына келсек, Қазақстан территориясы жағынан әлемдегі тоғызыншы мемлекет болғандықтан, оның жері мен ресурстары қазаққа не бақ болуы мүмкін, не сор болуы мүмкін. Тарихта мысалдар бар, жер халыққа бақ әкелген, не бұйырмай сор болып тиген. Америкалық қызыл терілерді білесіздер. Жер оларға бақ болды, кейін сор болды. Сондықтан, егер, біз осы жерді сақтаймыз, болашақ ұрпаққа қалдырамыз дейтін болсақ, онда қазақ біріншіден, ынтымақшыл болуы керек және екіншіден, өнерлі, білімді болуы қажет. Олай болмаған жағдайда, қазақ тәуелсіздігінен айырылады. Тарихшы ретінде кейбір деректерді айта кеткім келеді. Шығыс Түркістандағы ағайындар, біздің тарихшы әріптестеріміз «Қытай жылнамаларындағы Қазақ тарихына қатысты деректер» деген 4 кітаптан тұратын еңбек даярлады. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректерді жүйеге түсіріп, қазақшаға аударған. Біз қазақ тарихына қажет деректік материалдар жинаймыз деп анда-мында ат сабылтып жүрміз ғой. Бірақ, ең алдымен осы Қытай жылнамаларындағы фактілік материалдарды түсініп, бойға сіңіріп, жүйелі түрде жазып алайықшы. Осы кітаптарда біздің дәуірімізге дейінгі III-II ғасырлардан бастап қамтылған халық тәжірибесі жатыр. **Осы жинақтың алғашқы екі томды даярлауға қатысым бар. Сонда, мына нәрсеге көзім жетті. Біз Қытаймен қарым-қатынас тарихымызды әлі қорыта алмаған екенбіз. Міне осы кітаптарда ерте замандардан бастап Қытайдың кіші ұлттарға қатысты ұстанған саясатының іздері сайрап жатыр. Олардың көрші түркі халықтарына қолданған тәжірибесі – ұлттарды бір-біріне айдап салу болған. Бір-бірімен соғыстырып, ыдыратып, жерін алып өз жоспарларын жүзеге асырған. Қытай тарихын зерттеп, зерделеу дегеніміз – бұл батысқа жылжу тарихы. **Ресей тарихы Шығысқа қарай жылжу тарихы болса, Қытайдың тарихы батысқа жылжу.** Сонау Қытай қабырғасынан басталған уақиғалардан, қазірге дейінгі өмір тарихы, сол төрт томдықта бар. **Сол төрт томдықтан бір ғана мысал келтіргім келіп отыр. Мұны неге айтып отырмын?****

*Себебі, Қытай қолданған ұстанымды кейін Ресей де пайдаланды. Ал, біз осы елдермен қатынас тәжірибемізден еш қорытынды шығармаппыз. Түсінбепіз, дос іздеп алекті. Қазақтың мінезін әбден зерттеген қытай елшілерінің бірі, біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген Жаң Чян ең алғашқы дереккөзін жеткізуші. Ал, б.з. VI ғасырдағы Жаң сүн Шың деген елші болған. Сол кезеңде түріктердің Ышбара қағаны елші аттандырып, Жоу әулетімен құдалалы болуға ниетті екенін білдіреді. Сонда, Қытай билеушісі қызын «Мыңділдә ханша» деген атпен Ышбара қағанға ұзатыпты. Қызымен бірге Жаң сүн Шың елшісін бірге аттандырады. Жаң сүн Шыңның тілі керемет майда екен, түріктердің қағаны оны өзіне алып қалады. Жыл бойы жібермей, өзімен бірге аң аулауға алып жүреді. Елші де қарап жүрмей, түркілердің ара қатынастарын зерттей бастайды. Зерттеп, патшасына хат жазыпты. **Хатында ол: «Түркілердің Шату, Аба, Темкіт және Төле деген қазандары бар. Олар өзара бауыр, туысқан. Олардың әрқайсысының алдында қыруар жасағы бар. Ал, бірақ, төртеуі төрт жаққа қарап тұр. Бұлардың арасына іріткі салудан оңай нәрсе жоқ. Патшам, құдай тілеуіңізді берсе, қасиетті уәзипаңыз іске асқалы тұр. Тақсыр, Сіз орайлы сәтке дөп келіп отырсыз. Бұл жауыңызды әскер шығарып жазалайтын кез емес қазір. Ал, олармен жұмысымыз болмаса, шапқыншылықтан көз ашпаймыз. Сондықтан, әдіс-айла асырып, олардың көздерін біртіндеп жойған жөн. Пақырыңыз ғұндардың қыры мен сырына әбден қанық. Темкіт әскери күші жазғынан мығым болғанымен, мәртебе жағынан Шатудан төмен тұрады. Көріністе оған қарасты болғанымен, іштей бір бірімен қайшылықты. Сол бөлініс алып жүрген тарабын неғұрлым өршіте түссек, араларында ішкі соғыс басталады. Шатудың інісі Чорига, (есімі Төле) алаяқ, қу, әйтсе де күші әлсіз, адамға жағымдығынан елі оны жақсы көреді. Шату болса, оны күндейді, содан оның мазасы май ішкендей. Араларында ара-тұра қайшылықтар да белең алып тұрады. Ал, Аба тым екібеткей. Осылардың ішінде ол Шатудан көбірек жасқанады. Оның ырқынан шықпайды, қай жақтың күші басым болса, сол жаққа жығылады. Қазір алыстағысымен байла-***

ныс орнатып, таяудағысына соққы беру. Күштісін ыдыратып, әлсізімен бірлесу. Сөйтіп, бұларды өз ішінде аңдыстырып, берекелерін бұза берсе, он шақты жылдан кейін патшалығымыз оларға қарсы аттанып, бір жолда-ақ олардың елдіктерін жоя алады», – дейді. Сөйтіп, әлсірете отырып, ақырында түрік қағанатын жойып тынған. Қытай тәжірибесіне қарасаңыз, Қытай қабырғасынан бері қарай жылжыған уақытта, жолындағы ірі биліктердің бәрін жойды. Ең алдымен, Ғұндарды, Түрік қағанатын, Үйсіндерді Іленің сол жағасына дейін ығыстырды. Одан бергі уақытта, Моғолдар империясын ыдыратып, Жоңғарларды талқанын шығарып, өзіне қосып алды. Бұл процесс әлі жүруде. Қазір біздің іргемізге келді. Бұрын Түркістан деген үлкен ел, үлкен кеңістік бар еді. Ал, сол Түркістаннан не қалды? Түркістанды қорғаймын, құтқарамын деген тұлғалар қайда қалды? Керек болса, оларды еске алуды қойдық. Былтыр ТүрікСОИ-дың жанындағы мәдени ұйымға: **«XX ғасырдың басындағы түрік халықтарының көшбасшыларын әзірбайжан, татар, түрік, қазақ халықтарының ірі тұлғаларын пантюркистер деп қуғын-сүргінге салды. Жүсіп Ақиорадан бастап, біразы Ата-түрікті барып паналады Расул Заде, Заки Валиди, М. Шоқай Еуропаға кетті. Міне, осындай түрік көшбасшыларының үрім-бұтағын жинап, Алматыда конференция өткізейік»** деген ұсыныс жасадым. **«Ең болмаса, түрік деген ел бар екенін айтып, оның мүддесінің бар екенін білдірейік»** деген едім. Оларды өткен ғасырда құдалаған Ресей империясы болатын, енді тағы да біріктіруге тырысады. Алайда, түрік халықтары Ресейге қарап, саясатын жасамайды ғой. Түркі халықтары жеке этникалық бірлік қой, субъекті ғой. Оларды біріктіретін шара жасайық десем, құлшынып ешкім қолдамады. **«Онда Ресеймен жау боламыз ғой»** деп шықты кейбір ел ағалары. Егер, біз түркі халықтарының ауыз біршілігін ойлайтын болсақ, осындай шаралар жасауымыз керек деп ойлаймын. **Мұндай нәрсені Түркия істей алмайды. Мен Түркияда болдым, зиялыларымен сөйлестім. Олардың өз ішінде бұл тақырыпқа байланысты бірауыздылық байқалмады.** Қазір бірлік біздің тарихшылардың өзінде жоқ. Алдымен, халықтың өткен жолын білетін, тарихи

деректі білетін тарихшылардың өзінде бірлік болуы керек. Қазір бір фактіні контекстен жұлып алып, жалаулататын тарихшылар бар. Сөйтіп, жеке руының мүддесін алға тартады. Мысалы, кеше ғана Рысқұловтың хатын тауып алып, одан керемет саясат жасағылары келгендер болды. Мен оларды бақылап, отырып таңқалдым. Олардың мақсаты – Рысқұловты қаралау. Ондай қаралайтын дерек іздесең, толып жатыр. Менің табынатын, зерттейтін үлкен бір тұлғам – Смағұл Сәдуақасов. Мемлекетшілдіктің ғажап көрінісі, ұлтшылдық ұстанымындағы ең жарқын тұлға. Егер, Сәдуақасов билікке келіп, оның идеясы іске асқанда біздің болашағымыз мүлде басқаша болатын еді. Ал, сондай тұлғаларды Кеңес үкіметі құртты. Менің әріптесім Б. Жангуттин. Сол кісінің жақында хатын тауып алдым. Онда Мендешев пен Қожанов туралы өз көзқарасын, нақтырақ айтқанда, теріс пікірін айтқан. Сталинге арналған мұндай хатты Сейфуллин де, Мендешев те, жазған. Бұлардың бәрінің соры өте күрделі уақытқа, күрделі әрі қитұрқы саясатқа тап болғаны. Ол өздерінің жанындай сүйген ұстанымдарын аяғына дейін сақтап қалуларына мүмкіндіктері болмаған. Сондықтан, өздерінің адами және азаматтық қасиеттерін толығымен аша алмады. Империялық қатынас олардың адамгершілік қасиеттерден мүмкін болғанша кемітуге күш салды.

«Ел шежіре» деген баспадан 2007 жылы Балқаш Бафин деген кісінің жинағы жарық көрді. Сонда «Барак төре Сұлтан Солтабайұлы» деген мақала бар. Сол мақалада қызық деректер айтылады. Поляк Адольф Янушкевич Құнанбай бастаған Орта жүздің билерімен Жетісуға келер жолда Жанақ пен Орынбай ақындар айтысады. Сонда, Жанақ Барак Сұлтанды мақтайды. Янушкевич сол сәтте Барактың басын төмен түсіріп, жер шұқып тұрғанын жазады. Ендеше, Баракты не үшін мақтайды? Барак орыспен де, қытаймен де, жоңғармен де соғыспаған. «Батыр» атанатындай ол ештеңе тындырған жоқ. Ол кіммен соғысты дейсіз ғой. Бафин былай дейді: «**Барак Сұлтан Шыңғысханнан тарайтын хандардың ұрпағы. Оның жасыл туы астында суылдап келіп, құсқа түскен қырандай үйсіндердің жер қайысқан қолдарына талай шүйілген. Өзінен тоғыз есе басым күштерді қиратып, халықты қарық**

олжаға бөлеген. Барак сұлтан Садыр мен Матайдың жасы мен кәрісін талай жиып, Үйсінге жорыққа өш алу үшін аттанған. Үйсінді қырып жойған. Жанақ ақын мейлі талант қой, заманы, ортасы бөлек, ал, бүгінгі шығарып отырған кісілерге не жоқ? Шын мәнінде, Барак Солтабаев деген кім? Ресей билігінен қару алып, мың жігітті жинап, Абылай ханның баласы Сөк басқаратын Жалайыр болысында қырғын салған. Сөк сұлтанның жалғыз ұлы оны да өлтірген. Сөйтіп, Ресейдің құрамына кірмеген Ұлы жүзге шүйліккен. Орыс патшаларының қазақты бірін біріне айдап салу саясатының құралы болған. Ал, сөйткен Барак Солтабаевты мақтаймыз. Сонау *Қытай елшісі жазғандай, алауыздық біздің тамырымызға әбден сіңгені сонша, осы уақытқа дейін келе жатыр. Сол дерттен арылмай, біз тәуелсіздігімізді сақтай алмаймыз. Жоғарыдағы мысалдарды неге келтіріп отырмын? Бұл жаздайлар қазір де бар. Қазақтың арасында әлі күнге дейін ауызбіршіліктің жоқтығы байқалып қалады. Сен өзің күшті болсаң, сенің досың да көп болады. Бәрі сенімен дос болғысы келеді. Ішкі алауыздығынан арыла алмаған бейшара болсаң, сені кім сыйлайды, сенімен кім дос болады?*



Жарас Сейітнұр:

– Кез-келген халықаралық келісім шарттарды алсақ, достық деген түсініктер қатар жүреді. Достық деген сөзді келісім мағынада айтуға болады. Кезінде Гитлер де ең алдымен достық туралы келісімге қол қойып алып, кейін соғысты емес пе? Мемлекеттер арасындағы достық еш уақытта да мәңгілік болған емес, болмайды да. Психологиялық тұрғыдан айтатын болсақ, бұқаралық сана үшін саяси нысана кімді дос, кімді жау етіп көрсетеді, бұқара да сол мемлекетті дос тұтатын болады. Грузия-Ресей конфликтісіне дейін орыстың досы Грузия болатын болса, қақтығыстан кейін Грузиядан асқан жау болмай қалды. Украинамен де жаздай сол секілді. Ал, «Қазақтың досы кім?» деген сұраққа былай жауап беруге болады деп ойлаймын. Ел басына күн туғанда кім қазаққа жактас бола алады,

қазақты қолдайды? Яғни, қазақтың мүддесін қорғайтын мемлекет ұлттың досы. Мәңгілік дос жоқ, бірақ, белгілі бір уақыт аралығында дос болуы мүмкін. Мүмкін болса, жау іздемей, дос іздеуіміз керек. Бірақ, менің ойымша, мынадай мәселе бар секілді. Кімнің дос екенін басына іс түскенде білесің. Украина да басына іс түскенде ғана біліп жатыр. Сондықтан, әрине бұл жерде әлі сыналатын уақыт келеді деп ойлаймын. **Мен Түркияны Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін ең бірінші болып, мойындағаны үшін құрметтеймін. Бұл біздің тарихи және мәдени байланысымыздың бір көрінісі. Осындай фактілерді айтуымыз керек.** Енді, көршілерімізге келер болсақ, олармен жақын болып, тату болғанымен де, қақтығыста, дау да, ең алдымен, көршілермен туындайды. **Дос таңдағанда мемлекеттің саяси жүйесіне де мән беру керек. Мәселен, демократиялық құндылықтары бар мемлекеттер бізбен тең дәрежеде санасуы мүмкін. Ал, империялық, державалық пиғылдағы елдер кіші мемлекетпен, өздерінен төмен тұратын елдермен еш уақытта санаспайды.** Үлкен мемлекеттердің тәжірибесінде қолданылатындай, үлкен мемлекеттерді біріктіру үшін оларға жау керек. Мәселен, Америка зұлымдық империясын ойлап тапты, терроризмді шығарды. Халықты ұстап, ортақ мүдде төңірегіне топтастыру үшін осындай «жау» керек болды. Еврейлер «антисемит» деген ұғымды айналымға енгізіп, соларқылы өз мүдделерін қорғауда. Сол секілді, мен де қазаққа қарсы болатындарды «антиқазақтар» немесе «қазақофобтар» деп атасақ қалай болады деген ой бар. Қазақстан территориясына көз тіккен Жириновский, Лимонов секілділерді солай атауымыз керек. Олар өз ұлтымыздан бола ма, өзге ұлттан бола ма, егер, қазақтың ұлттық мүддесіне қарсы болатын болса. Ал, қазақты жақтаушыларды «проқазақтар» деп атайық. Мемлекеттік дейгейде немесе бұқаралық санада болсын кім дос, кім жау деген сұрақтар бәрібір болады. Бұл табиғи жайт. Пантюрксизм неге әлі өршіп тұр? Себебі, тарихи тамыры тереңде жатқан түріктердің мықты бәсекелес екенін әлем біледі. **Халықты саяси элита басқарады, ал, саяси элитаны мүдде басқарады дейді ғой. Олар мүддемен ғана жүреді. Ол мүдде ұлттық мүдде болуы керек. Оны біздің зиялылар түсінуді қажет. Мемлекеттік**

тұрғыдан алғанда, мемлекеттің досы жоқ. Мүдделер қақтығысы, бәсекелестігі болуы керек. Менің ойым осы.



Нәбижан Мұхамеджанұлы: – «Қазақтың досы кім?» дегенді біз анықтап алуымыз керек. Дос деген өте жақсы ұғым. Әсіресе, құндылығы жоғары, қазақ досқа берік, сәбилік көңілмен бері-

летін халық. Енді, қазіргі халықаралық қатынастар тұрғысынан алып қарайтын болсақ, бұрынғы кеңестік кезеңде қырғи-қабақ соғысы жылдарында дос мемлекеттер және жау мемлекеттер деп екіге ғана бөліп қарастыратын. Ал, соңғы кездегі глобализацияның тереңдеуіне байланысты бұл ұғым біртіндеп өзгеріп жатыр. Сондықтан, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты неше түрлі факторлар белгілейді. Біз көрші таңдағанымыз жоқ, ал, бар көршілерімізбен дипломатиялық, геосаяси, геэкономикалық жағдайда қаласақ та, қаламасақ та олармен үнемі байланыста боламыз. Біздің тарихи, мәдени ұқсастықтарымыз, ортақ негіздеріміз бар. Мысалы, түркі мемлекеттерімен ортақ тарихымыз, ортақ мәдениетіміз қалыптасқан. **Дипломатиялық қатынастарда мемлекеттер көбіне ортақтық іздейді. Сол ортақтық негізінде өз қарым-қатынастарын дамытуға тырысады. Бұл бір. Екіншіден, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста, ең алдымен мемлекеттік мүдде бірінші орында тұрады. Тарихи жауласу немесе достасу мерзімдік мәселе. Бір кезеңде дос, одақтас, бірде жау болуы мүмкін. Үшіншіден, ұлы державалардың тәжірибесінен алып қарайтын болсақ, мемлекеттер арасынан саяси, әскери қарама-қайшылықтар өте күшті, сауда, экономикалық жағынан байланыс тығыз. Мәселен, Қытай мен Жапонияны алатын болсақ, территориялық жағынан олардың кемелері соғысудың алдында тұр. Ал, экономикалық байланыстары дамып, сауда қатынастары жүріп жатыр. АҚШ пен Қытай да дәл солай. Инвестиция, ғылыми техника, сауда мәселесінде ең жоғарғы әріптес. Біздегі жағдай басқаша. Біз дос екен деп, барлық**

ыңғайға көне кететін мінезден арылуымыз керек. Келіспейтін жағдайлар да болып тұрады. Сондықтан, өз мүддемізді бірінші орынға қоя отырып, қадамдарға баруымыз керек. Дос мемлекет, жау мемлекет деп айналамыздағы елдерді бөліп қарастыруға болмайды. Мүмкін біздің ортақтығымыз да, бірлесе дамитын тұстарымыз да болуы мүмкін. Сондықтан, бұл ұғым өзгеруі керек деп ойлаймын. Ол тарихи мезгілге байланысты. Мәселен, Қытай мен Ресей дәл осындай байланыспен келе жатқан мемлекеттер. Қазір олар стратегиялық әріптес мемлекеттер. Соған қарамай, олардың мүддесі ең күшті мемлекет – АҚШ-қа қарсы тұруы керек. Саяси, әскери жақтан күрделі болғанымен, экономикалық байланыстары жүріп жатыр. **Сондықтан, меніңше, ұлттық мүдде, мемлекеттік мүдде бірінші орында болуы керек. Мемлекеттік мүддені бірнеше категорияға бөледі. Ең бірінші, мемлекеттің сақталуы мен өмір сүруіне қауіп төндіретін жағдай болса, ешкіммен келісуге болмайды. Одан кейінгі мәселелер кейінгі орындарда қала береді. Бірақ, біздің қазіргі саяси жағдай өте қиын, күрделі. Біз жаңа талаптары, ұстанымдары бар кезеңге тап болып отырмыз. Басқалардың бізбен дос болып, бізді сыйлауы үшін жаңа азғалардың айтқандарына қосыламын, қазақтың ішкі достығы мен бірлігін нығайту керек. Өзі мықты болған халыққа ешкім тиісе алмайды. Мәселен, сыртқы күш Иранға қанша рет шүйліксе де, ол еркін ешкімге бермеді. Иран бір тұтас мемлекет болып қалды. Иракпен салыстыруға болмайды. Ішкі біртұтастығы жоғары. Мемлекет қуаты да мықты. Мәселе ішкі бірлікте. Ирактың ішкі бірлігі әлсіз болғаннан соң, тез күйреді.**

Мәмбет Қойгелді: – Сыртқы күш картаны бізге де байланысты ойнауы мүмкін. Кез-келген уақытта сыртқы күштер ыдыратуға ұмтылуы мүмкін!

Нәбижан Мұхамеджанұлы: – Бәрекелді! Бізге Ирактың басындағы жағдай қайталанбауы үшін тарихи тәжірибелерден, қоғамдық практикадан, қорытынды шығарып, нені қабылдап, неден бас тартуымыз керек деген нәрсені жақсы білуге тиіспіз. Ресей мен Украина арасындағы қарым-қатынас туыстық, тарихи, мәдени, достастық негізде болғанымен, бірақ, мемлекеттік

мүддеге келгенде қақтығыстар болатынына көзімізді жеткізді. Меніңше, достық мәселесі адамның, халықтың санасына байланысты. Соңғы кездері орыс халқында да өсу, сананың өзгеруі шамалы екендігі жиі байқалып қалады. Кейбір зерттеулер бойынша, орыстардың санасы әлі XIX ғасырда қалып қойған екен. «Менде күш бар ма, күдірет бар ма?» деген түсініктен алшақтамаған. Империялық санадан әлі алыстай қоймаған. Оларды өзгелер тәуелсіз мемлекет пе, территориялық тұтастығы сақтала ма, жоқ па деген жайттар ойландырмайды. Ресейдің өзі БҰҰ-дағы «күдіретті» бес мемлекеттің біреуі болғанымен, Украина мәселесіне келгенде БҰҰ-ның шарттарын елемеді. Бұл ойландыратын жайт! Ал, Еуропалық одақтың бір ерекшелігі мемлекет үлкен болсын, кіші болсын, оған өздерімен тең дәрежеде қарай алады. **Ойымды түйіндеп келе, дос пен дұшпан мәселесі дегенде, әрбір мемлекет өз мүддесін қорғауы керек. Сондықтан, ең алдымен ішкі тұтастық пен бірлікті сақтау керек.**

Расул Жұмалы: – Осында айтылған пікірлердің бәрімен де келісемін! Шартты түрде алғанда, шын мәнісінде ресми орындардың айтуынша бүгінде қазақтың жауы жоқ, бәрі дос. Барлық мемлекеттермен бейбіт қарым-қатынас орнатып қойғанбыз. Біздің барлық ресми ұстанымдарымыз да солай. Жақында, Қорғаныс министрінің мәлімдемесінде, Қазақстанның егемендігінің тұтастығының, тұрақтылығының бірден бір кепілі еліміздің бейбіт сүйгіш саясаты деді. Бізге ешкім келіп тиіспейді. Біз осындай бәрімен тату елміз. Егер, бұл ойды жалғастыра беретін болсақ, тіпті, бізге әскер де, қорғаныс күштері де керегі жоқ шығар. Бірақ, бұл шынайылыққа қатысы шамалы дүниелер. Жаңа ғана Украинаның мысалын келтіріп отырмыз. Осыдан бір жыл бұрын украиналықтар дәл осылай болады деп ойлады ма? Украина зиялыларының пікірінше, Украинаның жеңіліске ұшырауының үлкен бір себебі, олар Ресейді осыдан бір жыл бұрын жау ретінде, тіпті, қарастырған жоқ екен. Тиісінше, олар әскері, қорғаныс күштерін де еш уақытта Ресейден қорғану үшін жасақтамаған. **Менің ойымша, бүгінгі мәселе тек «Қазақтың досы кім?» деген сұрақ төңірегінде ғана емес, «қазақтың келешек жауы кім болуы мүмкін?» деген мәселеге де арналуы тиіс. Оған дайын бо-**

луымыз керек. «Дос болам десең, айбалтаң дайын тұрсын» деген қазақта мәтел бар.

Ағаларымыз тарих мәселесін көтерді. Қаншама жылдар, ғасырлар өтсе де, халықаралық қатынастарда көп нәрсе өзгере қойған жоқ. Сол баяғы халықаралық қатынастардың жалпы тарихы: жер үшін күрес, ресурс үшін талас, адам күші, сауда нарықтары үшін күрес, соны өзіне қаратып алу деген секілді дау-дамайлар. Және сол кезден бастап ешнәрсе өзгерген жоқ. Оның үстіне дәл қазіргі ХХІ ғасырда көріп отырғанымыз, халықаралық қатынастардағы бірін бірі тежеуші немесе ара-салмақты сақтаушы күштердің өте қатты әлсірегені байқалады. **Қазір ең негізгі шешуші халықаралық механизмдер өрескел бұзылып отыр. БҰҰ жарғысы, ЕЫҚҰ шешуші актісі, жекелеген мемлекеттердің берген кепілдемелері, тіпті, қайтадан Ресейдің Украинаға тиісін отырғаны. Туыстық, одақтастығы, өз тарапынан берілген ядролық кепілдемелері, кезіндегі ТМД келісімдері тағы бар. Яғни, осы құжаттар, келісімдер қазір жұмыс істемейді. Оны бұзып отырған тек Ресей ғана емес, жекелеген Еуропа мемлекеттері, АҚШ, тағысын тағылар. Бұдан шығар жол, әр мемлекеттің өзіне сенуі, өзінің мемлекеттік және ұлттық мүдделерін бірінші кезекке қоюы керек.** Бұл тұрғыдан алғанда, әлемдегі мемлекеттерді үшке бөліп қарауға болады. **Біріншісі,** Қытай секілді ғасырлар бойы мықты дипломатияны ұстанып келіп, іші бүтін, мығым мемлекет. Бірақ, сол саясаттың өзі бұл мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қытай өз мүдделерін алға тартып, көршілерін ыдыратып, біріне бірін айдап салу арқылы күш қолданбай-ақ, мақсаттарына жетіп отырған. Бүгінгі таңда да Қытайдың саясаты сол. Ол саясатты жүргізу тетіктері де өзгерген жоқ. Баяғы бабаларының жазып қалдырған өсиеттері мен ұстанымдарына сүйенеді. **Екінші,** Ресейдің саясаты да сол бұрынғы сұрлеуімен келе жатыр. Өз идеологиясын экономикалық, ақпараттық тетіктерді пайдалана отырып іске асыру. Түрлі мемлекеттердің типтері бар. Кей мемлекеттер өз мүдделерін жүзеге асыру үшін немесе қорғау үшін түрлі қайшылықтарға да, соғысқа да баруы мүмкін. Ал, кейбір елдер бейбіт өмірде өз мүдделерін біріне бірі бере береді. Өз жерінде отырып, басқалардан төмен жалақы алатын жағдайлар. Мәселе,

мемлекеттің ауқымына, оның халқының аз-көптігіне байланысты емес. Біз 1,5 млрд. Қытай мен 150 млн. Орыс түтіп жеп қояды деп ойлаймыз. Бірақ, Моңғолияға қарайықшы. 2 млн. халқы бар Моңғолияның аумағы бізбен пара-пар. Бірақ, екі алыптың арасында өз саясатын жүргізіп отыр. Осындай жағдайды Израильдан көруімізге болады. Күшті елдердің арасында отырған шағын ғана мемлекет. Халқының ара-салмағы 1/50, экономикасы 1/20, қарулы күштерінің ара-салмағы 1/5-ге тең мемлекет. Соған қарамастан, өз мүддесін, саясатын жүзеге асырып отыр. Сауд Арабиясы да дәл солай. Сондықтан, бізде мүмкіндіктер жеткілікті. Әрине, ол үшін ішкі тұтастық, халық пен билік бір болса. Оған жету жолын біз көп ойластыруымыз керек. **Егер, өзіміз мықты болатын болсақ, бізге дос та табылады, жанымыздағы бауырлас мемлекеттер өздері бізге тартылатын болады. Біз мықты болсақ, экономикамыз алға басса, айналамыздағы мемлекеттер кейбір амбицияларынан айырылып, достық ниетпен араласатын шығар. Бәлкім, ол үшін уақыт өтуі керек немесе жана бір саяси элита келуі керек шығар. Жекелеген саясаткерлердің характеристикасы, олардың каприздарына, амбицияларына келіп тіреледі.** Мәселен, Ислам Каримов емес, Ташкентте басқа біреу отырса, бәлкім, біздің байланыстарымыз да басқаша болар ма еді? Өзімізге келер болсақ, ең негізгі себеп, қазақтың өзі ішіндегі былықтарды, саяси, экономикалық, жемқорлық, саяси модернизацияға қатысты келеңсіздіктерді жою қажет. Тағы бір мысал, Ирак пен Иранды салыстырмалы түрде қарайтын болса, Иран шын мәнісінде, мықты, мығым мемлекет. Неліктен? Халқының бәрі парсы болғандықтан ба? Жоқ, әрине! Арабтар да, парсылар да, күрдтер де жетеді. Діни тұрғыдан да біркелкі емес: суниттер де, шейіттер де жетеді. Ең алдымен, халқымен билігінің арасындағы билік мықты, халқының билігіне деген сенімі күшті. Билігінің халқының алдындағы жауапкершілігі күшті. Ал, Ирак біркелкі мемлекет емес, Саддам Хусейннің жүргізген саясаты сол қысу, өзінің тоталитарлы билігін жүргізу. Бірін біріне айдап салу арқылы билігін орнату. Нәтижесін бәріміз көрдік. **Сондықтан, біздің мүмкіндіктеріміз өте күшті. Аймақтық интеграция, түрік тілдес елдердің**

интеграциясын орнату, олар бізге ең жақын бауырлас мемлекет болып табылады. Бірақ, соның алғышарттарын жасауды өзімізден бастауымыз керек. Ынтымақтастық, тұтастық. Ал, оған жету жолы – өз ішіміздегі кемшіліктерді жою. Сонда ғана Қазақстанда барлық салада даму болады.



Әбдірашит Бәкірұлы: – Бүгінде бүкіл әлем Ресейден секем алып қалды, ал Ресеймен одаққа кіруге бас тартқан украиналықтарды қолдап шықты. Сол кезде біз ойға қалдық: «Егер,

Қырымды аннексиялау көрінісі Қазақстанда қайталанып жатқандай болса, онда қазақтың қолдай кетерлік досы бар ма?» деп. Дос дегенде, әрине, алдымен өз ішіміздегі жағдайды еске аламыз. Яғни, біз татулық-бірлігі жарасқан халықпыз, ал, елдегі тыныштық осы татулықтан өрбіп отыр дегім келеді. Бірақ, өткен тарихта өзім куә болған бірнеше оқиға мені осылай айтуға мүмкіндік бермейді. Оның бірі – ұлыорыстық шовинизм көріністері. 1975 жылы әскерге алындым. Мәскеуде 6 ай «учебкадан» өтіп, Ржев деген қалаға келдік. Сол кезде алғаш рет «ұлттық кемсіту» дегеннің не екенін көрдім. Біздің мектептегі біліміміз бен спортқа икеміміз ешкімнен кем емес-ті. Бірақ, әттең, орысша тіл білмейміз – жеке сөз болмаса, сөйлегенде толық ұқпаймыз. Осыны пайдаланып орыстар бізді «шурик» деп мазақтайтын. («Чурка» дегені). Оларға қой деп айтар адам болсайшы? Алайда, арамызда екі мәскеуліктер болды: бірі – жауынгер Веселовский, екіншісі – МАИ түлегі, аға лейтенант. МГУ-дің математика факультетінде оқыған Веселовский бір күні есеп беріп: «Мына есепті шығара алмағандар чурка болсын» деді. Бізді адам санауды намыс көретін сержант Еременко мырс етті. Алайда, қазақтар есепті тез шешіп бергенде, оның өті жарылып кете жаздады. Себебі, нағыз «чурка» өзі болып қалған-ды. ...Бірде волейболдан жарыс болды. Аға лейтенант команда жасақтады. Оған кілең қазақ балалары еніп, лейтенантпен бірге әскери бөлімдегі

өзге командалардың бәрін сыпыра ұттық. Сонда оның «бұның қалай?» дегендерге: «бір қазақты өзге онға айырбастамаймын» дегені есте... Бірақ, біз ұлттық дискриминация дегеннің не екенін сол кезден бастап түсіне бастадық. Маскара болғанда, ондай дискриминация 1975 жылы Алматыға келіп оқуға түсерде тағы қайталанды. Сол жылы «Сабақ орыс тілінде жүретін мамандықтарға емтихан орыс тілінде қабылданады» деген нұсқау шығыпты. Сөйтіп, қазақ мектебін бітіргендерге ҚазМУ-дың философия және заң факультеттеріне түсе алмайтын қауіп төнді. Алаңға шығып, митингі өткіздік. Содан кейін ғана Үкімет нұсқаудың күшін жойды. Кейін, үйленіп балалы болғанда да Алматыдағы балабақша, мектеп мәселесінде, ғылымда тілдік дискриминацияға тап болдық... **Міне, сөйтіп, біз жас кезімізден «ұрандататын достық» пен «шынайы достықтың» ара жігін ажыратып өстік. Ақыр соңында бұл 1986 жылғы қазақ жастарының көтерілісіне ұласты. Көтеріліс қызып тұрғанда Есік қаласы түріктерінің қазақ жастарына қысым көрсеткені, қандастарымыз ұйғырлар да «шоқ-шоқ» деген сыңай танытқаны туралы хабарлар келіп жатты. Әйтеуір, көптеген түбі бір «туыстар» қазақтың басына туған сындарлы кезде, бізді қолдаудың орнына, жарға итеруге дайын екендігін сездірді. Ендеше, «Қазақта дос бар ма?» деген сұрақ орынды қойылып отыр. Кейде ойлайсың: «Қазақты тұқыртуға бәрінің дайын тұруы не себептен?» деп. Достық неге шынайы емес? Меніңше, бұл өзіміздің ішкі алауыздығымыздан, ұлт ретінде монолиттен алмауымыздан туындап жатқан сыңайлы. Бізде «ұлттық мінез» жоқ! Сондықтан, бізді жеке адами тұрғыда бағаласа да, ұлтымызға «әулет» ретіндегі құрмет аз. Ондай құрметке не болу үшін бізге тұтастығымызды үнемі білдіріп отыру қажет. Бірақ, солай ма? Тіптен, қазірдің өзінде кілең қазақтан тұратын билігіміз өзінің ана тілі – мемлекеттік тілін менсінбей, тек орыс тілінде сөйлесе – кім тілінді, дәстүр-салтыңды құрметтейді? Ендеше, кім бізге «шынайы доспыз» деп айта алады? Қазақ халық ретінде осы мәселелер туралы терең ойлануы қажет!**



Айдос САРЫМ,
саясаттанушы

ҚАЗАҚТЫҢ ДОСЫ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ МЕН ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ

Бүгінгі мемлекеттер арасындағы қоғамдық, саяси қатынастар селбесіп жатқан кезеңде әр мемлекет пен халық үшін оның досын, мүдделесін, жанашырын табу қиынға түсіп отырған құбылыс. Әсіресе, Қазақстан секілді дамудың даңғыл жолын бастап, үлкен державалардың арасында өз саяси ұстанымдары мен бағытын қалыптастырып, экономикалық және әлеуметтік әлеуетін арттыруға күш салып отырған жас мемлекет үшін. Оның үстіне, солтүстігі мен шығысын Ресей мен Қытай секілді ұлы державалармен шектесіп, оңтүстігінде ислам әлемімен астасуы, Орталық Азия мен Каспий теңізі ресурстарына бәсекелестік мәселесі тағы бар. Міне, «Осындай қым-қиғаш мемлекетаралық байланыстар орын алған кезеңде Қазақ кіммен достаса алады?» деген мәселені белгілі саясаттанушы Айдос Сарым мырзамен талқылаған едік...

– Айдос мырза! Өзіңізге белгілі, өткен ғасырда Черчилльдің «Британияның мәңгілік дұшпаны да, досы да жоқ, тек мүддесі ғана бар» деген сөзі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ «Үй таңдама, көрші таңда» дейді. Немесе «Досыңды көрсет, сенің кім екенінді айтамын» деген сөз бар. Біз 70 жыл бойы қызыл тудың астына біріккен одақтас мемлекеттерді дос деп келдік. Тәуелсіздік жылдары түркі тілдес мемлекеттер мен Орталық Азия елдерін өзімізге дос тұтамыз. Енді, бүгінгі жүріп жатқан Ресей-Украина қақтығысы жоғарыдағы біз айттып отырған достық ұғымын күйретіп, оған саяси-қоғамдық астар беріп отырған жоқ па? Осыдан кейін, достықта шекара жоқ дегенге сеніп көріңіз. Достық ұғымын қазақ, Қазақстан жағдайына аударсақ, шынында да бізде достық жоғары тұру керек пе, әлде мүдде жоғары болуы керек пе? Сіздің ойыңыз қандай?

– Бұл үлкен философиялық сұрақ. Әрине, Черчилль қай тұрғыдан алсақ та, ұлы саясаткер. Егер, оның өмірдеректерін

алып қарасаңыз, қитұрқы, өзіне өзі қайшы келетін тұстары өте көп болған. Бірақ, осы сөзімен толық келісуге болады. Мемлекет үшін, жеке адам үшін де ең алдымен мүдде, принциптер тұруы керек. Бұлай айту үшін, ең алдымен, дұрыс түсінік, пайым керек. Өкінішке орай, біздің Президентімізден бастап, қарапайым ауылдағы адамнан біздің ұлттық мүддеміз қандай деген сұрақ қояр болсақ, оған әркім әртүрлі жауап беретіні анық. Бір жағынан, ол солай болуы да керек шығар. Бірақ, тиек етер берік ұстанымдар міндетті түрде болуы керек. Қазақ-орыс мәселесіне келетін болсақ, бүгінгі Қазақстанда тұрып жатқан орыстардың жартысы өміріне риза десек, кем дегенде жартысы Қазақстан секілді мемлекет болмауы керек, түбі Ресейге қосылады деген ұстанымда жүр.

Кезінде АҚШ Президенті Гарри Труман: «Одақтасы бар мемлекеттің өзі тәуелсіз емес». Тәуелсіздік деген сөздің өзі философиялық тұрғыдан дұрыс ұғынып алғанымыз өте маңызды. Еш бір адам, еш мемлекет 100% тәуелсіз емес. Бірақ, осы тәуелсіздіктің негізгі ұстанымдары болады. Біріншіден, басқа мемлекет бір елдің ішкі шаруаларына қол сұғуға болмайды. Азаматтарын қудалауға, территориясына келіп, сеператистік бағыттағы ұйымдарға қолдау беруге, саясатқа араласуға болмайды және өз мүдделерінен туындайтын мәселесін өзі шешуі керек. Мәселен, ДСҰ, Кедендік одақ, т.б. Біз бұл ұйымдарға кіріп, мүше болғаннан кейін, белгілі бір деңгейді «ойын ережелерін» қабылдадық дегенге саяды. Ал, егер, осы тұста біз көршілер ғана риза болсын дейтін саясатқа өтіп кетсек, онда біздің тәуелсіздігімізден, суверинитетімізден түк те қалмайды. Талан-таражға салынып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуі мүмкін. Тәуелсіздігіміз, оның принциптерін қоғам ішінде талқылай білуіміз керек. Мүмкіндігі келсе, оны қағидаттарға айналдырып, үлкен құжаттарға енгізуіміз де қажет. Қазақстанның Сыртқы саяси доктринасы Украинадан кейін қайта қаралу керек екендігі

сөзсіз. Қазақстанның әскери қорғаныс доктринасы да қаралуы тиіс. Украина мен Ресей кезінде қаншама достастық, стратегиялық әріптестік туралы құжаттарға қол қойды. Екі ел бір-бірімен ағайын екенін айтпай-ақ қояйық. Осыған қарамастан, Ресей қитұрқы әрекетке барды.

– Халықаралық саяси байланыстарда жиі қолданылатын «достық», «әріптестік», «серіктестік», «одақтас» деген секілді ұғымдар бар. Сырт қарағанда, синонимдес түсініктер болып көрінгенімен, мәнісіне үңілсек, айырмашылықтары бар секілді. Қазақстанның айналасындағы елдермен қандай байланыста екенін жіліктеп айтып бере аласыз ба?

Бір ойшыл «Үлкен державалардың бәрі дөрекі, басбұзар, ал, кіші мемлекеттер олардың солдаты болуға мәжбүр» деген еді. Өкінішке орай, бұл рас. Кешегі жағдайдан кейін АҚШ, Еуропаны алайық, олар алыстан қол сермейді, Ресейге «басу» айтып, Украинаны «жұбатуда». Ал, қайсысы Украинаға танкісін апарды? Украина үлкен мемлекет, 50 миллионға жуық халқы бар, көптеген елдермен әріптестік қарым-қатынас орнатқан ел. Олардың да дипломаттары 23 жылда қарап отырған жоқ. Ал, жеме-жемге келген кезде мемлекет қашан да жалғыз қалады. Жақында белгілі саясаттанушы Дзержинский былай деді: *«Егер, Украина Ресейге қарсыласуын жалғастыра беретін болса, онда біз көмек беруге міндеттіміз»*, – деді. Бұл жердегі басты мәселе, «Егер қарсыласуын жалғастыра беретін» деген сөз. Украинаға АҚШ-тан көмек келе ме, жоқ па маңызды емес, маңыздысы Украин халқының қарсыласуға құлқы, намысы, жігері бар ма деген сөз.

Бүгінгі Қазақ мемлекетінде өзін-өзі толықтырудың бір ғана ресурсы бар. Ол – шетелдегі қазақ диаспоралары. Екінші кезекте, ол түркі әлемі. Олардан басқа бізге мүддесі жақын, түсіне алатын шеттегі ресурс көріп отырған жоқпын. Тосын жағдай бола қалса, жаны ашитын да сол түркілер болуы мүмкін. Әрине, ол елдердің барлығы да өз ішкі мәселелері, пайым-түсінік, арманы, тіпті, ішкі эгоизмі де болуы мүмкін. Оны дұрыс түсінуіміз керек. Егер, сол түркі елдерінің зиялыларының санасында түркі елдерінің мәдениеті ұқсас, тілі туыс, діні бір екенін ұғып, келер ұрпаққа жеткізе алатын деңгейге жеткізсек, сонда ғана ықпалдастық, достық, ынтымақтастық деген байланыстарды біршама сеніммен айта алатын едік.

– Қазіргі мемлекетаралық бәсекелестік пен саяси ұстанымдар қайшылығы, өркениеттер қақтығысы жүріп жатқан кезеңде мемлекеттер достастығы қандай

сипатта көрінуде? Жалпы, мемлекеттер достығы қандай критерийлерге сүйеніп, қандай шарттарға негізделуі тиіс?

– Әлемдік үрдістерді алып қарасақ, Англия мен Франция ғасырлар соғысты, Германия мен Франция екі дүниежүзілік соғысты бастады. Дегенмен, бүгінгі тенденциялар басқаша. Еуразиялық Одақтың Еуропалық Одақтан айырмашылығы сол, Германия мен Франция айналасындағыларды жұтып қоямыз деп отырған жоқ. Ресей шовинистері секілді өзгенің территориясын менікі деп көз алартпайды. Еуропа елдеріндегідей мәдениет қалыптасқан кезде ғана үлкен одақтарға бірігіп, достық туралы мәселе қозғауға болады.

Бүгінгі кезде «Қазаққа тәуелсіздік аспаннан түсті», «тосын келген тәуелсіздік» деген «алып-қашпа» әңгімелер бар. Бәрі бос сөз! Біз найзамен зеңбірекке қарсы шыққан халықпыз, соңғы бұлқынысы желтоқсан көтерілісі болды емес пе? Яғни, біз өзіміздің тарихымызды, геосаяси мәселелерімізді зерттеген кезде осы мәселелерге арқа сүйеуіміз керек. Алдыңғы мәселені айтуды қоюға тиіспіз. Бұл бізге жау, сырт көзқарасқа азық болатын тезистер. Егер, біз тәуелсіздігіміздің тарихын таяз білетін болсақ, онда басқалар не демейді? Демек, қоғамның өзі, оның қаймағы болып саналатын зиялы қауымы: баспасөзі, партияларына жауапкершілік артылады. Кейбір кезде жоқ нәрсені үмітпен, намыспен алып шығуға болатын кездер болып жатады. Біздің жағдайымыздың бір жағынан алпауыт Қытай тұр, ғасырлар бойы қақтығысып келе жатырмыз. Қазақ қоғамында қытайлардан қорқыныш бар екені анық. Табиғи түрде. Сонымен қатар, 600-700 жыл бойы арпалысып келе жатқан Ресей бар. Кеше ғана соның шекпенінен шықтық. Бір жағынан дамып келе жатқан, энергетикасы мол Ислам әлемі жатыр. Бүгінгі Ирактағы жағдай алдыңғы Азияның картасына өзгерістер әкелуі мүмкін. Бұл үлкен қауіп! Өздеріңіз де, байқап отырғандай, Иракта Ислам халифатын жариялағандар Қазақстанды да қосып жіберіпті. Мұны жай қалдыруға болмайды. Мұндай идеологиялық үрдістерге біздің зиялы қауым дер кезінде жауап беру керек. 90-жылдары Солженицыннің «Как нам обустроить Россию» деген кітабы шықты. Сол кезде бүкіл қазақ зиялылары тулап, түрлі пікір айтқан еді. Кейін басылды. Бірақ, идеяның өмірі адам өмірінен де ұзақ болуы мүмкін.

Қазір қарапайым орыстың санасына «Солтүстік Қазақстан – Ресейдің жері» деген нәрсе біртіндеп сіңіп бара жатыр. Тіпті, бұның сценарийін алдын ала жа-

зып қойған. Дмитрий Кван деген автордың кітабында Солтүстік Қазақстанға әскерін кіргізіп, Қырым секілді аннексиялап алғаны туралы жазылады. Дайын тұрған жоспар, сценарий. Мұндай әрекеттерге қарсы жауап болуы керек. *Мен неліктен көп нәрсені зиялы қауым дәрежесіне көтеріп отырмын? Айналып келгенде, билік те, партия да, үкімет те, бәрі өтпелі. Ал, жақсы элита болса, ол бірнеше буынның санасына қалыптастыра алады. Кеңес заманында қазақтың негізгі утопиясы тарих болып қалды. Илияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясын жазды, бүкіл қазақ зиялылары бірігіп, «Қыз Жібек» фильмін түсірді. Ең мықты режиссер, сценарист, суретші, кескіндемеші... бәрі жиналып осы фильмнің түсіріліміне жұмылдырылды. Қазақтың қазақтығын сақтап қалған осы нәрсе. Кезінде «Жұлдыз», «Жалын» секілді журналдар 200-300 мың данамен шығаратын. Жақсы кітаптарды жұрт іздеп жүріп оқитын.*

Бүгінгі таңда биліктен басқа алдағы 40 жылдың жағдайын айтатын ешкім жоқ. Зиялылардың ішінде пессимистік көзқарастағылар көп. Бұл дұрыс емес! Менің ойымша, олар керісінше біздің ұлттық иммунитетімізді арттыру үшін жұмыс істеуі керек. Қазір қазақтың саны 70 пайызды құрап отыр, ендігі тенденцияға сай жылына 1-1,5 пайыз өсуін көрсетіп отыр. 20-25 жылда қазақтың саны 80-90 пайызға жетіп қалуы мүмкін. Бұған тоқмейілсуге болмайды, ертеңгі күнді ойлау керек. Көп жағдайда қазақты күдік пен үрей біріктіреді. Болашақта қазақ қауымы позитивті, нақты мақсаты бар идея тәжірибесінде бірігуді үйренуі керек. Соның мәжірібесін, дәстүрін қалыптастыру қажет.

– Қазіргі кезде достықтың тағдыры саясат пен экономикаға тікелей байланысты. Осы тұста, ұлттық мүдде мен тарихи сабақтастық мәселесі шет қалып қоймай ма?

– Қазақстанның басқа мемлекеттерден айырмашылығы біз континентальды құрлықтық елміз. Кез келген жақтан алып қарасақ, теңізге дейін үш мың шақырымдай жер бар. Яғни, бізге АҚШ-тың VI флоты келіп, көлік беретіндей мүмкіндігі жоқ. Біз Украина секілді де емеспіз. Оның теңізге шығар жолы бар. Сондықтан, біз достық саясатын басқаша құруымыз керек. Бірақ, бұл саясатты түсіну, пайымдау өзіміздің жерімізді, картадағы территориямызды айқын, дұрыс түсінуімізден басталады. Біз өзімізге бекіген айналамыздағы көршілерімізбен бөлісіп, меншіктеп алған жерімізге сыя алмай

тұрғанымыз байқалады. Және осы жерді дұрыс игеру үшін *«осы жер біздікі, осы жердің әрбір тасы біздікі деген, жерді қорғау – біздің жауапкершілігімізде»* деген секілді идеяға топтасып, әрбір тасымызды, жеріміз бен суымызды қызғыштай қорғауымыз керек. Бізде жердің иесіміз, қожайынымыз, ертеңгі күні бұл жерді ұрпақтарымызға қалдырамыз деген ұғым атымен жоқ. Осы өтпелі, көшпелі санадан арылуымыз қажет. Біз ата мекеніміз, жерұйығымыз осы жер екенін, басқа жақтан жер іздеудің қажеті жоқ екенін түсініп, көркейтуге ұмтылуға тиіспіз.

– Орыс патшасы Александр III: *«Бүкіл әлемде біздің екі ғана одақтасымыз бар: әскер мен флот. Қалғандарының бәрі бізге қарсы тұратындар»* деген өз заманында. Біз осындай ұстынымы бар мемлекетпен одақтас болып отырмыз. Ал, достық «одақтастық» деген сөзге саятын ұғым-түсінік. Ендеше, одақтастардың бәрі достарымыз ба?

– Қазіргі өркениеттік философиялық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, екі елдің дамуында философиялық үлкен қайшылық бар. Ресейде империалистік көзқарастар дамып келе жатыр. Бізде керісінше, антиимпериалдық, яғни, тәуелсіздікті аңсайтын, ұлтшылдықты қолдайтын тенденциялар табиғи түрде даму-да. *Қазақстан мен Ресейдің одақтастығын мен от пен мұзға теңер едім, екеуі қосылса буға айналып ма? Сондықтан, мен бұған басқа тұрғыдан қараймын, Ресеймен кез келген байланыстарды бүгінгі күні ұтылыс деп есептеуге болатын шығар. Бірақ, мұның артында тұрған бір нәрсе ғана бар, ол тарихи уақыттан ұту. Кем дегенде 10-15 жыл тыныштыққа қол жеткізу. Мұның екінші қаупі: кіші мемлекеттер амалсыз үлкен мемлекеттің алдында солдат болып тұрады. Ең қауіптісі халық пен биліктің соған еті үйреніп кетуі мүмкін. Ал, өз ұстанымын сақтап қалудың ең үздік үлгісін XX ғасырда Финляндия танытты деп ойлаймын. II Дүниежүзілік соғыстан кейін Ресей әскерінің шабуылына тойтарыс берген жалғыз мемлекет. Соғыстан кейін Финляндияның екі ұлы президенті Юхо Кусти Паасикиви және Урхо Кекконен Финляндия кейінгі елу жыл ұстанған Паасикиви Кекконен, деген саяси бағыттың негізін қалады. Яғни, қалай болғанда да, Ресейдің «қытығына» тимей, өзінің ішкі дамуын күшейте беруді көздеді. Экономикасы, сыртқы байланыстарын күшейтті, бейтарап мемлекет ретінде қалыптастырды. Сол секілді халықтың ерік-жігері, өзіне деген сенімі мықты болуы керек деген ойдамын.*



Жарылқасын БОРАНБАЙ,
«Алаш» тарихи-зерттеу
Орталығының қызметкері

Қазақта бір керемет «Құданы – Құдай, ал досты бір-біріне періште қосады» дейтін сырлы да сұлу сөз бар. Қазіргі заман қағидаты, шын мәнінде, Уинстон Черчилль айтпақшы: «Англияның досы да қасы да жоқ, тек мүдделесі бар» деген түпсіз терең тұжырымға тіреліп тұрғанда, дос туралы әңгіме қозғау қызық боп көрінгені де рас. Менің білуімше, «дос болу» феномені адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан өнегелі өмірдің өрнегіне келеді. Ол, әсіресе, бал-балалық шақта, көбірек кезігеді. Ол туралы Расул Ғамзатов: «Жоғалттым көне достарды, таппадым бірақ жаңасын» деп жырлаған. Мәлік Ғабдуллин халық ауыз әдебиетін көп зерттеген адам, соның қалдырған мұрасында: «Қожеке, Сіздің достарыңыз көп пе? – деп сұрағанда, – оны мен қазылық қызметімнен түскенде айтайын!» – деген әңгіме бар екен.

Адамзат тарихы нешеме ұлы адамдардың арасындағы достық туралы тәмсілдерді қалдырып отырған. Оның арты қуанышқа да, қайғыға да ұласқаны жетерлік. Мәселен Карл Маркс пен Фридрих Энгельс арасындағы достық «марксизм-ленинизм ілімін» дүниеге алып келе алды. Ал, енді, атақты Шыңғысхан мен Жамұқаның арасындағы бала достық, кейіннен бір-бірін атажауға айналдырды. Абай ақын дүниеден өтерінде: «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да, алдамаған кім қалды тірі жанда» деп күңіренді. Енді, осынау, қымбат сезімді ел-жұрт, халықтар мен мемлекеттер дәрежесіне көтергенде қалай болар екен, соны әңгімелеп көрелік.

Біздің қаттаулы тұрған тарихымыз екінші дүниежүзілік соғыстың сәл-ақ алдында, немістермен «мәңгі достық және бір-біріне шабуыл жасамау» туралы шартқа қол қойғанымызды әлі ұмыта қойған жоқ. Демек, мемлекетаралық болып жа-

ДОССЫЗ ДҮНИЕ БОС

татын көптеген қаттаулы қағаздардың достыққа негіз бола алмайтындығын осыдан-ақ көруге болады ғой деймін. Оның қалай болғанын «Малорос, Белорос, Великорос» болып туысатын үш халықтың бүгінгі жағдайынан да көруге болады ғой деймін. Әйтсе де, мынадай, қым-қуыт кезеңде әлдекіммен туыспай, жолдас болмай, бірлесе қимылдамай отыра да алмайсың. Осындай алмағайып сәттерде маған «Түбі Түркі-түгел бол!» деген сөз өте-мөте ұнайды. Мәселен, мына біздер, қазақтар, Тәуелсіздігімізді жариялай сала Түркия мемлекетінің біздің бостандығымызды мойындауы нағыз бауырластықтың белгісі емес пе?! Басқасы-басқа қиын-қыстау сәттерде Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін жөндеуге қол ұшын созуын бұл да ұлы достықтың нышаны деп білемін. «Өзіміздің діндесіміз екен» деп араб әлемінің біздерді құшақ жая қарсы алуын, имандылық иірімдерін көбірек жасау үшін зәулім мешіттер салуымызға көмектесуін ұмытуға бола ма? Осындайда «төскейде малы, төсекте басы қосылған» қырғыз бауырларды ұмытуға бола ма? «Өзбек өз ағам, сарт – садағам» дейтінді де бабалар айтып кетті емес пе? Тарихтың қоламтасын қозғасаң түркімен бауырларды Сырдың бойынан, Оғыз мемлекетінен таба аласыз. Отырар ауданының орталығы Шәуілдір селосының есімі түрікпеннің «чаудар» тайпасынан шыққанын білгенде ойланбасқа амалыңыз қалмайды. Халқымыздың шежіресін ақтарсаңыз «Қазақ-Созақ бір туған, ал Созақтан – Қарақалпақ тарайды», дегенді табасыз. Ал, енді, «Қырымның қырық батыры» жыр тізбегін қарастыратын болсаңыз алдыңыздан Сарайшықты астана еткен Ұлы Ноғайлы жұрты көлбең ете қалады. Ол уақта татарлар, шуаштар, карашайлар, аварлар, шеркестер, башқұрттар, болса да ноғайлар, т.б. алдыңыздан «Құс жолындай» шұбай бастайды. Бір кездері ұлы Даланың төсінде «Алты Алаш» атанғаныңыз есіңізге түседі. Кәдімгідей қуаттанып қаласыз. Ендігі жерде, Тәуелсіздіктің туын желбіреткен

жылдары олармен қалай туыстаспай, достаспай отыра алмақшысыз?!

Қазақ тегінде данышпан халық қой! Оның «Күлшелі бала сүйкімді» дейтін қызық сөзі бар. Егерде, біздің халқымыз бақуатты тұрса, мемлекетіміздің тұғыры мығым болса, онда біздің достарымыз да, тілеуқорларымыз да көп болады деген сөз. Ол үшін әрине, біздің қонақжайлылығымыз, мінезіміздің кендігі, бауырмалдығымыз, көнтерлілігіміз, шыдамдылығымыз, т.б. мың сан жақсы қасиеттеріміз қаймағы бұзылмай сақталғаны жөн. Ол үшін тініміз-тарихымыз, діліміз-жаратылысымыз, болса да тіліміз мен дініміз аман болуы шарт. Ол достықтың, туыстықтың біріктіруші эталоны болып қала береді. **Ендігі әңгіме, біздің «ақ аю», «айдаһар» атанған көршілеріміз туралы. Бұл екеуін, шын мәнінде, «құдай қосқан көршілер» деуге болады. Кезінде Сақ, Ғұн, Көк Түрік, Үйсін мемлекеті болып тұрғанымызда, болмаса Алтын Орда заманында бірлесіп тірлік қылғанымыз жасырын емес. «Ұлы Жібек жолын» күншығыстан батысқа қан тамырдай тарқатқан тұстар да болды. Заманалар көшінде, енді біздер қайтадан аралас-құралас елге айналып отырмыз. «Ұлы Жібек» жолын асфальт, болат жолдармен қайтадан салып жатырмыз. Бұл өте керекті, әрі қуанышты жағдай. «Біз мал баққан елміз, Өзімізше жай жатқан елміз» деп Қаз дауысты Қазыбек бабам айтқандай, 1928 жылға дейін «көшпелі өркениетті» көздің қарашығындай сақтаған біздерге «атом энергиясын игеріп, ғарышқа самғаған» ғасыр талабына төтеп беру оңайға соқпайтынын мойындаған жөн болады. Оның ішінде көптеген тарих сахнасынан жоғалған мемлекеттердің «Мәңгілік Ел» бола алмауы, сөз жоқ, оның «Өмір сүрудің ең оңтайлы жолын таңдап ала алмауы» да себеп болады.**

Биыл қасиетті Түркістан топырағында 100 жылдығы тойланбақшы болып жатқан Сағтар Ерубаевтың:

*Мен білмеймін шекарасын
Солтүстік пен түстіктің,
Мен білмеймін шекарасын*

Жолдастық пен достықтың, – дейтін жыр жолдары бар. Жалпы, Адамзат баласы Ғаламшарда шыр көбелек айналған бір ғана Жұмыр жерді мекен еткендіктен түптің-түбінде бір-бірімен терең түсінісіп, доссyz өмірдің бос екенін біліп, тіршілікті бірге тамырлатқаны дұрыс болар еді деп ойлаймын.

... БӘРІМІЗ НАМЫСТАНУЫМЫЗ КЕРЕК

... Тіл қауіпсіздігі шекарадан да мықты бекіністе болуға тиіс. Егер тіл қауіпсіздігін жоғары деңгейге көтерсек, ол ертең ұлттың қауіпсіздігін сақтайтын үлкен рухани құралға айналады. Мысалы, болгарлар 500 жыл бойы түріктердің отарында болған. Бірақ неге Болгария қайтадан мемлекет болды, ел болды? Өйткені тілін, дәстүрін, дінін сақтады.

Қазір Польша деген мемлекет бар. 120 жыл бойы осы елдің әр бөлігі әр жаққа – бір жағы Германияға, бір жағы Ресейге қарап, мемлекет ретінде жойылған. Тіпті, әлемдік картадан алынып тасталған. Солар тілін, дәстүрін, дінін сақтап қалуының арқасында ғана қайтадан мемлекет болды, картаға қайта кірді.

Бұған кері мысалдар айтайық. Филиппин мемлекеті жүздеген жылдар испандықтардың қоластында болды. Оны кейін АҚШ жаулап алды. Қазір тәуелсіз, демократиялық мемлекет сияқты. Бірақ аты-жөндері испанша, өздері католик дінін қабылдаған... Ана тілдері әлсіз, сөніп бара жатқан шырақ сияқты.

Осыдан біраз бұрын мен Ник Хоакин деген филиппиндік жазушының «Өзін-өзі жоғалтқан әйел» деген романын оқыдым. Автор мұнда қос кіндікті әйел туралы жазады. Қазақта да «кіндігінен байланып қалған» деген ұғым бар ғой. Оларда да соған мағыналас түсінік бар болуы керек... Кейіпкер – дәстүрін, дінін жоғалтқан әйел... Ол үшін қасиетті, қастерлі ештеңе жоқ... Бұл – адамның рухани күйреуі. Ол – жарымжан. Кіндігін жоғалтқан. Ол – қоскіндік. Біреуі – испандық, біреуі – американдық.

Осындай мәселелер тұрғысынан келгенде, қазір біз де қорқамыз. Біздің тіліміз үлкен мінбелерге шығудан қалып барады. Өз елімізде, өз жерімізде кірме адамдар сияқтымыз біз. Теледидардың бәрі түн жарымында қазақша көрсетеді. Кірме, кірмелік деген осы емес пе? Бұл мәселеге сен де, мен де, ол да, ... бәріміз намыстануымыз керек. Намыс қана бізді осы тығырықтан алып шығуы мүмкін.

Кеңес өкіметі Ауғанстанмен он жыл соғысты. Дамбал киіп, арбамен жүрген ауғандарды ала алмады. Қару-жарағымыз тіреліп тұрды. Соғыс арсеналы да сұмдық. Сонымен ала алмады. Неге? Ол да ауған халқының рухының күштілігінен. Рух тек қана тіл арқылы келеді. Рухтың одан басқа келетін, жүретін жолы жоқ.

«Кеңес өкіметімен бірге империя құлады» делініп жүр ғой. Шын мәнінде, империя құлаған жоқ. Кеңес өкіметінің құлағаны рас, бірақ Ресей - әлі империя. Қаншама елді бауырына басып жатыр. Қытай - ежелден, біздің дәуірімізге дейінгі уақыттан, Цинь Шихуандидің кезінен империя. Әлі құлаған жоқ... күшейіп келе жатыр. Сол екі империяның ортасындамыз. Мына тұстан өзбек шовинизмі бас көтеріп келеді... Осындай ортада отырған кезде біздің аса сақ болуымыз керек. Әскерімізді қанша күшейткенмен, бізді сақтайтын, әлгі Болгарияны, Польшаны сақтағандай, бір-ақ күш бар. Ол – рух күші. Рух тек тілмен қалыптасады.

Темірхан МЕДЕТБЕК, ақын.



Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
«Ақиқат»

БІЗГЕ «ҰЛТШЫЛДАРДЫҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ» емес, «билік жүйесінде ұлтшылдық принциптерінің басымдыққа ие болуы» керек

Осы мақаланы жазу алдында жұрт фейсбукта әніміз Роза Рымбаеваның «Беишбармақ» әніне түскен клипін қызу талқылап жатыр екен... Кезінде Роза қазақты «Әлиясымен» танытқанда – онымен мақтандық, оны көкке көтердік! Ал, бұл жолы..., бұл жолы олай бола алмады. Мысалы, мен бұл әнді «Қазақтың қолынан беишбармақ жеуден басқа ештеңе келмейді, өзгеге көрсетер қазы-қартадан басқа түгіміз жоқ» деген тұрғыда қабылдадым... Және де, бұл клипте «ауыздарыңды қазы-қартамен майлап отыра беріңдер, қалғанын өзгелер реттейді дегендей ишара бар-ау» деп қабылдадым... Бұрын «Сағынайдың асында сойылған малда қисап жоқ» дегенде – оны «ел байлығы» деп түсінуді едім, бұл жолы қазекеңнің қисапсыз малдан ажырап, жал-жасая мен қазы-қартаны түсінде көретін таңсық астай жырлап кеткенін көріп, бұл – Абылайдың түсін жорыған сәуегейдің сөзіндегідей «арыстан халықтан тыиқан халыққа айналып бара жатуының бір көрінісі емес пе?» деп намыстандым... Содан кейін, «қазіргі заманда ұлттық құндылықтарымыз, әдетіміз бен дәстүріміз, жөн-жораларымыз, ар-ұят пен абыройымыз қайда барады?» деп ойланып, осы мақаланы жазуға отырдым. Шынында да, қазақ қайда барады?

Қазіргі мемлекеттік ұлт саясатының идеологиялық астары туралы

Қазіргі қазақ мемлекеті тәуелсіз даму жолына түскелі бері ұлттық идеологияны қалыптастыра алмай жатыр ма, қалай? Бұл дейтініміз, оның орнына ресми идеология шеңберінде «өркениетті елдердің қатарына қосылу» мәселесі көп көтеріліп жатқан сияқты. Алдымен «дамыған елу елдің қатарына ену», одан кейін, «отыз елдің қатарына ену» туралы арнайы мәлімдемелер жасалды, шешімдер қабылданды. Бірақ, осы мәселе төңірегінде қоғамда көптеген сұрақтар туды, мысалы: «Өркениетті дамыған елдердің басты критерийлері қандай?», «Оған жету үшін қоғамда қандай өзгерістер болуы тиіс?», «Қазақтың ұлттық сипаты өркениет көшіне ілесу барысында шайылып кетпей ме?», «Еліміздің көп ұлтты болуына байланысты мемлекеттік жауапкершілік қай ұлттың мойнына жүктеледі?», «Осы

кезеңде туындайтын бәсекелестікте ұлттаралық тұрақтылықты сақтап қалу мүмкін бе?» дегендей және басқа мәселелер қылаң берді. Мұндай алаңдаушылыққа негіз бар. Өйткені, мемлекет өзінің ұлттық сипаты мен болмысын айқындай алмаса, ондай мемлекетте ұлттаралық араздықты қоздыру аса қиын емес. Ондай қатерден, тіптен, өзінің ұлттық сипатын ашық түрде жария еткен Украина мемлекеті де құтыла алмағаны – осыған дәлел. Онда Украинаның Ресеймен шекаралас облыстарында жиі қоныстанған орыс диаспорасы алдымен «тілдік дискриминацияны» алға тарта отырып, соңынан, Ресейдің Қырым түбегін өзіне қаратып алуын ескеріп – Украинадан бөлінудің «қырымдық сценарийін» қаз-қалпында қайталауға әрекет етті. Соңы азаматтық соғысқа ұласып, осы мәселеде әлемнің қақ жарылғаны белгілі. Яғни, бұл мысал бізге өркениетке барар жол «мемлекеттің ұлтсыздануынан» емес, қайта керісінше

– мемлекеттің негізін құраушы ұлттың әлеуетін неғұрлым «өркендетуден» басталатынын анықтап берді. Қалай дегенмен де, дамыған елдердің тарихы осыған меңзейтіні рас: мысалы, Жапон мемлекеті ұлттық құндылықтарды дамыта отырып, өркениет жетістіктерін өз экономикасы мен мәдениетіне бейімдей алды. Нәтижесінде, бұл мемлекет өзінің ұлттық брендин қалыптастырып, әлемдегі геосаясатқа араласуға қабілетті ондаған елдердің қатарына көтерілді. Екінші мысал: соңғы 20-25 жылда аса жоғары қарқынмен дамып келе жатқан Қытай мемлекетін алайық. Олар да «ұлттық құндылықтарын» сақтауды басты міндет санайды. Тіптен, ондағы авторитарлық жүйе көп ұлтты мемлекеттерге тән «ұлттық ерекшеліктерді» жоюды ашық түрде мақсат етіп қойды. Оны Ұйғыр-Шыңжаң өлкесінде қарқынды түрде жүзеге асыра бастады. Бұл, өз кезегінде, ондағы ұйғыр халқының наразылығын тудырды. Қытай өкіметі ол наразылыққа «сепаратистік көтеріліс» деген баға беріп, оны аяусыз басып-жаншуда.

Бірақ, Қазақстандағы жағдай олай деуге келмейді. Біздің мемлекетте ондай бірде-бір автономдық құрылым жоқ. Оның есесіне, бізде де өзге ұлттардың өзара шоғырлана орналасқан территориялары жеткілікті. Яғни, бізде төтесінен келіп килігетін сепаратизмге негіз жоқ болса да, бізде оның пайда болу мүмкіндіктері бар. Осы ерекшеліктерді ескере келе, біздің мемлекет өз саясатында сол «мүмкіндіктерді» жұмсарту, болашақта болдырмау шараларын әуел баста қолға алуы тиіс. Оның бірден-бір жолы – Қазақстанды унитарлы мемлекет деп жариялаумен бірге, мемлекетке қатысты қазақ ұлтының статусын бірден анықтап алу қажет. Олай болса, мемлекеттің мәдени келбетін анықтайтын құндылықтардың көш басында қазақылық, яғни, қазақы болмыс пен дәстүр тұруын – қай жағынан алып қарасаңыз да «Құдай сүйерлік іс» деп білемін.

Қазақ қоғамының қазіргі келбеті қандай?

Қоғамның келбетін айқындайтын қандай факторлар? Бұл сұрақ, әрине, жоғарыда баяндалған ұлттық идеология мәселесімен тығыз байланысты. Себебі, ұлттық мәселе біржақты және ашық қойылмаған кезде қоғамның кескін-келбеті де соған сай әркелкі қалыптасары анық. Дегенмен,

біздің қоғамда осы мәселе туралы сөз болғанда, әңгіме, негізінен, қазақ ұлты мәселелері төңірегінде өрбитінін атап айту керек. Біз өз ішімізде қазақ ұлтының «мемлекетті құрушы» статусын ресми түрде мойындамасак та, ол бүкіл әлемде мойындалған факторға айналды. Себебі, әлемдегі мемлекеттердің сипаты капитализм дәуірінен бастап тек ұлттық факторлармен анықталып келеді. Мемлекеттер үшін «көпұлттылық» дегеніміз қосалқы, жанама фактор саналады. Ендеше, әр мемлекетте өзіндік ұлттық құндылықтардың басымдықта болуы – табиғи құбылыс болып есептеледі. Мәселен, Қазақстан да барлық елдер сияқты БҰҰ қатарына қазақ ұлты атынан енді. Ал, БҰҰ алдында ілулі тұрған көк байрақ та – Қазақтың Туы! Ендеше, біз қоғамдағы тіл дуализмін, діни айырмашылықты және басқа құбылыстарды қоғам табиғатынан туындайтын құндылықтар дей алмаймыз. Біздегі мұндай әртектілік белгілі бір жағдайларға қатысты пайда болған – тарих сәл өзгеше болғанда болмауы да мүмкін нәрселер. Бірақ, әрине, осылай дей отырып, біз қазіргі жағдайды мойындамаймыз демейміз, қалыптасқан жағдайды шындық деп қабылдау қажет екені өзінен-өзі түсінікті. Сөйтіп, егер мұны шындық деп қабылдасақ, онда біз неге «көпұлтты мемлекет» жағдайында әр ұлтқа қатысты жеке-жеке бағдарламалар қабылдамаймыз? Ол мүмкін бе? Меніңше, еш мүмкін емес. Себебі, мемлекет дегеніміз – эгоистік құрылым. Ол өзінің мақсатын «ұлтпен» емес, «халық» ұғымымен байланыстырады. Сөйтсе ғана – мемлекет ұлтаралық татулықты сақтаудың бірден-бір кепіліне айнала алады. Ал, ұлт – мемлекетті құрушы тарихи субъект.

Бізге тұратын көп ұлттың әрқайсысының өз тарихи Отаны бар. Онда олардың ұлттық даму бағыты айқындалған. Биыл Ресей шетелдердегі орыс диаспорасына көмек туралы арнайы заң қабылдады. Сол заңға сүйене отырып, Ресей Украинадағы жағдайға ықпал етті. Мәселен, орыс ұлты өкілдері басым тұратын Қырым автономиялық Республикасын осы заңға және БҰҰ конвенциясындағы «Ұлттардың өз еркін таңдау құқы» туралы бабына сүйене отырып өзіне қосып алды. Сондықтан болар, біздегі орыс диаспорасы өз даму бағытын әлі күнге дейін тек қана Ресеймен байланыстыра қарайтынын жоққа шығара алмаймыз. Ұлт ретінде осылай болса да, олар азамат ретінде өз тағдырын

Қазақстанмен байланыстыруға міндетті. Бұл – еліміздің Конституциясында және мемлекет аралық қатынастарда арнайы келісімдермен бекітілген. Олай болса, Қазақстан мемлекетіне өзінің ұлттық болмысы мен бейнесі ретінде «қазақ құндылығын алға шығаратын кез әлдеқашан пісіп-жетілді және осы бағытта даму жолымызды анықтауымыз қажет» деп нық сеніммен айтар кез келді дейміз!

Ел тозбасын, бала азбасын десек...

Қазақта «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген сөз бар. Оның мағынасы «жүз жылда салт-дәстүр жаңарады» дегенді білдірсе керек. Бірақ, қазір ұлттық сананың эволюциялық даму үрдісі қазақы негізде емес, біршама космополиттенген негізде даму үстінде болғандықтан, елімізде «қазақы бала» дегеннен гөрі шетелдік тәлім-тәрбие алғандарға құрметпен қарау басым. Ол **Отаншылдық** мәселесіне келіп тіреледі. Содан болар, жастардың көбі өз болашағын шет елмен байланыстырғысы келетін жағдай көбейіп келеді. Сөйтіп, **біріншіден**, «ресми түрде дәріптелетін жалпыадамзаттық өркениетке ұмтылыс – ұлт санасындағы Отанға деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді көмескілендіріп бара жатқан жоқ па?», деп те ойлайсың. Ал, ойға шек қою жоқ. Жасыратыны жоқ, осы мәселе елдегі билік партиясы – «Нұр Отан» партиясының шараларынан үнемі көрініс тауып келеді. Тақырыбына қарасаңыз, партияның әрбір акциясы отаншылдық сезімді нығайтуды көздейтінін байқау қиын емес. Әйтсе де, Отанды сую акциямен емес, ол – қанмен және ұлттық тәрбиемен келетін қасиет. Сондықтан, отаншылдық сезімнің қалыптасуына бірден-бір негіз болатын құндылық – ұлттық тәрбие дер едік. **Екіншіден**, отаншылдық сезімге елдің ауыр тұрмыс жағдайы да әсер етуде. Адам саналы тіршілік иесі болғандықтан, ол өзінің және ұрпағының болашағын ойлауға мәжбүр. Сол себептен, көптеген озық ойлы адамдар табысы мол елдерге аттануды қош көреді. Отан дегеннің қаншалықты қымбат екенін біле тұра, ұрпағының жарқын болашағын қамтамасыз етуді мақсат тұтып, сондай қадамға бара алады. Оларға Отан «тұрақты мағына» – көшіп кетпейді, ұшып кетпейді, қалаған уақытта қайтып оралады. **Ал, шетелге барып табыс табу – «уақытша мағына», жағдайды түзеу үшін ғана. Бірақ, шетке кеткеннің алғашқы легіне Отан «тұрақты мағына» болса да, олардан**

кейінгі ұрпақ үшін солай болып қаларына кепілдік жоқ. Қайта, керісінше, әрбір осындай қадам өз қатарына мыңдаған жастарды қоса түседі... Оны түзеудің бір ғана жолы бар, ол – өз елімізде еңбектің, оқу-тоқу мен ғылым-білімнің құнын арттыру, адамдардың тұрмыс жағдайын өркендеттіру, әлеуметтік жағдайды коррупция шеңберінен құтқару және т.т.. Ал, бұл, енді, «Нұр Отан» партиясы шаралары шеңберінен шығып кететін мәселе. Билік партиясы алдымен осыны ұқса дейміз. Сонда «шынайы отаншылдық» пен «ұраншыл, жалған отаншылдықтың» ара жігін жұрт өзі-ақ ажыратып алар еді, ал, ондағы басты құндылық – «азамат» ұғымы ретінде қалыптасатын болады.

Батыс Еуропа елдерінің тәжірибесі бізге былай дейді: «**мемлекеттің «көп ұлттылық» принципін негізге алуы, оған басымдық беруі қоғамдағы әлеуметтік-саяси ыдыраушылыққа апарады. Кез келген әлеуметтік топтың, не ұжымның, спорт командасының жетекшісіз қалыптаса алмайтыны сияқты, көп ұлтты мемлекет те өзінің «жетекші ұлтына» сүйенбей дами алмайды. Сондықтан, Еуропа елдері де қазір ұлттық құндылықтарға басымдық бере бастады. Әрине, бұл ешқандай да таза ұлтшылдықпен немесе олардың басынан өткен фашизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс. Еуропалықтармен салыстырғанда қазақ ұлтының үлкен артықшылығы бар – қазақтар ұзақ уақыт бойы өзге тараптың ықпалында болып келгені себепті, кез келген жағдайда, кез келген тәжірибені бойларына еркін сіңіре алатын халыққа айналған. Қазақтар әлі де өмірге панданып емес, таңданып қарайтын жағдайда тұр. Олай болса, қазақтар ұлт ретінде әртүрлі құндылықтарды өз бойынан өткізіп, синтездей алады. Бұл – біздің басты артықшылығымыз. Мысалы, қазіргі тіл дуализмі жағдайында қазақы қалыптағы адам орысша ділде қалыптасқан қандасымен оңай тіл табыса кетеді. Әрине, кейде бір-бірін қатты сынға алып жатса да, олар сын сағаты соқса – әрқашанда бірге боларын іштей сезеді. Сондықтан болар, бұл айырмашылық олардың жүйкесіне аса қатты салмақ салмайды. Себебі, «қазақы қазақ» өз қандасы «қазақыланады» деген үмітте болса, «орыстанған» қазақ – табиғи түрде қазақылыққа қарай ұмтылуды парыз деп ұғады. Сөйтіп, олар өзара осындай үйлесімдік тапқан. Жарты ғасырдан астам – бірі – «оңы»**

бірі – «солы» болып, бірақ, тұтасымен алғанда – «қазақпыз» деп жарасып өмір сүріп келеді. Енді, бірақ, тәуелсіздік алған соң, бұл мәселеде ұлт бір айкындыққа қол жеткізуі тиіс. Онсыз болмайды! Қаншама толерантты болсақ та, болашақта төзімсіздікке жетелейтін ондай факторлардан айықпасақ – ол «көпұлттылықтың» одан әрі жалғаса беруіне, тіптен, өзге пиғылды күштердің оны (көпұлттылықты) елімізді бөлшектеуге құрал ретінде қолдануына әкелуі әбден мүмкін. Ендеше, қазақ ұлт ретінде монолиттенуі қажет. Өйткені, тарих бізге тәуелсіздікті уақытша берген жоқ, оны «мәңгілік етсін» деп берді. Яғни, қазақ өзінің «бүтін болмысын» құрай отырып, өзінің ішкі мағынасындағы «қазақ затына» да, «қазақ атына» да сай болуы тиіс. Ұлтына қатысты алғандағы қазіргі жасандылықтан тезірек арылуы тиіс. Ал, көп тілді меңгеру, әлемдік озық мәдениетті меңгеру – «қазақы болмыстың» сыртқы формасы күйіне түсуі қажет. Біз еліміздің ұлттық саясатының түпкілікті мақсатынан осыны күтеміз!

Сын түзелмей, мін түзелмейді

«Біз ұлт ретінде баяғыда қалыптасуымыз керек еді, енді қиындау»... Кейбір адамдар осы сөзді көп айтады. Содан кейін «қалыптаса алмаған кінә өзімізден» дейді де, кінәратты халықтың өзіне жүктей салады. Бірақ, олар халықтың мемлекеттегі басты міндеті, шын мәнісінде ұрпақ жалғастыру, яғни, демографияны қамтамасыз ету, еңбектеніп, мемлекеттің адами және басқа байлығын еселеу, дәстүр мен мәдениет сабақтастығын үзіп алмау екеніне назар аудармайды. Ал, халықтың ұлт ретінде ұйысуы табиғи жағдайда ғасырларға созылатын процесс. Бірақ оны жеделдетуші бірден-бір тетік бар, ол – атқарушы Билік. Қазақстанда нарықтық экономика ену барысында өзін халықтан бөлек санайтын кейбір әлеуметтік топ қалыптасып үлгерді. Ол топтың мақсаты билік жүйесін өз қолдарында ұстау. Осы жолда олар өздерін халыққа қарсы қоя отырып, халық атынан үкім шығаруға, өздеріне ыңғайлы схемаларды жүзеге асыруға, қажет болса, тарихи сабақтастықтан бас тартуға даяр. Мұндай топтың өкілдерін тек қана пайда үшін жұмыс жасайтын Трансұлттық компанияларда, Даму институттарының аксауасқ менеджерлері

арасында жиі кездестіріп жүрміз. Кейде, олардың ұлтсызданған идеологиясын насихаттайтын ақпарат құралдары да табылады. Осы – тек дүние-байлыққа ұмтылатын пиғыл өзгермейінше, қоғам жақсылыққа қарай қадам баспайды деп сеніммен айтуға болады. Неге? Мәселен, Адамдар билікке «халқыма қызмет етемін» деп келеді... Бірақ, алдынан «дүние-байлық» деген әззіл шыққанда, оған екінші бірі шыдас бере алмай, пиғыл да, ниет те күрделі деформацияға ұшырап, өзгеріп сала береді. Содан кейін халықтың қолындағыны тартып алатын, жеке мүддесі үшін жан беретін обырлар өмірге келеді. Ал, егер, олар ел басқару тұтқасы қолына ұстаса, онда жақсылық күтпе: олар «басшы» болып халқын ұшпаққа шығармайды! Өйткені, «Отан мүддесі» дәл қазір, табан астында көзге көрінбейді, сондықтан, ол туралы ертегілер мен уәделерді ұзағынан айтып, халықты алдап-арбай тұруға болады. Ал, «жеке мүдде» – қазір дәмін тататын, рахатын сезетін дүние: қармадың – қаптың, алдың – кеттің! Сондықтан, біздің халық ондай жағымсыз қылықты «уызынан жарымағанға», «түк көрмегенге» теңеп, оған деген жиіркеніш туғызып отырған. Өз кезегінде, бұл теңеулер «тектілік-тексіздік» мәселесіне ұласады: текті – Отаны үшін жанын береді, тексіз – жаны үшін Отанын құрбан етеді! Халық осы ережені үнемі есте ұстаған.

Өткенде, мен «қалыптасқан жағдайдан бізді демографиялық секіріс құтқарады» деп шарасыздықтан жазған едім. Ондағы үмітім мынау болатын: «Орта неғұрлым қазақылана түскен сайын оның озық өкілдері де ұлттық мүддеге қызметті күшейте береді. Ол кезде «мақсат ортақтығы» қазақтың бұрыннан қауымдасып өмір сүру принциптерін оята келе, қазақы құндылық тәрбиесін қазіргі шашыраңқы күйден, бойкүйездік пен жалғандықтан арылтып, жұртты жұдырықтай жұмылдыра бастайды. Ал, қазақтың қауымдасып өмір сүру принциптері, негізінен, әділдік пен өрлікке тәрбиелеген. Қазақтың «жігіт», «ақсақал», «азамат» ұғымдарының мәнісін осындай мағыналар толықтыратыны бекер емес. Сондықтан, қазір мәселені былай: «ұлтшылдардың билікке келуі» емес, «билік жүйесінде ұлтшылдық принциптерінің басымдыққа ие болуы» деп қою керек сияқты. Тезірек соған жетейік!



Қуандық ШАМАХАЙҰЛЫ,
ҚР мәдениет қайраткері,
халықаралық журналист

Сөз басы

Тоқсаныншы жылдардың басында бейбіт жолмен тәуелсіздік алуымыз бізге тарихтың тарту еткен баға жетпес сыйы. Енді, көздің қарашығындай осы құндылығымызды әлдебір еуразияшыл одақтан, кремльдік жымысқы саясаттан ғана емес, жалпы сыртқы күштердің ықпалынан қорғау әр қазақ үшін зор жауапкершілік. Өйткені, қазіргі алмағайып заманның өзі «жау жоқ деме, жар астында» деген нақылды еске салып тұрғандай. **Адамзатты басқарудың барлық тетіктерін бір қолға шоғырландыруға тырысушылар XX ғасырда бүкіләлемді ашса алақанда, жұмса жұдырықта ұстағысы келді. Бірақ, оған озық ойлы елдер мен саналы халық жол бере қоймады. Отарлаушыларға тегеурінді түрде қарсылық білдіріп, елінің тәуелсіздігі мен дербестігін қорғау жолында жан аямай күресті. Қазіргі таңда ірі державалар отарлық саясаттарын «бостандық», «еркін нарық» секілді құлаққа жағымды естілетін сөздермен көмкеріп, өңін айналдыра бастағандай. Былай қарағанда мұның өзі де тыңнан түрен салған, бүгін ғана қолға алынып отырған әрекет емес.**

Ертеде ежелгі Мысырдағы құпия білім мен маңызды мәліметтерін сақтаушылар әлем елдерінің сауда-саттық қатынастарын біртіндеп иеліктеріне алу тәсілін қолданып, мәдени байланыстарды өз мүдделері мен мақсаттарына сай икемдеп алып, басқаруға болатынын түсінген көрінеді. Солардың мұрагерлері болып табылатын қазіргі Батыс елдеріндегі қаржылық элита өкілдері өздерінің шынайы мақсаттарының ішкі сырларын жасыру үшін ғана жымысқы әрекеттеріне түрліше атап келеді. Онымен де шектелмей, дамушы ел мемлекеттерінің қоғамды басқару жалпы ұстанымдарын,

ҚАЗАҚҚА ҚАУІП ҚАЙДАН?

тәсілдерін жасап, аталмыш үдеріске басшылық етіп келе жатқаны қазіргі ақпараттық дәуірде ешкімге құпия болмай қалған. Бәрімізге белгілісі, әрине, қару-жарактың күшімен қырып-жою. Ықылым заманнан қолданып келген дәстүрлі қарулар: мылтықтың неше атасы, танк, бомбалаушы ұшақтар т.с.с. Тұрғындарын қырып-жойып, материалдық байлығын талан-таражға салған соң бәрін өз иелігіне қаратып ала салады. Осы орайда, «Соғыс дегеніміз саяси мақсатты өзгеше тәсілмен жалғастырудың бір түрі» деп Карл фон Клаузевиц жайдан жай айтпаса керек. Әлем тарихында ондай қанды қырғын соғыстар талай өткен. Тарихи кезеңдерде бүкіл бір елді, ұлтты жалмап, жаппай құлдыққа салуға ұмтылған, алдын ала жоспарланған соғыспен қатар түрлі айла-шарғылар да жасалып келді. Қазір де адамзат ондай зұлымдықтың құрсауынан құтыла алған жоқ. Бірі өзгенің жеріндегі байлыққа көз алартса, енді бірі елінің тәуелсіздігі мен дербестігін қорғап қалу үшін жанталаса қарулануға мәжбүр. Ақыры, екі жақ та қорғаныс саласына қыруарқаржышығындап, экономикалық дамуды тежеп, кері кетуде. Ақыры, әр ел өзінің геосаяси жауларымен бірлесе бәсекелесіп жүріп, жер ғаламшарының күллі тіршілігін, адамзаттың барлық өркениетін тып-типыл ете алатын зор қуатты қару-жаракты ойлап тауып, ұстап отыр. Жай отырған жоқ, арасында түрлі сылтаумен әр жерде соғыс өртін тұтатып та қояды.

АҚШ әскері Иракқа себепсіз басып кіріп, ол елден мистер Буш жаппай қырып-жоятын қару таппаған кезден бастап жұртшылық сырттан «экспортталатын» демократия атты құндылыққа күмәнмен қарайтын болған. Оған бұрынғыдай емес, отарлаудың құралы, белгілі бір елдің экономикасын әлсірететін, шикізат нарығын тартып алудың амалы, дамушы елдердің халқын қаржы жүйесімен арбайтын «ми шырмаушы» идеология деп қарайтындардың қатары қазіргі таңда азай-

май тұр. Демократияның қорғаны саналатын алып ел 16 триллион долларлық сыртқы қарызға белшесінен батып отырғанына қарамастан жылына шамамен 1 триллион долларды әскери күшке аямай-ақ шығындап отыр. Оған шын мәнінде әлемнің барлық елдері бірігіп, бір жылда қорғаныс саласына жұмсайтын барлық қаражатты қоссаң да жетпейтін көрінеді.

«Ірі жобаның» иелері икемдеп жатқан жоқ па?

Жат елдің әскері жерімізге басып кіріп жаулай алмасын делік. Бірақ, ел тұрғындарын қынадай қырып тастауға қауқарлы - геноцид құралдарын қайда қоямыз. Айталық, арақ-темекі, есірткі заттары, гендік өзгеріске ұшыраған азық-түлік өнімдері, дәрі-дәрмек, тамақ дәмдегіш қосындылар секілді химиялық өнімдер. Оларға бүгінгілер ғана уланып қала берсе, рахмет айтарсың. Кейінгі ұрпағы үрім-бұтағымен тұқым қуалаған ауыр науқасқа шалдығып, иммундық әлсіруге ұшырап құрып бітпек. Сонда, әлгі екінші соғыста бізден жеңіліп қалған Адольф Гитлердің «Шығыстағы варварларды тазалықтарынан ажырату керек. Оларды арақ-темекіге барынша үйір еткен жөн» деген өсиетінің қалтқысыз орындалып жатқаны ма?! Осынау геноцидтік құралдар арқылы, яғни, спирттік ішімдіктер, есірткі заттары, кейбір вакциналары мен гендік өзгеріске ұшыраған жеміс-жидектерімен бүкіл бір ұлтты өзіне тәуелді етіп алып, жойып жіберуге қуаты жететінін аңғару аса қиын емес. Алайда, мұның бәрін қарапайым жұрт геноцидке ұшырататын қару-жарақ екенін қайдан білсін. Және ондай «ұлардың» көңіл көтеретін, стресті таркататын, денсаулыққа аса пайдалы дүние іспетті БАҚ арқылы насихатталатынын қайтерсің. Ал, әлгі вакцинасын қатерлі ауруларға төтеп беретін қуаты бардай жалған уәжбен тықпалайды. Шын мәнінде, онысының «сау басқа сақина» болып жабысатын пәле екені қазірдің өзінде қылаң беріп жатыр. Осылайша, іс жүзінде ұлттың гендік қорына нұқсан келтіретін, қазіргімен қоймай келер ұрпақтың тұқымын тұздай құртатын мұндай дүниелерді геноцидтік апат қаруы дегеннен өзгеше қалай атауға болады?!

Медальдың екі жағы болатыны секілді жаһандандудың да жағымды жақтарымен қатар кері тұстары жетерлік. Аталмыш «ірі жобаның» иелері адамзатты қолдан

сусып шығып кете беретін қағаз ақшаның құлақ кесті құлына айналдырды. Ақшадан ақша тудыратындардың әлемдік жүйесіне енгізіп, жұтып қоюды көздеп келеді. Кезінде Амшель Ротшильд: «Маған белгілі бір елдің ақшаға жасайтын бақылауы мен билігін бере салсаң болды. Ал, ол жерде кімнің заң шығаратыны мүлде маңызды емес» деген екен. Отарлауды көздеушілер үшін расында, барлық адамды түгелдей қырып тастау маңызды емес. Құл ретінде жұмсайтын біреулер аман қалуы керек қой. Сондықтан, түрлі елдердің экономикасын олар өздерінің отбасылық, кландық мүддесіне лайықтау үшін жанталасып жатыр. Онысын әрине, кез келген жан түсінбестей етіп өте жымысқы түрде жүргізбек. Ол үшін, әрине, арада доллар жүреді. Халықаралық валюта қоры, әлемдік банк секілді алпауыттар несиенің пайыздық өсімі арқылы да ойындағыларын орындап жатыр. Жалпы, осы банкир атты вампирлер өздері шөптің басын сындырмай-ақ несиенің өсімінің арқасында ақылға қонбайтын мол пайда тауып жатыр. Ал, банктен алған несиенің құрсауынан халық өмір бақи тер төгіп еңбек етсе де құтыла алмайтын жағдайға жетуі құлдықтың кісені емей немене. Мұндай тетікті жүзеге асыру бір күндік шаруа емес екені мәлім. Сондықтан, олар қоғам өмірінде жүзеге асырылуы неғайбылдау экономикалық теорияға бізді әбден сендірді. Бұрын марксизммен миымызды ашытқандары аз болғандай, енді келіп еркін нарықтық экономика қағидаларын тықпалап жатыр. Онысының астарына үңілсек, бүкіл қоғам, күллі жұртшылық несие алған-алмағанына, осынау құпия тетікті ұққан-ұқпағанына қарамастан іс жүзінде экономикалық тұрғыдан өзгеге кіріптар болып, ат төбеліндей банкирлердің құлына айналып шыға келмек. Осындай мейірімсіз һәм жыртқыш жүйені енді келіп өзіміз асырап, баптап отырмыз. «Дерек пен дәйектің өзін қалай көрсетіп, түсіндірсең солай көрініс табады» деген екен герман ойшылы Фридрих Ницше. Иә, дін, идеология, ақпараттық технология, БАҚ арқылы адамдардың санасына елеулі түрде ықпал етуге болады және әркім өзіне қолайлы қоғамдық пікірді барынша ойдағыдай қалыптастыра алады. Сол сияқты адам баласының ішкі ой-санасын, ұғым-пайымын зерттеп таныған соң, оларды діни сенімнің көмегімен немесе өзге де әлеуметтік догматикалық қағидалар арқылы тасада тұрып та басқара беруге болатын көрінеді. Егер, қажет деп тапса ішкі

қайшылықтарды қоздыра түсуге, тапсырыспен атыс-шабыс ұйымдастыруға, шулы мақалалар жариялатуға дейін барады екен. Тіпті, Мұхаммед пайғамбарды келеке еткен карикатуралар таратып, қасиетті Құранды өртеп, мұсылмандарды қаралаған фильм шығарып та халықтар арасында ши жүгіртіп жатқан жоқ па, қазір. Мұның бәрі сырттай қарағанда кездейсоқ дүние іспетті көрінуі ықтимал. Алайда, іс жүзінде олай емес, бәрі алдын ала ойластырылған саяси сценарий.

Таяу Шығыс пен Еуропада ислам мен христиан дінді халықтар арасына от жағып, әлемде жаңа соғыстың өртін тұтатуға әрекеттенетін күштердің пасық пиғылдары қазірдің өзінде аңғарылып тұрғандай. Мұндай сәтте адамдардың санасын жаулап алып, өзіне қажет бағытқа қарай бұрып жіберуге ең қолайлы ұтымды қару - телевизия арналары екендігі мәлім. Негізінде, БАҚ атаулының абзал борышы - шынайы жағдайды айна қатесіз сол қалпында халыққа жеткізу ғана. Алайда, өкінішке қарай телевизия саласына ақша аямай шашып отырған олигартар оларды «арбасына мінгізіп алып, өз әндерін шырықатып» қоятын тұстары да баршылық.

Зандық, құқтық жолмен жаулау

Өз ұлтына және оның болашағына қауіп төндіруі ықтимал елді мейлінше технологиялық, әскери күш-қуаты жағынан дамуына жол бермеу саясатын халықаралық аренада ұстанып, жүзеге асыру – аталмыш фактордың негізгі миссиясы. Осы саясатының арқасында олар әскери технологиялық дамуы жағынан өзге елдерден озып шығып, артықшылыққа жетуге тырысады. Ондай озбыр елдер үшін табиғи байлығы мол дамушы елдер басты нысанаға айналады. Оған нақты мысал ретінде тағы да Ирак елін алуға болады. 2003 жылы АҚШ шабуыл жасаудың алдында БҰҰ мен бірқатар елдердің қолдауының нәтижесінде Иракқа қарсы қаржы-экономикалық эмбарго қолданды. Ирак елі сол кездің өзінде жыл сайын 300 мың сәбиі шетінейтін, экономикасы күйреген, тұрмыстық деңгейлері күрт төмендеген, сыртқы жауға төтеп бере алмайтын әлсіз күйде болатын. Қарсы жағын әбден титықтатып барып, жаулап алудың сұмдық тактикасын олар осылайша жүзеге асырды.

Аталған соғыстың геостратегиялық

мақсаты болғанын да ерекше атап айтуға тиіспіз. 1998 жылы Венесуэла билігі Уго Чавеске көшкен соң мұнай саясатында ірі өзгерістің орын алғаны да зерттеушілерді қызықтырып отыр. Венесуэла мұнай ресурсы жағынан әлемде жетінші орында. Ал, логистикалық тұрғыдан келгенде, АҚШ-қа ең жақын орналасқан кішкентай мемлекет. Іргелес көршісі Канада өз мұнайымен әлемде екінші орындағы экономикасы берік, саяси тұрақтылығы жағынан сенімді ел. АҚШ-қа мұнай жөнелтетін басты үш елдің бірі болды. Венесуэладан келетін мұнай тасқыны саябырси бастағанда АҚШ өзге қайнар бұлақтарды іздестіре бастады. «Іздегенге сұраған» демекші, мұнай ресурсы жағынан әлемде төртінші орында тұрған, бірақ, күш-қуаты әлсіз Иракты олар қолайлы көрген. Иракта адамзатты қырып, жойып жіберетін қару бар дегенді негізге алып соғысты ашып жіберді. Бірақ, онысының еш қисынсыз жалған сылтау екендігі кейін дәлелденді ғой. Осының өзі-ақ, табиғи байлықтың әлсіз елдер үшін опа бермейтіндігін көрсеткен жоқ па. Сонымен қатар, елдің борышқа белшеден батуы да ұлттық дербестіктен айырылудың алғышартына айналады екен. Өзін қорғауға дәрменсіз елдердің барлығында бүгінгі таңда ақпараттық нөпірдің күшімен өз өнімдерін өткізетін стратегиялық алаңға айналдыру ісі қарқынды жүріп жатыр. Себебі, көптеген елдер геосаясаты мен геостратегиясын жүзеге асыру үшін халықаралық заңдылықтар мен нормаларда көрсетілген нұсқауларды өздеріне тиімді етіп пайдалануға тырысады. Онымен де тынбайды, өздеріне қолайлы жағдайды қалыптастыру үшін санқилы саяси-экономикалық ахуалды жасауға, өзгеге қысым көрсетуге күш салады.

Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Кезінде біздің де біршама заңдарымыз, әсіресе, табиғи ресурстар туралы заңдық нормалар әлемдік банк пен шетелдік сарапшылардың берген кеңестерінің аясында жасалғаны рас. Заңдарды оңтайландыру, әлемдік стандарттарға сай ету деген желеумен шетелдіктер өздеріне жайлы етіп «миды тазалайды» да ел Парламентінің қос палаталары арқылы заңдастырып ала салады. Ақыр соңында оның өзі шетелдік инвесторлар үшін еліміздің стратегиялық нысандарына ие болуына жағдай тудырады. Келесі бір қадамға келсек, белгілі бір елдің жерін өзіне қаратып алу немесе халықаралық нарықта құнды қағаздар

түрінде шығарып кепілдендіру мәселесі деген бар. Енді, байыптап қарасаңыз, тәуелсіз елдің заңымен, халықаралық конвенциямен бекітілген нормаларға сай қазіргі заманның заңдық, құқықтық соғыстың технологиялық тәсілі бойынша геостратегиялық саясаттың мықтап жүзеге асырылғанын аңғарасыз. Бұл үрдісті енді кеңірек талдап таратайық: **Біріншіден**, әлемдегі халықаралық жалпыға ортақ конвенцияларға енген кезде еліміз өзіне қандай міндеттің жүктеліп отырғандығын саналы түрде түсінгені абзал болар еді. Халықаралық заңдылықтарды қабылдағанда еліміз одан туындайтын барлық қолайсыздықтардың ұлттық мүдде мен елдің қауіпсіздігіне нұқсан келмеуіне зер салған саясат ұстануға тиіс. Алайда, бізде оған немқұрайды қарау белең алған секілді ме, қалай? **Екіншіден**, энергетикалық ресурстар мен табиғи байлыққа қатысты заңдарды Конституциямен және ұлттық қауіпсіздік саясатпен жіті байланыстыру жағы кемшін түсіп отыр. Шетел сарапшылары мен кеңесшілердің «ұсыныс, пікірлері» терең зерттелмейді, әйтеуір, халықаралық стандартқа сай болуы керек дегенді ғана алға тартып, өзгенікі білместікпен көшіру жағы басым түскені аңғарылады. **Үшіншіден**, табиғи байлықпен энергетикалық ресурстарды игеру, пайдалану туралы заңды бекітерде лоббистер мен азғана топтың мүддесі басым болды ма, әлде, таза патриоттыққа негізделді ме дегенге келгенде тағы да күмілжіп қаламыз. **Төртіншіден**, пайдалы қазбалар туралы заңда ресми тұлғалар мен жеке адамдарға берілуі мүмкін лицензияның саны шектелуі тиіс. Бір адам бірнеше участка қат-қабат барлау жасайтындай немесе қазба жұмыстарын бейберекет жүргізетіндей жүгенсіздік болмауы керек. **Бесіншіден**, шетел инвестициясына қолайлы жағдай жасау мәселесі тек қана іргесі бекіген, заңдық, құқықтық қорғау базасы әлдеқашан қалыптасқан өркениетті жоғары дамыған елдерде жүзеге асырылатын технология. Оны әкеліп, біз секілді дамушы елге тықпалау ұлттық мүдде мен қауіпсіздікті кейін қарай ысырып тастаумен бірдей. **Алтыншыдан**, шетелдік компаниялардың құқықтық мәртебесі дұрыс белгіленіп отырмаған секілді. Осыдан кейін олардың «шаңыраққа қарауды ұмытуына» толық жағдай жасалынбайды ма?! Сондықтан көп жерлерде жергілікті жұмысшыларға төлейтін еңбекақы мен өздерімен бірге келген жалдамаларына беретін жалақысы арасындағы алшақтық шектен шығып кеткен.

Мұның бәрі айналып келгенде елдің

экономикасын ірі көлемде қарызға батыруға немесе ұлттық қауіпсіздікке орасан нұқсан келтіруге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Себебі, жоғарыдағы ұстанымдардың бәрі өз қолымызбен өзімізді буындырумен бірдей әрекет. Оның негізін жат жұрттықтар қалап беріп қойған. Алайда, ол үшін әлде бір елді айыптауға негіз болатын ешбір құқықтық акт жоқ. Ал, шетелдіктер табиғи байлығымызды тонап жатыр дегендей немесе басқаша жолмен сыпайы түрде болса да елдің, ұлттық мүддемізді көздесек халықаралық ережелерді бұзған секілді ұғым тудырамыз. «Ары тартсаң арба сынады, бері тартсаң өгіз өледі» деп мәймөңкелеп, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпті ескермеу тағы да ағаттық болар еді. Мұның өзі 1973 жылғы Чилидің, 2003 жылғы Ирактың тағдырын қайталауға итермелемесе екен деп бір Алладан тілегеннен басқа жол жоқ.

Аталмыш саясаттың құрбанына XX ғасырда Африка елдері айналған. Ал, XXI ғасырда біздің кезегіміз келмесе игі дейік. Жалпы қырғи қабақ соғыстың аяқталған кезінен бастап постсоциалистік елдерде болып жатқан жағдайларға жіті талдау жасасақ, бізде жүзеге асырылып отырған сыртқы қатынас пен халықаралық ынтымақтастықтың шынайы бейнесін жақынырақ тануға болады.

Экономикалық жолмен қалай жаулайды?

Бұл жерде қайтарымсыз көмек деген дүние елеулі орын иеленеді. Әлем елдерінің бір-біріне көмектесуі, жалпы ынтымақтасуы құптарлық жайт, әрине. Дегенмен, қайтарымсыз көмек арқылы бір ел екінші елдің экономикасын күйрететін технологияның да барын ұмытпауымыз керек. Мұндай технология белгілі бір саланы көтеруді көздемейді. Керісінше, ары қарай дамуына емес, болмашы ғана «жеммен» ілдебайлап отырып, біртіндеп өз меншігіне айналдыруға тырысады. Мысалы, энергиялық қуат көздерін дамытамыз деген желеумен біршама инвестиция енгізеді де қаржы, несиелерін салып, саланы өз еліне лайықталған технологияға көшіру саясатын ұстанады. Қарызды салаға қуығанда экономикалық тиімділігін ескеруді тапсыруы мүмкін. Ал, ешқашан елінің қауіпсіздігін ойла демейді. Осылайша, экономикалық пайдалы әрі тиімді ахуал

қалыптастыру үшін әдейі әлемдік нарық бағасынан бірнеше есе арзан бағамен технологиясы мен өнімдерін ұсыну арқылы белгілі өндірісті өзіне тәуелді етіп қояды. Осыдан кейін бірден өз елінің технологиясына бағынышты болған саланың қосалқы бөлшектері мен технологиялық жанаптуларын қалағанынша өздері жасап, әбден билеп-тестеп алады. Бара-бара елдің энергетикалық қауіпсіздігінің өзін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап өздері талап қойып, онысын сөзсіз мойындататын жағдайға жетеді. Осылайша, тәуелді етіп алған соң бағаны да өздері белгілейді, халықтың қанын теспей соруға көшеді. Батыстың жоғары дамыған елдерінің тәжірибесіне зер салып қарасақ, ешбір мемлекет энергетика мен байланыс саласын ешқашан жекешелендірмейді және шетелдік ұйымдарға бермейді.

Экономика мен нарықтың белгілі бір саласын импорттық мақсатқа негізделген саясатпен банкротқа ұшырататын тағы бір тәсіл бар көрінеді. Импорттық саясаттың негізгі құралы стратегиялық «пайдалы» және «пайдасыз» деген топтан тұрады. «Пайдасыз» делінген технологияның өзі 1-3 жыл ғана шығынмен жұмыс істейді. Ал, 5-10 жылдан соң шығынын бірнеше еселеп өндіріп алады немесе бәсекелес жақтың экономикасын күйрету мақсатымен қайта бас көтеру мүмкіндігін біржолата жабу арқылы белгілі бір елді өзінің ықпалына енгізу стратегиясын қарастырады. Мысал ретінде Солтүстік Шығыс Азия елдері арасында 1970-жылдары болған шекаралық қақтығысты еске алуға болады. Оған себеп болған дүниенің өзі тым ұсақ әрі өте қызық жайт еді. Көршілес бір ел екіншісінен сиырдың бір құйыршығын бір ірі қараның бағасымен сатып ала бастайды. Соның салдарынан аша тұяқтының бәрі қырылып, жер жыр-татын сиырсыз қалған елді аштық жайлайды. Елде тұрақсыздық орын алып, қауіпсіздікті сақтаймыз деген желеумен әскери күш қолданылып ақыры соғыс басталады. Мұндай жағдайлар әлем тарихында көптеп кездеседі.

«Пайдалы» делінетін технология – өз еліне пайдалы стратегиялық шикізатты аз қаржымен, яғни, көп қиындықсыз жолмен тұрақты әрі ұзақ мерзіммен енгізуге жағдай туғыру. Ол үшін шектеусіз ықпал етудің технологиясын пайдалану. Аталмыш технология аясында белгілі бір шикізатты экспорттаушы елге шикізатты жартылай неме-

се толықтай өңдеу кәсіпорындарын салуға мүмкіндік бермеудің стратегиялық саясатын жүзеге асырады. Сөйте келе экономикалық және саяси жанама ықпалға негізделген саясаттарын шикізат экспорттаушы елге қарсы қолданады.

Импорттық және экспорттық саясат пен оның бағасын да үйлестіріп үлгермеген біз үшін жоғарыдағы технологиялардың түпкілікті мәні мен залалын айқындап зерттеу көптеген құрбандықтардың алдын алуға көмектескен болар еді. Жалпы өз бәсекелестерінің нарығын құлатудың үкіметтен үйлестірілген технологиясы соңғы кездері құрлықтан құрлыққа жетіп, халықаралық деңгейге көтерілгенін әлем сарапшылары ескертіп келеді. Кей жағдайда қарсылас жақтың экономикалық базасын бүлдіру жолмен өз ықпалына енгізу саясатының бір құралына айналғандығы белгілі болып отыр.

Ұлттық дүниетаным өзгерсе не болмақ?

Шығыс халықтарында «Келешекте ірі қателікке ұрынбау үшін өткеніне үнемі бұрылып қарап жүр» деген даналық сөз бар. Олай болса, белгілі бір халықтың тарихын қайта өңдеп жазу, тарихи санасын жою да отарлаудың орасан сұрқия саясаттарының бірі. Өз отанының шынайы тарихын ұмытқан адам түп-тамырынан ажыраған ағаш секілді болары хақ. Егер, толықтай бір халық, іргелі бір ел өз тарихын ұмытып, жат жұрттық зерттеушілердің зорлықпен мойындатқан тарихына сенсе не болады? Халықтың тарихын белгілі бір мақсатпен идеологиялық тұрғыдан бұрмалап, өзгертіп жазған жағдайда сол елдің болашағы міндетті түрде өзгереді деген заңдылық бар. Одан да бәлкім, тарихи сабақ алуымыз керек шығар. Жалпы, жат жұрттық отарлаушылар өздеріне аяқ-қол болатын құл-құтандарын белгілі бір елдің ішінен тауып, саяси сахнаға шығаратыны белгілі. Олар міндетті түрде алдымен елінің төл тарихын шет жұрттағы отаршы қожайындарына пайдалы етіп, өзінің қолайына икемдеп бұрмалайды. Ол үшін кейбір тарихи деректерді әдейі бүркемелейді, сызып тастайды, енді бірін зорайтады, халықтың санасын улап, адастыруға тырысады. 1990 жылдан бері жазылған тарихымыздың халы нешік. Жарыққа шыққан оқулықтар мен оқу құралдарын ерінбей салыстырып көре салсаңыз, еріксіз түрлі ойдың жетегінде

кетесіз. Алайда, ең келеңсіздігі қасірет жат жұрт идеологиясының жетегінде кеткенін, солардың ықпалына түсіп, жымысқы әрекеттеріне қолшоқпар болып жүргенін билеушілердің өздері де сезбейтіндігі. Дегенмен, адамдардың соның ішінде тарихи тұлғалардың өткеннен сабақ алмайтыны, сол үшін болашақ оны аяусыз жазалайтынын ұмытпаған абзал.

Шығыс халықтарының тағы бір даналық сөзінде «Бір елді толығымен өзіңе қаратып басып алу үшін жеткіншектері мен жастарын өзіңнің ығына жығып, тәрбиеле» делінген екен. Мұнысы, жастардың ұлттық дүниетанымын күрт өзгертуге бағытталмақ. Егер, дүниетанымымыз бен көзқарасымыз ұлттық сипаттан толық ажырап, тек материалдық құндылықтарға ғана бас ұратын халге жеткен болсақ, онда кері қайтуымыз қиынға соғады. Ұлттық санамызға қайта оралудың арқасында ғана құлдықтың құрсауынан, бодандықтың бұғауынан босауымызға болады. Олай болмаған жағдайда адамзат тарихындағы жер бетінен ұлт ретінде қарасын батырған халықтардың қайғылы шырғалаңын біз де кешетін боламыз. Мұндай бейшара халге түскен халық отарлаушы жауларының мүддесін өздерінің қалыпты өмірінің құрамдас бөлігі деп шатасып, сол режимді өлердей қорғаштайтын көрінеді. Мысалы, 200 жылдан астам Ұлыбританияның отарында болған Үндістандағы әлеуметтік қастыңы алайық. Бүгінде 300 миллионға жуық адам қайыршылық деңгейде өлместің күнін көріп отыр. Оларды «адам төзгісіз қаст» деп атайтын көрінеді. Сол қауымның дүниетанымы бойынша олардың кедейшілігі маңдайға жазылған тағдыр, қоғамдағы бірден-бір мүмкіндіктің өзі осы ғана. Мұндай көзқарасты нық орнықтырудың өзі шын мәнінде қылмыс. Халықтың дүниетанымының өзі олардың өмірін бірнеше буынға дейін осылайша бағыттап тастаған.

Қазіргі таңда қоғам өмірінде екі түрлі дүниетанымдық көзқарас анықталып отырғанын ғалымдар алғатартады. Оның бірі - калейдоскоп (*жиынтық құрақтардан тұратын*) сипатындағы дүниетаным. Адамдар түрлі оқиғалар мен шынайы дерек, ақпараттар ағыны ортасында өз орнын таба алмай бейберекеттікке ұрынуы. Олардың пайымынша, әрбір тың ақпарат пен оқиға, көрініс атаулы адамның миын одан ары балшыққа айналдырады. Ондай жағдайда адамдардың айнала-

сын қалай сезініп, қабылдауы бейне бір әйнектің жаңа сынығын калейдоскопқа енгізгендей және онысы барлық ұғым мен пайымды өзгертіп жібергендей болатын көрінеді. Екіншісі, мозаика (*өз ретімен толықтай көру*) сипатындағы дүниетаным. Мұндай көзқарастағы адамдар айналасындағы оқиғаларды өзара сабақтастырып, біртұтас сипатта көре алады. Барлық мәселені себеп-салдарымен кешенді түрде қабылдай алады. Олар үшін белгілі бір оқиғада кездейсоқтық болмайды, шынайы өмір мен оқиға бұрын-соңды қалыптасқан ұғым мен пайымды айқындаушы фактор. Алайда, өкінішке қарай қазіргі таңдағы ақшаға табынған «өркениет» қоғамда калейдоскоп сипатындағы дүниетанымның кең өріс алуына ықпал етіп отыр. Омар Хайям: «Әлемдегі барлық көріністердің ішкі сипаты тым арыда жатады. Сондықтан, көзге көрініп тұрғаны аса маңызды емес, керісінше, бүкіл құпиясы мен шынайы сырын ішіне бүккен түпкі мәніне үңілу парыз» дейді. Олай болса, қоғамдағы әрбір тетікті саналы түрде түсінгенде ғана түрлі жағымсыз ықпалдарға қарсы тұра аламыз. Дәл қазір, біз үшін санкилы ақпарат ағынына ұлттық ділімізбен төтеп беріп, оған қарсы тұра аламыз ба, әлде, бодандықтың бұғауынан босай алмай құл болып қала береміз бе деген тандау тұр. Саналы түрде дұрыс тандау жасау үшін зор жауапкершілік пен терең біліктілік керек.

Инвестиция – игілік пе?

Өкінішке қарай, ел экономикасына инвестиция енгізудің көлеңкелі тұстары қылаң беріп жатыр. Мысалы, Латын Америкасындағы мына бір жайтты тарихи ащы сабақ деуге болады. Елдің ауыл шаруашылығы саласына жарияланған тендер бойынша оған шетел инвестициясын тартуға тыйым салынған арнайы ереже енгізілген екен. Алайда, бірлескен компанияның инвестициясына рұқсат беретін заңдық құжат бар. Оны шетелдік компания асқан шеберлікпен пайдалана білген. Оффшорлық тіркеудегі бірнеше қожайыннан құралған секілді етіп бірнеше ұжым бірлескен компания құрады да тендерде жеңіп шығады. Елдің ауыл шаруашылығы мен азық-түлік саласында басты ойыншыға айналады. Ресми түрде бірнеше компания жұмыс жүргізіп отырғандай көрінгенімен іс жүзінде артында бір ғана қожасы бар ұйымның тұрғаны кейін

белгілі болады. Компанияның көп жыл бойы жүргізген саясаты мен атқарған іс қызметі елдің экономикасына қыруар шығын әкеліп залалын тигізген.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері түпкілікті қожасы беймәлім, акырғы жауапкершілікті жүктеуге келмейтін оффшорлық компанияларды мемлекеттің стратегиялық маңызды салаларына жолатпайды. Ал, біз ше? Арқамызды кеңге беріп, сондай жағдайларға жол беріп қойған жоқпыз ба? Бұлар көңілді күпті ететін сауалдар. БАҚ арқылы олардың бізде көптігін артық мақтаншы етіп жатқан жоқпыз ба? Қалай дегенде де сұрақтан соң сұрақ. Қысқасы, мақтанудан қолымыз босайтын түрі жоқ.

Экологиялық жаулауды ескеріп жүрміз бе?

Экологиялық соғыстың өзінде екі бағыт айқындалған екен. Біріншісі, экологияның тұрақты балансын технологиялық тәсілмен бүлдіру болса, екіншісі, экологиялық құрылымды экономикалық фактормен қирату. Алғашқысы, қарсы жақтың экологиялық жүйесінің тепе-теңдігінен айыру белгілі бір елдің экономикасын күйретудің таңдаулы тәсілдердің бірі дегенді сарапшылар ескертіп келеді. Экологияның тұрақты балансын технологиялық тәсілмен бұзу мәселесі көп жағдайда кездейсоқ тұрпатта іспетті көрініс табады екен. Ал, кей жағдайда сирек болса да әдейі қасақана бүлдіру, ластау технология да қолданылады. Кездейсоқ тұрпатта секілді жасалатын қастандықтың тәсілі, белгілі бір технологияны жүзеге асыруға қабілетсіз адамдарға істің тетігін әдейі ұстатып қояды. Сосын, әдейі біреудің қолымен от көсеуге кіріседі. Ғылымда экологияға еш нұқсан келтірмей жұмыс жүргізу технология әзірше шығарылған жоқ. Дегенмен, табиғатқа келтіретін залалы мейлінше аз озық технологиялар жоқ деуге тағы болмайды. Айталық, цианит натри деген ұлы зат бар. Егер, оның техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтап, дұрыс қолдана білсек экологияға тигізетін зиянын азайтуға болады. Ал, оны білмейтін, қолдану тәртібінен бейхабар адамдарға әдейі берсе немесе сатса одан келетін қауіптің салдарын алдын ала болжаудың өзі қорқынышты.

Қоршаған ортаны қасқана бүлдіру технологияларға энергетикалық станция-

лар, ядролық қуат күшін пайдаланатын ұйымдар, өндірістер, құрылыс трестері жатқызылады. Экономикалық өндірістік жүйелі саясат жасалмайынша аталмыш технологиялар ұлттық қауіпсіздікке және тұрғындардың денсаулығы мен гендік қорына залал төндіретін фактор ретінде қала береді. Осындай іс әрекеттерден шығатын кері салдарларды біле тұра оған әдейі қолдау көрсетуді, қаржыландыруды, ұйымдастыруды да экологиялық соғыстың бір түріне жатқызуға болады.

Экологиялық құрылымды экономикалық факторлар арқылы бүлдіру ел экономикасын тұралатып қана қоймайды. Сонымен қатар, қоғамдық-саяси құрылымды да орасан түрде зақымдайтындықтан ең қауіпті технологияға жатқызылады. Мал шаруашылығын құлдыратып күйрету стратегиялық саясат бізде кеңестік дәуірден бастап қолға алынған. Тәуелсіздік жылдарында оған өзіміз де қомақты үлес қосып келеміз. Экожүйені бүлдірудің салдарынан судың тапшылығын тудыру, жайылымды талқандап, мал жаятын өрісті тарылту көшпенділердің дәстүрлі шаруашылығын құртудың ең таңдаулы тәсілдерінің бірі. Қу тақырға айналған далада шығын көбеймесе мал басы өспесі анық.

Су ресурстарын құртудың тағы бір амалы орман, тоғайларды отау үшін көрші елдердің бірі ағашты жоғары бағамен импорттау стратегиялық саясат жүргізсе жеткілікті. Жерасты қазба байлықтарын пайдалану саласына мол көлемде инвестиция енгізудің өзі судың тартылуына, жердің азып-тозуына, жайылымдарды құнарсыз етуге әкелетін ең оңтайлы тәсіл. Ал, оны ескеріп жатқан біз жоқпыз.

«Ауру астан» немесе генетикалық қауіп

Әлем ғалымдарының салыстыруларына қарағанда, 1910 жылы бір алма жегенде адам бойына даритын темірдің көлеміне 2010 жылы 5 кг алма жегенде ғана зорға жететіндігі анықталған. Қазіргі таңда генетикалық кері әсер көрсетуі ықтимал технологияны қауіпті үрдіске жатқызып отыр. Ғалымдар генетика әсерін, мутациялық қауіп жоғары технологияны биологиялық, химиялық қару қолданудан да зор залал төндіреді деп санайды. Генетикалық және мутациялық залал әкелетін технологияны ішінара қысқа және ұзақ мерзімде

әсер ететін, кері ықпалы жылдам немесе баяу анықталатын, салдарынан арылуға болатын және болмайтын деп бірнеше бағытқа бөледі. Елімізге төнетін генетикалық технология қауіпі ең алдымен азық-түлік, мал жемі арқылы таралу ықтималдығы басым. Азық-түлік қауіпсіздігі әрбір ұлттың ең басты қорғаны болғандықтан аталмыш салада ең жоғарғы талап пен стандарт, заң ережелер қызмет етуге тиіс. Осы саладағы саясат ақсаса, генетикалық қауіптің бұлтты басымызға үйірілмек. Олай болса, бұл мәселе қауіпсіздіктің бірнеше саласын қамтымақ. Атап айтқанда, жер қыртысының, мал жайылымдары мен су көздерінің ластануынан сақтау секілді құқтық және қадағалаушылық кешендердің аясында қарастырылады. Жалпы аталмыш салаға белгілі бір жаңа технологияны енгізу үшін де жіті зерттеп, жылдар бойы тәжірибеден өткізіп барып өндіріске енгізеді. Біз фермерлік шаруашылықты дамытамыз деп шулап жүрміз ғой. Оған байланысты да туындауы ықтимал субъективтік құрбандықтар болатын көрінеді.

Фермерлік шаруашылықтың артықшылығы еңбек өнімділігінің жоғарылығы мен экономикалық тиімділігінің басымдығы екендігін бәріміз білеміз. Алайда, сүт пен етке сіңетін табиғи нәрлілік пен пайдалы витаминнің құрамы мен сапасы 5-85 пайызға дейін кеміп кететіндігін біле бермейміз. Оны азайту үшін мал жеміне түрлі комбикорм, биокормдарды пайдаланып жатады. Ауа райының ерекшеліктері, экологиялық тарихи эволюцияға сай ұлтымыздың гендік қоры да өзгеріске түсті. Жылдың төрт мезгілінің ауыспалы маусымына сай қазақ баласының гендік қоры да соған лайықталған. Сапалы әрі витаминға бай экологиялық таза өнім түрлерін тұтынып келген қазақ ұлтының дене организмі аумалы төкпелі ауарайының құбылмалы өзгерістеріне төтеп бере алған. Малдан алынатын барлық өнімдерді ұқсатып пайдаланудың арқасында халқымыздың өсіп өнгені тарихи шындық. Ал, енді фермерлік шаруашылыққа түбегейлі бет бұрған жағдайда өркениетті елдердің стандартын ұстануымыз керек болады. Ал, ондай экономикалық қалыптасқан база бізде жоқ. Аталмыш технологияны стандарт бойынша жүзеге асыру үшін ондаған жылдар мен қыруар қаржы ке-

рек. Американың Миссури штатынан бірнеше сиырды ұшақпен тасып әкелумен мәселе шешіліп кетпейді. Стандартқа сай келетін фермерлік шаруашылық құрылмағаннан кейін, табиғи жемді сапалы комбикорммен алмастырмаған соң азық-түлік сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Оның салдары халықтың гендік қорына нұқсан келтіреді. Фермерлік шаруашылықтың мүлде қажеті жоқ деуден аулақпыз. Тек оны елдегі дәстүрлі мал шаруашылығымен дұрыс үйлестіріп, дамыта алсақ туындауы ықтимал кереғарлықтың алдын алуға болады дегенді айтқымыз келеді.

Геостратегиялық сыртқы саясат қырғи қабақ соғыс заманы аяқталғаннан кейін көптеген жоғары дамыған елдердің басты ұстанымдарына айналды. 1973 жылы Чилиде болған оқиғаны коммунистік лагердің қауіпі ретінде идеологиялық қалқан етіп, астыртын жаулағандары секілді өзге елдерге өз ықпалын ұлғайтуды көздеушілік белең алып отыр. АҚШ-тың көмегімен Августо Пиночет билікті алғаннан кейін Чили елінің мыс нарығындағы саясат американың геосаяси жүрісінің аясында шешіліп келді. Кезінде АҚШ Августо Пиночетті қолдау саясаты мен ресми түсініктемесі арасында елеулі алшақтық болды. Бір жағынан Сальвадор Альенде билігінің ірі мыс қорыту орындарын мемлекет меншігіне өткізуін АҚШ өз азаматтарының жеке мүлкіне қол салу деп қабылдады. Ол тұста Чилидің ірі кәсіпорындары американдық жекеменшік компанияларының иелігінде болған. Осынау «майшелпектерден» қапияда айырылып қалу АҚШ экономикасының дамуына соққы болып тигендіктен олар құпия қызметтерінің тікелей араласуымен Августо Пиночетке биліктің тізгінін ұстатқаны бүгінде зерттеушілер үшін басы ашық әңгіме. Мұның бәрі бізге тарихи сабақ алу, ірі державалардың мүдделерінің, құрлық асыра жеткізетін саясатының ықпалына түспеу, ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін қажет. Бұл әрине, бір-екі адам, азынаулақ мекеме, ұйымдардың ғана айналысатын шаруасы емес. Дәл қазіргідей, «алдымен экономика, сосын саясат» - деп, арқаны кеңге салуға болмайтынын әлемде өтіп жатқан оқиғалар өзінен өзі ескертіп тұрғандай. Айналып келгенде, қоғам өміріндегі барлық іс әрекет саясаттан тыс тұра алмайтындықтан оны айналып өту мүмкін болмасы да белгілі.



Сейілбек МҮСАТАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті Саясаттану
кафедрасының профессоры, саяси
ғылымдарының докторы

БАТЫСТЫҚ САРЫН БАСЫП БАРА МА, ҚАЛАЙ?

немесе ұлттық құндылықтар жүйесіндегі
кейбір қайшылықтар

Адамзатқа тән ерекше қасиеттің бірі – белгілі бір құндылықтар жүйесінің болуы. Әрбір адамның немесе әлеуметтік топтың өзіне тән құндылықтары бар. Сол сияқты, қоғам да құндылықтар жүйесі арқылы тіршілік етеді. **Қоғамдық құндылықтар жасампаз әрі адамгершілік пен имандылыққа негізделсе, ондай құндылықтарды ұстанатын қоғам дамиды. Ал, құндылықтары азып-тозған қоғамның өзі де кері кетеді. Құндылықтар жүйесі мен Мемлекеттің қалыптасуы және дамуы, ұлттың мықтылығы әрі келешегінің кемел болуы да сонымен тығыз байланысты. Мемлекет құрушы ұлттың құндылықтар жүйесі күшті болса, ұлттық мемлекет те осал болмайды. Алайда, қазіргі таңда бүкіл әлемді қамтыған глобализация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен интернеттің дамуы, тұтынушылық психология мен эгоизмнің күлаш жаюы сияқты заманауи факторлардың әсерінен жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі тоқырауға ұшырап отыр. Ар-ұят, ұлттық намыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан бастап, ана тіл, ұлттық діл, дәстүрлі діни наным-сенімге дейін вестернизацияның ықпалына ұшырауда. Жалпы адамзаттық құндылықтарға пысықырып та қарамайтын субмәдениет өкілдері туындап, адамды тура жолдан тайдыратын небір ілімдер мен ағымдар,**

жағымсыз әдеттер мен анайы өмір салттары пайда болуда. Осындай үрдістердің кесірінен қазіргі жастардың басым бөлігі алдыңғы аға ұрпақ үшін өмірлік мән-мазмұнға ие болған құндылықтарға цинизмге (арсыздық, шімірікпеу) толы кекесінмен қарайтын жағдайға жетті. Батыстық ақпараттық экспансия мен бұқаралық мәдениет күшейген сайын бұл қауіпті үрдіс одан сайын асқына түсуде.

Ғаламдану заманының талабы осы екен деп, ұлттық құндылықтарымызды глобализация мен вестернизацияның құндылықтарына айырбастап, бұқаралық мәдениетке мас болып, әлемдік өркениеттен қалмай дамимыз деп жүргенде, өзіміздің кім екенімізді, өткен тарихымыз бен ұлттық салт-дәстүрімізді ұмытып, тілімізден айырылып, діліміз бен дінімізден адасып, дүбәра күйге түскенімізді байқамай да қалуымыз мүмкін. Бұл – әлемдік ауқымдағы, бүкіл адамзатқа ортақ рухани проблема, қазіргі қазақ қоғамы да ұлт үшін тағдырлық маңызы бар тарихи таңдаудың алдында тұр. Өркениеттің құндылықтарын өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізбен сәйкестендіріп, заманға сай бейімделе алсақ ғана қазақы болмысымызды сақтап қаламыз. Бұл теориялық тұрғыда, ал, іс жүзінде жағдай басқаша. Европа мен Азияның қиылысында, батыс пен шығыс өркениеттерінің арасында орналасқан қазақтардың бойында еліктеу, бейімделу, құндылықтарды қайта қарау сияқты қабілеттер жақсы дамыған. Дегенмен, ондай қабілеттеріміздің жақсы жақтарымен қатар, тигізіп жатқан зардаптары да жетерлік. Шектен тыс еліктегіш болуымыздан ұлттық иммунитетіміз әлсіреп, өркениеттік жаңа

«дерттер» ұлттық сана-сезімді жаулап барады.

Қазіргі кезеңдегі қазақтардың ұлттық құндылықтар жүйесі қатты өзгеріске ұшырағаны айдан анық. **Біріншіден, нарықтық қатынастар ақша, пайда, байлық деген құндылықтардың парқын аспанға шығарып, тұтынушылық қоғамды қалыптастырды.** Әрине, бизнес жасау, кәсіпкерлікпен айналысу, еркін бәсекелестік сияқты нарықтық экономика өмірдің қажеттілігі, біздің айтпағымыз нарық заманы туындатқан жағымсыз құбылыстар: арамза бәсекелестік, қанағатсыздық, пайдакүнемдік, ашкөздік, арамтамақтық, кісі ақысын жеу, алдап-арбау, ұрлық-қарлық, арсыздық, жемқорлық т.б. **Қазіргі қоғамдағы адамдардың басым бөлігі үшін ақшаның ең басты құндылыққа айналғаны жасырын емес. Біздің қоғамымыз мұндай материалдық құндылықтарға табынатын төңкерілген сана-сезімнен арылуы үшін барша қоғамның әл-ауқаты артып, баспана, көлік, тұрақты табыс көзі, киім-кешек, азық-түлік сияқты материалдық құндылықтармен еркін қамтылуы тиіс. Бір ел ішінде ат төбеліндей элиталық-кландық топтар шалқып өмір сүріп, ал, басқа халық туған жердің байлығы мен игілігінің қызығын көре алмаса, әрине, адамдардың құндылықтар жүйесінде қайшылықтар туындайды. Екіншіден, қазіргі қоғамда рухани құндылықтардың қайнар бұлағы – кітаптың құны төмендеп кеткені анық байқалады. Адамдар кітапты аз оқитын болды, оның үстіне, интернет технологиялардың қарыштап дамуы санды-электронды форматта оқуға кең мүмкіндіктер ашқанымен, дәстүрлі баспалық кітапты, кітап дүкендері мен кітапхана желісі сияқты салалардың күйзелісін туындатып отыр. Мемлекеттік қолдау болмаса, аталған салалар өздігінше тіршілік етуі неғайбыл. Әсіресе, қалың қазақ тұратын ауыл-аймақтарда жағдай қиын, ауылдарда кітап дүкені мен кітапхана деген атымен жоқ. Жастардың дені кітап оқуға құлықсыз. Осыдан келіп зиялы қауымның, ақын-жазушылар мен ғалымдардың қадірі ке-**

туде. Сонда Елбасымыздың Қазақстанда интеллектуалды ұлт қалыптастыруымыз қажет деген міндеті қалай жүзеге аспақ? Кітапты былай қойғанда, бұрын дәстүрге айналған газет-журналға жыл бойына жазылып оқу да қожырап кетті. Қазіргі адамдардың құндылықтар жүйесін электронды бұқаралық ақпарат құралдары, негізінен теледидар мен интернет қалыптастырып жатыр. Бүгінгі ақпараттық дәуірде ұлттық ділімізді бір жағынан байытып, екінші жағынан аздырып-тоздырып бара жатқан менталитеттік интервенцияның қарқыны тым қатты-ақ. **Үшіншіден, ұлттық мәдени құндылықтарымыз батыстық бұқаралық мәдениеттің экспансиясына төтеп бере алмай, бүкіл қоғам вестернизацияның жетегінде кетті.** Бұқаралық мәдениет жас ұрпақты жастайынан баурап, балаларымыздың белі бесіктен шықпай жатып сана-сезімін жаулап жатыр. Басқасын айтпағанда, бұқаралық мәдениет бұл мақсатқа мультфильм кейіпкерлері арқылы-ақ жетуде: **бүгінгі қазақтың қара домалағы Алпамыс, Ер Төстік, Алдар Көсе, Қожанасыр, Тазша бала, Батырлар жырын білмеуі мүмкін, ал, Спонж Боб, Гарри Поттер, Бэтмен, Супермен, Шаян адам сияқты толып жатқан батыстық бұқаралық мәдениет туындатқан кейіпкерлерді жазбай таниды. Сол сияқты жасөспірімдерді, жастарды, ересектерді, тіпті қарияларды да табындырып, еліктіретін батыстық құндылықтар жетерлік. Киім кию үлгісі, сән-салтанат, тамақ ішу, қысқасы, күнделікті өмір-салтымыз тұтастай батыстық сарынға көшкен.**

Жалпы, ұлттық құндылықтар жүйесіндегі өзгерістерді ұзақ санамалауға болады. Егер, осылай жалғаса берсе, күндердің күні ұлт деген ұғымның өзі де жойылып кетуі ғажап емес. **Бұған мультикультурализм деген саясаттың ықпалын қосыңыз. Осы күнгі ұлт саясатында мемлекетқұрушы ұлттың мүддесінен гөрі түрлі ұсақ ұлттардың, диаспоралардың мақсат-мүддесін қорғауға басымдық берілетін болды. Бұл да батыста туындаған үрдіс. Кеше ғана мультикультурализмді басты құндылық**

еткен батыстық қоғам да бүгін оның кемшіліктері мен қиындықтарын көруде. Қоғамның тілдік, діни, мәдени тұрғыда шектен тыс шұбарланып кетуі дезинтеграциялану қаупін туындатып, түрлі наразылықтарға, ксенофобияға, ұлтаралық жанжалдарға арқау болуда. Осыдан келіп Еуроодақтың болашағына күмәнмен қараушы евроскептиктердің саны өсіп отыр. Бұған соңғы шақырылған Европарламент құрамында евроскептик саяси партиялардың көпшілік қолдауына ие болып, сайлауда жеңіске жетулері дәлел. Әлемдік деңгейге көтеріліп, күшті дамыған тілдердің тасасында көптеген тілдер кенжелеп қалып қойып, кейбіреулері жойылып барады. Мультикультурализм ең алдымен осындай қауіпті үрдісті тоқтатуға бағытталған. Бұдан басқа адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, тілді, дінді, ұлтты еркін таңдау, толеранттылық, мәдени әр-алуандылық сияқты мәселелер бар. Ал, кеңестік дәуірде жойылып кету қаупін бастан өткеріп, тәуелсіздік алғаннан кейін де шынайы мемлекеттік тіл дәрежесіне жете алмай отырған қазақ тілі енді мультикультурализм аясында жанталасқа түсер түрі бар. Бір жағынан ресми тіл ретінде орыс тілі, екінші жағынан халықаралық тіл – ағылшыншаға басымдық берілуде, бұдан бөлек, түрлі диаспоралардың тілдерін дамытуға жағдай жасалуда. Мұндай жағдайда мемлекеттік тілді дамыту үшін ең алдымен қазақ тілінің қоғамдық қажеттілігін арттыра отырып, бәсекеге қабілетті болуына күш салуымыз қажет. Кез келген тіл қажеттілік болған жағдайда ғана дамиды, тіл – қарым-қатынас жасаудың қажеттілігін өтеуші құрал. Ал, тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттырушы – ұлттық зиялы қауым. Қазақ тілді зиялы қауымның хал-ахуалы мен әлеуеті жақсарған сайын тілдің дамуына қосар үлесі де артады. Кеңестік тоталитарлы саясат жағдайында қазақ тілінің толық жойылып кетпей, тіл

ретінде сақталуына бірден бір ықпал еткен қазақ ақын-жазушылары бастаған ұлттық интеллигенция екені баршамызға белгілі. Ұлттық зиялы қауымның арқалайтын жүгі ауыр әрі жауапты. Мемлекет те, қоғам да мұны жақсы түсінуі тиіс.

Кез келген қоғам көшбасшысыз болмайтыны сияқты, ұлттық мемлекеттің халқын мемлекетқұрушы көшбасшы – ұлтсыз көзге елестету мүмкін емес. Ондай деңгейге жетуі үшін мемлекетқұрушы ұлттың саны мен сапасы, яғни, әлауқаты, тұрмыс жағдайы, табиғи өсімі, интеллектуалдық әлеуеті, құндылықтар жүйесі мықты болуы шарт. «Сананы тұрмыс билейді» деген сөздің айтылуы тегін емес. Орта дәулетті өмір сүретін адамдардың саны артқан сайын қоғамдық құндылықтардың жүйесі де сапалы бола түспек. Қазақтардың бойында «Мен ата-бабаларым аманат етіп, мұраға қалдырған ел мен жердің иесімін, ұлттық салт-дәстүр мен сана-сезімді келешек ұрпаққа жеткізушімін» деген сезім мен құндылықтар жүйесін берік қалыптастыру қажет. Бұған жалаң ұранмен, бос кеуде қағумен қол жеткізе алмаймыз. Қазақтар өз жерінде үйсіз-күйсіз жүріп, туған елінде жаутаңдаған жетімдей күй кешсе, мемлекетқұрушы ұлт ретіндегі миссиясын толық атқара алмайды.

Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру міндетін қойып отыр. Кейбіреулер «Патриотизмнің жаңасы немесе ескісі болушы ма еді?» десе, енді біреулер «Жаңа қазақстандық патриотизм деген қандай?» деуі мүмкін. Президентіміз көреген саясаткер ретінде қазіргі адамдардың құндылықтар жүйесі өзгергенін, патриотизмді кеңестік дәуірдегідей әдіс-тәсілдермен қалыптастырып дамыту мүмкін еместігін айтып отыр. Сондықтан да, жаңа замандағы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру барысында жоғарыда аталған ұлттық құндылықтар жүйесіне қатысты кейбір мәселелерді ескеру аса маңызды.



Марат ҚАБАНБАЙ,
жазушы

Сонымен, астанамыз Ақмола – Қазақстандай алып пластинканың қақ ортасы, нақ кіндігі. Түптеп келгенде, Алматы қазақтың, Ақмола қазақстандықтардың астанасына айналатындай. Ежелден найзасы желкілдеген батырлар мен кітап ақтарған ағартушы ойшылдардың, үкісі бұлғақтаған салсерілердің, қаламын халық тағдырына қайраған ақын-жазушылардың бір Отаны – осы төңірек – Сарыарқа-тын! Жері жасыл, орман, көлді, сулы, нулы, берекелі өлке. Сан ғасырлар бойы халқымыздың рухани орталығы болып келген Сарыарқаға XX ғасырда алла, неге екені белгісіз, қаһарын қатты тікті. 16-жылғы көтеріліс, азамат соғысының ылаңы ең алдымен, осы Торғай, Қызылжар, Кереку, Көкшетау, Ақмоланы ұйпап-тұйпап, қан қақсатты. 1921-22, 1932-33-жылғы атақты аштықтарда алдымен Сарыарқа ақсүйек болып қырылды. Тек қолдағы төрт түлік малға ғана қарап отырған сері халық жүгенін ұстап, ақ таяққа сүйеніп, сенделіп қалды, шөкелеп түсті. Тірі қалғаны ақтабан шұбырындыға ұшырап, түстікке қарай жосылды. Сондай сойқандардан енді-енді ес жия бергенде тың көтерілді, ішкі Ресейдің бір бөлігі қотарыла көшіп келіп, саныраған, әлсіреген жамағатты тура талтүсте нақ үстінен басты. Нәтиже не? Қазақ астаналық облыста – 24%, Көкшетауда – 33%, Қостанайда – 18%, Солтүстік Қазақстанда – 19%, Қарағандыда – 20%, Павлодарда – 32% ғана. Және де қазақ екенін ұмытпағаны, негізінен, ақсақал ата мен кимешекті әже, апаларымыз. Кейінгі толқынның басым көпшілігі төлқұжаттан ғана қазақ екенін білетін, славян менталитетіндегі қазақтар. Биаған, ұлы Бейімбет Майлин жазып кеткен қалың ауыл бұл күнде жоқ, іздемеңіз, таба алмайсыз, құрып біткен.

АҚМОЛАҒА КӨШКІН, АҒАЙЫН!

Оған олар кінәлі емес. Айыпты – бұл өлке үшін кері дөңгелеген тарих дөңгалағы, терісінен соққан алағай да бұлағай замана желі.

Әйтсе де, өткенге – салауат, келешекке – бақуат! Аш болсақ та, тоқ болсақ та, көк байрақты егемен елміз. Сонау Батыс Қазақстаннан басталатын теміржол республикамыздың түстігін бөктерлей басып өтіп, Семейге дейін алдымен орысты, сонсоң талай қазақты тасып, бір-біріне араластырып, құда-құдандалы етіп, туыстастырып, табыстырып, бұл аймақтарды қазақтандырып үлгірді. Түркісіб орай құшақтап, қысып жатқан тек осы Орталық және Солтүстік Қазақстан ғана біз дегенде бетін бермей, сендей қатып жатыр еді. Астананың Ақмолаға көшуі сол сірескен көкміз сенге ауыр сүймен түсіргендей екен. Замана ақыр аяғы қазақ үмбетінің ғасырлар бойы көлдетіп төккен көз жасын көргендей болды. Өз Отанын іздеген неміс, орыс бұл өлкені ірге көтеріп, сөгіле бастады. Біраз селоларда трактор, комбайнға мінетін, машина рулін ұстайтын адам қалмады деп естиміз. Олардың орнына Моңғолиядан келген туыстарды қоныстандырып жатырмыз. Ресей жерінен өз аяғынан келіп жатқан қандастар да жоқ емес. Сөйтіп, 250 жыл бойы Ресей империясы қазақты шалғынды өлкені шөлейт түстікке қарай ығыстырып келсе, енді, қарама-қарсы процесс – Арқаға оралу басталды. Інжілде жазылғандай, адасқан ұл өз ортасын іздегендей.

Бірақ, бұл – аз, өте аз! Моңғолдық ағайындар ел есеңгіреген мынау шаққа тап келіп, іркіліп қалды. Ал, кезінде қазақтың қолынан қысылған кезде дәм татқан Александр Солженицын сол табакқа түкіріп, жуықта ғана теледидардан аузы қисаймай: «Қазақстанның бес облысы ежелден Ресей жері» деуге дейін барды. Ауыз Солженицындікі болғанмен, ниет – әлі де империялық пиғылда қалып отырған Ресейдікі. Яғни, астықты, малды, құт берекелі, құнарлы өлкені қиғысы жоқ, уыстан шығармай

бауырға мүлдем басып қалу – түпкі ойы. Оның үстіне базбір халықаралық ереже бойынша, жергілікті халықтың саны 30%-ға жетпесе, ол жер дәл сол халықтікі деп есептеле де бермейді. Есебі, Арқа мен Солтүстіктің тағдыры қазір қалт-құлт, қыл көпірдің нақ үстінде тұр. Ашығын айтқанда, ғасырдың аяғына шейін тала-сып, тырмысып, аталмыш бес облыстың әр-қайсысында қандастарымыздың санын, кем дегенде, 30%-ға жеткізбесек, ХХІ ғасырда бұл өлкенің қазақстандық деп аталуы да екіталай. Ендеше, сырт елдерден келіп жатқан қазақтарды осы өлкеге төгу керек. Ресейдің бергі бетінде мал бағып жүрген қазақтардың арасына адам, өкіл жіберіп, өз ішімізге тарту қажет. Оның үстіне империя қазақтың басым көпшілігін шөл, шөлейттерге қуып тастағаны мәлім. Қазақ іргесін бермей отырған Сыр бойы, Арал төңірегі құлазып, ауру жайлап, Семейдің біраз жері радиацияланып бітті. Ендеше, осы төңіректегі қазақтар өз ұрпақтарын жарымес, кемтар, мутант ұрпаққа айналдырмайын десе, жері көп бүлінбей, суы лайланбай тұрған Арқаға, Ақмолаға жаппай қоныс аударуы керек. Қазақтың туған жер дегенде күрсінгенде қарс ұрып, өкпесі түсетіні, ата-баба зиратын қимайтыны, өлсек те сүйегіміз осында қалсын дейтін мінез-құлқы бәрімізге белгілі. *Қазақстан келешекте тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетпесін десек, алты жасар баладан алпыс жасар данаға дейін ойланыс керек. Ақсақал аталар мен қария әжелер туған жерін қымаса да, жас, қайратты балалары мен немерелеріне ақ батасын беріп, алыс жолға – Ақмолаға, Арқа жеріне қолтықтан көтеріп, аттандырып салғаны жөн. Тек от жағып, су ішіп отырған жерін – Отанын ошағым деп ұғатын тар түсініктің аясында қалтуына ылдым-жылдым, алымы кең заманға жараспайды. Әр қазақтың Отаны – Алатау мен Арқа, Атырау мен Алтайдың кезкелген пұшпағы мен шаршы метрі! Бала мен шаға, немере мен шөбереміз жаудың бойымыз құт боп қонған қазақ жеріне, абайсызда айырылып қала жаздаған өз Отанына қоныс аударып бара жатыр – осы естен екі елі шықпасын. Және олар құр кетпей, өздерімен бірге түстік пен батыстың, шығыстың әлі оншама іріп бұзыла қоймаған қазақ діні мен тілін, мінез-құлқын, салт-дәстүрін өздерімен бірге алып барады. Барған жерінде баяғы*

тың көтерген жылдардағыдай білекке білек, күшке күш қосып, Ақмолаға, Арқаға көк туды әбден орнықтырып тігеді. Сөйтіп, бұрын да құда-құданда дегенде жанын беретін қазақ тағы да бас жесіп, туыстасып, Арқа жерінде ошақтың үш бұтындай Үш жүздің балаларынан түзілген, қайратты да өжет, қаны жаңарған жаңа қазақ өсіп-өне бастайды. Қысқасы, әр қазақ – ұлтымыздың қиналып отырған жерінен табылса ғана нағыз қазақ! Күн сәулесі ұлы даланың барлық жеріне бірдей түсетінін естен екі елі шығармайық. Ұлтымыздың ендігі тағдыры Арқада шешіледі. Астананы ауыстыру оңай емес, бірақ, бұл тұста байбалам да артық. Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға ауысқанда жағдайымыз бұдан ауыр болмаса, жеңіл болған жоқ. Соғыстан кейін де елбесіп-селбесіп күн көрдік қой, басқа түскен бір салмақты көптеп көтеріп алармыз. Тек түбі баянды болсын.

Бұл ұлы жорық, тың серпілісті – миграция мәселесін мемлекет онсыз да базар нарқы тұралатқан халықтың өзіне итере салмай, көші-қон департаменті ұзақ жылдарға есептелген бағдарлама жасап, мұрындық болса қане! Моңғолиядан, Иран, Қарақалпақ жерінен ірге көтерген ағайындарды онсыз да халқы тығыз, өсіп-өну потенциалын тауысуға таяу оңтүстік облыстарға, уланған құладүз Семей жеріне тоғыта бермей, ең алдымен осы бес облысқа орналастыру жағын ойластырған дұрыс. Ойластырып қана қоймай, департаменттің өзі, Тіл комитеті халыққа үлгі көрсетіп, Ақмолаға тез арада түпкілікті көшіп алуы керек. Тіл үшін нағыз күрес енді қызады. Дәл қазір Алматыдан бастап Кереку, Семей, Өскемен, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда қалаларындағы Қожанасырдың лашиығындай қисайған жаман жатақханаларда қазақ жастары екі қолдары бос, ішерге ас таба алмай, ішіп-жемін күнделікті сауда-саттық, ұрлық-қарлықтан ғана айырып, қаптай өріп сандалып жүр. Яғни, криминалды, наразылыққа өте бейім орта! Оларда жазық та жоқ, ауылды ала бастаған жұмыссыздықтан қажып, қаладан кәсіп тауып, үй алам ба, адам боламын ба деп аңқалақтап келгенде мына сұм заман «маңғыт, аузыңа саңғыт!» деп, ту сыртын беріп, алдап кетіп отыр. Ақмолада басталайын деп отырған үлкен-үлкен құрылыстарға осы жастарды ең алдымен апарып салу керек. Тағы

басқа толып жатқан құрылымдарға да өзіміздің қаракөздерді пайдалану қажет. Тың өңіріндегі орыс, неміс кетіп, босап қалған селоларды Орта Азия мен Кавказдан бас сауғалап келгендерге үлестіре бермей, жұмыс табылмай, өз ауылында өзі босқын болып жүрген қазақ жастарын көшіріп апарып, мал бақтырып, егін өсіртпесек, ертең – кеш. Өзгеге мырза, өзіне сараң, өзімішіл емес, өзгешіл мінезден құтаятын болсақ, осы ғасырда басымызға бақыт құсы алдеқашан қонатын еді. Ол бізге бақыт құсы емес, империяның екі басты самұрық құсы болып қонақтап, жез тырнағын туған жерімізге аямай салып отыр. Оған қазақстандық орыс халқы жазықты емес, олардың өздері де кезіндегі империя саясатының құрбаны. Сондықтан, қазақстандық, оның ішінде арқалық орыс ағайындар береке, бірлік болса, қазақ жері қазаққа да, ниеті түзу орысқа да емін-еркін жететінін ұққандары жөн.

«Аспан ашық, жер жазықта кәне, көтеріл, қоныс аударуы несі?!» – деген күдіктің әр қазақтың көкірегіне ұялауы әбден мүмкін. Біз бұл жерде жаңалық ашып отырған жоқпыз. XX ғасырда алып империялар бүтіндей ыдырап, есі барлар елін тауып, әр ұлт пен ұлыс тарихтан белгілі байырғы мекенін іздеп, ежелгі шекарасын белгілеп жатыр. Қазақстан да осы процесті бастан кешуде. Әлемдегі халықтың 30-дан бірін, ал, жер шарының 7-ден бір көл-көсір бөлегін иеленіп отырып, бес облысқа сұғын қадаған Ресейді ат төбеліндей аз қазақ енді түзей алмайды. Біз онсыз да көшпелі заманның ыңғайындағы жайбасар, тәубашыл халықпыз. Өткен ғасырлардағы осы аңқаулығымыз бен жалқаулығымызды қайталамай, тағдыр ұсынып отырған өз үлесімізді ерінбей ала білуіміз керек. Ол үлес – ең алдымен территориямыздың тұтастығы, ел, халқымыздың амандығы. Арқа жерінде кезінде қырылып қалған, босып кеткен қалың қазақтың орны қазір үңірейіп бос тұр. Мына иіңтірескен сұм заманда, алды-артты бағамдап, байқамасақ, аңғармасақ, ол орын оп-оңай толады. Әрине, өзге жұрттың, бөтен ұлыстың есебінен... Толып та тұр. Дешті Қыпшақтың күдірейген қыр арқасы, қабан жалы болған Арқада ата-бабамыздың сүйегі саудырап жатыр. Шет жағасы трактор табанына тапталып, түренге түсіп кеткен. Намысы бар ұлт өлгендерін өлексе еткен емес. Болашақта Арқада егін азайып, мал көбейеді. Экология да, экономикада, ұлтымыздың мамандық бейімі де солай дейді. Ендеше, қазақтың дәл Арқа дегенде іркілетін еш реті

жоқ. Әншейінде «қазақпыз» деп кеуде қаққанда құдайға жетпесек те, ол кісіден бір де кем емеспіз. Әсіресе, өзара күш, нөк көрсетуге келгенде. Ал, өзге десе өлімсірей қалатын жаман әдетіміз де жоқ емес. Екі қарға төбелессе, үшіншісіне жем болады. Үш жүз шекіссе кімге азық болатыны белгілі. Бұл – алгебра емес, арифметика! Соңғы кезде Ресей баспасөзінде: «Қазақ дегеніңіз үш жүзге бөлінеді екен, өздері бастары бірікпейтін кеше көрінеді!» деген сөз көтеріле бастады. Мұның арғы жағында: «Үшеуін үшке бөліп тастап, икемге көнгенін бауырға басып, баяғыдай билей бермейміз бе» деген сасық қулықтың қасқыр құлағы қылтиып тұр. Әлгі аса қадірменді қарт абыз Әлекең, Александр Солженицын мойнын созып, дәмепіп отырған бес облысыңыз – Арқада! Ресейдің рухани да, әскери де экспансиясына өте-мөте қатты ұшырап, әбден қалжырап, тәлтіректен тұрған жеріңіз де осы Сарыарқа. Ендеше, шаршап-шалдыққан, адаса жаздаған органшы балаға мынау сын сәтте көмек, жәрдем керек. Ендеше, Елбасы бастаған ұлы көшке томағаны сыпырып, аяқтағы тұсауды шешіп, батыл-батыл басып, керуен болып, ерейік, түстік, батыс, шығыстағы қаракөз кәрі, жас ағайын! Түтін шыққан, оқ зулаған басқа елдерден қашып-пысқан өзге ұлттар біздің жерге қотарыла көшіп кеп жатқанда, өз туған топырағымызға ірге тебуден, кәсіп істеп, өз жерімізге өзіміз ие болудан ұялмайық! Арқаға толайым ел көшіп барып жатса, әдебиет, мәдениет, сауда-саттықтың мырзалары мен ханымдары қайда барады, олар да сәумендеп халықтың соңынан ереді. Көш көлікті болсын, халайық!

Сөз соңы: жалпы, астананың Ақмолаға көшуін әрбір қазақ ел өміріндегі үлкен бетбұрыстың басы деп ұғып отыр. Бұдан былай сөзіміздің мәтелі «Баяғыда, Ақмола астана болғанда...» деп келеді. Біздің дәуірімізге дейінгі, кейінгі деген сияқты. Осыған дейін болдық, егемен болдық деп той тойладық. Енді білек сыбанып, жұмыс істейтін кез әбден келді. Тәуелсіздігіміздің сыналар сын сәті енді туды. Ел, халық ұлттын сапалы санаға ауысар кезі осы жаңа астанаға көшумен тұспа-тұс келгендей. Сары-жұрттағы бойкүйездікті, жүзшілдік пен паракорлықты, надандықты ескі, кір, қоқыс киімдей үстімізден шешіп тастап, жаңа астананың шаңырағын игі ниет, ақ көңілмен үш қолдап көтерейік те!

1994 ж.



Аманжан ӘЛІМУЛЫ,
«Ақиқат»

МАСАНОВ – КАМЕРДИНЕР ЕМЕС ПЕ, ОСЫ?

Иә, сонымен тағы да сол Масанов... Тағы да со гөй-гөй... Мен үшін бұл тақырып, бұл адам жайлы жазып, мәселе көтеру жабылған секілді еді. Амал жоқ, қайта айналып соғуға мәжбүр болып отырмын. Оның себебі, жақында «Караван» газетінің 20-санында **«Мало их мочили...»** деген тақырыппен Нұрболаттың туған халқы туралы адам жанын түршіктіретін, ой-толғамға келмейтін, өзіндік шектен шыққан тұжырым-кесімі жарық көрді. Бұл о кісінің аталған тақырыпты бірінші рет тілге тиек етуі емес. Бізде де қайт жоктығы болар, қанша қойдық дегенмен тағы да сөзге арқау етіп отырмыз.

Сонымен, Нұрболат Масанов: **«Все упирается в казахский менталитет. Уроды! Их урыть надо – и все! У них нет будущего. Вот те казахи, которые вырвались из мамбетского, калбитского состояния – я, Кажыгельдин, Косанов, Габдуллин, другие – мы все, мы вырвались, мы будем нормальными людьми, наши дети и так далее»,** – дейді. Сана сансыратып, сезім сергелдеңге түсіретін осынау сөздерді оқып отырып авторды ауру деуден заңнан именесің, сау дейін десең, Құдайдан қорқасың. Шөре-шөре күй. Күдік, күмән. Мұншалықты өзінің туған халқы жайлы жиіркенішті сөздер айта-тын Масанов аспаннан салбырап түскен бе? Өзін оқыған, зиялы санайтын адамның осы бір сөздерінен кейін жындыханадан шыққан жанның ешқандай ойсыз айтқан сөзінен айналып кететіндей күй кешеді екенсің. Ол ол ма, Нұрболат тағы бірде: **«Калбиты не могут жить в гражданском обществе. В пример могу привести голодные тридцать первый, тридцать второй годы, когда из 3,8 миллиона казахов погибли 1,8 миллиона, то есть сорок пять процентов населения. А вы знаете, сколько было восстаний? Вот это отребье пыталось себя защитить как-то? Было триста восстаний, в которых участвовали тридцать тысяч человек! Меньше одного процента! Ничтожество**

просто! Мало их мочили, больше их надо было мочить!» – дейді. Осыған қарап-ақ біздің бағымызға келген демократия, сөз бостандығы секілді қасиетті ұғымдардың да дәрі екеніне көз жеткізесің. Ал, дәріні көп ішкен адам не өзі өледі, не өзгені өзінің ауыр халдегі жайы арқылы өлтіреді. Нұрболаттың жоғарыда аталған киелі түсініктермен ойнаған балалық ауруы со инфантилизм күйінде қалған. Өсу жоқ. Оның білімдар болып көрінуі сыртқы эффектті ғана. Іштен пісіп жетілмей, сырттан телінген демократия мен сөз бостандығы оны психологиялық дертке ұрындырып қана қоймай, өзгенің ойын да компиляциялаудың шарықтау шыңына дейін көтерген сыңайлы. Кітаби күйретуші күшке ие Масанов секілділер қай ғасырда да болған. Олардың топырақтан қол үзіп, бос кеңістікте ілініп қалуы – жалпыхалықтық трагедия. Кей-кейде маған Масанов камердинер секілді көрінеді. Ал, камердинерде тек, не ар-намыс, тіпті, болмаған жағдайда адалдық та жоқ. Бүгін бір қожайынға қызмет етсе, ертең екінші.. үшінші... қожайынға қызмет етіп кете береді. Қарын тоқ болса болғаны. Сол Масанов кезінде Кеңес өкіметі арқылы оқып, қазіргі ғылыми атақ-дәрежесіне қол жеткізсе, бүгінде космополиттік бағыттағы батысшылдардың сойылын соғып ұлт-намысын таптауда.

Оны айтасыз, тіпті бір сәттерде аталған мырзаны люмпен бе деп те қаламын. Тапсыз топтың «оқыған» өкілі, ол антагонистік қоғамның типтенген көрінісі. Яғни, өзегіне құрт түскен бір буынды қалыптастыратын қоғам зиянкестері.

Масановтың қоғамдық пікірін былай қойғанда, оның өзінің отбасына деген көзқарасы да кезінде «Казахская правда» газеті: **«Примечательно высказывание Масанова: «Моя жена казашка говорит с калбитским, мамбетским акцентом»,** – деп жазғандай болса, не жорық? Жалпы, Масанов секілділер Қазақстанның ішкі, сыртқы қарсыластарына таптырмайтын құрал. Масановщина етек алған тұста ұрпақ азады. Ал, оны тәрбиелеу бүгінгі міндеттің бастысы болмай, келер күнге үміт артар жайымыз жоқ.

Масанов: «Когда я хаю Советский Союз, я другой смысл... Они хают – он не понимают. Быдло! Всего советского – клубов, библиотек, театров – им не понять. Выступать в роли клоунов в цирке и баранов пасти – вот их стезя. Калбиты не могут жить в гражданском обществе» – дегенде, нені меңзейді. Біздіңше, ол өзін бір кездегі орыс философы Чаадаевқа ұқсататын сынайлы. Сонысымен Нұрболат мырза ұлт мәселесіне келгенде әлеуметтік-саяси космополитизм мен сепаратизмге бой алдырғандардан да қауіпті. Масанов «қатты ұнататын» (Ақиқат №3, 1998 ж.) Чаадаев, орыс қоғамына, орыс ортасына, орыс адамына, орыс тарихының өткені, бүгіні, ертеңіне «өлердей өшпенділікпен» қарайтын Чаадаев 1835 жылы А.И. Тургеновке жазған хатында: «Придет день, когда мы станем умственным средоточием Европы, как мы уже сейчас являемся ее политическим средоточием... Таков будет логический результат нашего долгого одиночества; все великое приходило из пустыни», – деп Отан, ұлт болашағына қандай сенсе, «... нам незачем бежать за другими; нам следует откровенно оценить себя», – дей келе, «Нам не следует попадаться на их невольную хитрость; постараемся сами открыть наше будущее и не будем спрашивать у других, что нам делать», – дейді. Тіпті, «Апология сумасшедшего», – атты еңбегінде: «Я полагаю, что мы пришли после других для того, чтобы делать лучше их, чтобы не впадать в их ошибки, в их заблуждения и суеверия», – десе, со Тургеновке жазған хатында: «Мы призваны, напротив, обучить Европу безконечному множеству вещей, которых ей не понять без этого», – дейді. Мен мұның бәрін сонша тәптіштеп келтіруімнің сыры Чаадаев Ресейді өлтіре сынап қана қоймаған, бүкіл жан-дүниесімен бірге құлай да сүйген. Ендеше, өзінің туған тілінді, ділінді, дінінді, ұлтыңның әлеуметтік-моральдық жағдайменен бірге, күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін өзгелерден артық білмеген тұстан оны ешкімге де сынап-мінеу құқы берілмеген. Енді бірде Нұрболат қазақты цирктегі «клоун» ретінде көреді. Сөйтіп отырып, өзі со «клоундық» бейнеге айналып кеткенін сезбейді. Халық қашанда тоқтықта да, аштықта да ермек етерлік себеп-салдар іздеген. Әсіресе, XX ғасырдың аяғында ол ерекше көп алды. Жаппай сауаттылыққа жеткен етекпілік бүгінде Масанов секілділердің «жазбаларын» қаншалықты түсініксіз күйде қарсы алса, соншалықты түршігерлік күйде шығарып салған. Міне, осы тұста

Масановқа «Сіз Амантай қажы мен Хасен Қожа Ахметке күлмей-ақ қойыңыз» дер едік. Қалай дегенде де олар өздерінің бүкіл кемшілік-жетістігімен халық үшін еңбек етіп жүр. Иә, Амантай қажы кей тұстары ерсі іс-шараларға да барар. Бірақ, ол Масанов секілді туған халқына ешқандай да сатқындық жасамайды. Хасен Қожа Ахмет туралы да соны айтар едік.

Масановтың соңғы жылдардағы қазақ туралы айтқан сөздері мен ойларын оқып, естігенде есіме еріксіз орыстың «Понос через рот» деген сөзі түседі. Иә, оның ластығы да сонда. Жалпы, шала батысшылар қай кезеңде де, қай уақытта да табылған. Со секілді космополиттік-либерал бюрократия да ұлт мүддесін ешуақытта да ойламаған. Олар үшін ұлттың түрі, түсі, тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, кескін-келбеті бос ұғым. Абстракция.

Егер, Масанов өз ұлтын шын мағынасында сынағысы келсе, ол алдымен Абай, Чаадаев дәрежесіне көтеріліп алу керек. Ондай болмаған жағдайда қалғанының бәрі бос сөз. Яғни, «саудың тамағын ішіп, жындының ісін істейдіге» келетін жәй. Бір кезде со Чаадаев, яғни, 1831 жылы 17 маусым айында Пушкинге «Будьте здоровы, мой друг. Пишите мне по-русский; вам не следует говорить на ином языке, кроме языка вашего призвания» дей келе, «Вот, наконец, вы – национальный поэт; вы угадали, наконец, свое призвание» деп хат жазса, ал, ұлы ақын оның Ресей туралы кейбір пікіріне қосылмайтынын білдіріп: «Что же касается нашей исторической ничтожности, то я решительно не могу с вами согласиться» деп жазған. Соған қарағанда Масановтың Чаадаев болуы қиын шығар. Демократияны демографияға, сөз бостандығын көк езу дауқеспелікке айналдырған бұл тақылеттес «демократия» терісін жамылған масановщина өкілдері кімді көгерткен дейсіз. Со Чаадаев тағы бірде өмірден өз орнын таппай, қолына «банан» ұстатып қойса, көкте де өмір сүре беретіндер жайлы: «Есть натуры, лишённые способности утверждать что-либо, которые бояться произности роковое «да», как молодая девушка, брошенная неумолимою волей родителей в объятия ненавистного человека», – дейді. Соған қарағанда біздің бүгінгі Масанов туралы әңгімеміздің де бос кеңістікте ілініп қалуы бек мүмкін-ау.

Осының бәрі біздің өзімізді өзіміз ұлт ретінде әлі де болса өзгелерге, оның ішінде мәңгірттерге сыйлатып, мойындата алмай жатқандығымыздың белгісі. Содан соң, олар қазақ жайлы не айтып, не жазбайды. Оларға

со масановщина – мәңгүртізмнің өкілдері қосылса, мәселе тіпті күрделене түседі. Құлаққа қатқылдау тиер, соған қарамай мен біздің конституциялық заңды құқымызды ұлт, жер мәселесіне келгенде толық пайдалана алмай, сөз бостандығы мен жариялылық терісін жамылғандарға тыйым сала алмай келе жатқандығымыз жанымды ауыртады. Оған жалпақшешей, жалтаңдығымыз кінәлі. Ішімізде тұрған жалған ұят, намыстанбайтын жерде намыстанып, намыстанатын жерде намыстанбай қалатындығымыз да соған саяды.

Алматыдағы кез келген өзін тәуелсіз санайтын телеарналар мен басылымдар со Масанов секілді ұлттық мүддеден алшақ жандар үшін есіктері ашық. Әрине, оларды баспа демейміз, бас, бірақ азаматтық, айта берді патриоттық ар-ождан, ішкі мәдениет, сөйлеу этикасы бар емес пе? Сол Масановтың ИТАР-ТАСС тілшісі И.Черепановқа берген сұхбаты мен оны көшіріп басқан «Караван» газетін оқып отырып, мені қандай ой меңдеді десеңізші. **Айтайын, егер сөз бостандығы, жариялылық, тәуелсіздік деген сөздерді малданып жазған шығармаларыңызда «бостандығымыздың аузын» ұрып, Құдайдың бір аты қасиетті Сөзді бұт пен бөк секілді нас сөздермен ластасақ, болмаса Масановтай сонау аштық жылдары қырылып кеткен әруақтарды қорлап, ұлтымыздың қасіретті кезеңіндегі жағдайды «Мало их мочили» деп жазатын болсақ, онда маған азаматтық ар-ождан, шығармашылық жауапкершілікке негізделген Хартия керек.** Ол ең бастысы, біздің тәуелсіздігіміз бен бостандығымызды, Қазақстан халқы мен ұлтымызды Нұрболаттай бейпіл ауыздардың шабуылынан қорғауға тиіс. Оның теледидар, кей газеттердегі бейұлт, эстетика-этикалық, мәдени-рухани азық алуға қарағанда, ішкі адами әлемінді бұзатын сыртқы жылтырақ әсіре қызылдан арашалауы тағы қажет. Ең бастысы бізді қорғайтын жай, ол – қоғамдағы азаматтық ар-ождан позициясы. Ендеше, қазақ басылымы ма, орыс басылымы ма, қай-қайсымызға болсын ұлт, мемлекет, тәуелсіздік, бостандық мәселесіне келгенде шын мәніндегі тұтастық қажет. Сонда ғана Масанов секілділер «саудың тамағын ішіп, жыңдының сөзін сөйлемейді». Нұрболат секілділерге жол ашып, тіліне тиек болушылар да өздеріміз – журналистер. Сол журналистер қызмет істейтін басылымдар. Оның төңірегінде Кеңестік кезеңдегідей «аура» жасағанбыз. Ол бар болғаны ақиқаттан қол үзіп, жақсы мен

жаманды ажырата алмайтын, ажыратса да олардың себеп-салдарларына философиялық тұрғыдан үңіліп талдай алмайтын, талғам мен таразысын тең ұстаудан кеткен жан ғана. Естуімше Масанов мырза қазір «мен ондай сұхбат беріп, жазған жоқпын» дейтін көрінеді. Ол ондай сөзді айтып, жазбасын, бізге бір-ақ нәрсе анық. Оның өмірлік принципі мен позициясы – қазақ ұлтын жоққа шығару. Ол оны бұған дейін де жазып, айтып келген.

Егер, қазір мен заң қайда қарап отыр десем, олар «міне, Аманхан мырза 37-ші жылды көксеп отыр» деп шыға келер еді. Жоқ, мен 37-ші жылды көксемеймін, бірақ менің тәуелсіздігіме, елдігіме, тұтас ұлттығыма, айта берді, ұлттық менталитетіме күдік келтірушілердің ешқайсысымен де, ешқандайымен де келісе алмаймын. Аталған мәселеге келгенде ымырашылдық болмауы тиіс. Ол әрбір қазақстандықтың, қазақтың міндеті.

Сонымен, сөз соңында Масанов мырза қазақты әлемдік өркениеттен, әлеуметтік-құқықтық жағынан артта қалған, оның болашағы жоқ деуден танбаса, онда оған «аяусыз да сұсты» Виссарион Белинскийдің **«Каждый народ играет в великом семействе человеческого рода свою особую, назначенную ему Провидением, роль и вносит в общую сокровищницу... свою долю, свой вклад; каждый народ выражает собой одну какую-либо сторону жизни человечества»** деген сөзін ескертіп, ой түйіндесек дейміз.

Құрметті оқырман, осынау бір мақалада біз орыс ойшылдарынан пікірлер алып, тілге тиек етсек, ол біздің білгіштігімізді, не көп оқығанымызды көрсету емес, тек қана Масанов мырзаға Сіздің алдыңыздағы ұлы адамдар мәңгүрт те, әлеуметтік-саяси қатерлі космополит болмаған дегенді ескерту ғана.

P.S. Бет қатталып жатқанда Н. Масанов Ғалымдар үйінде «Караван» газетінде көшіріліп басылған ИТАР-ТАСС агенттігіндегі сұхбатына орай баспасөз конференциясын өткізді. Онда ол бұдан біразырақ бұрын тілші И.Черепановпен әңгімелескенін, бірақ ол кезде аталғандай жайлар туралы әңгіме болмағанын айтты. Соған қарамай, Нұрболат тағы да қазіргі дау тудырып жатқан мәселелерден бұрын «қазақ халқын сынағанын, әлі де сынай беретінін» тілге тиек етті.

«Қазақ әдебиеті».
26 мамыр, 2000 жыл



Хасен Қожа-АХМЕТ,
композитор, өнертанушы

ӘМІРЕ НЕЛІКТЕН «ҚЫЗ ЖІБЕК» ОПЕРАСЫНА ҚАТЫСТЫРЫЛМАДЫ?

«Өз елінде ешкімнің пайғамбарлығы мойындалмайды» дегенге саятын кең таралған сөз бар. Оған қазақтың «Қолда өскен бұқаның тайынша аты қалмайды» деген мәтелінің мағынасы сәйкес келетін сияқты. Иә. Тарихта қаншама ғұлама ойшылдар, оқымыстылар, саясатшылар, өнер иелері өз елінде халқынан қолдау таппай, тірісінде бағаланбай өткеніне мысалдар жетіп артылады. Ал, «Өлгеннің жаманы жоқ, тірілердің жаманнан аманы жоқ» деген мақалмен қазақ халқы өз ұлттық болмысын, өз ортасынан шыққан дарын иелерін қалай бағалайтынын дәл білдірген-ау. Әдетте, біреу туралы сөз болғанда қазақтың: «Е-е, анау ма? Әй, соны қойшы!» – деп (егер одан пайда түсіремін деген дәмесі болмаған жағдайда) мұрын шүйіруі, сірә, сүйегіне біткен мінез шығар.

Мұндай мінез, әсіресе, өнер адамдары ортасында жиі кездесетіні туралы түрлі әңгімелер бар. Дегенмен, тірі кезінде-ақ өз еліндегі замандастары мен әріптестері де, шетел зиялы қауымы да дарынын сөзсіз мойындаған адам ретінде – қазақ әнін тұңғыш рет өзге мемлекеттерде шырқап ұлтымызды танытқан, халықтық өнерімізге бөтен жұрттарды да тәнті қылған қазақтың біртуар әншісі Әміре Қашаубайұлын атауға болар. Тегінде, адам өзге халықтың фольклорлық музыкалық шығармасын бір тыңдағаннан түсіне қалуы *(әсіресе, ол халықтардың географиялық орналасуына байланысты музыкалық жүйе, әуен иірімдері, поэтикалық шығармаларының құрылысы, сөйлеу тілдеріндегі екпін заңдары тым өзгеше болса)* қиын мәселе. Сондықтан, француз Ромен Роллан, Анри Барбюс, орыс зиялылары Луначарский т.б. өз жүрекжарды пікірлерін жалпы қазақ музыкасы жайында емес, тек Әміренің

дауысы туралы айтқанын көреміз. Әрине, Европадағы сол кездегі Э.Карузо, Б.Джилли, Ф.Шаляпиндердей дарындарды сан рет тыңдаған әлгі зиялыларды таңқалдыру оңай емес еді. Әйтсе де, Әмірені тыңдағаннан соң оның дауысын, орындау-шылық шеберлігін олар да сөзсіз мойындап **«Мен Әміредей әншіні сирек кездестірдім!»** (А.Барбюс), **«Мен Шығыста әншіні неге бұлбұл құсқа теңейтінін енді түсіндім»** (Р.Роллан) деген ғой. Ал, өз еліміздегі белгілі зиялы азаматтардың Әміренің өнері жайында айтқан ыстық лебіздері қаншама! Әміренің Париж, Майндағы-Франкфурт, Мәскеу қалаларындағы концерттеріне байланысты А.Жұбанов өзінің **«Замана бұлбұлдары»** атты кітабында: **«Әміренің аты тек Қазақстан емес, бүкіл Одаққа, бүкіл Европаға әйгілі болды. Әміре арқылы қазақтың әншілік өнері мемлекеттік шекараны сонау жиырмамыншы жылдардың ортасында-ақ аттап өтті, орыстың, батыстың ұлы мәдениет қайраткерлерінің ауыздарына түсті. Әміре – қазақтың қалай мақтаса да, қалай мақтанса да бола беретін, сия беретін асқан өнерпазы»** – дейді (Алматы, 1975 ж, 332-бет).

Әрине, Әмірені көрген, тыңдаған композитор, әрі өнер зерттеуші ғалым А.Жұбанов әнші туралы тарихи фактіні айттып отыр. Әйтсе де, оның әнші туралы бұл пікіріне, Әміре дауысын естімеген қазіргі жұрт: – **«Әміре анау дүниеге кетіп, енді, ешкімге бақталас бола алмайтындықтан, кейіннен жазылған, әдеттегі қазақи мақтау шығар?!»** – деуі мүмкін. Осыған орай, мынадай ой келеді. Кейбірде, атақ-даңқы шыққан өнер адамдары өзі оқыған оқу орнының мерейтойына бармай, бәлен ұстаздың шәкірті екенін айтуды ар санап **«Өзі болған қыз төркінін танымас»**-тың керін келтіретін жағдайларды да кездестіріп жүрміз ғой. Ал, Әміре ешқандай оқу орнында ешкімді оқытпаса да, оны көптеген замандас әншілер ұстаз тұтып, өздерін оның шәкірті санап мақтануы, әдетте бірімен-бірі бәсекеде болатын өнерпаздар мінезіндегі ерекше жай

емес пе?! Мысалы, белгілі әнші Жүсіпбек Елебеков: «Әміренің аты маған бала күнімнен таныс та ыстық еді. 1920 жылы атақты әншіні тұңғыш рет өз көзіммен көрдім. Әнін тыңдадым. Содан бастап Әмірені өзіме ұстаз тұтып, одан сабақ алдым. Оның әр жолы шырқау биігі зор, иірімі кең әндерді еркін айта беруі қайран қалдыратын. Әміренің даусы таза, ашық, биік еді. Әлі есімде, ол ашық далада концерт бергенде 7-8 шақырым жерде жүрген малшылар Әміренің даусын естіп, қайта жиналып келіп, қолқалап отырып ән салғызатын» – дейді Әміре күйтабағына 1974 жылы айтқан еске алуында. Ал, 1934 жылы құрылған Қазақстанның Музыкалық театрының директоры, қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібекте» Төлегенді орындаған Қанабек Байсейітов «Құштар көңіл» атты (Алматы, 1977 ж. 180-бет) кітабында: «Адамдар, әсіресе, өнер адамдары өз қатарластарын оңайлықпен мойындай қоймайды ғой; бірі мойындаса, бірі қыңырайып, бірауыздан жоғары баға бере салмайды. Ал, Әміре жөнінде ондай «ары тарт-бері тарттар» болған жоқ. Жақсы әншімін дегендер де, орташа әншілер де – бәрі Әмірені ұстаз тұтып, одан бұрын ән салуды әбестік санайтын. Оған әншінің жұмсақ мінезі де біршама себеп болған шығар, бірақ, негізгі себеп – Әміренің теңдессіз әнші екендігі. Ән оның стихиясы еді. Соншалық әндердің ішкі-сыртқы әдеміліктерін келтіріп, мән-мағынасын ап-айқын етіп айтқанда, «мына Әміре мұнша ақылдылықпен қалай айтып отыр өзі?!» деп таңқалуға болатын еді. Әншіде Әміредей, ақында Исадай талант енді туар деп өз басым сене қоймаймын», – дейді.

Қазақ театрының көнекөзі Серапы Қожамқұлов 1974 жылы Әміренің фонографтағы дауысы табылып, күйтабаққа шығарда айтқан естелігінде: «Талай әншілерді көп естіп жүрдік, бірақ, тап Әміредей әнді нақыштай, қуаныш, күйінішін жүрекке жеткізе айтатын әншіні кездестірген емеспін. Әміре алғаш рет «Еңлік-Кебектегі» Жапал рөлінде ойнады. Онда ол «Көк көбелек» әнін салатын еді. Спектакль біткен соң жұрт сұрап отырып, оған ән салғызатын. Әміре кей әндерді өзі өңдеп, жанынан жаңаша әуен, үн қосып, түрлендіріп жібергенде, сүйсіне тыңдаушы едік. Сол кезде жалпақ елге даңқы кеткен Әміренің мінез-құлқы, кішіпейілдігі, көпшіл-қарапайымдылығы өз алдына бөлекше еді. Әміре бір ренжуді білмейтін,

ақ көңіл еді. Әміре жол жүргенде де ойын-сауықтың қызығы, алтын қазығы сияқты көрінетін. Әміре – бәрімізге ұстаз еді» – десе, атақты актер Қапан Бадыров та өзінің «Өткендер мен өткелдер» кітабында (Алматы, 1974 ж. 183-бет): «Бүгінгі Қазақ Республикасының еңбегі сіңген әртістері мен халық әртістері бастаған тобының және лек-лек өсіп келе жатқан әртістер тобының ағасы болған Әміре Қашаубаев пен Иса Байзақовтың көркемөнерді өркендетудегі зор еңбегін халқымыз ұмытпайды», – деуінен Әмірені тек қана әншілер емес, театр артистерінің де өздеріне ұстаз санағанын көреміз. Шынында да, алғаш 1925 жылы құрылған Қазақтың Мемлекеттік театрының №1-ші бұйрығымен театр артистігіне ең бірінші болып Әміре Қашаубаев және Иса Байзақов қабылданған. Осы театр өнерпаздарының алғашқы легіндегі жасы үлкені Әміре болған. Иә, Әмірені тыңдау бақытына ие болып, әншінің өнеріне тәнті болған адамдардың жүрекжарды пікірлері көптеген мақалаларда, кітаптарда молынан жазылған. Бұл мақала мақсаты Әміренің әлдеқашан мойындалған әншілігін қайталап дәріптеуден өзге мәселелерге арналатындықтан ол пікірлердің күллісін қайталамай, жоғарыда келтірілген бірнеше мысалмен қазіргі оқырманға Әміренің әншілігінен мағлұмат беруді жеткілікті санадық.

Әміре Қашаубайұлы мен оның туыстарына қатысты әкем Кәрімжан Қожахметұлының естеліктерін, өз білетінімнің бірқатарын бұрын да жазған едім («*Әміре аға*» – «*Қазақ әдебиеті*» газеті, 23.08.1985 ж., «*Көне сурет, тың дерек*» – «*Парасат*» журналы, 2002 ж. № 11). Бірақ, байқар болсақ, Әміренің өміріне қатысты беймәлім, жұмбақ жайлар әлі де баршылық екен. Мысалы оның 1926 жылы Бакудегі «Түркологтар съезіне» іссапарға А.Байтұрсынов, Е.Омаров тағы басқалармен бірге жіберілуі, Сібірдегі Иркутск қаласына концертпен баруы туралы әлі зерттеле қоймаған. Тіпті, Әміренің қаза болуы жағдайы да әлі күнге дейін жұмбақ күйде. Жуырда қазақ музыкасында еуропалық үлгідегі опера, симфония сияқты ірі жанрлардың пайда болуы кезеңі жайында мақала жазу барысында «1934 жылы тұңғыш қазақ операсы «Қыз Жібек» жазылып, қойылымға дайындалған кездері Әміре тірі бола тұра, оның әншілік деңгейінің өзгелерден биіктігі жаппай мойындала тұра, неге оған Төлегеннің немесе Шегенің рөлі

берілмеген?» – деген сұрақ ойыма қайта оралды. «Қайта» деу себебім, осынау сауал бұрын, 1970-ші жылдары да туындаған. Бірақ, «**Әміре қайғылы жағдайға қонақтан үйіне қайтар жолда ұшыраған екен**», «**ауруханадан үйіне түнде кетіп қалған екен**» деген пікірлерді естігенмін. Сондықтан, ол кездері **Әміренің Парижде Мұстафа Шоқаймен кездескені жайын білмегендіктен, әнші туралы естелік жазған кейбір өнер қайраткерлерінің сөз сыңайлары сол жұмбаққа жауап сияқты болғандықтан, оны әрі өрбітуді ыңғайсыз санаған едім**. Мысалы, алғашқы қазақ операларын жазған композитор Е.Брусиловский (1905-1981 ж.) өмірінің соңғы бес жылында жазған «Естеліктерінде» («Жалын» журналы, 1994 ж.№1-2.) **Әміре туралы: «Ал, сол тенор дауысты әнші қайда? Соның өзі осы екені рас па? Париж бен Страсбургтің сахналарында жарық жұлдыздай жарқ етіп көрінген Әміре Қашаубаев сенің алдыңда тұрған. Көзі қанталап мөліген, денесіне тер сіңген, даусы қарлыққан, еңсесі пәс адам сол Әміре Қашаубаев па? Цивилизацияға жанаса кеткен Әміре арақ ішуге бой алдырыпты. Бірақ, ол белгісі жоқ, менің бөлмеме келіп тұр, тұла бойынан арақ иісі аңқиды. Әлі де болса маған бірдеңені дәлелдемек болады. Рояльға сүйеніп алып, сол баяғыша «Ардақты» шырқамақшы. Бірақ, алғашқы «әу» дегеннен-ақ даусы жетпей, сүрінеді. Оған қарамастан «Ардақ» деп ышқынады. Ентіккен демін алмастырып, әрі қарай созбақ болады. «Сен ақ қоян» деп даусы барлығы күбірлеп кетеді де, көзіне жас іркіледі. Көпе-көрнеу жылап тұр. Бірақ, бұл мастықтың әсерінен төгілген көз жасы емес еді. Есектің күші адал, еті арам. Қазір даусынан айрылған шағында оның кездесіп, бас қосар адамы да шамалы, оған көңіл бөліп жатқан ешкім жоқ, өзінің жалғызсырап қалғанына, елеусіз қалғанына қатты қамығады ол»... – деген жолдар бар. Брусиловский «Естеліктерін» архивтен алып, журналға жариялатушы Сапар Байжанов: «Әлбетте «Естеліктерде» қайсыбір оқиғалар мен адамдардың іс-әрекетін бағалауда даулы, тіпті жаңсақ қорытындылар да болуы әбден мүмкін» – дей тұра, оны қазақшаға аударғанда «мөліген» т.с.с. қышқыл сөздермен неге қоюлатқаны түсініксіз! *(Оданиша, Брусиловский «Естеліктерінің» орысша түпнұсқасының өзін жариялатқаны жөн еді.)***

Ал, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында Төлегенді орындаған Қанабек

Байсейітов те жоғарыда аталған кітабының 180-беттегі **Әміре туралы естелігінің жалғасында: «Әміре десе, оның жолынан қай қазақ дүниесін аяп қалушы еді? Ең саранының өзі әйтеуір бір сый көрсетіп қалуға тырысатын. Жалпы, халық оған сый көрсетуге таласатын, алғы-сын білдіруге асығатын. Аса жақсы көретіндігімізді аспен білдіріп әдеттенген елміз, Әміреге де сөйтетін: бірі қымызын, бірі арағын аямайтын. Ал, сыйлып тұрған жұрттың меселін қайтару Әміренің де әдеті емес-тін, соның арты барып кейде ауырлау жағдайларға соғушы еді. Одан ерте айырылып қалғандығымызға өзіміз де кінәліміз бе, кім біледі» – дейді. Әрине, мұндай «естеліктерді» оқыған жұрт «**Әміре ішкілікке салынып даусынан мүлде айрылғандықтан «Қыз Жібек» операсына қатыстырылмаған екен**» – деген қорытынды шығарары түсінікті. Тек Брусиловский оның «ішкілікке салынуы» себебін дала қазағының батыс цивилизациясына жанасуынан көрсе, ал, Қ.Байсейітов мұны халықтың **Әмірені тым қатты сыйлауынан көреді**.**

1888 жылы туылып, Абыралы-Дегелең өңірінен Семей қаласына 1900 жылы келген **Әміре қала «цивилизациясымен» 12 жасынан бастап-ақ таныс болған. 1918 жылы жасы отызға келген Ол Кеңес үкіметі орнамастан бұрын-ақ әйгілі әнші ретінде аты шыққан ғой. Әншінің жерлесі, жазушы Сапарғали Бегалин естелігінде: «Мен Семейде Әміремен танысқан кезімде, ол аты әйгілі әнші еді. Ол кезде ар жақ, бер жақ атанатын Семей қаласының той-думан, арал серуені Әміресіз өтпейтін. Әміренің сол кездегі өте мәнеріне келтіре айтатын әндері «Үш дос», «Ағаш аяқ», «Бесқарагер» болатын. Мен Әміренің осы әндерді айтқанын 1913 жылы аралдағы бас қосудағы бір мәжілісте тыңдап сүйсінген едім. Әміренің сондағы үні әлі күнге құлағымда күмбірлеп тұрғандай» – дейді. Сәбит Мұқанов та: «**Әміренің әншілігіне жүрген жерінің бәрі қызығып, ойын-тойына таласып шақырады. Біраздан кейін Әміренің атағы зорайып, маңайдағы қала-дала қолдан қолға түсірмейді. Абайдың өлуіне он жыл толуына байланысты, 1914 жылы Семей қаласындағы қазақ интеллигенциясы әдебиет кешін жасағанда Әміре ән айтып, жиынды тан қалдырады да, атағы көтеріледі**» – дейді «**Әмір мектебі**» атты кітабында. Семейден өзге де орыс қалаларын аралаған Әміренің, қажет етер болса, ондай «цивилизациямен» Батыс**

Еуропаға бармастан әлдеқайда бұрын танысуына мүмкіндігі болды емес пе?! Мысалы, 1925 жылы А.Затаевич Әміремен Орынбор қаласында танысып, содан Қызылордада (ел астанасы) өтетін Қазақстан Советтерінің V сиезіне екеуі де делегат болып пойызбен бірге келген екен. Ендеше, арағы Парижден де мол орыс қалаларында талай той-думандардағы қошеметтерден жас, жігіт кездерінде бұзылмаған Әміре неғып ұлғайған, 45-46 жасында ішкілікке салынбақ?! (*Қазақтың талай азаматтары XIX-ғасырдан Петербор, Мәскеу т.б. еуропалық қалаларға барып, оқу оқып «цивилизацияға жанасқаннан» арақ ішіп кетпеген ғой!*). Негізінде, мұндай жағдайға ұшырау қошеметке дандайсу, «семіргенді көтере алмаудан» болады емес пе? Әміреден көптеген әнді нотаға түсіріп, бірге жүрген А.Затаевич оның мінезі туралы «аса қарапайым жан» деп жазса, ал, Әміре 1925 жылдың маусымында Мәскеудің Үлкен театрында концертке қатысып, шілдеде Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық фестивалда ән шырқап жүлдемен оралғаннан кейін де мінезінің еш өзгермегенін Қалибек Қуанышбаевтың 1925 жылы желтоқсан айында әншімен алғаш кездескені жайлы естелігінен байқаймыз: «Қызылордаға келісімен Әміренің үйін іздедім. Біреуден біреу нұсқап, көрсетіп, әйтеуір таптым-ау. Келген бетімде есігін қағып едім, қысқа маңдай, үлкен ауыз, шашын тап-таза қып қырған, кіршіксіз таза киінген, тығынын алған шақшадай таңқиған, жап-жас түрі сарылау, бір инабатты жігіт есік ашты. Маған жақсылап тұрып сәлем берді. Түлкі тымақты шалқайта киіп, қара шапанды желбегей салып, ойда-жоқта есігінің алдында тұрған мені өзінен бес-алты жас кіші деп ойламаған сияқты. Амандасқаннан кейін: «Әміренің үйі осы ма?» – деп сұрадым. «Осы» дегесін үйге кіріп шешініп, жуынып жатқанымда, Әміренің өзі орамалды ұстап, күтіп тұрды. Жайланып болып, шайға отырғанымда, әйелімен амандасып, аз кідіріп: «Әміре ағай қайда?»-дедім. Ерлі-зайыпты екеуі біріне-бірі қарап күлді. Сол сәтте Иса (Байзақов) кіріп келді. Ол екеуіміз бұрыннан таныс болатынбыз. Аржағын Иса «жөндеп әкетті» – дейді. Тағы бір естелігінде Қ.Қуанышбаев: «Әміренің адамгершілігі аса зор еді. Барынша адал жүректі еді. Қаннен-қаперсіз, қалай болса солай жүретін. Дүние үшін қабақ шығып, бір тарықпайтын. Қоң етін кесіп беретін жомарт еді. «Біздің Әміре Атымтай-жомарт қой» деп күлуші едік. Кейде бір

нәрсеге үлкен ерні томпайып, балаша өкпелейтін. «Ой, сорлы Қашаубайдың баласы-ай!» – деп, бір саусағынды шошайтып қытықтасаң, күліп, ол өкпесін әп-сәтте ұмытып кететін»...– дейді.

Яғни, Әміренің өз даңқына мастанып, мадақты көтере алмай «бұзылуы» көңілге қонбаса, оны масаң кезінде кездестіріп, «Ардақ» әнін айта алмады екен деп әншіні даусынан мүлде айырылған деу де сенімсіз. Өйткені, аспаппен тексеріп, өз дауысына сәйкес тональдықты тауып алмай бастап кетсе, «Ардақ» сияқты бірден жоғары дыбыстан басталатын әнді «сау әнші» де айта алмай қалады емес пе?! Мұны, композитор ретінде Брусиловский біле тұра, неліктен олай жазғаны түсініксіз. Ал, «ішпейтін» әншіні өз басым кездестірмеппін. Бірақ, олар бүгін ішсе, ертесіне қайтадан әнін айтып жүрмеуші ме еді?! Тек қана әнші я басқа өнер адамы ғана емес, не бір мамандығы бар жұмысшылар, қызметкерлер де ішеді, ертесіне қызметіне барады ғой?!

Әміренің даусынан айрылмағанына дәлелді дәл осы «Естелігінде» Брусиловскийдің өзі де айтады: «Мен Шегеге (*операдағы кейінкер.- Х.Қ-А*) арнап, Әміреден оның айыққан сәттерінде бірнеше ән жазып алдым. Олардың ішінде «Көбелек» (*«Көк көбелек»* болар!-Х.Қ-А) және «Жапалақ» дейтін екі ән Шегенің партиясына тұрақты енді» – десе, тағы осы «Естеліктерінде»: «Қазақтың талантты жазушысы Сәбит Мұқанов, турасын айту керек, пәлендей музыкалық дарынды кісі деуге келмейді, сонда да болса ол халықтың бірнеше әнін орындап, әннің ең дәл нұсқасы осы деуі мүмкін, әйтсе де, одан гөрі әйгілі қазақ әншісі, халық әндерінің білгірі Әміре Қашаубаев айтқан нұсқаға жүгінген мақұл. Ересен музыкалық дарынды, кең диапазонды әнші өзінің вокалдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халық әндерін еркін, кең көсіле, асқақтата шырқайтын еді. Айталық, Сәбит Мұқанов әнді орындағанда өзінің от басынан ұзай қоймайтын даусына икемдеп, өзі де байқамай, әнді тым келте қайырып, қарабайырландырып жіберетін болса, Әміре Қашаубаевтың әні айнала төңіректегі он шақырымдай жерге жетіп жатушы еді», – дейді! Ендеше, Брусиловский «Естелігінің» қай тұсы ақиқат?! Егер, Брусиловский Әмірені көп жылдан бері білетін адам болса «Бұл пікірін Әмірені даусы жойылмаған кезінде тыңдап, жазған ғой» дер едік. Бірақ, Брусиловский Қазақстанға тек 1933 жылдың жазына қарай келіп, Әміре қаза боларға шейін оны

бар-жоғы бір жыл ғана көрген ғой. Тіпті, ол Әміре даусын Қазақстанға келе сала 1933 жылы естіген десек, келесі, 1934 жылы әнші «Қыз Жібек» операсына қатысуға жарамастай болып, даусынан айрылғаны ма?! Қ.Байсейітов кітабында (100-бет): «Әлі опера дайын емес, бірақ, ойнайтын артистер дайынбыз, мен Төлеген екенімді, Күләш Жібек болатынын, Құрманбек Бекежан болатынын біліп алғамыз, сондықтан, ән тандағанда өз дауысымызға лайық жағын да ұмытпаймыз. Брусиловский Әміреден төрт-бес ән алды, тіпті, «Затаевичтің жинағында бар әндердің де бір-екеуінің айтылуы өзгешелеу екен» деп қайта жазды. «Қос барабан», «Аққұм», «Көк көбелек», «Жиырма бес» тағы бірер әндер сол Әміренің айтуынан алынған»-деуіне қарағанда, Әмірені «Қыз Жібекке» қатыстырмау опера жазу басталмастан бұрын-ақ шешіліп қойылғанын, бірақ, оның операның жазылуына белсене көмектескенін, дауысы еш жойылмағанын, операға қажет бірнеше әнді Брусиловскийге орындап беріп, нотаға жаздырғанын айқын біле аламыз. Дәл осы «Қыз Жібек» операсының репетициясы жүріп жатқан (*премьерасына бір жарым айдай мезгіл қалған*) кездегі болған мынадай жағдайды А.Жұбановтың Әміре туралы мақаласынан келтірелік: «1934 жылдың сентябрь айында Қазақстан Халық ағарту Комиссариатының үйінде көптеген өнерпаздар бас қосқан үлкен мәжіліс болды. Оған әншілерден: Әміре Қашаубаев, Темірболат Арғынбаев, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Биби Сәрсенбаева тағы басқалары келді. Мәжіліс алдағы 1935 жылда Алматыға келетін граммофон пластинкаларына ән-күй түсіретін бригаданың жұмысына дайындық, музыкалық номерлерді, орындаушыларды саралап алудың басына арналған болатын.

Әнді сазбен, асықпай, қоңырлатып айтатын, баритон дауысты Темірболат, салған жерден қырандай аспандап, шырқап кететін Қуан, әр нотасынан сахараның кең тынысы сахнаға ере келіп тұрған Манарбек, әнді еркелетіп, үлдетіп, лебізімен жыланды іннен шығаратын Жүсіпбек, даусының жоғарысы әйелдің сопраносының «бақшасына кіріп кететін» Ғарифолла, жүрекке жылы тиетін, жұмсақ меццо-сопрано Биби – бәрі де, бәйгеге түсетін болғансын, бірінен бірі оздырамын деп, бар шеберліктерін салып, не бір сүбелі әндерді комиссияның алды-

на табақтай тартып жатыр. Октябрьдің арқасында еркіндік алған елдің ән шеберлерінің дауыстары да еркіндеп, сонау Алатаудың басынан асып кеткендей болып жатыр.

Ең артынан бір бұрышта бүкшініп қана, жұпыны киімде отырған Әміре басын көтерді. Аздап сырқаттанып жүрген кезі болатын. Сондықтан, біреулер оны келмес деп, енді, біреулер келгенімен жәй басқаларды тыңдап, ән айта қоймас деп отырған. Бірінші қараған кісіге сырт түрі қораш көрінетін шын жүйріктей, айқай шыққаннан кейін Әміре лезде басын көтеріп, бет-аузына жаңа бір өң еніп, қысқа мойынды, өзінен басқа кісі құлақ күйін түсіріп тарта алмайтын қара домбырасын дыбысын қатты шығармай бірекі тықылдатып бұрады да, әншейіндегі мойны жуандап, алқымы кебіңкіреп, екі ұрты бір томпайып, бір қусырылып, алдыңғы отырысынан тікейіңкіреп алды да айқайға басты. «Ағашаяқ», «Үш дос», «Екі жирен», алдында Манарбек айтқан «Смет» тағы басқа әндер кетті. 7-8 әнді бірінің артынан бірін тастап жібергенде, отырғандар біріне бірі қарап, бір сәт пауза болды. Алдыңғы әншілер де бастарын шұлғып: «О, сорлы-ай, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген екен ғой» десіп, рахаттанғандықтарын білдірді. Әміренің әні Наркомпростың аласа төбелі кабинетін көтеріп тастай жаздады. «Әміренің дауысы қалды, енді бізбен таласа алмайды» деп, әншілердің кейбіріне тән әңгүдіктеніп, барын ортаға салып: «қырдым» деп отырғандар, бүгінгі Әміренің әніне тең келе алмағандарын сезсе де, сыр бермегенсіп, жасанды күлкіге салып, басқалармен бірге мақтау хорына қосылып жатты. Өзінің адресіне деген осындай өсектің барын білетін Әміре, соңғы әнінің аяғында маңайдан аққан терімен бірге, жұртқа білдірмей ғана көзінен шыққан ызалы жастың моншақ тамшыларын да сүртті де, ар жағындағы оқиғаның не болатындығында жұмысы болмай, кабинеттен жылдам басып шығып кетті. Әміренің бұдан кейін сахнада ән салмағанын көрген біздер үшін осы бір күн халқы сүйген, қазақтың ән абыройын Сена мен Майн (*Франция мен Германиядағы өзендер. Х.Қ-А.*) өзендерінің ағысымен жалғастырып дүниеге әйгі еткен, өзіне тиісті құрметті өнер атақтарын ұсақ өтірік-өсек үшін ала алмай кеткен ардақты әншісінің «бой жасағаны» сияқты болып көрінді» – дейді А.Жұбанов (*«Замана бұлбұлдары»*)

кітабы, 346-347-беттер). Мақаласының соңында ол Әмірені 1933 жылдың күзінде жеке кездесіп тыңдағанын айтып: «Мен онда да Әміренің дауысынан тоқырауды таппадым» – деп, оның әншілігіне ұзақ тоқталып, аса жоғары баға береді де, Әміренің «әсіресе, басқада жоқ, өз алдына бір музыкалық «әңгіме» болып жататын домбырадағы сүйемелі» туралы, қазір де еш зерттелмеген ерекше мәселені қозғап өтеді. Әміре туралы көптеген зерттеулер жасап, жүздеген адамдардан деректер жинап, төрт кітап шығарған өнер зерттеуші Жарқын Шәкерім де «Әміренің дауысы өмірінің соңына дейін еш жойылмаған» деген қорытынды жасап: «Оның көз жұмғанға дейінгі бар қызығы да, қуанышы да саф алтындай мұқалмаған дауысы, айтқан әндері болды» – дейді «Әміре Қашаубаев» атты кітабында (Алматы, «Арда», 2006 ж., 157-бет).

Кеңес үкіметі кезінде жарық көрген мақала, кітаптардың өзінен-ақ, Әміре өмірінің соңғы кезеңі жайында екі түрлі «естеліктерді» кездестіруге болатын. Байқасақ өзге адамдардың пікірлері бір жақ та, «Қыз Жібек» операсының авторы Е.Брусиловский мен опера премьерасы кезінде Музыкалық театр директоры болған Қ.Байсейітов қана «сол жылдары Әміренің дауысы кеткен, өзі ішкілікке салынған» деген пікір айтады. Тұңғыш қазақ операсының қойылуы тарихи маңызды оқиға, ол туралы талай мақалалар жазылып, зерттеулер жүргізіледі, күндердің күні «Қазақтың бірінші операсына, бірінші әншісі Әміре неге қатыстырылмаған?!» деген сауал туары хақ. Сондықтан, тұңғыш опера мәселесіне тікелей жауапты екі адамның Әміре туралы әлгіндей «естеліктері» ондай сауалға алдын ала жауабын дайын етіп қою үшін арнайы тапсырыспен істелінген жұмысқа ұқсайды. Ендеше, кейіннен есімдері елге танылған осы өнер қайраткерлерін мәселені басқаша айтуға итермелеген кімдер? Музыкалық спектакльдер мен операға ән дүлдүлі Әмірені шақырмай, өзі «Құштар көңі» кітабында жазғандай, әнші болуға ықыласы жоқ Қанабек Байсейітовті қолқалуға нарком Темірбек Жүргеновті мәжбүр еткен не?! Бұл жұмбақтың сыры тек соңғы жылдары, Әміренің 1925 жылы Парижде қазақ ұлтшылы Мұстафа Шоқаймен кездескені, сол үшін әншіні өмірінің соңына дейін тоталитарлық Кеңес үкіметі мекемелері қудалауға ұшыратқаны туралы деректер ашылғанда ғана түсінікті болды. Бұл туралы Жарқын Шәкерімов:

«Ұлт театрының шаңырағын бірге көтеріскен Социалистік Еңбек Ері, халық әртісі Сералы Қожамқұлов 1974 жылы маған айтқан естелігінде: «Бүкіл халық қошеметіне бөленіп, атағы жер жүзіне кеткен Әміре Парижден өте көңілді де шатты оралды. Арада бір-екі ай өтпей жатып бір күні бет әлпеті көгерген, көзі ісінген күйі жұмысқа келді. Не болғанын сұрадық. Ол «сұрамандар, мен айтпаймын» деді. Оның осы көрінісі арасына айлар салып, қайталанып жүрді. 1929 жылы ұлт театры Алматыға көшті. Мұнда келген соң да Әміреде сол күй үзілген жоқ. Ұмытпасам, 1931 жылдың көктемі еді. Бір ойын-сауықтан соң Иса, Әміре үшеуіміз айлы түннің аспанында үйді-үйімізге бірге тарастық. Сонда, Әміре: «Мына пәлелердің менде не ақысы бар екенін білмеймін, түн жамылғысында қара киінген екеу үйден әкетіп, таң сәріге дейін ұстап қоя береді. Сондағы сұрайтыны «Мұстапа не деді?» дейді. «Айтқан әнімді тындап, көзіне жас алып елге сағынышын білдіргеннен басқа естіген ештеңем жоқ» десем, сенбейді. Сенген былай тұрсын, бірі ұстап тұрып, екіншісі қол жұмсап, көгала қойдай етеді» деп көзіне жас алып, қиналып жүргенін жайып салды. Бәрінен де сорақысы «осынымызды бір адамға айтушы болсаң, отбасына зияны тиеді» деп әбден қорқытатынын айтып еңкілдегені естен кетер ме. Қайран Әміренің сол сөзі әлі құлағымда» деген еді. Осыны Сераған «ішінде жүрсін» дегендей құлағыма сыбырлаған болатын. Ол кезде бұл туралы айту, жазу мүмкін емес-ті. Енді ойласам, Әміре жайлы шындық кейінгілер есінде жүрсін дегені екен» – дейді Жарқын «Әміре Қашаубайұлы» кітабында (82-бет). Жарқын осы сырды ішінде берік сақтағаны рас. Ол екеуіміз 1970 жылдан таныс болып, менің Әміренің туысы екенімді білсе де, Қазақ теледидарында бір бөлімде істеп, 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне бірге қатыссақ та, маған айтпаған еді. Сірә, бұл деректі жария етіп жібереді деп ойлаған болар. Шынында да, ол жылдары мен отаршыл үкіметтің саясатын әшкерелеп мақалалар жазып, астыртын таратып жүргендіктен Әміре мен Мұстафа туралы деректі де пайдаланар едім. Бірақ қолда нақты архивтік дәлел болмағандықтан бұл да «үкіметке қасақана жала жабу» болып есептелер еді. Ал, тәуелсіздік жарияланғаннан кейін, кеше отаршылдарға құрақ ұшып қызмет қылып, ұрты майдан арылмағандардың өзін «Кеңес үкіметінен теперіш көрген,

жатса-тұрса тәуелсіздікті аңсаған еді» деп бұқаралық ақпарат құралдарынан түсірмеу үрдіске айналды ғой. Сондықтан, көзіммен көрмесем, құлаққа сенбейтін әдетпен, Жарқын С. Қожамқұлов айтқанын 1998 жылы «Абай» журналында баян еткенімен, Әмірені саяси қудаланғандар қатарына қосуға асықпаған едім. Енді, Әмірені Мұстафамен кездескені үшін үкімет 1925 жылы Парижден оралғаннан бастаған аңду, қудалауын оны 1934 жылы қазаға ұшыратқанша тоқтатпағанына ГПУ архивінен нақты құжаттар табылып отыр. 2007 жылдың сәуір айында қолыма түскен құжаттың бірі – ОГПУ тергеушісінің сұрағына Елдос Омаровтың: «В феврале 1926 года я, Омаров, был командирован КазНаркомпросом в качестве представителя от Казахстана на Тюркологический съезд в Баку. Одновременно со мной были командированы Сулеев Билал, Байсеитов Газиз и Байтурсунов Ахмет. Ездил по персональному приглашению и Амре Кашаубаев, как казахский национальный певец. В пути следования в Баку Кашаубаев рассказывал о поездке его в Париж, кажется, летом 1925 г. на Художественную выставку. По словам Кашаубаева, в Париже он встречался казахским эмигрантом Мұстафа Шокаевым. При присутствии Байтурсунова, Сулеева, Байсеитова Кашаубаев сказал, что Шокаев разыскал его, водил к себе на квартиру. Жил Шокаев хорошо, говорил, что скучает о Казахстане» – деген 16.10.1927 жылы берген жауабының хаттамасы. Екіншісі, ОГПУ тергеушісінің сұрағына Ахмет Байтұрсынұлының: «Относительно Шокаева я знаю, только, что он находился в Париже. Кажется в 1924 году на Выставку произведений искусства ездил казахский певец Амре Кашаубаев, который по возвращении оттуда рассказывал, что видел Шокаева. При каких условиях он рассказывал мне об этом, не помню» – деген жауабының 18.06.1929 жылы толтырылған хаттамасы. Әміре арқылы Мұстафаның елге сәлем айтқанын сылтау етіп, 1920-шы жылдардың соңында Кеңес үкіметі қазақ зиялыларын репрессиялауға ұйғарғандықтан дәл осындай сауалдар мен жауаптар (*Әміре мен Мұстафаға байланысты*) сол жылдары тергеуге алынған М. Дулатовтың, өзге де азаматтардың «Қылмыстық іс» томдарында болуы мүмкін...

Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен осы екі құжат табылғаннан кейін Әміренің 1925-1934 жылдар аралығындағы өміріне байланысты көкейдегі

сан сауал шешімін тапқандай болып, осы мақаланы жазуды бастағанымда Жарқын Шәкерім өзінің жаңа шыққан «Әміре Кашаубайұлы» деген кітабын маған сыйлады. Ол кітаптың 83-88 беттерінде ҰҚК-нің зейнеттегі полковнигі Әмірхан Бәкірұлының осы мекеме архивіндегі құжаттар негізінде жазған, «Егемен Қазақстан» газетінің 28.04.2004 ж., 27.04.2005 ж. сандарында жарық көрген мақалаларының Әміреге қатысты тұстарын келтіріпті. Онда мынадай құжаттар бар екен:

Шұғыл ақпарат

Ұлттық қазақ әншісі Әміре Кашаубаев Парижден келіп, губерниялық «Қазақ тілі» газетінің редакциясына кіріп, Париж сапары туралы айтып берді. Сонда эмигрант Шоқаевты (көрнекті алшордашы) көргенін айтты. Соңғысы, Кашаубаев сөзіне қарағанда, Қырғызстан (Қазақстан - Ә.Б.) өміріне қатысты қызығып, ол жайлы жан-жақты сұрастырған. Сөзінің арасында оған (Шоқаевқа) біздің Тұрақты уәкіл Красиннің КСРО-ға оралуға ұсыныс жасағанын, бірақ өзінің репрессиядан қорқып, бас тартқанын айтқан.

Кашаубаевта Шоқаевтың фотосуреті бар. Кашаубаев әкелген театр газеті Шоқаевтың аудармасы туралы рецензия жариялапты.

Әңгімеге қатысушылардың бірі Шоқаев жайында білуге қатты құмартып, Кашаубаевқа оның іс-әрекеттері мен көзқарастары хақында сұрақтар қойған. Кашаубаев жауаптан жалтарып, шын мәнінде онымен бұлар туралы әңгімелескен жоқпын, сондықтан білмеймін деген...

№2 Меморандум

Эмигрант Мұстафа Шоқаевты арнайы талдау.

1925 жылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша.

Тамыз айындағы №1 Меморандумға қосымша, Семей губерниялық органының агентуралық мәліметтері бойынша, әнші Әміре Кашаубаев Семейдегі («Қазақ тілі») газетінің редакциясына кіріп, редакцияның хатшысы Смағұловқа, қызметкері Дөнентаевқа және басқаларға өзінің Парижге барған сапары және онда көрнекті эмигрант Мұстафа Шоқаевпен кездескені туралы айтқан... (*Бұдан әрі жоғарыда келтірілген Шұғыл ақпараттағы мәліметтер келтіріледі - Ә.Б.*). Қозыбағаров пен Белгібаевтардың сол мәліметтері бойынша, Парижден оралған Кашаубаев онда Мұстафа Шоқаевты көргенін айтқан. Соңғысы жуырда Берлин-

нен келген. Қазіргі таңда түрлі баспасөз органдарында қызмет істейді. Отанға оралуға үлкен ықыласы бар, бірақ қуғын-сүргіннен қауіптенеді. Қашаубаев Белгібаевқа Шокаев пен өзінің Парижде түскен суретін көрсеткен...

ОГПУ бастығы Каширинге арыз.

«Бүгін, яғни, 1927 ж. 14 мамыр күні сіздің уәкілдеріңіз біздің (Әміренің – Х.Қ.-А.) үйге тінту жүргізді. Тінту кезінде Иса Байзақовтың екі поэмасы (өлеңдері) алынды. Неге алғаны бізге мүлде белгісіз. Осы баяндалған жағдайға байланысты тінту кезінде алынған поэмаларды қайтару жөнінде нұсқау беруіңізді сұраймыз және не себепті тінту жүргізілгенін хабардар етсеңіздер.

Қол қойғандар: Байзақов пен Қашаубаев.»

Әміре Қашаубаевтың ОГПУ мекемесінде тергеушілерге

1927 ж. 6-маусым күні берген жауабының хаттамасы (үзінді).

«...1925 жылы маусым немесе шілде айының бірінде мен барлық ұлттық республикалардан жиналған 14 актермен бірге Парижге бардым. Барған бойда «Дария» отеліне орналастым. Екінші күні қонақ үйге Мұстафа Шоқай келіп, менімен әңгімелесті. Ол Қазақстанда болып жатқан жағдайларды сұрады. Арасында: «Үкімет басында кімдер тұр? Қазақтар бар ма?» деген сауалдар да қойды. Мен «бар» деп жауап бердім. Бірақ, олардың кімдер екенін айтқаным жоқ, ол да менен сұраған жоқ. Сонан соң, ол менің білімімді сұрады. Мен оған «ешқандай білімім жоқ» дедім. Әңгіме үстінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайларын және немен айналысып жүргендерін сұрады. Мен: «Байтұрсынов Қызылордада мұғалім, ал, Дулатов әдебиетпен айналысып жүр» дедім. Мұстафа өзінің Сұлутөбеде туып-өскенін және сол жердегі туыстарынан хат алып тұратынын, сондай-ақ Кеңес Одағына барғысы келетінін айтты. Кеңес Одағының елшісі Красин оған елге қайтуды ұсынған екен. Бірақ, ол жолға көп қаражат керек екендігін және өзіне қауіпті болатынын ескертті. Тағы бір жолы Мұстафа Шоқай мейманханаға келіп, актерлердің бәрін ресторанға қонаққа шақырды. Бірақ, актерлер әр түрлі себептерді сылтау етіп, ресторанға тек мен ғана бардым. Ресторанға барған соң ол екі саптаяқ сыра сатып алды. Екеуміз небәрі он бес минуттай бірге болып тарадық. Кетерінде ол Ахмет

Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем айта бар деп өтініш білдірді. Сөйтіп, өз қолымен менің қойын кітапшама олардың аты-жөндерін қазақшалап жазып берді.

Парижден Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафа Шоқайдың жолдаған сәлемін жеткіздім. Екеуі де оның шетелдегі хал-жағдайын, өмір сүруге қаражатты қайдан алып жүргенін сұрады. Мен Мұстафа Шоқайдың Париждегі француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым. Бірақ оларға Мұстафаның хатын көрсеткен жоқпын, ұмытып кетіппін. Кейіннен кітапша із-түссіз жоғалып кетті, іздеп таба алмадым. Бұл хатпен бұрын Қызылорда қаласында «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкерлері Ахмет Елшібаев (Әміреге туыс, менің әкем Кәрімжанның немере ағасы – Х.Қ.-А.) пен оның екі жолдасы танысқан. Соңғы екеуінің аты-жөндерін білмеймін...»

Қолхат

Мен, төменде қол қояушы азамат Әміре Қашаубаев, Қазақстандағы Біріккен Бас саяси басқарманың өкілетті өкіліне жауапта көрсетілген мәліметтерді, өзімнің Парижде болғанымды, Мұстафа Шоқаймен кездесуімді, оның Байтұрсыновпен және Дулатовпен байланысы бар екенін құпия сақтайтынын айттым, оған Байтұрсынов қызмет істеп, Дулатов әдебиетпен айналысып жүр дедім. Мұстафа Шоқай өзінің Сұлутөбеде туып-өскенін, сол жердегі туыстарымен хат алысып тұратынын айтты. Сонымен қатар, бұл жөнінде ешқандай жағдайда да ешкімге айтпаймын. Егер бұл қол қойған шартты бұзатын болсам, қылмыстық кодекстің баптарымен қылмыстық жазаға тартылатыным ескертілді.

Осыны растап қол қоямын.

Қашаубаев, 5.VI.1927 ж.

Осы құжаттардың әрқайсына түсініктемелер бере отырып, полковник Ә.Бәкірұлы мақаласында: «Осылайша, қанша ант-су ішсе де қауіпсіздік органдары Әміре Қашаубаевқа оншалықты сене қоймаған. Сондықтан, оны аңдуды одан әрі жалғастыра түскен...

Не дегенде де, жазалаушы топ Қазақстандағы қайдағы бір қиялдан туғызған ұлтшыл-буржуазиялық ұйым мен Мұстафа Шоқай байланысты Әміре арқылы жүргізіп отырған деген болжамы осы тергеу материалдарынан айдан

анық аңғарылады. Архивтік деректерге қарағанда, Әміре Қашаубаев Алашорда ұйымының мүшесі ретінде Иса Байзақовпен және Мұхтар Әуезовпен бірге бір тергеу ісінен өтеді. Тергеу көбінесе түнгі мезгілде алынған және әр жолы олар 3-4 сағатқа дейін созылып, жауапқа тартылғандар түн жарымынан ауа қайтарылған. Бір тәуірі, аталмыш тұлғалар жауап алу кездерінде қаншама қысым мен қиянат көргендерімен, өздеріне жағылған жаланы мойындамапты. Дегенмен, осы үшеудің ішінде әйгілі әншінің шеккен зардабы бізге басым көрінеді. Себебі жоғарыдағыдай тергеулерден кейін ол үлкен сахнаға көп жіберіле бермейді. Шын мәнінде Әміре өз қызметінен шеттетіліп, қоғам өмірінен тыс қала бастайды. Бұл – бір. Екіншіден, ұзақ уақыт бойы ОГПУ органдарының бақылауында жүруі замандастары арасында оны сол қауіпсіздік қызметімен байланысы бар деген күдік туындауына бірден-бір себепші болады. Сөйтіп, қайран әнші екі жақтан күйеді. Ақиқатын айтсақ, Әміре ешқашан ГПУ-ға қызмет жасайтын жансыз болған жоқ еді. Парижде Мұстафа Шоқаймен бір рет кездесемін деп, соншалықты зобаланды бастан кешкен ол 1934 жылы аяқ астынан, жұмбақ жағдайда бақилыққа озып жүре береді. Бар-жоғы бір сапардың барысындағы кездесуден туған дүрбелең осындай болатын...

Әмірені «Орта Азия және Қазақстандағы ұлтшыл ұйымдардың тапсырмасымен шетелдегі Мұстафа Шоқаймен байланыс жасады» деп айыптаған. Сол себепті Әміре Қашаубаевтің кімдермен кездесіп, оларға қандай әңгімелер айтып жүргенін, яғни жүріс-тұрысын тұрақты түрде бақылауға алған. Оған дәлел – ОГПУ құжаттары» – деп жазып, Ө.Бәкірұлы мынадай да құжатты келтіреді:

Меморандум ВО ПП ОГПУ Казахстана

«За Кашаубаевым установить наблюдение, с целью выявления его связей, а также не привез ли он кому-нибудь переписку от М.Чокаева и не передал ли от него более серьезные сведения или задания».

Осылайша, 1925 жылдан «қауіпті саяси қылмыскер» саналып тергеу, қудалануда жүрген Әміренің, Қазақстан тарихындағы маңызды мәселе – тұңғыш ұлттық операға қатысуына жол берілмейтіні түсінікті ғой. Міне, Қ.Байсейітов жазғандай «Әмірені қазақтың тым қатты сыйлап бұзып алғанын» ОГПУ құжаттары осылай

дәлелдейді. Бірақ, қысастық үкіметтің қаһарлы мекемесінен жасалғанын жасыру мақсатында, кінәні әншінің өзіне арту үшін Әміренің дауысын жоғалтқаны туралы «ресми өтірік» ойлап шығарылып, осы жалғандық жалғаса беру үшін, көп жыл өте тұра, операға ең жауапты адамдарға «естелік» жазу тапсырылған сияқты. Дегенмен, «Естеліктерін» жазған Е.Брусиловский оны жариялатпай, архивке тастап, өзі Мәскеуге көшіп кеткен (Қ.Байсейітовтің «Құштар көңіл» аталатын, оның айтуы бойынша Бексұлтан Нұржескеев жазған кітабы 1977 жылы шыққан). Ал, А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» кітабында (Алматы-1975 ж.) Әміре дауысының еш жойылмағаны туралы шындықты жазуы себебі, әншінің оған 1933 жылы жолығып, екі қызын музыкаға оқытуын аманат етуінен, сондай-ақ, А.Жұбанов ағасы Құдайбергенді 1937 жылы атқан, өзін де 1948 жылдары қудалаған үкімет әділетсіздігін Әміре жайында таратылған жалғандықты жоққа шығару арқылы әшкерелемек болған сияқты. 1925 жылы Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық фестивальда екінші жүлдені алып (бірінші жүлде өзбек бишісі Фатимаға берілгендіктен, шын мәнінде әншілер ішінен бірінші жүлдені Әміре алды), сол қалада 11 концертке қатысып елге оралған Әміренің «цивилизацияны» көріп бұзылмағаны, даусынан айырылмағанына, оның 1927 жылы Майндағы-Франкфурт қаласында концерттер бергені де дәлел. Егер, Парижде Мұстафамен жолыққан «қылмысына» байланысты Әміре 1926 жылы Лондон шақыруына (бұл үшін КСРО-ға қажет валюта түсетініне қарамастан) жіберілмесе, ал, 1927 жылы оның Германияға концертпен баруына рұқсат етілуінің себебі ОГПУ-дің «ұлтшыл-буржуазияшылдармен күрес бөлімі» Әміренің шетелден Қазақстандағы ұлтшылдарды әшкерелейтіндей тағы қандай «сәлемдер» әкелетінін байқамақ болуынан да шығар.

Бір түсініксізі, М.Шоқайдың өзі Франциядағы КСРО елшісі Красиннің елге оралу жайындағы ұсынысын репрессиядан қауіптеніп қабылдамай отырып, КСРО-дағы саяси ахуалды өзі біле тұра, Әміреге екі рет келіп, оны қонаққа ертіп әкетуі және А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтарға хат жазуы, сөйтіп оларға «шетелмен байланысы бар» деген ОГПУ күдігін туғызуы... Ал, осы аталынған «Ұлтшыл-буржуазияшылдармен күрес бөлімі», жазалаушы мекеменің ГПУ аты КГБ деп өзгертілгенде де сақталып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне байланысты да

«табысты» жұмыстар жүргізген. Әмірені, өзге де қазақтың арыстарын қуғындап, жазалаған осы бөлімнің қызметкерлерінің тірілері қазір «Құрметті зейнеткерлер» болса, ал, осы «бөлімді» Желтоқсан көтерілісі кезеңінде басқарған, 1989 жылы көктемде бостандыққа шыққанымда мені де шақырып алып: «Егер, КГБ-ға көмектеспесең қайтадан түрмеге жібереміз» – деп қоканлоқы жасаған Тоқтархан Нұрахметов Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін көп жыл КГБ институтын басқарды, одан соң Қазақстан Парламентінің депутаты болды!..

Әміренің Парижде М.Шокаймен кездесуі туралы С.Мұқанов өзінің «Әмір мектебі» кітабында былай депті: «1926 жылы (дұрысы 1925 ж.-Х.Қ-А.) Әміре Парижға барғанда, революция жылдары сонда қашып барған алашордашыл Мұстафа Шоқайев мейманхана-сына іздеп барып жолығады. Саясаттан хабары жоқ Әміре дүниеде бұндай кісі барын білмейді екен, сондықтан, Мұстафа Шоқайев өзін таныстырып:

– Мені естіген боларсың? – десе, Әміре шынын айтып:

– Естіген жоқпын, – депті.

– О, қалай?! – депті Мұстафа, – әлде мені атамайтын болғаны ма жұрттың?

– Сені атаған кісіні көрген жоқпын, – депті Әміре.

– О қалай болғаны?! – депті Мұстафа, – большевиктер мені ататпайтын болғаны ғой, тегі?

– Білгілікті кісі болсаң неге атамасын, ешкім білмейтін біреу шығарсың, – депті Әміре.

– Неге білмейді?... – деп Мұстафа революцияға, Совет үкіметіне қарсы болған қылықтарын айта бастағанда:

– Әй, доғар, әр қарай сөзінді! – депті Әміре жекіріп, – Бет-аузың құрт тескен жапырақтай боп (Мұстафа қалың бұжырлы, кескінсіз, арық, талдырмаи денелі қара кісі болса керек), ілбиіп өлейін деп жүріп, өзің соқтыққыш біреу екенсің ғой. Не әкеңнің құны бар еді, әлінді білмей Совет үкіметімен жүлқысатын? Енді, жұртта қалған күшіктей ұлы да жүр!..

– Ә-э, солай болған екен ғой! – Мұстафа жылап шығып кетіпті.

Осы сөзді айтып келген Әміренің өзі. Соны тыңдап отырып, турасын айтатын Сәкеннің Әміреге: «Апырай, сенен де бір ақылды сөз шыққан екен», – дегені бар. Парижде жарты ай жатқан Әміренің есінде бұл ғажап қаланың ғажап сипаттарынан ештеңе де қалмаған. Бар есте

тұтқаны – жалғыз Мұстафа Шоқайев – делінген екен (С.Мұқанов. Таңдамалы шығармалар. 11-том, «Әмір мектебі», 115-116 бет, Алматы, 1977 ж.). Егер, Әміре мен М.Шокай арасында әңгіме С.Мұқанов кітабында баяндағандай болса, мұны қудалаудан құтылу үшін Әміре ОГПУ қызметкерлеріне жазып берер еді ғой. Ал, ілгеріде келтірілген ОГПУ құжаттары және Әміренің А.Байтұрсыновқа, Е.Омаровқа М.Шокай жайында айтқаны С.Мұқанов жазуымен мүлде сәйкес келмейтінін көреміз. С.Мұқанов мұны үкімет Әмірені қудалауын қойсын деген оймен жазған болар деуге, кітап Әміре қайтыс болған соң ширек ғасырдан кейін жазылған. Сондықтан, Әмірені тілге тиек еткен С.Мұқанов 1960-жылдардың басында жазған бұл кітабында өзінің саяси қарсыласы М.Шокайды (ол 1941 жылы қайтыс болсадағы) «мұқату» арқылы Кеңес үкіметімен өзінің бір көзқараста екендігін және бір дәлелдемек ниет көздеген сияқты.

Архивтен алынған ОГПУ құжаттары Әміренің «Қыз Жібек» операсына қатыстырылмауынан өзге де оның өміріндегі, мінезіндегі көп мәселенің себептерін түсінікті қылады. Мысалы, Әмірені жұрттың «ішкіш» деуінің екі түрлі себебі болуы мүмкін. ОГПУ-дің Шұғыл ақпаратында мәлімделгендей, Әмірені аңду, қудалау 1925 жылдың тамызынан-ақ басталған. Мұны Парижден келгеннен соң көп ұзамай-ақ Әміренің бетінен жарақат көрген С.Қожамқұлов сөзі де растайды. Түні бойы ұйықтатпай тергеуден, ұрып-соққаннан есеңгіреген, беті жараланған адам мас сияқты көрінбеуші ме еді?! ОГПУ тергеуінде болдым деп айтсаң бала-шағанды қырамыз деп қорқытқандықтан айтпауға қолхат берген Әміре, таяқ аса қатты тиіп, қызметке бара алмай қалған кездерінде, басшыларына шын себебін айта алмай «мас болып жатырмын» деуден емес пе оған қызметте жарияланған сөгістер себебі?! Әміренің жағдайының сырын ол бұрын қызмет қылған театр директоры Беков те, көп әріптестері де, Брусиловский де білмегенімен, бұрын Талдықорған облысындағы Қарабұлақ ауылында милиция бастығы болып істеген, екі адамды атқан жазасына кешірім жасалып, Алматыға оқуға алынған, көп ұзамай Мұзыка театрының директоры болған, үкімет сеніміне ие адам Қ.Байсейітовтің, сондай-ақ, оны тағайындаушы нарком Т.Жүргеновтің білмеуі мүмкін бе?!

«Сталин үкімет аппаратындағы әріптестеріне жиі думан жасап, мас бола ішкендерін

сенімді санап, ал, тартынғандарынан күдіктенген екен» дегенді естігенім бар. Сондықтан 1979 жылы түрмеден босағаннан соң, КГБ мені саясатты қойды деп санасын, шығармаларымды Бұкаралық акпарат құралдарында жариялатуыма кедергі келтірмесін деген оймен сол жылдары түнде қонақтан жорта, мас адамдай қатты әндетіп, баянды құлаштай тартып, көрші тұратын екі КГБ қыметкерінің ұйқысын бұзатынын. ОГПУ азабынан құтылу үшін, саясатта шаруасы жоқ екенін жорта мас болып дәлелдемек Әміренің де бір сәтін Брусиловский көрген шығар?! Қазақтың тұңғыш театрының №1-бұйрығымен қабылданған артисі болғандықтан Әміренің масты ойнауы менікінен әлдеқайда сенімді шығары белгілі ғой!

А.Жұбановтың кітабынан жоғарыда келтірілген: «**Әміренің дауысы қалды, енді бізбен таласа алмайды**» деп, әншілердің кейбіріне тән әңгіудіктеніп, барын ортаға салып: «қырдым» деп отырғандар, бүгінгі Әміренің әніне тең келе алмағандарын сезсе де сыр бермегенсіп, жасанды күлкіге салып, басқалармен бірге мақтау хорына қосылып жатты»... – деуіне қарағанда, Әміренің сол кездегі жағдайына, әсіресе, «оның шәкіртіміз» десіп жүрген қызметтестері ортасында күйінгендер де, сүйінгендер де болған сияқты. Мұның себебі, өнер адамдары арасында кездесетін бәсекелестіктен болар. Мысалы С.Мұқанов, аталған кітабында (115-бет): «Ол кезде ұлттық театры жоқ қазақтың дауышшылары Әміре қатынаскан кештерде одан басқаны тыңдағысы келмей, оны сахнаға ең кемінде он шақты рет шақыратын еді. Кейбір кештерде жұрт Әмірені сахнадан босатпай, бірнеше рет көрінгеннен кейін сахнаға шыға қоймаса, сәкіні тепкілеп, қол шапалақтап отырып алатын, содан кейін амалсыз шығып, бүкіл кешті бір өзі ғана өткізетін. Әміренің әндерін қазақ қана емес, басқа ұлттардың да адамдары аса зор бейілмен тыңдайтын» – десе, ал, Әміремен бірге 1926 жылы Шымкент, Ташкент қалаларында концерт беруге барғаны жайында Қ.Жандарбеков: «**Әміренің залды күңренгіп жіберген ащы айқайы мен сыңғыраған көмейінен бұралып шыққан үнге таңырқамаған жұрт болмады. Бір кешті Әміренің бір өзі алды**» – дейді «**Әміре – топтан озған әнші**» деген мақаласында.

Қайсыбір жиындарда сөз тимей қалса қарапайым адамның өзі де өкпесі қара қазандай болып жатады емес пе? Ал, өзін осал әнші санамайтын, талай жерде өздері

де қошеметтеліп жүрген өнерлі адам үшін, Әміренің артықшылығын мойындай тұрса да, онымен жүздеген шақырым бірге іссапарға шыққанда сахнада бір ән салу мүмкіндігі тимей қалғанда ішінде реніш неге пайда болмасын?!

Әмірені ғана емес, сол жылдардағы сталиндік тоталитарлық жүйенің қазақ қоғамының қаймақтарын жоюы ортақолдыларға жол ашып, қазақ қоғамына сол «жаңа жұлдыздарды» қанағат етуге тура келді. Әлі есімде, 1950-жылдардың аяғында, үйімізге радио орнатылғанда, кейбір әншілердің дауысын естіген әкем: «**Әміре ағамдай қайдан айтсын, ән емес, айқай ғой мынау!**» – деп, радио даусын өшіріп тастаушы еді. Енді 1975 жылы, фонографтан көшіріліп шығарылған сапасы нашар күйтабақтан тыңдағанның өзінде, байқасам, Әміре даусының өзге қазақ әншілеріне ұқсамайтын себебі онда көмекей дыбыстарынан гөрі, дауысты ашып айтатын италиялық бельканто бояуы басым сияқты.

М.Шоқайдың Францияда жүріп КСРО үкіметін сынап жазған мақалалары қазақ халқына жетпегенімен, Мәскеудегі үкіметтің шамына тиіп жатты. Бірақ, онымен Парижде жолыққан Әміреге үкімет «қатты ренжісе» де Мәскеу, Париж, Франкфурттағы концерттерімен аты әлемдік баспасөздерде жария болған әншіні ашық жазалай алмай, астыртын азаптап, 1934 жылы оны, кейінірек, 1940 жылы тамызда, Мексикада эмиграцияда жүрген Троцкийге қолданған тәсілмен өлтірткенін көреміз. **М.Шоқайдың Әміре арқылы сәлем жолдаған адамдары, басқа да 1919 жылы Кеңес үкіметі кешірім жасаған алашордашылар 1929 жылы түрмеге қамалып біткен кезде Әмірені үкімет сау қойсын ба?! Сталин жендеттері 1934 жылы әншінің көзін жоймаса да, 1937 жылы, тіпті, болмаса 1941 жылы, М.Шоқай Германияда «Түркістан легионын» құрған кезде Әмірені үкімет бәрібір аман қалдырмас еді.** Замандастарының естеліктеріне назар аударсақ Әміренің М.Шоқайға қатты сөйлегенін жазған С.Мұқановтан өзгелері, оны ақкөңіл, момын, кісіге сенгіш, жомарт дейді. Бірақ «Батыр – аңғал» дегендей, Әміре ақкөңілділігі – оны осал деген пікір болмаса керек. Кеңес үкіметі кезінде саяси қуғын-сүргінге ұшыратылғандардың барлығын «жазықсыз» деу үрдіске айналды ғой. Ал, шындығында, сол жылдары Әмірені «халық жауы» ретінде сот-тауға негіз бартұғын. Мысалы Е.Омаровтың ОГПУ тергеушілеріне жауабында Әміре «Жил Чокаев хорошо»

– деп айтты деуі, сталиндік кезең түгіл Брежневтік, тіпті Горбачевтік кезеңнің өзінде де «капиталистік қоғамдағы тұрмыстың артықшылығын дәріптеген антисоветтік үгіт-насихат» деп есептеліп, бұл үшін жазалайтын Қылмыстық кодексте арнайы бап та болған. Дәлел ретінде мынадай оқиғаны айтайын: 1986 жылдың жазында, Халық музыкалық аспаптары музейінде қызметте жүргенімде, туристік топпен Батыс Германиядан келген қазақ жігітімен сөйлескен едім. Желтоқсан көтерілісіне қатысып қамауға алынғанымда тергеуші егер көтеріліске қатысқанымды мойындаттыра алмаса, бәрі бір: «Кеңес үкіметінің қоғамдық құрылысына қасақана жала жапты» деп, 1977 жылы соттаған баппен мені қайта соттататынына сөз берген еді. Төрт ай тергеуден соң «Қылмыстық ісіммен» таныссам, әлгі, Германиядан келген жігітпен әңгімемді сеніп айтқан танысым 1986 жылдың күзіндегі бір реніштен кейін КГБ-ға арыз түсірген екен. Соған орай тергеуші «Шетелдіктен еңбекақысы көлемі, т.б. туралы сұрастырып, капиталистік қоғам тұрмысына қызығушылық танытты» деген де айыптау даярлап қойған еді... Ал, С.Мұқановтың: «Парижде жарты ай жатқан Әміренің есінде бұл ғажап қаланың ғажап сипаттарынан ештеңе де қалмаған. Бар есте тұтқаны – жалғыз Мұстафа Шоқай» – деп жазуына қарағанда, Әміреге Париждегі Эйфель мұнарасы, Лувр сарайы т.б. ғажайыптардан гөрі М.Шоқай әңгімесі (*әрине, қазақтың ұлт-азаттығы жайында*) аса қатты әсер етсе керек. М. Шоқайдың Кеңес үкіметіне қарсы адам екенін біле тұра, ол қонаққа шақырғанда өзгелер үкімет қаһарынан қорқып бармағанда Әміренің бір өзі баруы, ал, елге оралған соң көптеген таныстарына Мұстафа туралы айтуы (*сталинизм кезінде!*) ерлік емес пе?!

Қазір тәуелсіз, демократиялық ел болдық десек те, Желтоқсан көтерілісіне қатысты қудаланғандар, туыстары жоғалғандар 21 жыл өткенімен, көпшілігі үкіметтен сескеніп, әлі үндемей жүр емес пе?! Ал, Әміре тергеуге алынып ұрып-соғуға ұшыратылғаны туралы, бала-шағасына зияндық жасаймыз деп қорқытқандықтан ешкімге айтпауға ОГПУ-ге Қолхат бере тұра С.Қожамқұлов пен И.Байзақовқа, т.б. достарына үкіметтің қиянатты ісін жария етуі, ол кездің жағдайын ескерсек, нағыз батырлық қой!..

2006 жылы шыққан «Әміре Қашаубайұлы» кітабында Ж.Шәкерім Әміренің руы Тарақ-ты жайына тоқталып, шежіре

кітаптар авторларының әртүрлі пікірлерін келтірген екен. Олар бірде тарақтыны **«Орта жүздің нокта ағасы, арғын, найман, қоңырат, қыпшақ дейтін елдерге қосылмайтын ескі ел»** десе, енді бірде **«Арғынның нокта ағасы»** деген (*Егер, тарақты тек арғынның нокта ағасы болса, онда Орта жүздің нокта ағасы кім?!*). Қазақ қоғамының ғұлама білгірі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жазуы бойынша Тарақтының әкесі төре де, шешесі арғын қызы. Ал, Рәшид ад-Дин, Әбілғазы хан сияқты өткен заман тарихшыларының рулық туыстықты таңба бірлігіне, ұқсастығына қарап анықтау керектігін айтқанын ескерсек, төре мен тарақтының таңбаларының бірдей «тарақ» болуы (*және қазақтың өзге руларындай емес, тарақтының да төре, қожалардай еліміздің әр тұсында шашырап орналасуы*) Мәшһүр-Жүсіп сөзінің растығын дәлелдейтіндей. Сондай-ақ, қазақта **«Төре жоқта тарақты баласы төре болуға жарайды»** деген нақыл сөз де бар (М.Сәрсекеев. «Тарақты және Қаракесек шежіресі» 23-бет, Алматы, Атамұра-1995 ж.). Тек, төрелерден сан жағынан көп болуы тарақтының Шыңғысхан ұрпағынан тараған кейінгі төрелерден емес, әріден, Шыңғысхан аталарымен туыстығын байқатқандай. Қазақстан Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ізденушісі М.Қарамендина **«Тарақ таңба – билік рәмізі»** деп аталатын мақаласында («Қазақ тарихы» журналы, 2007 ж., № 6.) Түрік қағанаты кезіндегі ел басқарушылардың таңбасы – тарақ болғанын айтып, П.Небольсиннің 1852 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Очерки Волжского низовья» кітабынан: «Тарақ таңбасы тек «аксүйектерге» ғана берілетін болғандықтан оны **«хантаңба»** деп те атайды...Кез келген ру өздігінен белгілі бір елтаңбаны себепсіз иемдене салуы мүмкін емес» – деген пікірін келтірген. Жоғарыда айтылған және басқа да пікірлер қазақ халқы құрамындағы тарақ таңбалы рулар: төре және үш жүздің нокта ағалары: жалайыр, тарақты, табын тарақтысының жақын туыстығын білдіретін сияқты (*Әрине, бұл мәселе әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Менікі тек Ж.Шәкерім кітабында келтірілген тұсқа байланысты туындаған ой*). Шынында да, Кеңестік тоталитарлық кезеңде Әміренің ерлік мінез шығаруы ілгеріде келтірген «тарақтының төре болуға жарайтындығы туралы» халқымыздың нақыл сөзінің растығын дәлелдегендей. Өйткені, ол кезең орыс отаршылдары ғасыр бойы жүйелі түрде жүргізген хан-

төре тұқымын ел билігінен шеттету саясаты салдарынан, кезінде Абылайдың түсін Бұқар жырау жоруды дәл келіп, шынында да XX-ғасыр басындағы ұрпағы төрелік айбардан айрылып «жоққа» барабар күйге түсірілген еді...

Е.Брусиловский «Естелігінде»: Содан 1934 жылы 7 қараша күні «Қыз Жібектің» премьерасы болды. Жұрттың бәрі көңілдері толқып жүрді, сырттай әсердің олқылығына қарамастан, спектакльді аудитория ықыласпен қабылдар деп үміттенді. Бірақ та, амал нешік, бірден, кенеттен революция бола қойған жоқ. Пушкин көшесіндегі театрдың шағын залының өзіне кісі тола қоймады. Жиналған жұрт спектакльді әлдебір сенімсіздеу, әлдебір бейжай күймен көргендей болды» – депті. Шынын айтсам, осы мақалаға кірісуіме Брусиловский «Естелігіндегі» осы тұс түрткі болған еді. Өйткені, мұның алдында Брусиловский М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» музыкалық пьесасы (*музыкасын И.В.Коцых жазған*) жайында: «Сонымен театр 1934 жылғы қаңтарда М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» атты музыкалық пьесасымен ашылды. Спектакль кен дулы табыспен өтті, бірнеше мәрте қатарынан халық лық толы болды. Театрдың Пушкин көшесінің бойындағы үйі небәрі 450 орындық еді әлбетте, оған келгісі келген жұрттың бәрі қайдан сыйсын» – деп жазған-ды. Ендеше, дәл сол 450 орындық театр үйінде 10 айдан соң қойылған «Қыз Жібек» премьерасына халықтың тым аз келуі неліктен? Ол кезде қазіргідей үйде ермек етер теледидар жоқ, киноның өзі сирек болғандықтан рухани шөліркеген жұрт үшін қандай да бір жаңа өнер туындысы, қойылым үлкен оқиға болды емес пе?! «Қыз Жібек» опера делінгенмен Вагнер шығармасы емес қой. Түгелдей, дерлік халыққа белгілі қазақ әндерінен тұратын, речитативтер орнына музыкасыз, кәдімгі сөйлеу тілі қолданылған «Қыз Жібек» операсының күрделілігі, шын мәнінде, «Айман-Шолпан» музыкалық пьесасынан айырмасы аз еді ғой! Премьера болған 7-қараша, Кеңес үкіметінің мереке күні болғандықтан көшедегі «Салтанатты шеруге» қызмет орындары міндеттеп, еріксіз шығарғанда да наразылығын жасыра білетін жұртшылық «Қыз Жібекке» келе тұра неліктен «бейжай» күйде болды? Рухани қажет ете тұра премьерасына халықтың бармай, «бойкот» жасауы – «Қыз Жібек» операсының сапасына

еш байланысты болмаса керек. Өйткені, алғашқы қойылым болғандықтан әлі оны ешкім көрген жоқ та ғой. Сондықтан маған: «Бойкот себебі, бір күн бұрын ғана қаза болып, жерленген қазақтың ұлы әншісі Әміре Қашаубайұлының өлімі, оның үкімет тарапынан істелінгенін сезген жұртшылық наразылығынан болды-ау?!» – деген ой келді. Осынау, Әміреге қатысты трагедиялық жағдай: «Сталиндік зұлмат кезеңде де қазақ халқы үкімет қуғындаған арыстарын жоқтауға сескенбей, өз наразылығын көрсете алған екен ғой!» – деген оптимистік ой тудырып, халықтың өр рухын баян ету ниеті қолыма қалам алғызған еді.

Р.С.: 2013 жылы Әміренің туғанына 125 жыл толды. Бірақ, ұлы әншінің мерейлі тойы өз дәрежесінде атап өтілмеді. Осыған орай азаматымызға қатысты бүгінгі ұрпақтың әлі де атқармай отырған парызы баршылық. Мысалы, Қазақстан үкіметінің Әміреге Алматыда ескерткіш орнату туралы 1934 жылы 19 қарашада шығарылған № 540 қаулысы күні бүгінге дейін орындалмай келеді. Соңғы үш-төрт жылда бұл мәселе баспасөз беттерінде бірнеше рет көтерілсе де үкімет жағы үнсіз. Ал, сол жылы Әміре Қашаубаев аты берілген еліміздегі №1 музыкалық мектептің ғимараты мемлекеттік тәуелсіздік алғанымыздан кейін көп ұзамай-ақ сатылып кетіп, мектептің Әміре есімі қазірде «Көкіл» аталатын колледждің көлеңкесінде қалған жағдайда.

Әміре ағасының Парижден лауреат болып Алтын медальмен оралғанын, Әміре даусы Францияда жазып алынғанын, бірақ, ол елдің үкіметі тек алтынға сататындықтан КСРО үкіметі оны алғысы келмей отырғаны жайлы бала кезімде әкемнен сан рет естіген едім. 1974 жылы жазушы С. Бегалин де өз естелігінде Париждегі Сорбонна университетінің профессоры Перноның Әміре даусын фонографқа жазып алғаны туралы айтқан. Бүгінде, тәуелсіз ел болған кезімізде ұлы әншісінің даусын халқымыздың естіп қуанып, рухани нәр алуына, есімін ардақтауына не бөгет?! Сондықтан, алдағы уақытта халқымызға сыйлық ретінде Қазақстан үкіметі Парижден Әміре даусын алдыртуы тиіс. Мәдениет министрлігі осынау жауапты істі жүзеге асыруды әміретанумен көптен айналысушы өнер қайраткері Жарқын Шәкерімге жүктесе жөн болар еді.



Болат ЖҮНИСБЕКОВ,
Саяси қуғын-сүргін және
тоталитаризм құрбандарының
«АЖИР» мемориалды мұражай
кешенінің директоры

17 = 32 + 37X немесе ҮРЕЙ ФОРМУЛАСЫ

Бұл сандардан білген адамға ызғар еседі... оларды «41, 49, 40-50, 79, 86» деп жалғастыра беруге болады. Басқаны білмеймін, өз басым осы бір «бейкүнә» сандардың өзіне тітіркене қараймын. Қасақана ашаршылық та, саяси қуғын-сүргіндер де, Семей атом полигонының зардабы да, Ұлы Отан және Ауған соғыстары және біртуар тарихшы Ермұқан Бекмаханов бастатқан қазақ зиялыларының 50-ші жылдарда тартқан тауқыметі мен 86-дағы желтоқсан «күйіні» сол бір 17-нің қамағай «қызыл» қазанынан ақтарылғандай. Отанымыздың Елордасы – Астананың тап іргесінде, Ақмола облысының Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылында ерекше Зерде орталығының барын жұртышылықтың бәрі бірдей біле бермейді. Осыдан жеті жыл бұрын, яғни 2007-ші жылдың 31 мамырында кезіндегі «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) орналасқан аумақта жаңа мемориалды кешен ашылған болатын. Ол жаппай саяси қуғын-сүргіндердің басталуының 70 жылдығына және 31 мамырдың Еске алу күні ретінде жариялануының 10 жылдығына орай шаңырақ көтерген еді.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылған Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының бұл мұражай кешеніне тең келер тап осындай тарих пен таным орталығы ескі Кеңестер Одағының аумағында әзірге жоқ. Мұны бұрынғы бауырлас республикалардан бізге жиі ат басын бұратын қонақтар ашық мойындайды. Жеті гектардан астам аумақты алып жатқан мұражай кешенінің бас ғимараты үш қабатты үйге орналасқан. Оның жәдігерлерімен жыл сайын 18-20 мың адам танысады. Сонымен қатар, келушілердің назарына 1927-ші жылы Одессада жасалған Сталин вагоны, қабаған иті арсылдап, мұнара басынан қаруын кезген күзет аймағы, қазақ әйелінің кимешегі мен батырдың дулығасы тұрпатында сомдалған Қасірет қақпасы, Қазақстандағы шетел елшіліктерінің тағзымындай ескерткіш белгілер, қуғын-сүргін құрбандары: еркек пен әйелдің қола мүсіндері, «Көз жасы» стеласы, шағын көлемде қалпына келтірілген барак пен ондағы тақырыптық диорама оттай басылады. Әсіресе, «АЛЖИР»-де жазықсыз жаза тартқан 7270 әйелдің есімдері қашап жазылған гранитті Зерде қабырғасы жүректі еріксіз шаныштыады.

Елбасы мұражайдың ашылу салтанатында атап көрсеткендей, өз халқына қарсы жасалған мұндай қанды қырғынды адамзат тарихы бұрын-соңды білген емес.

«АЗАТТЫҚТЫҢ АЗАПТЫ ЖОЛЫ»

Қаралы жылнама: «17-28, 32, 37, 41, 49, 40-50, 79, 86»... онда қапасақа қамағандай үрей бар. Ол қорқыныш дерті оңайлықпен айықпай, кейбіреуді, тіпті, қазір де ақылдан алжастырады. «Аңыз адам» журналы мен оның бас редакторы, ұлтжанды қайраткер Жарылқап Қалыбайға жасалған жосық-

сыз шабуыл кезінде 37-нің ызғарлы суығы қайтара соққандай, өне-бойымыз қалтырады. Ал, жақында, 24 мамырда «АЛЖИР» мұражайына Вашингтондағы нацизм қылмысын әшкерелейтін «Холокост» мұражайының қызметкерлері тарту еткен қалың әрі түрлі-түсті альбомды олардың Адольф Гитлер мен оның ұлттық-социалистік партиясына арна-

ғанын жаңағылардың көрмегені-ақ жақсы. Жандайшаптар мұны білсе, АҚШ-тық әріптестерді де сотқа сүйреп, масқарасы шығар-ау! Қызыл диктатура мен шовинизмнің үрей зардабы деген сол.

Кеңестер Одағы, тегінде адамның жасампаз қайраты мен күш-жігерінің жоғалтатын дәнemesі жоқ пролетариаттың күйрету құралына айналуының және өркениеттен адасуының сойқанды қорытындысы. Олай болса, Тәуелсіздік жылдарынан, тіпті, оның небір тауқыметінен де кейбіреу әлі де «тұлыбына мөңіреп», көксеуін қоя алмай жүрген «коммунизм» кезеңі садаға кетсін. Путин мырза айтпақшы, оны қайта тірілтуді көксейтіндердің «...басы жоқ». Сөйте тұра, Украинадағы сепаратизм... өзіміздің жеке-леген облыстардағы «ағалық» астам пиғыл еріксіз аландатады.

Үрей синдромы... ол қатерлі сырқаттай тарам-тарам тамырлана жайылып, жүйке-жүйкені буып тастайды. Ұлттың ділі мен тінін әбден меңдеп алып, жансақтау арманға айналады. Жалпы, бұл «обырдың» диагнозын математикалық формулаға сыйғызу қиын. Үрей синдромының текқуалаушылық, яғни, гендік-биологиялық, ортаға сиымдылық, яғни, нервтік-психикалық зардаптарын жою алыс болашақтың сыбағасында қалып тұр. Ол, өкінішке қарай, ұзаққа созылып, жүрелете діңкелетеді және оған тек еркін адамның бостандығы мен дәйекті демократия, сондай-ақ халықаралық құқы талаптарының мүлтіксіз сақталуы жағдайында ғана шипа қонады. Сайып келгенде, үрейдің жеке тұлғаны қуыс кеуде – міскінге айналдырар мазағы өз алдына, оның тұтас ұлттарды ұйыққа жұтар азабы ойран-асыр. Елес қуғандардың коммунизм атты «нұрлы болашаққа» ешқашан ақтауға болмайтын құрбандықтардан қорықпай, қалайда қол жеткізу жолындағы қатерлі қайраты пен арам айланының бірі – 37-дегі алапаттың қадақтай ғана қасіретінің өзі-ақ жантүршігерлік. Қырғынға ұшыратқан қуғын-сүргін кезеңіне лағнет айтқан Зерде орталығының бірі және бірегейі – 70 жыл өткен соң, Астана қаласының іргесіндегі Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылында 2007-ші жылы Елбасының бастамасымен ашылғаны мәлім. Содан бері Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешеніне келушілердің «көз жасының» құрғар түрі көрінбейді... осында өткен жылы молдір шыныдан құйылған «Көз жасы» сынтасы жарқ етті. Онда айшықталған Алаштың жа-

зықсыз атылған ұлы перзенті Мағжан Жұмабаевтың мына өлеңі біртуар ақынның айналайын алашына жанын садаға етуге дайын сүйіспеншілігінен паш етеді:

*«Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!»*

Осы көзжасындай, молдір сынтастағы «АЛЖИР» тұтқыны София Солунованың туындысы ақын Мағжанның дауысына қосыла жаңғырығып, қабырғанды қайыстырады:

*«Нам не верит страна. Ни единый
прохожий
Нам на встречу ответной улыбки
не илет.
Нам не верит страна! Что же
делает, мой любимый!
Как же ей доказать, что мы сердцем
чисты!»*

«Көз жасы» стеласынан Қарағанды лагерьлер басқармасына қарасты тозақ ошақтары да сұстана сес көрсететіндей: Алжир, Қарлаг, Кеңгір, Дальний, Ақтөбелік, Қамысты, Далалық, Өскемендік, Петропавлдық, Жезқазғандық, Балқаштық лагерьлер. Қара раушан гүлдері көмкерген ескерткіштен жанарларынан жас сорғалаған Ана бейнелері мен аш-жалаңаш жетімдер, өлімді жерді адақтаған құзғындар, сондай-ақ үмітін үзбей, сурет өнерінен жандарына алданыш тапқан «періштелердің» туындылары араша сұрайтындай.

Көз жасы көлдей аққан жылауық жылдар еді ол...

Елде бұрын-соңды болмаған үрей етек жайды. Жүрек шіркін бір шошынған соң, тулап қоймайды, мүлде үркек болып алады. Кезінде Колбиннің «қазақша үйренемін» деп мәймөңкелеген бір ауыз сөзіне иіп сала берген қазақпыз ғой. «...қоянды қамыс өлтіредінің» бейшара халі баяғы. Шел басқан көзіміз мазаққа айналған тіл мен дәстүрдің мүшкіл халін көрмеді, керек құлағымыз атамекенді былғаған Атом жарылысын естуден қалды.

Ұзақ әрі ду қол шапалақтаулар жалғаса берді...

Білмейтіндер үшін мұражай кешені тек қана кезіндегі «АЛЖИР» лагерінің тарихына арналғандай көрінеді. Шындығында, оның толық атауының өзі айтып тұрғандай, бұл мұражай Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандығын қазақ жерінің алты алаштың соңғы ханы Кенесары заманының запыранынан бастап, 1986 жылғы намыс найзағайы – Желтоқсан көтерілісіне дейінгі қызыл империяның жасаған жантүршігерлік

қылмыстарын әшкерелеуге арналған. Еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Азаттықтың азапты жолы» атты шағын залды арнайы жоспарлап, ғалымдар мен БАҚ өкілдерін шақыра отырып ашқандағы мақсатымыз да осы ақиқатты жариялау еді және ол ойымыз орындалғандай. Азапты жолдың «Ашаршылық азасы», «Атом тозағы», «Тіл мен дәстүр мазағы» және «Қуғын-сүргін қасіреті», «Ауған қайғысы», «Арал апаты» бөлімдері құнды дерек көздері арқылы қазақтың тәуелсіздікке дейінгі соры мол жолын жан-дүниенді шымырлата отырып, нақты дәлелдермен жайып салады.

Тәуелсіздік алған соң ғана халық тағдырын тұмшалаған қасірет құпиясының пердесі бірте-бірте ашылуға конус нысанында салынған ғимаратқа тек қана шаңырағынан құйылған жарықтың мұражайдың бүккен сырын бірте-бірте ашуында да осындай мән бар. «Ұлы Абайдың қуғын-сүргін көрген ұрпақтары мен туыстары» экспозициясының ақынның балалары мен інілерін былай қойғанда немерелерінің, тіпті шөберелерінің де тартқан азабы Кеңестер жасаған қылмыстың бір ғана айғағы. Қазір мұнда алыс-жақыннан келушілердің бойларын осы жерде болған арнаулы лагерьдің жабылғанынан бері де алпыс жылдан астам уақыт өтсе де үрей мен аяушылық сезімі қатар толқытады. Қазақстандықтар түгілі сонау Еуропа мен Америкадан немесе іргедегі Ресей мен Қытайдан арнайы ат ізін салатын қонақтар да мұражай аумағына қадам басқан сәттен бастап жандарын шүберекке түйіп, жүректері қан жылағандай хәлде болатынын көзіміз көріп жүр.

«ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛДЕР»

Қара күш пен ақылға арқа сүйеген қоғамда адам бақыты әдірем қалады екен. Ұлы Абай айтқандай (17-ші сөзі) адам баласын біріктіретін қуат та, ақыл да емес, Жүрек екен. «...билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, Жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгілі қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сені де еркіне жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет». Жүрекке жүгінбеген жерде ақыл өз ойлағанына жету үшін әкімшіл жүйе құрып, зорлыққа иек артады. Бұдан соң, «бесжылдықтардың» балғасының таба-

нына түсіп, орағынан құрақша жапырылды. Иә, пролетариат көсемдері Владимир Ульяновтың да, оның ізашары, ұлы ойшыл Карл Маркстің де бойларын бұған күш-жігер мен ақыл-айла ағыл-тегіл еді. Екеуін де жүрексіз, немесе мейірімсіз деп айта алмайсыз. Бар өкініштісі, олардың ойларына алып, өздеріне аса әділетті көрінген идеясының ұшқыны қоғамдық дамудың қарама-қайшылықтар әбден шиеленісіп, буыны босаған жері - Ресейді өртке орады. Оның жалмауыз жалынын Азамат соғысы лапылдата түсті. Жан бере алмай аласұрған аю айналасындағы тірлік атаулыға айбат шегіп, қатер төндірді.

Басталды...

Бар пәленің басы 17-нің қазанында қайнап, буырқана ақтарылған болатын. Тірліктің тамырының соғысы бұзылып, тынысы деміккеніне де қарамастан қызыл диктатура алпауыттар жайлаған капитал әлемінен асып түспек болып жанталасты. Құдайды да, патшаны да елемей, «... екі құлағы тік шыққан» неме көксеген мақсатына жету жолында ешкімге де, ештеңеге де қарайламақ емес-ті. Жалаң ақыл мен қара күш төске өрлеп, басқа шапты. Күштеп тәркілеу мен ұжымдастыру секілді сорақы науқандар елді сорлатты. Голошкеиннің «Кіші октябрі» алқымнан алды. Пікірі басқалар атылды, асылды, айдауға жіберілді. Бұл кесепат «халық жауларының» отбасы мүшелерін де жаппай қан қақсатты. Сол тұста, 1937 жылғы 15 тамыздағы КСРО НКВД-ның N00486-шы бұйрығы Компартияның Орталық Комитеті Саяси Бюросының «отанын сатқандардың» отбасы мүшелеріне қарсы арнайы шешімін жүзеге асырудың нақты тегершігін айқындап берген еді. Мәселен, бір ғана Мәскеуден сол жылғы жаздың үш айында, балаларды қоспағанда, 2,5 мың адам қуылды. Кезек енді «халық жауларының» әйелдеріне де келіп жетіп, олар да ерлерімен қатар қамауға алынып, кемінде 5-8 жылға «темір торға» тоғытылды.

Мұражайда жақында ашылған «Біз куәлік етеміз» кіші залының жәдігерлері қоғам қайраткерлерінің жарларының басына түскен қайғыдан хабардар етеді. Мұнда қазақ әдебиетінің классигінің отбасылық серігі - Майлина Гүлжамал, халық комиссарларының, Қазақ өлкелік комсомол комитетінің бірінші хатшысының, тұңғыш қазақ прокуроры мен банкирінің аяулылары: Рысқұлова Әзиза, Құлымбетова Әйіш, Қожанова Гүлэндәм, Нұрмакова Зүфнұн, Жүргенова Дәмеш,

Дивеева Фатима, Сәдуақасова Елизавета, Асфендиярова Рабиға, Тәтімова Шәкітай, Меңдешева Рәзия, Сырғабекова Бибіжамал, Таштитова Сағадат пен Есқараева Мариям, Османова Фатима, барлығы 87 қазақ әйелі қанқасаптың ащы дәмін татты.

Халық трагедиясына көзімізді ашатын мұражай үш қабатты ғимаратта орналасып, 7 гектарға жуық аумақты алып жатыр. Оның негізгі және ғылыми-көпшілік қорларында 12 мыңнан астам мұражайлық маңызы бар материалдар жинақталған. Олар іссапарлар және жұртшылық өкілдерімен кездесулер барысында жылма-жыл бір мың данаға байи түседі. Жәдігерлердің дені кезіндегі «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінде отырған тұтқын әйелдердің жеке заттары, қолдарымен жасаған дүниелері, сағыныш сарғайтқан хаттар, олардың өздері мен ұрпақтарының еңіреген естеліктері, ғалымдар, зерттеушілер мен журналистердің тебіреністі мақалалары, БАҚ-тың «бұлқанталқан» материалдары, сондай-ақ зұлмат жылдар туралы сай-сүйегінді сырқыратар фильмдер мен теледидар хабарлары. Соның бірі – «Бес стақан темекі» деп аталады... Ұлы Отан соғысы басталардан бір күн бұрын, 21 маусымда Б.Приклон деревнясының тұрғындары Николай мен Анастасия Леонтьевтер базардан бес стақан темекі сатып алады. Ертеңіне отағасы майданға аттанады да, темекі асығыста ұмыт қалады. Арада біраз уақыт өткен соң, Анастасия жаңағы темекіні сатуға мәжбүр болады. Одан арғысы - қорқынышты түстей. Жеті баланың анасы, майдангердің жары заңның «алыпсатарлық» бабы бойынша бес жылға сотталып кете барады. Оның кенжесін емізетіні, тіпті, аяғының ауыр екені де еске алынбайды. А.Леонтьева Қарағанды лагерінде 43-ші жылы қайтыс болады, ері де тап сол жылы майданда қаза табады. Жаңа туған сәби - Сергей балалар үйінде тәрбиеленіп, жеті бауырымен арада 60 жылы өткенде Ресейдің ОРТ теледидарының «Жди меня» бағдарламасының арқасында қауышады.

«АЛЖИР» лагерінің тозағында 18 мыңнан астам әйел азап шексе, оның 8 мыңнан астамы темір торда бір мезгілде торықты. Олардың жандарына сыз төсеніп, ашқұрсақ жүргендері емес, әділетсіз жаза тартқандары батты. Сонда да ертеңгі күннен күдерлерін үзбеді. Мұражай аумағындағы «Күрес пен үміт» және «Түңілу мен әлсіздік» мүсіндік композициясындағы көзінің оты сөнбеген әйел бейнесі соның айғағындай.

Бұл бейбақтар не көрмеді дейсіз: мұражай экспозициясының «тергеуші кабинетіндегі» арқасыз биік орындықтағы әйелдің бейкүнә әрі қорғансыз хәлі біраз жайды ұқтырады. Тергеуші ұрып-соқпай-ақ тұтқынның діңкесі құрып, басы айналып, құлаудың сәл-ақ алдында. Аяғын жерге тигізбей биік орындыққа отырғызып қойса, 5-6 сағат өткеннен кейін кез-келген адамның қан айналысы бұзылып, миы зеңгиді. Осындай азаптың зардабын мемлекет басшыларының «АЛЖИРде» отырған жарлары мен аналары, тіпті, кәмелетке толмаған қыздары аямай тартты. Солардың қатарында Бүкілодақтық старостаның әйелі, сорақылық емей немене - Калинина Екатерина, Ресейдің танымал әншісі Русланова Лидия, атақты балет бишісінің анасы Рахиль Плисецкая, көрнекті театр қайраткері Сац Наталья, белгілі жазушы әрі аудармашы Себрякова Галина және басқалары болған.

Міне, мынау тұтқын әйелдер лаждаған барак. Ол сабан аралас балшықтан соғылады екен. Төбесі шыммен жабылып, қабырғасының жоғарғы жағынан жарық түсетіндей етіп қана кішкентай терезелер қалдырылған. Темір тордың ар жағынан үңірейген қараңғылыққа қарауға жүрек дауаламайтындай. Ал, оның есігін ашқанда НКВД жаналғыштары аналардан балаларын күштеп тартып алып жатқан қорқынышты оқиғаның үстінен түскендей боласыз. Қарағанды лагерьлерінде аналарымен бірге қасірет шегіп, үш жасқа толысымен балалар үйлеріне жіберілетін 1507 баланың көрген қияметін еш ұрпақтың басына бермесін деп тілеңіз.

... Міне, мұражайға жаңа қонақтар қадам басты. Оларды зарлы қобыз үні қарсы алған күйі бірінші қабаттағы «Алаш» залын аралата ойға салып, жоғарғы қабаттағы «АЛЖИР» залына қарай ұзатып салады. Келушілерді «Азаттықтың азапты жолы» арқылы алып өтіп, «ата-баба арманы – тәуелсіздіктің қадірін тағы бір зерделетеді. Танымал әнші Жылтыркөзов Азаматтың қатысуымен көрерменге жол тартқан «37-ші жыл. Ерте солған гүлдер» бейнебаяны өткенді ұмытпауға шақырып, егемен елдік мұратын асқақтата түседі.

Біздің бұл айтқандарымыз өзіміз түйген: 17 = 32 + 37X - Үрей формуласының бір парасы ғана. Ал, тереңірек үңіліп, ойласатын жайттар қаншама!

(Материалға қатысты суреттерді мұқабаның 3-бетінен көресіздер)



Мырзан КЕНЖЕБАЙ,
журналист

Құдай қазаққа жер байлығын да, тіл байлығын да, қисапсыз рухани байлықты да аямай-ақ берген. Әттең, біз бүгінде соның бәрін, ата-анадан қалған сол қисапсыз қазынаны оңды-солды шашып, менен кейінгілер не болса о болсын, өзім жастық шағымды шайқап қалайын деп шалқақтап жүрген 21 жастағы желөкпе жігіт сияқтымыз. Онымызға анаған да, мынаған да еліктеп қырық құбылған көрсекызар, әсіреқызылдығымыз қосылып, ұрпағы ертеңгі күні кім болары белгісіз біреулерге айналып баратқанымыз анық көріне бастады. Соның бірі қазақтың халық ертегілерін анимациялау ма деп қалдық. Жақында республика кинотеатрларына кеңінен таратылып, мол ақша түсіріп жатыр деген даңғазаға толы «Ертөстік» мультфильмі дәл осы уайымымыздың бекер еместігін дәлелдей түскендей болды. Әлде, оның осындай зияны мол екенін аңғармау ма, әлде мол ақша түсіп жатыр деген ұранға үн қоссақ болды деген тайыздық па, әйтеуір, бұл фильмді кейбір журналистер аспанға асқақтатып мақтай бастады. Рас, олар ара-арасында фильмнің кемшіліктерін де жұқалап қана айтып өткен болады. Дұрысына келсек, бұлар жұқалап, сипақтатып айтатын кемшіліктер емес. «Қазақфильм» киностудиясы «Көшпенділер» деп аталатын не тарихи, не көркем, не аңыз фильм екені түсініксіз «дүниені» шығарғанда да осылай жұқалап, сипақтатып айтып, акыры қоя салғанбыз. Ақсақал актеріміз Асанәлі Әшімов «О-ой,

БҰЛ ЕР ТӨСТІК ЕМЕС

**немесе мультфильмдер рухани
байлығымызды былғамасын**

бұл фильмнің прокаты керемет болайын деп тұр» деген сәуегейлігі әшейін құр сөз болып қалды. Рас, «Жаужүрек мың бала», «Көшпенділерге» қарағанда «аттонды» азамат дерлік болды. Оның да көркем фильм дегенді желеу қып, Сартай батырдың өмірінен, тарихи шындықтан шалғай кеткенін көп ақша түсіргендігімен жаба салдық. Рухани құндылықтан, гөрі материалдық құндылық, ақша мен байлық үстем болып тұрса не шара?! Бірақ...

Бірақ, мәселеге төтесінен келер болсак, бұдан былай қазақ ертегілерін «Ер Төстікше» түсіруге дереу, тездетіп тыйым салуымыз керек. «Ер Төстік» атты бұл анимациялық толықметражды фильм туралы баспасөз бетінде айтылған ескертпелер мен реніштердің бәрі дерлік бір-біріне ұқсас. Демек, соның бәрі негізсіз айтылмаған деуге әбден болады.

«Ер Төстік» қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ең бір көркем де, көрнекті, мазмұнға өте бай таңғажайып дерлік құнды дүние. Мұндай рухани баға жетпес рухани құндылық әлем халықтарында кездесе де өте сирек кездеседі. Сонау ел қорғаған баһадүрлеріміз де, күміс көмей көсемдеріміз бен билеріміз де, кешелі-бүгінгі ғұлама ғалымдарымыз бен сөз зергері шайырларымыз да «Ер Төстікті», «Керқұла атты Кендебайды», «Алтын сақа», «Күн астындағы Күнікей қызды» және басқа сөз інжуін жастайынан қариялардан естіп, кітаптардан оқып өскендер. Ұлттық рухқа, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-сана, ұлттық тәрбие, ерлік пен махаббат көріністері тасып-төгіліп тұрған осынау ғажайып

дүниені фильм қып түсіріп, бүгінгі ұрпаққа ұсынбай тұрып, «Қазақфильм» АҚ ауыз әдебиетінің, мәдениеттің білікті ғалымдарымен, ақсақал тарихшылармен, әсіресе, ең бір ұлт жанашыры саналатын қаламгер қауыммен ақылдасуы керек еді. Амал не, қазынадан бөлінген қаржыны қайткенде тезірек игеру бірінші мақсатқа қойылатын осы заман қағидасының зардабы «Ер Төстікке» де тиді.

Тіпті, оның қоюшы режиссері Жәкен Дәненовтың «Ер Төстіктің» бейнесі суретшілер қиялынан туды» деп, көп ойланбай-ақ айта салған сөзінің өзі-ақ фильмді түсіруде оның қазақтың ұлттық фильмі болуы керектігіне ешкім де көп бас ауыртпағанын ап-анық дәлелдеп-ақ тұр. Өйткені, Ер Төстіктің бейнесін ұлттық мәдени, тұрмыстық, салттық дәстүрден хабары аз кез-келген суретші өз қиялымен салуына хұқы жоқ! Бұл-нағыз қылмыс. Өзіңіз қараңызшы, Ер Төстіктің үстіндегі киімі қазақ түгіл бүкіл Азия, бүкіл түркі жұртының үш ұйықтаса түсіне кірмейтін нәрселер. Қазақ ертегілерінің, аңыздарының сорабымен (желісімен) бірлі-екілі фильмдердегі батырлардың киім үлгісі, осы анимацияның тақиясына тар келмес» еді. Амал не, «Айтақ!»-десе тұра шабатын әдетімізбен Төстікті, батыс Еуропа рыцарьларының ба, әлде, Ескендір патшаның, әлде, крест жарығы заманының көк темір киімінің үлгісімен құрсаулап тастапты. Тіпті, ол Төстіктен гөрі көп жағдайда Вольтердің Айвенгосына ұқсап кеткен. Ал, оның шашын өсіріп, төбесіне түйіп желке тұсындағы жиек шашын бірнеше бұрым қып өріп қоюын ешнәрсемен ақтап, дұрыстығын дәлелдей алмайсыз. Бұл орайда Жәкен Дәненовтың бұрын көшпенділердің батырлары шашын өсіріп, түрлі шаш үлгілерін жасаған деуі құр долбар, алдаусырату немесе солай емес екенін дәлелдеп көрші деп тұрған адамның айта салған сөзі. Оның жауабын суретшілердің қиялы

деп алдында өзі-ақ айтып қойғанын режиссер бұл жерде ұмытып тұр. Жалпы, баяғы ертектерді көшпенділер заманы, отырықшылар заманы деп бөлудің өзі онша білікті, онша терең адамның сөзі емес. Жәкен Дәненов журналистке берген жауабында Ер Төстік көшпенділердің батыры дейді де, бір кезде оған бүгінгі технологияның соңғы жетістіктерін қосуды жөн көрдігі несі? Астында ат, үстіне ортағасырлардың бас кезіндегі темір сауыт киген Төстік пен түйелі Кенжекейдің замандасы перінің қызы Бекторының қолында ауыл балалары түгіл қаланың көптеген қуаяқтары ұстап көрмеген планшет, айпад сияқты ХХІ ғасыр құралдары қайдан жүр? Сол перінің қызы Бекторыны Жәкен Дәненов Бапы ханның қызы дегені қалай? Бекторы ертеkte Бапының емес перінің қызы. Халық ұғымында перінің қыздары әрқашан сұлу келеді. Ендеше, перінің қызы, яғни, перизат Бекторы қолындағы ХХІ ғасырдың құралымен Кенжекейдің сұлулығын өзіне көшіріп алуға тырысатындай басына не күн туып тұр? Бұл айтылғандардың бәріне бірінші жауап: осының бәрі режиссердің де, оның кеңесшілерінің де, суретшілердің де қазақтың ұлттық рухани мұрасынан мол хабарының жоқтығынан дер едік Екіншіден, қазіргі қазақ киноөнеріндегілерде бірыңғай Батысқа еліктеу, соларға ұқсасак, озық мәдениетті болатын шығармыз деген ой ғана бар. Ал, мұндай ой ұлттық намыстан, ұлттық санадан, ұлттық мақтаныштан не жүрдай, не сол қасиеттері тапшылау, білім-білігі төменқол адамдарда жиі ұшырасатынын көзіміз көріп жүр.

Ал, енді, қоюшы-режиссер Жәкен Дәненовтың кіп-кішкентай көрерменнің «Ер Төстік» қолынан қан ақса, неге құлап қала береді?» деген сұрағына берген жауабының түрін қараңыз: «Ер Төстіктің қаннан қорқатыны батырлығын кемітпейді, ерлігіне кедергі келтірмейді,

қайта адам екенін аңғартып тұрады» – дейді («Ұлан» газеті 9-сәуір 2013) ол. О заман да, бұ заман Ер Төстік адам ба, әлде басқа бір мақұлық па деген күмәнді сауал туып па еді? Ау, Ж. Дәненов жаңа ғана Ер Төстікті көшпенділердің батыры демеп пе еді? Жалпы, сөйлеген сайын осылай өз сөзіне өзі қайшы келетін, сөзінің табан тірер бұдыры жоқ адамға «Қазақфильм» халқымыздың қасиетті рухани қазынасы туралы фильм түсіруді қалай тапсырған десенізші?!

Бұдан әрі қазбалай берсек, бұл анимациялық фильмнің музыкасына да, мәтіннің тіліне де байланысты көңіл қалдырарлық тұстар жеткілікті-ақ. Оны қоя тұрайық. Біздің айтпағымыз «Ер Төстік» фильмінде қазақтың осы аттас таңғажайып ертегісіндегі ұлттық көріністің ізі де, исі де қалмағаны. «Ер Төстіктей» әлем әдебиетіндегі теңдессіз дүниені бүгінге, Батысқа бейімдеймін деп бұлайша тоз-тоз қылу ұлттық қазынамызға, ұлттық салт-санамызға зор зиян келтірумен бірдей. Біз «Ер Төстік» ертегісін Мәдени Мұрамыз деп білуіміз керек. Біз бұл жерде фильмді дәл ертектегі нұсқасындай қып түсіру керек деп отырған жоқпыз. Тіпті, сөйтсе де артық болмас еді! Дегенмен, мейлі көркем фильм, мейлі анимациялық фильм болсын, біз солардың ешқайсысында өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық болмысымызды басты орынға қоюымыз керек екені қаншама айтылып келе жатса да соған құлақ аспайтын ауруға душар болғанымызды айтсаңызшы. Жалпы, Ж. Дәненовтың «Ер Төстікті» бүгінгі анимациялық фильмнің талабына сай түсірдік дегенін қалай түсінесіз? Фильм, оның ішінде анимациялық фильм ешқандай басқа талапқа емес, ұрпақ тәрбиесі, оның ішінде ұлттық тәрбие талабына сәйкес түсірілуі керек. Және оның сценарийін де, музыкасын да жастайынан қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің кәусарынан қанып

ішкен, ұлттық санасы жоғары адамдар жазуы керектігін ескерсек екен. Қазір Ресейде шығып жатқан анимациялық фильмдерді қарап отырсаңыз тек орыс рухын, орыс салт-сапасын аспанға асқақтатуға бағышталған айдай анық көрінеді де тұрады. Ал, біздікі тек еліктеу, не екенін өздері де білмейтін «цивилизация»-дан қалып қоймау. Ал, ондай фильм жасаушылар алдағы уақытта Ер Төстік, Керкұла атты Кендебай, Күнікей қыздарға сөз арасында орысша, ағылшынша сөздерді қыстырғызып, ағылшын мәнерімен ән салдырып қоюы да ықтимал. Иә, бұдан бұрын түсірілген «Алдар Көсе» фильмін көрген балаларымыз Алдар Көсеге де, ондағы аталары мен әжелерінің адамға ұқсамайтын бет-әлпетіне де жирене қарайтын болғанын жасырмайықшы! Егер, бізден басқа мемлекет болса, өзінің негізгі ұлтын осылай көрсететін фильмдерді түсірген, оны экранға шығарған адамдарды түгел сотқа берер еді. Бірақ, «Алдар Көсеге» айтылған сын-ескертпелер айтылды да қалды. Баяғыда «Көшпенділер» де солай болды. Бүгін «Ер Төстікке» айтылған ескертулер де солардың кебін киері сөзсіз. Өйткені, қазір қазақтың өз жоғын жоқтап, өз мұңын мұндаған сөзі өз елінде желге ұшқан заман болып тұр. Алла ақыры қайырын бергей, бұл істің! Қалай десеніз де алғашқы толық өлшемді анимациялық фильм «Ер Төстік» қазақтың бүгінгі ұрпағын ұлттық болмысынан алыстатпаса, жакындата түседі дей алмаймыз. Байқауымызша, алдағы уақытта қазақтың халық ертегілерінің желісімен талай мультфильмдер түсірілетін сияқты. Енді солар «Ер Төстіктің» кебін кимеу жағын қарастырайық. Ұрпағымыздың ұлттық дүниетанымына кесірімізді тигізбейік. Біздің манадан бері айтпағымыз өнердің ең маңызды саласы деп аталған кино төңірегіндегілер және солардың қара шаңырағы «Қазақфильм» осыны ескерсе екен.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
филология ғылымының докторы,
эл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-і
журналистика факультетінің деканы

Өзім аса қатты қадірлейтін асқаралы азаматтардың бірі, қазақ әдебиетін зерттеуге зор үлес қосып, әдебиеттану ғылымын биікке көтерген ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз Рахманқұл аға Бердібай туралы толғанысымыздың атауына осынау бүтін ұғымды тегіннен-тегін алып отырған жоқпыз. Бойына тылсым бір бекзаттық болмыс жинақтап, ғылым-білім жолында жүрген адамның бүтін бітімдік сипатын айқындайтын осы анықтама Рахманқұл ағаның азаматтық тұлғасына дәл келетін сынды. **Ғұламалық – Раханның бойындағы бар қасиетті ашып, әр нәрсеге байыпты қараған маңғаз болмысына, тереннен тартып, түбегейлі зерттейтін ғалымдық қасиетіне, әдебиет атты әлемді кеңінен игерген кемел білімпаздығына, талғамына табынта алған талғампаз табиғатына, өзі қанат қақтырған жас талантқа ұлт руханиятын биікке көтерер рух бере білген ұстаздық күдіретіне сай бірегей ұғым. Мұны біз ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятын Раханды жақын танып-білген отыз жылдан астам уақыт биігінен қарап айтып отырмыз.**

Рахманқұл ағайды алғаш көргенім әлі есімнен кетпейді. Ауылдың қарапайым «қитабан» баласы 1975 жылы құдай жарылқап, ҚазМУ-дың дайындық бөліміне ілініп кеттік. Бұрындары да оқу іздеп те, былай да келіп-кетіп жүргенмен, арман Алматыны онша біле бермейтінмін. Енді, сабақтан қол баста емін-еркін аралап, жақсылап таныса бастадым. Жолбасшым – КазПИ-дің тарих факультетін бітіруге таяп қалған бөлем Оралбек Тұрманбетов. Ол күнде болмағанымен, қаланы жиі аралатып, көрікті жерлерін көрсетіп, мәдени орындарға

ҒҰЛАМА

алып барып дегендей, менің әсем қалаға деген сан жылдық сағынышымның мауқын басуға тырысып-ақ бақты. Әдеби ортаға, өнер, театр дегенге әуеспін. Бәрі таңсық, бәрі қызық... Ол кездегі ауыл деген «шет мекеннен» келген балаға Иран бағындай көрінетін Алматының «жұмақтай» әсемдігін айтып тауыса аларсың ба?..

Бір күні Оралбек бөлем: **«Сен білмейтін бір қызық көрсетем, жұма күні кешкі алтыға дайындал»** деді. Айтқан уағында кездестік, жетелеп ала жөнелді. Мен бір концертке барады екенбіз деп ойлағам. Абай көшесіне жақындау жердегі *(ол кезде көшелерді әлі жыға танымаймын)* жасыл дарбазадан еніп, екі қабат үлкендеу сары үйді айналып өттік. **«Мұхтар Әуезовтің музей үйі, кейін алып келем»** деді бөлем, әлгі үйді иегімен нұсқап. Қапталда тұрған аласалау келген шағындау үйдің ішіне кірсек, иін тірескен халық, сәл кешігіп қалған екенбіз, тұрып тұруға тура келді. Оралбек «гид» бұл музей үйдің залы деп түсіндірді. Ұққаным әрбір екі аптада, жұма күні астананың зиялы қауымы осы үйде әдебиет пен мәдениетке, жалпы руханиятқа арналған жиын өткізіп тұрады екен.

Шынында да қызық екен... Залда өңкей ығай мен сығай толып отыр. Кейбірін кітаптарындағы суретінен, теледидардан көзім шалып қалған бейнелерінен шырамытып қаламын. Өнеміне дегенше жиын да басталып кетті. Төрдегі жиынды басқарып отырған кісіні жыға танымаған соң, кім екенін сұрап едім, Рахманқұл Бердібаев деген жауап алдым. Құдайдай шыным, таңырқап қарап қалдым. Раханның салтанаты бөлек еді. Кең мандайы жарқырап, ақсары жүзінде нұр ойнап, мейірімге толы жанарын шүйіре тастап, маңғаз кейпін бұзбастан сөйлей жөнелгенде, толықша бұғағы бүлік-бүлік етіп, өзгеше бір сән береді екен. Ол кісі маған сол тұста кейін құрдасы, әрі жан досы ұлағатты ұстазымыз Түрсекең (Кәкішұлы) айтатын

«Пай-пай, біздің Раман елді табындырған пұт пайғамбарындай маңғаз отырады-ау» дейтін сипатта көрінді. Бұл менің салтанатты жиында алғаш көрген шешенім еді. Сөйлеген сайын әңгімесі тәтті болып барады. Әр сөзінен ұлттың ертеңін ойлаған салмақ сезіліп, шешенсіп, шешіліп сөйлемесе де, шегедей нықтаған шешімді ойлар «кәлланың» шеңберін айнала-айнала келіп, шекеңді тесіп өтіп, қауашағыңнан шықпастай боп орын алғандай. Шындығын айтсам, сол тұстағы «қазақ руханияты» деген тіркес санасына сәуле сызған талай талантты жас осы университеттің тәлімінен түлеп ұшып, тұғырға қонды.

Япыр-ай, десеңші, уақыт деген зымыран ғой. Күні кеше ғана музей-үйдің мәжіліс залының төрінде Халық университетінің ректоры Рахманқұл аға отырар еді. Мерей мен мейірімге толы ақ-сары жүзі балбұл жанып, кең кеудесін кере, өзіне тән маңғаздықпен әңгіме бастайтын, әдемі қоңыр үнмен бейне бір домбырадан шертпе күйді төгілткендей керімсал сыр шертетін. Жанында кім жоқ дейсіз, шіркін! Бірде кеменгерліктің көне көзіндей боп, қасқа маңдайы жарқырап, бұйра шашы ысырыла-ысырыла желке тұсына ұйысқан, құмыға шыққан үнімен әр сөзіне құнықтыра түсетін Әлкей Марғұлан келсе, бірде жасындай жарқ-жүрқ еткен Олжас жаркылдап тұрар еді мінберде. Енді бір де орысша-қазақшасы бірдей сол кездегі Жазушылар Одағының басшысы Әнуар Әлімжанов жер-жаһанның жаңалығы мен ой-танымын жайып салып тұратын. Кей-кейде Тұманбай басын шайқап қойып, сыршыл лирикасын сызылта оқыса, Қадыр ақын әр сөзін тасқа басқан маржандай әрлеп, мін таппастай етіп әсерлеп, бейнелі көркемдікпен астасқан ойшылдықтан санаңа салмақ сала ой орманын аралатып алатын. Әрекідік мінберде өз өлеңін төрт сағат жатқа оқудан жалықпайтын жас пері Мұхтар тұрар еді, жалынды жырларымен кемерінен асып-төгіліп.

Зиялы қауым орта толтырған жиындағы әңгіме арнасы бірде ежелгі дәуірге ендесе, енді бірде жыршылдық дәстүрге бет бұрып, одан қалса қазіргі әдебиетке келіп тіреліп жататын. Жүсекең (Елебеков), Ғарекендер (Құрманғалиев) шәкірттерімен келіп, әннен шашу шашса, Мағауия Хамзин, Уәли Бекенов сынды дәулескер күйшілер күй сазында

тербейтін. Сыр бойының жыршылары, Арканың ақындары, Жетісудың әншілері дейсің бе, қойшы әйтеуір, бәрі тоғысып, жанынды тербетіп, сананды серпілтіп, жүрегінді елжіретіп, көңілінді көкке ұшыратын. Бәрінің қасында шырпыр болып Мардан аға (Байділдаев) жүрер еді. Көзін қиырдан салып, маңғаз күйде отыратын Рахат осынау ұлттық руханияттың тұнығы тұнған дүниенің дирижері іспетті еді. Осы ортаға басын бір сұққан адам елітіп қалып, келесі жұма жеткенше елегізіп жүретін. Несін айтасың, қасиетіңнен айналайын, қарашаңырақ рухани орда еді ғой. Қайда сол қазір?!..

Өз басым Рахатның бойындағы білімпаздықтың болмысын сонда аштым. Рухани әлемнің сан салалы өрісі тоғысқан ортада өзін еркін сезініп, қандай мәселеде болмасын әңгімеге араласып, ой білдіріп, пікір таластырып, түйінді тұжырым жасап, шешім айтып отыратын. Сұрағы өткір, пікірі орнықты шығушы еді. Бірте-бірте біз де бой үйрете бастадық. Сұрақ қояр «дәрежеге» де жеттік. Ондайда Рахманқұл аға сен жаққа жанарын қадай қарап, сұрағың дұрыстау шығып, өзіне ұнап жатса, кім екенінді, не істейтінінді, аты-жөнінді қағазына түртіп алатын. Сөйтіп жүріп ертерек барсақ, Рахат сәлем беруге де жарап қалдық. Өз басым ҚазМУ-де тыңдаған лекцияларды осы Халық университетінен байыта алдым. Өйткені, онда көбіне университет дәрісханаларында айтыла бермейтін нәрселер сөз болатын еді. Мәселен, Олжастың «Ежелгі дәуір әдебиетінің жәдігерлеріне жазылған ескерткіштер монғол солдаттарының әскери жаттығуларында мергендік нысана болып, құрып бітуге айналды» деген жан айкайы алғаш осы Халық университетінің мінберінен айтылды.

Құдай берем десе, оңай ғой. Бірінші курстың алғашқы семестрін аяқтап, өзімізді енді-енді студент сезіне бастаған екінші семестрде «Қазіргі кеңес әдебиеті» пәнінен бізге дәрісті Рахманқұл ағай оқитын болды. Сөйтсек, ол кісі ҚазМУ-де де дәріс оқиды екен. Білетіндер қуанып қалдық. Рахат алғашқы сабақтан-ақ халық университеті дәрісіне үзбей қатысып жүретін қыз-жігіттерге жылыұшырай қарады. Бірден танып, аты-жөнімізді атап, бұл балаларды білем деп, мерейімізді өсіріп тастады. Жалпы мен өзім бұл пәннің дәрісін екі адамнан тыңдадым. Рахаттан кейін МГУ-дің профессоры Анатолий Бочаровтың

дәрісін тыңдаған едім. Ол да білгірдің бірі. Кеңестік республикалар әдебиетін жілікше шағатын, лекциясын шешіліп оқитын, көсіліп сөйлейтін. Ал, Рахаң, аз сөзбен көпті ұғындыруға тырысатын. Әр нәрсенің сыртқы қабатын алып тастап, ішкі дәнегін көрсеткенді жаны сүйетін. Пәннің бағдарламалық мақсат-талабына орай кеңестік әдебиет қол жеткізген «социалистік реализм» әдісін мадақтау деңгейінде қалып қоймай, қия шыңға өз соқпағын қиялай салып келе жатқан ұлт әдебиетінің озық үлгідегі өкілдері қырғыз Айтматов, өзбек Пулатов, әзірбайжан Анар, армян Матевосян, грузин Думбадзе т. б. сол кезең әдебиетіндегі «жұлдызы жоғары» жазушылардың шығармашылық ізденістерін түрлі қырынан қарастырып, жаңашыл сипатын тап басып танып, оны білімге құмар, «құйма құлақ» шәкіртіне ұғынықты етіп жеткізе білетін. Рахманқұл ағай әр тақырыпты өткен сайын ортаға саликалы ой тастайтын, әр сабағында шәкірт жанын даналық пен тәлімгерліктің бесігінде тербей білетін, шешендік пен ойшылдықты астастыра алған шын мәніндегі ұлық Ұстаз еді.

Қашан да жаңалық атаулыға жаны құштар дәріскер әдеби үрдістегі жаңа бағыт, тың серпінді қалт жібермей жіті қадағалап отыратын. Және де әдебиет әлеміндегі жылт еткен жаңалықты немесе кеңестік әдебиеттегі өзі ғана байқап қалған әлдебір тың құбылысты алдымен шәкіртіне жеткізуге асығатын. Олардың кезең әдебиетінің көркемдік дамуындағы айрықша мәнін терең саралай көрсетіп, әрбірін болашақ ізденістер бастау алар алтын жүлде ретінде ұсынатын. Сол тұстағы төл әдебиетімізде белгі берген тың тенденциялар да ұстаз назарынан тыс қалмайтын. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиетке жаңа леп әкелген І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин тарихи романдарындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім, тарихи дерек пен жазушы қиялының астасуының көркемдік шындыққа айналу үдерістері саликалы сараланатын. Ә. Нұрпейісов шығармаларындағы терең қатпарлы тарихтың кең көлемді көркем суретінің құпиялары ашылып, О. Бөкеев туындыларындағы рухы биік романтизм, Д. Исабеков повестеріндегі қоғамдағы ащы шындықты ашқан реалистік сипат, Мұқағали, Төлеген, Жүмекен, Қадыр, Тұманбай, Мұх-

тар (Шаханов) поэзиясындағы өзіндік ерекшеліктер мен жаңашыл ізденістер тарқатылып, тарамданып жататын.

Тәлімгердің тәжірибелік сабақтарды жүргізу тәсілі де өзгешелеу болып келетін. Көбіне өзі емес, өзгені сөйлетуге құмар-тын. Өзі тұжырымды ой, кесек пікірін ғана білдіріп отыратын. Дәрісханадағы пікірталастың жандануына себепші де сол кісі еді. Әрқайсымыз алған тапсырмамыз бойынша баяндама жасап, ұстаздың назарына ілігуге тырысушы едік. Кеткен кемшілікке ескертпе айтудан, маңдайдағы көз көргенімен, көкірек көзінен қағаберіс қалып жылтырап жатқан көмескі сырды ашудан, тамсанудан әріге бара алмай, әсершілдіктің әсерінен ой теңізінің бетінде қалтылдаған қармағымызды тереңге салудың жөн-жобасын көрсетуден ұстаз әсте жалықпайтын. Ғылым жолының ауыр екендігін ескерте отырып, ізденістің жөнін сілтеп, болашақ зерттеулердің бағдарына бағыттап отыратын. Талантты шәкіртіне ризашылығын да жасырмайтын. Үмітін үкілеп, арқаландырып қоятын. Қашанда әдебиет жайлы кемел ой қозғап, келешектің мақсат-міндеттерін межелеп отыратын. Ол кісі Ұстаз бен шәкірт арасындағы көзге көрінбес рухани жақындықтың жібек жібін, міне, осылай жалғайтын. Рахаңның төрт ай жүргізген сабағындағы саликалы дәрістер сан жылдар ұмытылмастан санамызда жаңғырып, керек сәтінде қажетімізге жарағанының несін жасырайық. Иә, біз ғұламаның болмысына осылайша бойлай бастаған едік. Кейін еңбектеріне қайта қайырылып, қадала оқып, ой теңізінен маржан тердік... Ендігі сөз ғұламаның ғұмырлық ізденісінің куәсіндей кітаптарынан ұққанымыз не, ұғынғанымыз қайсысы сол туралы болмақ. Соны таразылап көрелік...

Рахаңның ғалымдық тұлғасындағы ғұламалыққа тән айрықша бір қасиет – әдебиетті кезеңдерге бөлмей, түп көтеріп, түгел қарастыратын тұтастық. Өзге ғалымдардай ана кезеңнің, мына әдебиеттің маманымын деп, өз білігіне шек қойып, шекара салмастан сөз өнерінің асылдығын дәуіріне қарап емес, ежелден бүгінге жеткен ұлттық дәстүрінің үзілмес желісінен табатындығы. Ол – әдебиетіміздің өткені мен бүгінін бірдей саралап, болашағына терең ой жіберіп, толғақты мәселелеріне

нақты жауап тауып, ұлттық бүтіндік біріктіретін әдебиетіміздің даму үдерісін үзілмес бірлікте қарастыруды мақсат тұтқан білімпаз. Ғұлама ғалымның әр кезде жарық көрген еңбектері мен зерттеу жинақтары тақырып ауқымының кеңдігі, ой тереңдігі, көкейкесті мәселені шегіне жете қарастыруымен қашанда да ғылыми орта мен әдебиет сүйер қауым талабынан шығып отырды. Зерттеу мәнеріндегі көзге айқын шалынар бір ерекшелік қай тақырып болмасын, мейлі ол фольклор мәселесі, мейлі бүгінгі әдеби үдеріс болсын, ең алдымен, басты мәселе жайлы өзіне дейінгі зерттеушілер не айтты, қалай қарастырды дегенді кеңінен толғап алып барып ғана өз тұрғысынан қосар ойларын сонан-соң ортаға салатындығы. Сөйтіп, бірте-бірте әлгі мәселенің әлі ашылмай жатқан, бұрынғылар байқамай кеткен қырларына көз салып, ой маржанын тереңнен тарта отырып өзіндік ғылыми тұжырымдар жасап, пікір қорытады. Ғалымның ардың ісі деп білетін әдебиет жайлы сөз қозғау, ой толғаудағы жауапкершілігін оның осы қасиетінен-ақ аңаруға болады. Ол – өзгенің еңбегіне деген құрметі мен өзінің толғамды ой-пікірі, түйінді тұжырымдарының таңғылықтылығы арқылы сөз өнері ғылымына адалдықты ту еткен турашыл ғалым.

Ғалымның ғылыми ізденісінің басталуы мен жалғасын табуы да қызық. Оның алғашқы еңбектері әдебиет теориясының мәселелеріне арналып, роман жанрының табиғатын тану мен танытуға бағытталды. Кейіннен әдебиет тарихына көбірек көңіл аударып, одан әрі халық ауыз әдебиетіне, фольклорлық дәстүрге бетбұрыс жасап, бірте-бірте туысқан түркі тектес халықтар фольклорын типологиялық тұрғыдан қарастыруға бір жолата ден қойды. Сөйтіп, ұзақ жылдар бойы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының фольклористика бөлімін басқарды. Бүкіл түркі дүниесінде фольклорлық мұраны зерттеудің бірден-бір ұйымдастырушысы бола білді. Әу, баста бүгінгі заман әдебиетін зерттеуге ден қоюына басты себеп әдебиетшілік жолын сыншылықтан бастауы болса керек. 1955-59 жылдар арасында «Қазақ әдебиеті» газетіндегі еңбек жолы оны әдебиеттанудың осы саласына алып келген-ді. Сөйтіп сыннан басталған талап талғамға ұласып, танымға жол ашты. Ғылымның қиын асуларынан қиналмай асып, «Әдебиет және

өмір», «Қазіргі қазақ прозасынадағы замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Замана сазы», «Дәстүр мен тағылым» т.б. еңбектерінде сөз болып отырған кезеңдегі әдебиеттің жаңашыл сипатын айқындап, сөз өнеріндегі «сиықсыз» дүниелерді ашып көрсетіп, сыншылық пен зерттеушіліктің таразы басын теңгерді.

Ғалым ғылымдағы тұңғыш қадамы «Қазіргі қазақ романындағы сюжет мәселелері» (1961) атты зерттеуінде қазақ романдарының көркемдік деңгейін зерделесе, «Қазіргі қазақ романының теориялық мәселелері» (1970) тақырыбына жазылған докторлық диссертациясында роман жанры арқылы кезеңге тән көркем әдебиеттің даму заңдылықтарын теориялық тұрғыдан игеріп, әдебиеттің көркемдік құбылыс ретіндегі өнери қасиеттерін ғылыми жүйелеп берді. Раханның бұл еңбегі уақыт сұранысына толық жауап берген жоғарғы деңгейдегі ғылыми жетістік деп бағаланды. Кейіннен осынау зерттеулердің ғылыми тұжырымдары талай монографиялық зерттеулерге азық болды. Соның нәтижесінде «Роман және заман», «Қазақ романы», «Қазақ тарихи романы», «Мұхтар шыңы», т.б. еңбектері жарық көрді. Олардағы ғалымдық ізденімпаздықтың желісі үзілмес жүйесі М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы десе де болады. Қазақ әдебиетіндегі ұлы шығарманың жазылу тарихы, құрылымдық жүйесі, образдар болмысы, жазушы лабораториясы жан-жақты ашылып, шеберлік қырлары жеткілікті түрде талданды. Сондықтан да, ұлы жазушы игерген көркемдік талаптар кейінгі буынға үлгі меже ретінде ұсынылды. Әдебиетті зерттеу тәсілін мейлінше терең игерген ғалым ретінде ол әр шығармаға ұлттық танымның әдеби-теориялық құндылықтары үрдісінен қарады. Сөйтіп әлемдік әдебиет талаптарына толық жауап бере алатын І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжанов, М.Мағауин тарихи романдарына жаңашыл көркемдік-эстетикалық таным биігінен көз салды. Осынау жазушылар шығармашылығына 60-жылдардың екінші жартысынан бергі кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуындағы ұлттық құбылыс ретінде ой жіберіп, тақырыптық, идеялық, көркемдік ізденістерінің сырын ашуға ұмтылыс жасады. Олардағы ортақ үндестіктер мен әр автордың, жеке шығарманың өзіндік ерекшеліктерінің сыр-сипатын, нақты көрсете алды. Аталмыш қаламгерлердің белгілі шығармаларындағы

(«Көшпенділер», «Үркер», «Махамбеттің жебесі», «Аласапыран» т.б.) ерекшеліктер белгілі бір шығармаға тән тарихи оқиға мен халық тағдырында ірі міндеттер атқарған тарихи қаһармандар іс әрекетінің әр келкілігінен және әр жазушының тарихи деректі өз туындысына пайдаланудағы жеке дара қабілет-мүмкіндіктеріне байланысты екендігін білгірлікпен айқындап берді. Сол арқылы осы жылдар әдебиетіндегі тарихи шығармаларға тән ортақ сипат ішкі ширыққан көркемдік шындықтан танылар ұлттық болмыс, ұлттық идея, ұлт азаттығы, ұлттық тәуелсіздік ұғымдарының белгі беруі екендігін қиырдан шалып, қисынын тауып жеткізіп, санаға сыналап сіңірді. Ғалым қашанда қазақ әдебиетін өзге әлемдік әдебиеттен бөліп алып, томаға тұйық жеке дара күйде қарауға қарсы. Ол үнемі қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың көтерілу деңгейін өзге ұлттар әдебиетімен салыстырмалы түрде салғастырып, олардағы көркемдік сабақтастықтардың дәстүрлік негізін ашуға тырысады. Мәселен Әділ Якубовтың «Ұлықбектің қазынасы» атты тарихи романының идеялық бағдары мен сюжеттік өрімінен қаһармандар мінездемесін іздестіруі осының нақты айғағы.

Ғұлама ғалымның әдебиет зерттеушісі ретінде ұзақ жылдардан бері тер төгіп, көз майын тауыса, ыждақатты түрде сарыла ізденіп зерттеген, іргелі еңбектер жазған саласы фольклористика. Әдебиеттің ұлттық болмысқа жақын бұл саласын ғалым уақыт өткізгісіз, кештеу қолға алғанмен, зор ынтамен кірісіп кетіп, ауыз әдебиетін зерттеу методологиясын жаңаша сипатпен байытты. Бүгінде бәріміз атын ауыздан тастамай жүрген Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған теориялық ұстанымның бірі әдебиеттің көркемдік міндеті тұрғысынан желілес бірлігі мен көркемдікке қойылар талап ауызша және жазбаша деп бөлінбейтіндігі. Олар бірінен-бірі туындап, бірін-бірі толықтырып тұратын бір ұлттың бұрынғы және кейінгі әдебиеті деген ұғымды сөз өнерінің ұлттық болмысынан ерте таныған Рахманқұл Бердібай оның мәнін сол кезде-ақ ішкі түйсікпен сезініп, санасында қорытып, кейін түпкілікті концепцияға айналған «қазақ әдебиетіндегі ауызша сақталған әдебиет» деген тұжырымды байыта түседі. Ол ауыз әдебиеті дүниелерін тақырып бойынша жіктеуге қарсы

шығып, қазақ халық әдебиетін төл ерекшеліктеріне сай типологиялық салыстырулар мен дәстүрлік негізіне орай, өзіне ғана тән ішкі заңдылықтарға бағынған жүйелеу жобасын жолға қойды. Сөйтіп, өзі басқарып отырған бөлім арқылы фольклорлық дүниелерді жаңаша зерттеу әдістемесін ұсынып, фольклортану ғылымында жаңа бетбұрыс жасады. Бұл тұрғыда Раханның тікелей басшылығымен шыққан «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының тарихылығы», «Қазақтың архаикалық фольклоры», «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық еңбектерді атауға болады. Ғалым бұл үрдістен өзі де тыс қалған жоқ. «Жыршылық дәстүр», «Қазақ эпосы», «Саркылмас қазына», «Кәусар бұлақ», «Эпос – ел қазынасы», «Эпос мұраты», «Айтыс әлемі» атты зерттеу еңбектер жазып, кейінгілерге үлгі-өнеге шашты. Бір қаламнан туған осыншалық көп салалы еңбек кім-кімге болса да аз көрінбесі хақ. Р. Бердібайдың бұл еңбектеріндегі ізденістер ұлттық фольклортануымыздағы өзі қалыптастырған зерттеу бағытын замана талабына сай жетілдіре түсу міндеттерін нақты қоюымен құнды.

Рахманқұл Бердібайдың әдебиеттану ғылымындағы тұтас тұлға екендігінің тағы бір айғағы – сонау XX ғасырдың 60-жылдарында ғана сөз бола бастаған ежелгі дәуір әдебиеті атты түркі тектес халықтарға ортақ жәдігерлерді зерттеуге ерте бастан кіріскендігі. «Ежелгі жазба мұралар» атты көлемі кең, айтары мол бір кітапқа бергісіз кемел зерттеуінде қазақ әдебиетінің арғы бастаулары VII-VIII ғасырларда жатқандығын алғаш сөз етті. Әл-Фарабидің әдеби мұрасы, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат Түрік» сөздігі, Яссауидің шығармашылық ғұмырнамасы, Алтын орда-қыпшақ дәуірі жәдігерлері туралы ғылыми болжамдары мен ұсыныстары ежелгі әдебиетті зерттеудегі жаңа арналарды ашты. Сонымен бірге, ғалымның осы еңбегі кең көлемдегі тың материалдар ұсынып, әрі аса қажетті мәліметтерді жинақтап беруімен де құнды.

Түбі бір түркі халықтарына қатысты тарихи-әдеби жаңалықтардан тыс қалмайтын, ұлт руханиятына келгенде еңбек етуден аянбайтын ғалымның зерттеушілік қарымының кеңдігін танытатын тағы бір қыры – жалпы әдеби байланыстардың тарихи негіздері мен бүгінгі күндегі көрініс

белгілерін бедерлеп бере алуы. Мәселен оның «Гүлістанның бұлбұлдары», «Достық кемесінде», «Сарқылмас қазына» сынды көкейтесті мәселелерді түптей көтерген зерттеулерінен бастау алып, «Байқалдан Балқанға дейін», «Жұлдыздар жарығы», «Ел боламыз десек» деген көсемсөздік дүниелерінде жалғасын тапқан халықтар достығына деген ізгілікті ой мен ілімді сөзге ұйытқан еңбектері айрықша атап өтуге тұрарлық. **Білімпаз ғалымның түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың тарихи-этникалық және мәдени-рухани байланыстарын шежірешілдік үлгімен тігінен де, кеңістік кендігін көлденең-жазығынан да қарастыратын «Байқалдан Балқанға дейін» еңбегінің орны бөлек-ақ. Онда түркі халықтарының түп тамырластығы ғылыми тұрғыдан тұжырымды байып-талады. Ғалым тілі де, тілегі де бір түркі жұрты аталатын алып бәйтеректің отызға жуық тамырлы тармағын саралап, бұрынғы-бүгінгі мәдениетінің ерекше құбылысы арқылы өркенді болашағын болжай алды. Еңбекте түркі жұртымен тарих тереңінде тамырласып жатқан қазақ халқының ел болу мәселелері де айшықтала көрсетіледі. Рулық сана деңгейінен көтеріліп, ұлттық тұтастық ұғымына қол жеткізу мәселелері алдыңғы қатарға шығарылады. Адамзат тарихына көшпелі мәдениет арқылы өшпес із қалдырған ұлттың өзге түркі жұртымен бірлікті ту көтерген ынтымақтастыққа қол жеткізу мәселелері айқындалады.**

XIX ғасырдағы түркі дүниесінің озық ойшылы И.Гаспринский көтерген «сөзде де, ойда да, істе де бірлік» мәселесін жаңа заман сұранысына сай жаңғырту тәрізді іргетасы берік тұғырлы мәселелер түбегейлі сөз болып, жаңаша мән-мағынамен толыса түседі. Ғұламаны толғандырған «Үш бірлік» сынды аса қажетті, «Үш қатер» атты қауіпті жайттардың қаперден кетпеуі, тіл, ұлттық бірлік, діни сенім атты бүгінгі күннің ең бір өзекті мәселелерінің шешімін табар жолын іздеуі – нақты әрекет, көздеген мақсатқа жөн сілтеуі – көрегендік кепілі. Қазақ қоғамына тән осынша мәселелерді жарыққа шығарып, Абайша күңіренген ғұламаның өзекті өртер ащы шындықты айтып, «халқым деп, аһ ұрған», ұлтын сүйген ұлы жүрегінің қайғысы кімді болса да ойлантай қоймасы хақ. Ұлт қамы жолындағы тірлігінен кемеңгерлік

лебі есіп тұратын ұлағатты санаткердің ұлт санасын оятуға күш салып, ұлттық ұғымын ұран ғып көтерумен бірге, береке басы бірлікті алға шығаруы – ойшылдық нысаны. Ой толғамының негізгі арқауы – туған елінің жұлдызы жоғары боларының жолдарын іздестіру. Ендігі бір ойға өзек, танымға тірек болар сөз арнасын Раханның азаматтық тұлғасына қарай бұрсақ. Оның түп қазығы елім деп еміренген азаматтың әке ұлынан ұлттың қамын жеген халық ұлы деңгейіне көтерілуді мақсат тұтқан мұраттар биігінде жатыр. Сонау елуінші жылдардың басында Алматы атты бас қаланың тастақ жолына табан тіреп, аяғын имене басқан балаң жігіт бірте-бірте қадамын нықтап, бойын тіктеп, қырағы көзін киырға сала бастады. Әуелгі кезде консерваторияға түссем деген арман жетегіне еріп келіп, кейіннен даналық өрісін әдебиеттен тапты. 1955 жылдан қайта шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газетінен тұғыр тауып, толғандырған ойларын оқырманға жеткізуге асықты. Осынау газетте 1956 жылы басылған «Ең үлкен мәдени байлық» атты мақаласы 28 жастағы жігіттің ұлт рухын ұлықтаған азаматтық келбетін бір танытып тастаған-ды. Осы күнге дейін қазақ үшін ең басты мәселе болып келе жатқан қазақ тілінің «жан қиналысын» айды аспанға шығара «тіл тістеген» заманда айтып-ақ тастады. Бәле басталды да кетті... «Рахметтің» орнына жазаланды, өсудің орнына қызметтен қуылды. Алдыңғы толқын ағалары бірде Мұхтар, бірде Ғабиден жылылық танытып, жанашырлық білдірген соң, өзегін өртеген өксіктен сәл де болса арылды. Жігерлі жастың екпінінен сескенген «Орталық» оны ұлттың рухани көсемі, саңлақ санаткер Ахмет Байтұрсынұлының ізбасарына санап «ұлтшылдығы» үшін «ұр тоқпақтың» астына алды. Бұл «көрсөкырлыққа» суарылған «көзсіз» тоқпақтар көкіректі кернеген шерді сыртқа шығарып алған, «үндемеуді» ар санаған албырт жастың арынын басқанмен, сағын сындыра алған жоқ. Іштен тынды, намысын қайрады. Жаны егілгенмен, сағы сынған жоқ. Иілгенмен, құлаған жоқ... Уақытына орай азаматтық іс көрсету – ерлікке пара-пар! Ол осыны мықтап ұқты.

Ұстамдылыққа бой үйреткен жігітті ой өсірді. Сөйте-сөйте шын ғалым, шынайы ойшылға айналды.

Ұлтының мұң-мұқтажына ортақтасып, өркениетке ұмтылуына кедергі келтірер қасиетсіздікке қарсы тұрар қайсарлық табылды бойынан. Ағысқа қарсы жүзе келе ұлт жанды арыс азаматқа айналды. Уақыт ызғары бет қаратпай тұрса да, батыл сөйлеп, тайсалмай айтудан еш таймады. Кеңестік өкіметтің саясат атты «соқыр балғасы» төбесінен солқылдатып соққан сайын, шыңдала түсті, тұлғалана берді. Ұлт мүддесі үшін жанпидалық құрбандық Рахаңды ақыры биікке шығарды. Ел-жұрты алқалап, ақыл-ойдың алыбына балады. Шыққан биіктен өзі де төмендемеуге тырысты. Азаматпын деген адамға сын болған әйгілі желтоқсан оқиғасы кезінде Кисловодскіде дем алып жатқан жерінен Алматыға асыға жетіп, Колбиннің қабылдауына қол жеткізіп, қазақ тағдырына қатысты шешімін күткен көп жайды «таққа» жоғарыдан тағайындалған «тақсырдың» алдында жасқанбай жайып салды. Ұлттың болашағына балаған жас өскін ұрпағына араша түсті. Ол кезде бұл да ерлік болатын.

Иә, шын асыл жерде қалмайтынның белгісі ретінде ел ардақтаған азаматты үкімет те құрметтеуге мәжбүр болды. Тынымсыз еңбек даңқ тұғырына көтерді. «Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер» (1983), «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» (1992) атақтарын алды, Академик атанды, Ш. Уәлиханов атындағы, «Түрік дүниесіне қызмет еткені үшін» сыйлықтарының иегері болды, «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. 80 жасқа толуына орай мемлекеттік жоғары марапат «Отан» орденімен марапатталды. Осының бәрі ғалымның маңдай терімен суарылған ұшан-теңіз еңбегінің жемісі, қайтпас-қайсар мінезінің жеңісі! **Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болуына қалам қуатымен өлшеусіз үлес қосқан ғалым-қаламгер егеменді ел болған тұстың дос қуанып, дұшпан назаланған заманын бастан өткеріп отыр. Аңсаған арманың алдан шықты деген осы-да! Рахаң кейінгі жылдары ата жұрты ардақтаған абыз ақсақалға айналып, туған жері қасиетті Түркістанға барып тәлімгерлік үлгі шашып, өнеге көрсетті. Қазақ деген қалың елі ұлағатына ұйыған данагөйлік асқарына көтерілді.**

Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Рахманқұл Бердібайдың ғұламаға тән болмысын танытатын сан-салалы ғылыми-рухани азаматтық еңбектерін көз алдымызға келтіргенде мынадай жетістіктер желісі тартылар еді. Ғұламаның ғылыми-зерттеу еңбектері, ғылыми-танымдық кітаптары, оқулықтар мен оқу құралдарының саны 40-тан асып жығылады екен. Бұл аз еңбек емес-ау!

Ғалымның зерттеушілік ізденісінің көрсеткіші – түрлі басылымдарда жарық көрген мыңнан астам мақала. 35 жылға таяу Алматыдағы ұлт рухын оятар орда атанған Халық университетінің қоғамдық негіздегі ректоры ретінде бес жүзден астам дәріс жүргізіпті. Бұлардың әрқайсысы ұлт руханиятының мың батпандық жүгін арқалаған құнарлы сабақтар болып, талайлардың жадында жатталып қалды. Қазақ әдебиеті атты сөз өнерінің асыл қазынасын бөліп-жармай, ежелгі дәуірінен бүгінгі кезеңдерін түгелге жуық зерттеп, жүйелеп, сарабал ой, салиқалы пікір қорытты. Көшпелі мәдениеттен нәр алған қазақ өркениетінің айбынды көрінісі ауыз әдебиеті мен әлемдік өркениетке өлшеусіз табыс болып қосылған жазба әдебиетін бөлектеп, бөлшектемей, бүтіндік бірлікте қарастырып, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастықтарын саралай білді. Бүкіл түркі өркениетінде өзіндік қолтаңба қалдырды. Тарихи, әдеби, мәдени бірліктің негіздерін тарамдап, кеңінен зерттеудің кемел бағыты мен бағдарын ұсынды. Ғұламаның ғылыми танымына бүкіл түрік әлемі таңдай қақты десек, артық айтқандық емес.

Бұлардың қай-қайсысы да өз ұлтын ұшпаққа шығармақ «мен» деген азаматқа ғұмырлық жүк болғандай үлкен істер. Алб Рахаң осынау бейнеті мол істен зейнетін тауып, ар-ожданын кір шалдырмай, азаматтық тұлғасына нұқсан келтірместен абыроймен атқарып шықты. Ұлан-ғайыр еңбегі ұлтының абызына, халқының ғұламасына айналдырды. Бүгінде дүниеден өткенімен Рахманқұл аға мен үшін қашанда алымы асқарды шалған асыл ұстаз, ұлты үшін еткен еңбегі таусылмас қазынаға айналған ғұлама ғалым болып қала береді.



Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,
ҚР ҰҒА Құрметті академигі

«Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішкен, Ер басына күн туса, етігімен су кешкен» қазақ халқының басына XVIII ғасырда қиыншылық туған заманда қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билер өз заманының білімді, ғұлама қоғам қайраткерлері тарихтан мәңгі орын алған тұлғалар. Бұндай тұлғалар адамзат тарихынан баға жетпес орын алуымен әйгілі. Олардың жасампаз ұлы еңбектерін дәріптей отырып, кейінгі ұрпақтарды тәрбиелеуге пайдаланады. Тарихи тұлғалардың дүниеден өткеніне, халық арасынан кеткеніне қаншама ғасырлар өтсе де, олардың өз халықтарына сіңірген еңбектері ешқашан маңызын жоймайды. Адамзат тарихында сондай елеулі орын қалдырған тарихи тұлғалар: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Үшеуіде өз заманының кеменгер, өмірлерін халқымыздың бақытты өмір сүруіне жұмсаған текті халқымыздың перзенттері.

Түрік этносы, соның бірі қазақ халқы ежелден азаматтарды шыққан тегіне қарап бағалаған. Солай болса, тек-түп нәсіл, арғы атаны білдіретін тарихи ұғым. Аттары құрметпен аталып отырған үш билеріміз текті бабаларымыздың ұрпақтары. Солардың арасынан Әйтеке Байбекұлының тегіне тиісті кейбір мәліметтер келтірейік. **Әйтеке би алты аталы Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Бұл рудың негізгі мекендеген аймақтары Сырдарияның төмені, Қаракұм, Қызылқұмның**

АСЫЛ ТЕКТІ ӘЙТЕКЕ БАЙБЕКҰЛЫ

шығыс-оңтүстігі Нұрата өңірлерін жайлаған. Бидің кіндік-қаны осы күнгі **Өзбекстанның Нұрата жерінде тамған және осы аймақта өсіп ержеткен. Енді, Әйтеке Байбекұлының генологиясына тоқталсақ, оның ата-бабалары текті ұрпақтар болғаны байқалады. Орталық Азияда ұйымдасқан мемлекеттерді басқаруға Әйтеке бидің арғы бабалары қатысқан. XIV ғасырдың 70 жылдарынан XV ғасырдың басына дейін Орталық Азия мен Иранның шығыс бөлігін қамтыған аймақта феодалдық мемлекет құрған Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажы болған. Сол ғұламаның бесінші ұрпағы Әйтеке би (1. Б. 160-161). Кейбір жарық көрген деректерде, Әйтеке бидің туысқан атасы Ақша Қоқан мемлекетінің ханы болған. Оның немересі Әйтеке би екені туралы жазылған мәлімет бар (сонда). Әйтеке бидің шыққан тегі осал болмай, жас өспірім сол өнегелі аталардың тәрбиесіне икемделіп өскен. Сондықтан, Әйтеке жас кезінен өнегелі бабаларымыздың тәрбиесінде болып, оның білімге, ғылымға құмарлығы ерте өскен. Бес жасында ауыл молдаларынан сауат ашқан. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ би айрықша ықпал еткен. Жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Әйтекені өз тәрбиесіне алып тәрбиелеген.**

Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлы (1576-16-56) қазақтың даңқы әлемге жайылған батырларының бірі, әрі қолбасшы, қоғам қайраткері. XVIII ғасырда азаттық соғысқа халықты ұйымдастыру, басқару және батырлығын көрсетіп, жауға бірнеше дүркін ойсырата соққы берген (2. Б. 6). Өз дәуірінде Орталық Азияда орын алған бірнеше

соғыстарға қатысып, барлық уақытта жеңіске жетіп, Жалаңтөс баһадүрдің даңқы әлемге тараған қолбасшы, саясаткер, мемлекет қайраткерлері ретінде танылған. Самарқанд шаһарының әмірі болып тұрған кезде, бұл қаланы гүлдендіруде зор еңбек еткен. **Белгілі шығыстанушы М.Е. Массонның жазғанына қарағанда: осы шаһарға әмір болған Жалаңтөс баһадүрдің ерлігін даңқты әскери қолбасшы екенін бүкіл Түрік әлемі, Үндістан, Алдыңғы Азия және Қытай елдері мойындаған. Белгілі ғалымның жазба деректерінде атақты, абыройлы, даңқты қолбасшы Жалаңтөс баһадүрді Түрік халықтарының ірі тұлғалы ғана емес, оны алыс және жақын елдердің сыйлағанының мәні зор екенін М.Е. Массон бойынша баяндайды: «Жалаңтөс баһадүрге алыс-жақын көрші елдерден сый-сияпаттар жөнелтіліп тұрған. Сырттан келген сый-сияпаттардың мөлшері мемлекетке түсетін қазына байлығынан асып түскен. Ол осы қаражат-байлыққа әскер ұстаумен қатар, Самарқандта зор құрылыс жұмыстарын жүргізіп, салтанатты сарайлар, медреселер салдырған» (3). Міне, Жалаңтөс баһадүр Самарқанд шаһарын бұрынғыдан да көркейтіп, оны әлемге әйгілі түрік халқының тамаша өркениетінің орталығына айналдырғанын қазіргі өскелең ұрпақтар мақтаныш етеді.**

1619-35/36 жылдары Жалаңтөс баһадүр Самарқандтың орталығы Регистанға үлкен жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, оның екі жағына «шердер» (арыстанды медресесін) және «Тилля-қари» (алтынмен апталғаны медресе) салдырған (4). Жас Әйтеке Байбекұлына ауыл мектебін біткеріп, сауатын ашқаннан кейін Самарқандтағы Ұлықбек медресесіне түсіп, оқып жүргенде Жалаңтөс бабасы оны өзінің қасына алып, аттары аталған медреселерде оқытып, оған жан-жақты білім берген. Жалаңтөс баһадүр тұрғызған медреселерде оқу, тәрбие жұмыстары Ұлықбек салған жолмен жүрген: **«Ұлықбек өз медресесінде шәкірттердің ғылымның барлық түрінен терең білім аларлық жағдай туғызған болатын»** (4. Б. 54). Әйтеке Байбекұлы бабасы Жалаңтөс баһадүрдің

қаласындағы медреседе оқып, терең білім алып, өнегелі жасөспірім болып ер жеткен. Оның әкесі Байбекте, еліне елеуді, халқына қалаулы билердің бірі болып, ұлы Әйтекеге жан-жақты білім беріп тәрбиелеген. Әкесінің жақын туыстарынан Қосуақ биде Әйтекенің би-шешен болуына мол үлесін қосқан. Әйтеке Байбекұлы жастайынан алған білімділігімен сол кездегі қоғамдық, мемлекеттік жұмыстарға жігерлі қатысқан: **«Жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болады. Ал, жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды»** (1. Б. 160).

Келтірілген деректерге қарағанда, Әйтеке өзінің білімділігімен өзінің өскен орталығында көзге түсіп, жиырма жасқа толған кезде ел арасындағы қоғамдық жұмыстарға қатысып, Нұрата төңірегінде белгілі билердің бірі болған. Осындай ел ішіндегі көзге түскен білімді Әйтеке билік жұмыстарын атқарады. Дарынды Әйтеке Байбекұлының даңқы жайып, Кіші жүздің бас биіне дейін көтеріледі. 1680 жылы Салқам Жәңгірдің ұлы Тәукені хан етіп сайлауға қазақтың көптеген белгілі бидерімен бірқатарда Әйтеке биде белсенділікті көрсеткен. Тәуке хан билікке отырғаннан кейін, оның қарауылдағы жүзден сайланған Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билер ел билеуге қатысып, олар Тәуке ханның басшылығын дұрыс жолмен айыруға атсалысқан. Солардың бірі, XVII ғасырдың соңында, XVIII ғасырдың басында Тәуке хан тұсында жасалған қазақтың байырғы әдет-ғұрыптарының заңы «Жеті жарғыны» жазуға, ел арасына кеңнен таратуға Әйтеке биде қатысқан (6. Б. 428). Осы Ұлы заңның мазмұнына зер салсаңыз, Шыңғыс ханның (Шығыстың ханының) жасаған «Ұлы жасақ» заңының мазмұнына жақын келеді (7. Б. 109-117). Соған түрік империясын «құруда Ұлы жасақ» заңынан пайдаланған сияқты басым көрінуі тарихи заңдылық деп қараған жөн. Өйткені, «Жеті Жарғы» мен «Ұлы жасақ» заңдарға Орталық Азияны мекендеген түрік-моңғол этностарының, соның ішінде қазақ халқының алға өрлеуіне жол салған тарихи құжаттар.

Осындай білімі зор, ой-өрісі кең, «Қара қылды қақ жарған», «Сегіз қырлы, «бір сырлы азамат» Әйтеке Байбекұлы заманының Әйгілі билерінің бірі болып, қазақ халқының ішкі және сыртқы саясатына ерте араласып, барлық сапалы өмірі туған халқының игілігі үшін жұмсаған шынайы патриот тұлға. Осы жерде келтірілген «Қара қылды қақ жарған» – деген қанатты сөздің этимологиясына кейбір жастар түсінбеуі мүмкін. Себебі, қандай да болса да «қара қылды қақ жару мүмкін емес қой. Сондықтан, оның мәні «шешілмейтін, шиеленіскен, болмайтын нәрсенің жолын тауып шешкен» – деген мәнде айтылған. Әрі ойшыл, әрі сөзге шешен Әйтеке Байбекұлының халық арасында шешуін таба алмай жүрген мәселелердің шешкені туралы ел арасында мол деректер сақталған.

«Әйтекенің есімі елге ең алдымен тілмар шешендігімен, тапқыр билігімен мәлім. Бір аңызда Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ертеректе өлген бір кісінің құнын даулап, Кіші жүзге келеді. Дау бірнеше күнге созылып, екі жақ келісе алмайды. Бір күні есік жақта отырған бір жігіт:

Асқар тау, сенде бір мін бар – асу бермейсің,

Тасқын су, сенде бір мін бар - өткел бермейсің.

Билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсің!» (8. Б. 48), – деген Әйтеке Байбекұлынан Төле би, Қазыбек би төрелік сұрағанда: «– Алты атасын арқалап жүргенді сіздерден көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сіздерден көрдім. Ескіріп кеткен дау екен! Бірақ құр қайтпасаңыздар, ағалық назарларыңа қалармын. Ердің құны жүз қара қой, Кіші жүз санынан жүзге толтырып тайынша-торпақ берсін, соған разы болыңыздар! – депті» (8. Б. 49). Бұл шешімді төрелік сұраған билер мойындапты.

Енді бір аңызда, Төле би мен Қазыбек би Әйтекеден сұрапты: «Жігіттің жақсысы қандай болады?» – деп. Сонда Әйтеке би: «Дұрыс сөзге тоқтай білген,

басқаны сөзіне тоқтата білген» – дейді (8. Б. 49).

Міне, ел аузында Әйтеке Байбекұлы айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. «Әйтеке би» – деген ұзақ дастан ел арасына кең тараған. Олардың бәрі арнайы зерттеулерді талап етеді. Әйтеке Байбекұлының шыққан тегі және өскен орталығы өз дәуіріне лайықты зор болған. Ораз қажы, Ақша хан, Жалаңтөс баһадүр, Қосуақ би және әкесі Байбек билер Әйтекенің даналығын біліп, өздерінің тәрбиесіне алып өсірген. Осындай жағдайда өсіп, тәрбиеленіп ер жеткен. «Атадан бала тумай ма, ата жолын құмай ма» – дегендей, Әйтеке ата жолын қуып, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат болып, өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының қамы үшін жұмсаған ірі тарихи тұлғалардың бірегейі.

Егеменді еліміз дәуірлеп, дамып жатқан шақта, бұрынғы жарық көрген тарихымызға инновациялық жағдайда қарап, халқымыздың сағасын тереңнен алатын тарихын қайтадан жаңғыртып, таяу жылдарда шынайы төл тарихымызды жазып шығайық. Сол туындының ішінде әлемге әйгілі болған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің халқына сіңірген еңбектері кең, терең мазмұнда сәулеленулері бүгінгі күннің талабы деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы, 2002.
2. Шәлекенов У.Х. Алғы сөз // Самарқанд қаласының әмірі Жалаңтөс баһадүр. Алматы. 2009.
3. Массон М.Е. Регистан мен медресе. Самарқанд. 1929.
4. Самарқанд қаласының әмірі Жалаңтөс баһадүр. Алматы. 2009.
5. Қазақ мақал-мәтелдерінің Алтын кітабы. Алматы. 2010.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. Т. 4. Алматы, 1974.
7. Шәлекенов У.Х. Баласағұни. Шыңғыс хан – моңғол және Түрік этностарын біріктіруші. Алматы, 2014.
8. Ел аузынан, Алматы, 1989.



Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті журналистика
факультетінің доценті

АҚЫН ҰЛЫН АСҚАР ТАУЫ ЖОҚТАЙДЫ...

Мұқатай Жылқайдарұлы 1938 жылы 15 желтоқсанда Алматы облысы Нарынқол ауданы Сарыжаз ауылында дүниеге келген. Әке мен шешеден ерте айырылып, жастай жетім қалған. Ауыл мектеп-интернатынан кейін Алматыдағы №12 мектеп-интернатты бітірген. ҚазПИ-де оқыған. «Советтік Шекара» газетінде тілші болып еңбек жолын бастаған. Оқушы кезінен ақын ретінде республикаға аты белгілі болған. 1955 жылдан республикалық басылымдарда өлең-жырлары үнемі жарық көріп тұрған. 1967 жылдан бастап «иаш ал» десе, бас алатын» кеңестік идеологияның сыңаржақ шырғауында абақтыдан абақтыға, түрмеден түрмеге қамалып жүріп, өкінішті өмір тауқыметін 1982 жылға дейін (25 жыл!) тартады. Өмірінің соңында аудандық газетте істейді. Отбасын құрғаны белгісіз. Соқа басы өмірден жалғаз өткен. Соңында өлеңінен басқа ештеңесі қалмаған.

Ақын өлгенде жер сілкінді, аспан жылады...

Қаршадайынан өнерден де, өмірден де жетімдіктің тек ащы дәмін татып, Алашына бар болмысымен ашыла алмай кеткен арманы биік, ары пәк алып ақынның бірі Мұқатай Жылқайдарұлы тірі болса, биыл 75 жасқа келер еді. Жай келмес еді, сырға толы, жырға мол керуенімен кердең-кердең келешекке қарай жылжып бара жатар еді. Амал нешік... Ақынға келгенде маңдайы тар, қабағы қату қатал тағдыр оны аямай соққылады. Тіл десе тілі, діл десе ділі бар асау ақын орда бұзар мінезбен отызға қараған шағында жолсызға қарай кілт бұрылып адасты да кетті... Содан маңдайы тауға да соғылды, тасқа да тірелді. Жасымады. Азаматтық хәм ақындық намысының жеңімпаз туын тік ұстап желбіреткен күйі Қазақдаласының төрт құбыласын соқа басы сұле-сопа түгел шарлап болып, ақын есімін Алашқа әйгілеген аялы Алматысының төсінде алқызыл гүлін құшақтап келешекке жаңа қадаммен қайта бір серпіле қадам басып келе жатқанда қара жолдың үстінде зымыян заманның зымыран мәшинесі қақты да кетті. Бұл 1990 жылдың 11 қарашасы еді.

Мұқатай мұңлық Алматы-Нарынқол күре жолының үстіне қайта тұрмастай қатты құлады. Сәлден кейін алып ақын қазасына ашуланғандай Жер ана сілкінді. (Мөлшері жеті балдай...) Содан соң ақтарыла төңкеріліп, ойбауырымдап Ай құлағандай күңіренген, күркіреген аспан ағыл-тегіл жылады. Толассыз екі күн жылады. Ақынның жамбасы жерге тигенше, жүрегі Жер-ананың жылы топырағымен көміліп біткенше тоқтаусыз егіліп тұрып алды. Бірлі-жарым ет жақыны, рухани жанашыры болмаса, барша қазақ Ақын қазасы мен табиғат азасы астасқан бұл құбылысқа аса мән бермеген еді... Содан бері де 23 жыл өтті...

Елі оны тірі күнінде-ақ іздеген!

Ақынын жоғалтып алған ел осы жиырма үш жыл бойы тоқтаусыз жоқтаумен болды. Жоо-жоқ, ел оны тірі күнінде-ақ іздеген!

«Мұқағалиға» деген циклды өлеңдері мен «Мұқағали монологы» поэмасы және «Қарқара» тарихи дастаны мен өзге де тақырыптарға арналған өлең, жырлары ақындық-азаматтық биікке көтерген Мұқатай Жылқайдарұлын елдің ерекше бағалайтынын мына айғақтардан-ақ білуге болады:

— Оны оқырман тірі кезінде де іздейтін,

(«Өркен» газеті. Жауапсыз кеткен төрт хат» 1988 жыл, Сағат Сабырбек, Жаңыл Асылбекова, Кәдірбек Құныпияев);

– Ол қайтыс бола сала ақпарат құралдары жоқтады (Мұзафар Әлімбаев, Кәдірбек Құныпияев, Сағат Сабырбек, Жаңыл Асылбекова, т.с.с. «Алматы ақшамы», «Лениншіл жас», «Жетісу» 1990 жыл);

– 1991 жылы Кеген аудандық Бөлтірік Атыханұлы атындағы Айтыс ақындары мектебінің ұйымдастыруымен «Поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады» деген тақырыпта Мұқатай Жылқайдарұлын еске алу кеші өтті (Ұйымд-ған: ақын Нәсілхан Тоқтасынова, Амангелді Бұқабаев);

– 2003 жылы «Жалын» баспасы жыр жинағын шығарды (Бексұлтан Нұржеке, Сағат Сабырбек);

– 2008 жылы Қазақ радиосы «Қайырлы таң, қазақ елі!» деген бағдарламасында Мұқатай Жылқайдарұлы туралы арнайы сұхбат берді (Бақыт Жағытар, Сағат Сабырбек);

– 2010 жылы «Қазақстан» ұлттық арнасы ол туралы «Сөнбес сәуле» деген бағдарламада деректі фильм көрсетті (Жаңыл Асылбекова);

– 2011 жылдан бері «Құрман баба» қоры «Іздеушінің болғаны қандай жақсы...» деген атпен ақын мұраларын іздестіру акциясын ұйымдастырды. Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстарына арнайы экспедицияға шықты; құқық органдарына, ол еңбек етті, өмір сүрді деген елдімекендерге, мекемелерге сұраныс хаттар жіберіліп, жауап алынды. Өмірдері анықталды (Сайлау Ағыбаев, Сағат Сабырбек, Дүйсенбай Сығай);

– «Жас Алаш», «Президент және Халық», «Жетісу», «Алматы Ақшамы» газеттері бұл акцияны қолдап, өз беттерінде ақынның жаңа табылған өлең, жырлары мен хаттарын және ол туралы мақалаларды жариялады (Рысбек Сәрсенбай, Марат Тоқашбай, Сайлау Ағыбай, Сағат Сабырбек, Марат Қожамбердиев, Жеңіс Шыныбеков, Қанат Тәкебаев, т.б.);

– 2012 жылы «Хабар» агенттігінің «Бармысың, бауырым?» бағдарламасында ақынның өміріне қатысты деректерге іздеу салынды (Аманхан Әлім, Сайлау Ағыбаев, Сағат Сабырбек);

– 2013 жылы Алматыдағы өзі оқыған №12 мектеп-гимназияда 75 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Жазушылар одағының қолдауымен еске алу салтана-

ты өткізілді (Ұйымд. Рахима Бөлекбайқызы, баяндамашы ф.ғ.д., профессор Темірхан Тебегенов, Еске алу айтқандар: Торғын Тасыбекова, Ғалым Жайлыбай, Оразақын Асқар, Босатқан Ұлдарбеков, Сайлау Ағыбай, Сағат Сабырбек, Марат Қожамбердиев, Талғат Нұрсұлтанұлы, Арман Октябров, т.б.);

– Ақын өлеңіне Әсет Бейсеуов шығарған «Алмалы Алматым» әнінің Ибрагим Нүсіпбаевтың балалар хорының орындауымен Қазақ радиосының Алтын қорына 1958 жылы жазылған нұсқасы қайта музыкалық мәдениет айналымына қосылды (Сайлау Ағыбаев, Сағат Сабырбек);

– 2013 жылы ақынның туғанына 75 жыл толуына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде М. Сералин атындағы әдеби бірлестік «Ақын ұлын асқар тауы жоқтайды» деген тақырыпта студент ақындардың республикалық жыр мүшәйрасын өткізді. Мүшәйраға 25 талантты ақын қатысты. Олардың 11-не жүлде берілді (Ұйымд.: Өмірхан Абдиманұлы, Мұрат Шаймаран, Сағат Сабырбек, Марат Қожамбердиев, Талғат Нұрсұлтанұлы, Сайлау Ағыбаев, демалуші «Құрман баба» тарихи-мәдени қоры);

– Алматы ЖОО-да оқитын студент ақындар бір күнді «Мұқатайды еске алу күні» деп жариялап, сол күні ақын жатқан зират басына барып гүл шоқтарын қойды (Талғат Нұрсұлтанұлы, Сағат Сабырбек);

– Ақын өмірінің соңына дейін кіршіксіз сүйіп өткен, бір поэма және «Суықтөбе сүйіктімнің ауылы» деген ән қалдыруға себепкер болған ғашығы Княгиня сұлуды іздестіріп тапты. Ақынның кластастары академик Сейіт Қасқабасов, Қазақстан Халық әртісі Торғын Тасыбековалармен байланыс орнатты, халықпен кездестірді (Сайлау Ағыбай, Сағат Сабырбек, Талғат Нұрсұлтанұлы, Қатипа мен Әкімбек, Марат Қожамбердиев);

– «Мұқағали» журналының бір нөмірі Мұқатай өмірі мен шығармашылығына арналды (Батық Мәжитұлы, Сайлаубай Ағыбаев, Сағат Сабырбек);

– Мұқатай Жылқайдарұлының 1955 жылдан бері жеке тұлғалардың қолында сақталған, республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жарық көрген шығармаларын архив тігінділерінен көшіріп, қайта бастырып, жинақ етіп құрастыру ісі жүзеге асырылды (Талғат Нұрсұлтанұлы, Сағат Сабырбек, Сайлау Ағыбаев, Марат Қожамбердиев, Нұрлайым Данаева);

– 2013 жылы шілде айында ақынның өмірі мен шығармашылығын арқау еткен «Өмірі өнеге» атты 20 минуттық деректі фильм «Жетісу» телеарнасынан көрсетілді (Авт. Алма Тілепалдықызы);

– Ақынның 75 жылдық мерейтойын 2013 жылы 7 желтоқсанда өзі туып-өскен киелі Кегенде ел-жұрты үлкен салтанатпен тойлады.

«Сталинге хат» және «Алмалы Алматым»

Мұқатайды ел неге осыншама жақсы көрді? Неліктен ұмытпайды? Тағдыры тым қиын болған соң аяғандықтан ба? Олай десек, тағдыры тайғақ талай пенде өмірден өтті ғой. Бірақ, Мұқатайдың жөні мүлдем бөлек. Мұқатайды туған елі қаршадайынан ақын деп таныды. Өткен ғасырдың елуінші жылдары-ақ оның есімін газет-журналдардан оқыды. Айналасындағы болмысқа таза көңілмен, ақ пейілмен, ақындық жүрекпен қарайтын Мұқатай мектепте сыншылдығымен, алғырлығымен, адуындылығымен, батылдығымен танылған. Оның атағы «Сталинге хатпен» алғаш дүр ете қалды. Бесінші-алтыншы сыныпта оқитын Мұқатай интернаттағы жағдайды Кеңес халқының пірі – Сталинге айтпақ болған ғой. Ол хат Жүсіп Бессарабұлы Болатовқа (*Сталиннің сол замандарда ел аузындағы қазақшаланған аты ғой*) жетті ме, жетпеді ме, белгісіз, әйтеуір мектеп-интернат бір дүрліккен еді. Хаттың аяғы Мұқатайдың Алматыға «жер аударылуымен» біткен. Бұл «болам» деген баланың «жанам» деген жүрегіне от бергенмен бірдей болды. Мұқатай бүгінгі академик Сейіт Қасқабасов, Халық әртісі Торғын Тасыбекова, кешегі әйгілі композитор Әсет Бейсеуовтермен бір сыныпта оқыды. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, кілең дарындылардың ортасында бәсекелі өнер мен өмір бәйгесіне қосылды да кетті. Дәл осы орта Мұқатайдың атын әуелетіп аспанға шығарды. Оның есімін бүкіл республика жатқа білді. Жатқа білетіні – «Алмалы Алматым» әнінің бұл мәтінін жазып, Әсет әуезін шығарды да, оны ұстаз-композитор, балалар әнінің ақтангері Ибрагим Нүсіпбаевтың шәкірттерінен құрылған Балалар хоры орындап, Қазақ радиосының Алтын қоры арқылы республика аумағына тез тарады. Бұл – 1958 жыл болатын. Әнді республиканың барлық мектептері сүйсіне орындады. Мәтіні де, әуезі де сүйкімді шығарма сол замандағы ең мәшһүр ән болды. Ән әйгілі болған соң оны шығарғандардың есімі аталмай тұра ма,

Мұқатай мен Әсеттің де есімдері сол әнмен бірге ел жүрегіне ерте еніп кетіп еді.

«Өлеңім өлсе, бірге өлем...»

Осы № 12-мектеп интернатта оқып жүргенінде ол Мұхтар Әуезовпен кездесу ұйымдастырды. Кездесуді өзі жүргізді. Мұхана арнап жұрт алдында өлең оқыды. Ұлы тұлғаның батасын алды. Бұл жөнінде газеттер жазды. Өзі де кейін сағына еске алып, естегісін «Семей таңы» газетіне жариялады. Сол өлеңі мынау:

Осындай жүрегі жарып шыққан жырларын оқып отырсаңыз, ақын Мұқатай:

– ұлы Абай айтқандай, «адамзаттың бәрін сүйген бауырым деп»: *«Алатаудың көгінде, бірге туған жұлдызым. Айналайын тегіңнен, Бірге туған қырғызым» («Түбі бірге туысқан»);*

– табиғаттың сұлулығын көркем ой, сиқырлы сөзбен сомдаған:

«Қысылғандай арнада көкірегі, тар шатқалда долы өзен өкіреді», («Тасқын»); «Селт еткізіп асқарды, Сапырғандай тастарды, Сатыр-күтір сайларда Бір керемет басталды. Үрпийскен биікке, Үрке тартты киіктер. Қара бұлттың көз жасын, Құдай болсаң тыйып көр...» («Нөсер»); «Тау тағысы, тас еркесі – тау ешкі, Шоқ сақалын желбірете жел есті. Бір шегініп алды-дағы атылды, Бұйым көрмей алдындағы дөңесті («Тауешкі»);

– өзіне дейінгі, өзі қатарлас және өзінен кейінгі дарынды ақындарды мойындай отырып, құлай берілген ынтық көңілмен жырға қосқан: «Мұқағалиға», «Мұқағалиды еске алу»- 4 бөлімді цикл, «Мұқағали монологы»- 13 тараудан тұратын поэма; «Басқаным», «Құраксуға» -ақын Құдаш Мұқашевқа арналған өлеңдер; «Менің тойым болады» – ақын Төлеген Айбергеновке арналған: *«Төлеген-ау, тойға кел, қонақ етем, Әлде бұл да арман боп қала ма екен? Ақын деген – арман ғой, Сол арманның Тіршілікте бір тойы бола ма екен?»;*

– тарихты тануға, танытуға, сол арқылы елдік-ерлік мұраттарды биікке көтеруге ұмтылған: «Қарқара» поэмасы әйгілі Қарқара жәрменкесіндегі қазақтың бейбіт өмірі мен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін суреттеген тарихи-деректі дастан. Табылып, жарияланғаны 672 шумақ;

– туған жер, туған ел, Отан туралы азаматтық-патриоттық рухта асқақ сезіммен ой толғаған:

«Бақытым да, байлығым да тауларым, Асқарлардың ақкүмісі – сауғаным. Шағаладай шабыт қанат қаққанда, Заңғарларда қыран

болып заулады, Аңын емес, әнін ғана аулады» («Алатаудың ұлымын»), «Сапырып сай құалай күмістерін, Өзені ойда қалды Жіңішкенің. Көрсен-ау тау ішінде асау Шелек, Алысып тасты ұңғуға кіріскенін» («Далашық»), «Тауға шықсаң, ей, ағайын, балта емес, Туған жерге махаббатыңды ала шық!» («Қарағайлар»), «Көкейдің құртын жеген жасыл мекен, Дүние-ау, осы ма еді Асы деген?! Төгілген көк шалғынға күміс моншақ, Түнде аққан жұлдыздардың жасы ма екен?...» (Асы жайлау аясында), «Тарағанда көкке нұр, Таңың неткен арайлы. Дәл осындай шақта бір, Тудың ба екен Абайды?» («Жидебай»), «Найзағай ойнап көгіңде, Асығыс қайда тез ақтың? Қуатың күшті. Өзіңде Өрлігі жатыр қазақтың» («Ертіс»), «Шәлкөдеден арайлап, Таңың болып атайын. Қия алмастан қарайлап, Күнің болып батайын, Ризамысың, туған жер?» («Ризамысың, туған жер»), «...Жырымның гүлін егемін, Әнімді сен деп төгемін, Айналдым сенен, Кегенім» («Кегенім»);

– тағдырмен тайталасқан сергек сезім, сұңғыла көңілмен тіршілік түйткілдерін де әдемі астармен өрнектеген: «Алданып кейбір аңдардан, Көңілім менің қалса да, Жүрегі жомарт жандардан, Жақсылық көрдім қанишама» («Адамдарға алғыс»); «Туысқан, туған көп менде, Көлігін бермес өткелде. Құдайдан бір кем емес, Ақылын айтып сөккенде», («Туысқан туған»), «Бұ Кегенде сен қалмайсың, мен қалам, Болашаққа сен бармайсың, мен барам. Ақын ұлын түбінде бір жоқтайды, Аман болса, асқар тауым, кең далам» («Бұ Кегенде...»); «Жылмиғанын жақын санап туыстың, Күліп берген кесесінен у іштім...» («Күлкілер»), «Бұрыштан иттер үреді, Үретін жерін біледі. Қасқайып келіп қабұға, Қорқады қоян жүрегі» («Ит үреді...»);

– ақындыққа адалдық, өлеңге құштарлық сезімдерін де терең оймен әдіптеген: «Ақ қанатты Алатаудың ұлымын, бақытына жыр тигеннің бірімін...» («Алатауым тұрғанда»), «Өлеңім өлсе бірге өлем, Өзегім егіз жырменен...» («Жазылмай жүрген бір өлең»), «Нашар болып өлеңімнің жолдары, Жұрт алдында тірі өлмесем болғаны...» («Бір өлемін, оланық»), «Тыныш жүру тірлікте мүмкін емес, Тепкілесе кеуденді гасыр әні» («Ғасыр әні»), «Көз көргендер, мен үшін өзгермеңдер, «Мұқатай өлді» деген сөзге ермеңдер» («Көз көргендер»);

Мұның бәрі – 2003 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Айхай, дүние» деген жыр жинағынан келтірілген мы-

салдар. Ол жинаққа ақынның барлық жыры енген. Биыл ақынның немере інісі Талғат Нұрсұлтанұлы және Елнұр Әбдісүлейменов кітапханада сақталған газет, журнал тігінділерінен 1955 жылдан бастап жарияланған жырларын барынша жинақтады. Олардың ішінде аталмыш жинаққа енгендері қаншама! Солар жарық көрсе, әдебиет сыншылары Мұқатайдың өлең өрнегіне өз бағасын берер күн әлі алда.

«Таудың ерке тағысы едім мен кеше...»

Енді, оқырман көкейінде жауап күткен сұраққа тоқталсақ... Мұқатайдың тағдырының басқа арнаға түсіп кетуіне не себеп болған? «Ауылдағы қарттардай ренішпен, Үндемейді жартастар түнеріскен. Ағытылған вагондай жол үстінде, Қалай шығып кеттім мен рельстен?» – дейді өзі де. Адам алда не боларын алдын ала білетін болса ғой... Сонда келетін қауіп-қатерден сақтанып жүрер еді. Бірақ, ондай қабілетті Алла мыңдардың, тіпті, миллиондардың біріне ғана бергісі келсе берген ғой, әйтпесе ол да жоқ. Ал, Мұқатайға сәуегейлікті емес ақындықты сыйлапты. Сол ақындық қабілет арнасынан асқанда ел көрмегенді көреді, сезбегенді сезеді, білмегенді біледі. Мұқатай өз ортасынан озық болса, ол ақындық қабілетінің арқасы еді. Бірақ оның сезімтал жүрегіне, намысқой мінезіне, ар мен ұятты ойлаған санасына жетімдік әжептәуір салмақ салса керек. Шарықтап шығанға шыққанда да, қалықтап төмен түссе де сол жетімдік алдынан кесе көлденең шыға берген бе деп те ойлаймын. Айналасындағының бәрін аппақ күйінше көргісі келетін таза, пәк, періште ақын көңіл сан рет опық жеді-ау. Оның адал дегені харам болып, әділ дегені қиянат болып, шыншыл дегені өтірікшіл болып шыққан соң назаланбай қайтеді, капаланбай не етеді? Сондай сәтте ақиқат іздеп шарқ ұратын ақын жүрегі ашынуға да, асаулыққа да жол беріп алады-ау, сірә. Ақында асаулық болмаса, ақын ба?! Ашыну, торығу, қамығу, налу, күйзелу, қиналу болмаса, сол психологиялық ахуалдың бәрін өлең қалыбына салып, сыртқа шығарып барып басылмаса, ішкүса болып кетуі де ғажап емес еді. Ішкүсалықты Мұқатай тым ерте бастан кешірсе керек. Сонау «Сталинге хат» кезінде кім не демеді десеңізші. Тәрбиешісінен бастап директорына дейін не айтпады дейсіз. Сонда ең алғаш жетімдігін бетіне басқан да болар үлкендер, тіпті «халық

жауы» жасап жіберейін десе Мұқатайдың жасы жетпей пұшайман қалған да шығар... Содан кейінгі бір-екі жылда оның жүрегін «қыстық бәтенке» де бір тіліп өткен болатын. Алматыдағы интернатта оқып жүргенде бір туысының үйіне барады ғой. Кіші шешесі қыстық етік әпереді. Жап-жаңа етікті жетім балаға беруге көзі қимаған туысының баласы берместің амалын іздейді. Сөйтіп «карта жасыру» ойынын ойнайық дейді. Кім жеңсе, жаңа қыстық бәтінке соныкі. Мұқатай картадағы әр сызықты жатқа білетін, әр қаланы, әр атауды жадына құйып алған. Олай болатыны – күнде кешке география сабағына дайындалып жатқанда балалар «карта жасыру» ойынынан жарысатын. Намысшыл Мұқатай ата-анасы барлардан қалыспау үшін түгел жаттап алған еді. Енді, міне, туысқан бауыры бәсекелесіп, бәстесіп жатыр. Олда мықты. Жеңілмейді. Бір уақытта бауыры картаның төмен жағына майда қаріппен жазылған бір атауды көрді де оны қайырып тығып тастап, бір-екі айналымнан соң жасырды. Мұқатай ол атаудың қайда екенін білуші еді. Бірақ, мына, картадан табылмады. Бауыры «онға дейін санаймын, таппасаң бәтенке менікі», – деді. Мұқатай «сен ол жазуды тығып тастадың» деуге батпады. «Жыртып тастадың» деуге дәлелі жоқ. Бірақ, дәл сол тұста екенін анық білетін. Онға жеткізбей «мен жеңілдім» деп төсегіне барып теріс қарап жатып қалады. Содан таң бозынан тұрып, алгі бәтенкені туыс бауырының қасына қойып, өзі қоңылтаяқ жаздық тәпішкемен үйден шығып, қансонарды қарш-қарш кешіп, «интернатым қайдасын» деп кетіп қалады. Осындай қиянатты сәттер қаншама рет қайталанғанын бір Алланың өзі біледі. Мұқатай соның бәрін өлеңмен жеңіп келе жатқан. Бірақ, өмірінің бағытын тағы бір қараулық басқа жаққа мәңгілік түзелмеске бұрды да жіберді. Ол Семей облысында бір қойшыға көмекші болып жүрген. Бір күні зоотехник келіп қонақ болады. Ет асылады. Арақ құйылады. Алдында бірін бірі мактап отырған басшы мен қойшы аяқастынан бір нәрсеге келісе алмай, керісіп қалады. Арты жаға жыртысуға ұласады. Мұқатай екеуін ажыратпақ болады. Бірақ, жұқалтаң жігітті еңгезердей зоотехник итеріп тастап, қарсыласымен арпалыса кетеді. Арпалыс кезінде қайнап тұрған қазанға құлайды. Күйеді. Коммунистік партияның көзі қырағы кезінде ешкім ештеңе жасыра

алмайды. Ауруханаға түскен зоотехниктің қазанға құлауын анықтаған тергеуші екі ортада араша болған Мұқатайды «кінәлі» етіп сотқа тартады. Сот оны бір жылға бас бостандығынан айырады да жібереді. Ал, зоотехник пен қойшы сүттен ақ, судан таза болып шыға келеді. Осы қиянатта жас ақынның жүрегін кескілемей қайтеді. Артында іздеуші, сұраушысы жоқ тұл жетім Мұқатай ақтығын айттып жатып бір жылға жетпей сегіз айда бостандыққа шығады. Бірақ, ол заманда сотталғанды, істі болғанды жұмысқа ала қоймайды. Бір ай бос жүрсен қаңғыбас деп абақтыға жабады. Мұқатай мұңлық туралы ақиқаты анықталмаған тағы бір аңыз бар. Талдықорған облысы жағында кітапханашы болып жұмыс істепті. Жұрт кітап оқысын деп оқырман жинау ниетімен небір кітаптарды таратқан ғой. Жылдық есеп кезінде кітаптың көбі қайтпаған. Мұқатайды «мемлекеттік мүлікті таран-таражға салды» деген айыппен тағы жауапқа тартқан да, айдағып жіберген. Тағы бірде әлдекімдер соққыға жығып, сүйектерін сындырып кеткен соң ауруханаға түскен ғой. Жазылып шығарда үстіне киер киімі жоқ, аурухана киімімен үйіне келсе, «мемлекеттің мүлігін ұрлап кетті» деп милиса келіп тағы ұстап алып кетіпті.

Тізеге басу, асыра сілтеулерден ылғи түрмеге жабыла берген ұяты берік, ождан асқақ арлы ақын «сотталған» дегенге қорланып, «түрмеден шыққан» деген сөзден намыстанып, ел шетіне жоламай, ылғи жырақта жүруге өзін өзі мәжбүрлеген. Сонда да қаламын бір сәтке тастамай өлеңімен өмір сүре берген. Түрмеде жатса да әдебиеттен бір елі ажырамай, үнемі оқумен, көңілге тоқумен айналысқан.

«...Ал досым, мен өзгерген адаммын...»

«Ертең 21-ғасырдың аяғына таман біздің қазақтың қаншасы ана тілін ұмытады?... Қазірдің өзінде 20-30% қазақша басылымдарды тіл білмегендіктен оқымайды. Сонда бізге өлең жазып не керек? Кімге арнап жазамыз? Оқушымы қайда менің ертеңгі?... Осыған жауап берші».

«...Жалпы опат, қаралы кезең болса да сол жылдардың өзінен қуаныш, жсылт еткен сәулелі сәттер табуға болады. Өмірдің терістерін қуа бермей, күнгейіне де үңіліп көңіл бөлесің. Өмір тек қайғымен, қара бояумен жасалмайды...».

«...Шыда, келер жыл біздікі. Мен осы жылмен қызметті аяқтаймын. Өкіметке де біраз еңбегім сіңді. Егер, өзім күткен құпияның есігін аша қалсам әрі қарай қызмет істемей-ақ тек бірыңғай жазумен айналысамын. Ал, аша алмасам, жазуды тастап Алатаудың етегінде Өтежан (Нұрғалиев) айтқандай «сексендегі семіз балуан» атанар тіршілікке көшемін. Әйел алып, оны еркелетіп, балаларымды ойнатып, шаруашылықпен өмір кешемін....»

«...Көп оқыған, ізденгіш, шебер аудармашы ақын қазақтың халық жырларындағы кейтсалаулармен шектелуі мүмкін емес, ескертсін дегенім. Ал, Мұқағалидағы қайталау тек жай қайталау емес, үстеме толықтырғыш мағына беретін, сол арқылы өлеңнің интонациясы ғана емес бүкіл динамикасына, мағынасына күш беріп, әрлеп көркейтетін қайталау. Әсіресе, қайталанар сөз екінші тіркеске қосылғанда басқа жаңа мағынамен құлпырып кетеді...».

«...Роберт Бернстің өлеңдеріндегі, Мұқағалидағы қайталауларды салыстыра оқып көр; -Венгер халық поэзиясы – XVIII-XIX ғ бізге өте ұқсас, әсіресе қайталау, қайырма; -Халық жырлары. Тойдағы айтыстар – бұған Мұқағалиның «Қарасаздың шыбығын...» - айқын дәлел. Ғасырлар бойы халық, бүкіл бір ұлт жасаған поэзияны Мұқағалиның қандай биікке көтергеніне, жаңа қырларын, сырларын, мүмкіндіктерін ашқанына, жаңартқанына көңіл бөл. Мұқағали Абайдан кем емес – тең емес. Аудармаларына, әсіресе, Данте «Б. Комедиясына», Шекспирдің сонеттеріне көңіл бөл...».

«...Мен саған бірде-бір қуаныш әкеліп, жаныңды жадырата алмадым. Тек мұң сыйлады. 20 жылдай мерзімде 2-ақ рет кездестік. Сонда, мені неге ұмытпайсың? Неге жек көріп кетпедің? Қолды неге бір-ақ сілтемедің? Мені неге жақсы көресің? Осының себебін айтышы. Өтінемін. Ал, досым, мен өзгерген адаммын. Қазір мұңлымын. Қуаныштың ізі де жоқ. Баяғы ақжарқын, тапқыр, әзілқой, адал жанды, өмірге ынтық Мұқатайға өзім де зармын. Ал, саған кездесерге дейін сол Мұқатайды мен де іздестіріп көремін. Қолыңа баяғы Мұқатайдың өзі болмаса да көзін апарып табыстауға тырысамын...».

Бұл үзінділер ақынның «көненің көзі, айнымас, жар дегенде жалғызының өзі, сұрыпталып, сарқылып шыққан сары алтындай адал досы» (Мұқатайдың өз сөзі) ғалым, сыншы Абай мұражайын ұзақ жыл басқарған қайраткер Төкен Ибрагимовке 1977-78 жылдары жазған хаттарынан алынды.

«Сартаудан таңың атар-ау...»

«Мұқатай Жылқайдарұлы» деген атты жиі естимін. Жұрт «күшті ақын», «мықты ақын» дейді. Одан басқасын білмеймін. Сол ел бағасын санама сіңіріп алып, оны «қайдан көрсем екен» дегем де қойғам. 1985 жыл, Көктем. Дарынды суретші, шебер Төлеген Нұрғожаев екеуіміз таң ертеңгі автобуспен Алматыға қайтпаққа күре жолдың бойымен күлдилап келе жатқанбыз. Алдымызда анадайдан ондатр терісінен тігілген көнелеу тұмақ киген, үстінде қара сұр пальтосы бар, менің бойымнан сәл биіктеу, жасы елулерден асқан, өңі шаршаңқы, әдемі әлпетінің әрі тая бастаған кісі қарсы келе жатты. Төлеген :

— Ана келе жатқан — ақын Мұқатай Жылқайдаров, — деді. Ол айтып болған шақта-ақ біз бірімізге біріміз қарсы кеп тоқтап, амандастық. Таныстық. Таныстықтан соң Мұқатай ақын бірден:

— *Қиырда қалған қыршындар, Қайғылы маған жырсыңдар, Ескерткіш болып Кегенде, Тас тұғырда тұрсыңдар. Сартаудан таңың атады, Қарқара жайнап жатады, Қиырда қалған қыршындар, Сендердің жоғың батады..*, — деп қолын сермеп ұзақ шұбырта оқыды. Мен қызыға тыңдадым. Төлеген бізді фотоға түсіріп жатты. Мұқатай ақын келесі өлеңін оқыр алдында оның шығу тарихын айтты: Шөпшабыс кезі. Дала қосы. «Обком хатшысы келе жатыр» дегенді естіген басшы-қосшылар қара жолға су сеуіп әлек. Мұқатай мұны түсінбейді. Келеді обком хатшысы қара «Волгамен». Шөпшілер тікесінен тік тұрып қарсы алады. Мұқатай елден ерек алға шығып, алшандай басып барып «Ассалаумалейкум!» деп обком хатшысына қолын береді. Оның бұл қылығын жақтырмаған райком хатшысы:

— Әй, мына біреулерінді алып кетіндер әрі, — деп зірк ете қалады. Сонда Мұқатай жалт бұрылып қасқая қарап тұрып:

— *Қозымен бірге азаннан, Ағыттым қиял көгенін. Жауқазын оймен жазаңнан, Өріске салдың, Кегенім. Кегенім — менің Кегенім, Өрісі шүйгін өзенім. Жетіде жетім қалсам да, Талған жоқ менің өзегім. Атадан қалған сөз едім, Жақсыдан қалған*

Жақсының жақсылығын айт

көз едім Артықтау кетсем, тежедің, Айтылар тұсқа кезедің. Кегенім – менің Кегенім, Жырымның гүлін егемін. Әнімді сен деп төгемін, Айналдым сенен, өз елім... – деп төгілте жыр оқиды. Оқып болған соң шөпшілер дүр шапалақ ұрады. Обком хатшысы Мұқатайды қасына ертіп алады да шөпшілерді бірге аралайды. Ол обком хатшысы – Асанбай Асқаров екен.

Кейін Мұқатаймен «Мұқағали моноло-гы» поэмасы газетке шыққанда Қарқарада, Тұрықбай Бейсебаев деген жас жазушының үйінде жолықтық. Одан кейін, 1990 жылы Бөліткір ақын Атықанұлының 125 жылдық мерейтойына баратын болдық. Ол кезде «Мұқатай аудандық газетте істеп жүр» дегенді естігенмін. Ол да аудандық газет атынан тойға барады деп ойлады да бұған дейін жауапсыз кеткен үш өлең хатыма қосымша тағы бір өлең арнап ала бардым. Көлбастауда жұртшылықтың Алматыдан келген ақын, жазушы, журналистермен кездесуі болды. Бірақ, Мұқаң болмады. Сонда да, арнаған өлеңімді оқыдым ел алдында. Алматыға келген соң бір аптадан кейінбе екен, Мұқатай аға менің жұмысыма келді. Далаға шықтық. Құрманғазы мен Қонаев көшесінің қиылысына жақындағанда кілт тоқтап:

– Сен әнеугүні жұрт алдында мені жоқтап өлең оқыпсың. Сол өлеңімді оқышы, – деді. Мен оқыдым:

– Мұқа, сен елдің ардағысың білесің бе, Өткен күндер, от күндер жүресіңде. Ақын басың сәбидің добы емес, Тастай салар жсарылса, күресіңге. Жаралғансың тағдырмен күресуге, Хақың да жоқ шыдамың түгесуге. Сен ермедің минуттар тіліңігіне, Уақыт саған амалсыз ілесуде. Жан сырыңды еш пенде ұқпағасын, Соған бола көңілде дық қағасын, Жуып-шайып бәрін де құрту үшін, Ащы суды еріксіз ұрттағасың. Ақын басың демесең жұртта қасың, Қойшы соны, тіл алсаң, ұрттамашы... Сартаудан таңың атар-ау, Қарқара жайнап жатар-ау. Қиырда қалсаң, жан аға, Сенің де жоғың батар-ау, Сенің де жоғың батар-ау... – деп аяқтадым. Мұқатай аға үнсіз төмен қарап тұрып сәлден соң басын көтеріп, даусы дірілдеп:

– Сен мені шын жоқтап қалар ма екенсің, – деді. Жанары мөлтілдеп кетті.

– Қой, аға, ерте, – дедім. Сол күннен бастап біздің үйде болды. Жиырма күндей-ау шамасы. Ащы суды татып алмады. Темекіні де азайтты. Әрі кіріп, реңі жасарып, күнде айнаға қарап, кербездене таранып, жаны рахаттана, өзіне өзі сұқтана қарап, ұзақ сипа-

ланады. Көңілді. Менің балаларым оны «ата» дейді. Мұқатай атасы оларды ойнатады. Өте балажанды жан екенін сонда көрдім. Талай нәрсеге қанықтым. Қазақстанда болмаған жері жоқ па деп қалдым. Оқымаған кітабы аз. Қазақ ақындарын былай қойғанда, орыс ақындарының өлеңін, шет ел ақындарының аудармаларын жатқа оқиды. Оқығаны қандай ғажап. Әр сөзді нық-нық айтып, таптап, баптап сөйлегенде еріксіз тыңдайсың, құлағыңның құрышы қанады. Ішкі мәдениеті биік, сөздік қорында былғаныш сөз жоқ, таза әдеби тілмен салмақты көркем сөйлейді. Текті мінезі қанында ақсүйектік барын танытады. Намысшыл.

Ол кезде 7 ноябрьдің тойы үш күн болатын. Төртінші күн Мұқаңның бұрын жарық көрген өлеңдерін жинайық деген мақсатпен қазіргі Ұлттық (ол кезде А.С.Пушкин атында) кітапханаға шықтық. Жолда келе жатып:

– Паспортыңыз бар ма? Онсыз кіру билетін бермейді – деп ем:

– Бірінші Алматыда бір мілісә інішегімде, деді.

– Онда Сіз оны алып келіңіз. Мен кітапханада болам да сонсоң газет-журналдар (көк базардың қасы) жаққа барамын. Сағат үште сол жерде жолығалық, – дедім де мініп келе жатқан 128-бағыттың автобусынан түсіп, кітапханаға келсем, жабық. Сөйтсем, ноябрь тойы төрт күнге созылыпты. Уақыт өткізіп барып уәделескен уақытта газет-журналдар жаққа барсам, олар да жұмыс істемейді екен. Мен Мұқаңды күттім. Ол кісі келмеді. Екі күн өтті. Үйге келмеді. Үшінші күні жұмыста «Сізге «Алматы Ақшамы» газетінен Кәдірбек Құныпияев деген ағай «жедел хабарлассың» деп жатыр, – деді. Мен телефон шалдым.

– Сақай, Мұқаңнан айырылып қалдық, – деді.

– Қашан?

– Кеше қаражолдың үстінде машина қағып кетіпті...

Содан бері 23 жыл өтіпті...

Артында өмір шындығын, табиғат сұлулығын, тарих тағылымын, тағдыр тартуын, адамдар қасиетін ақиқатпен жырлаған өлеңдерінен басқа еш дүниесі қалмаған ақын Мұқатай Жылқайдарұлының есімі елі барда өшпейді. Өшірмеудің бір амалы – жырларын жарыққа шығарып, халықтың қолына тигізу. Ол енді мемлекеттің есебінен шықпаса, байлығын байыпты іске жұмсауға шебер азаматтардың есебінен шығар. Ең бастысы – жауһар жырлары өзі құлай сүйген қазағының қолына тисе, ақынға қойылған мәңгілік ескерткіш сол болар еді.



**Көпжасар НҰРИБАЕВ,
ҚР Ұлттық ғылым
Академиясының академигі**

АПТАЛ АЗАМАТ, БІЛІКТІ БАСШЫ

Садуақас Темірбеков қазақтың айтулы перзенттерінің бірі. Еліміздің білім мен ғылым саласына орасан зор еңбек сіңірген азамат. Өз басы өте білімді және жоғары мәдениетті адам болатын. Өзі философ болғаннан болар ойы терең, талғамы кең, білімі ұшан-теңіз еді. Бірақ, бұл қасиет мамандығына емес, адамның өзіне тікелей байланысты. Әйтпесе, өз пәнінің тар шеңберінен шыға алмай жүрген философтар аз ба.

Сәкең көп оқитын, бұрынғы грек философтарының еңбегінен бастап, орыс және батыс классиктерін, қазақ тарихын, ауыз әдебиетін, қазіргі әдебиетті үзбей оқитын. Оқып қана қоймай, оларды ой толғамынан өткізіп, жеке өз пікірін қалыптастыратын. Қазақтың тарихи тұлғаларын жақсы білетін, олардың өмірі мен қызметінен, елге сіңірген ерен еңбектерінен хабары мол еді. Және мұның бәрін ішіне сақтап қалмай, реті келген жерде айтып жүретін. Әсіресе, жастарға, оның ішінде өзі дәріс беретін студенттерге жүйелі түрде әңгімелеп беретін. Жалпы Садуақас ірі тұлға ретінде өз халқын өте жақсы көретін. Сондықтан, қазақтың жақсы қасиеттеріне мақтанып, жаман қасиеттерін сынап отыратын. Мысалы мына сөзіне көңіл бөлейік: **«Қазақ жалқау емес, жайбарақат халық. Ендеше, жайбарақаттықтан құтылған жөн. Тірлікті тез, аз уақытта сапалы істеп үйрену керек. Нарық заманы осыны талап етеді. Қазақты ешкім асыраған жоқ, өзінің еңбегімен, тірлігімен күн көріп тарихта қалды және жаман болып қалған жоқ. Қазақты құртып жүрген еңбек сүймейтіндігі емес, жайбарақаттығы. Тарих деңгейінен қалып қоймау үшін қазаққа жылдамдық керек, басқа халықтар сияқты алға асығу керек»** (М.Қалдыбай «Өмір өрнектері», 2010, 83б.).

Бұл халқына жаны ашыған азаматтың сөзі. Сәкеңнің қазақтың психологиясын жақсы білетінін дәлелдейтін тағы бір мысал келтірейік: «Қазақ көсемшіл халық. Көсемшілік қасиеттен арылғанымыз дұрыс. Бір адам ел басқарса, оны әулие тұтып, бұдан басқа ешкім жоқ деген сөзді қойған жөн. Қазақта, құдайға шүкір, жарамды адамдар көп... Көсемшілдіктен ең алдымен жағымпаздық шығады. Біз жағымпаз халықпыз, бастықтың алдында бас игіш халықпыз» (М.Қалдыбай «Өмір өрнектері», 2010, 83 б.). С. Темірбековтің осы сөзді айтуға толық құқығы бар, өйткені, өз басы жағымпаздықты жек көретін. Өз ой-пікірін ешкімнен жасқанбай тіке айтатын. Бұл тұрғыдан бастықтарға жақпай қалатын кездері аз болған жоқ. Бірақ Сәкең ешкімге бас иемей, жалпаңдамай әруақытта әділетті болуға тырысты.

Сәкеңнің тағы бір қасиеті намысшыл азамат еді. Басынан сөз асырмайтын. Қалай болса солай сөйлемейтін. Ал, сөйлей қалса сөзі мірдің оғындай. Оның үстіне дәлелді және нақты сөйлейтін. Үлкен жиындарда, бас қосуларда сөйлейтін сөзін алдын ала ойланып, толғанып алатын. Қай жерде кімге арнап сөйлейтінін де ойланатын. Бұл шешендік қасиеттің бір қыры. Сондықтан, айтқан сөздері көңілге қонатын, жұрт жақсы қабылдайтын. Студенттерге оқитын дәрісіне өте жауапты қарайтын. Әр лекциясының өзі жеке творчестволық шығарма сияқты болатын. Тақырыпты кеңейтіп классикалық ұстанымдармен бірге, бүгінгі өмірдің мәселелерін көтеретін, оларға өз ой-пікірлерін қоса айтып отыратын. Жалпы, С. Темірбеков өмірге, салт-дәстүрге, мәдениетке өз көзқарасы бар азамат болатын. Оны әр жерде ашық айтып та жүретін. Бұл көзқарас жалаң ойдан туған нәрсе емес, өмір заңдылықтарына, Сәкеңнің терең білімін, бай тәжірибесіне және оның өзіне тән айнымас логикасына негізделген ұстаным болатын. Араласқан азаматтар жөнінде де өзінің ойын қаймықпай тура айтатын. Сынайтын адамдардың бетіне кемістігін жұмсартып айтып, одан құтылу жолдарын да көрсетіп

кететін. Сәкеңнің осындай ірі тұлғасы өзінен өзі немесе кездейсоқ қалыптасқан жоқ. Терең білімді Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында алды. КазГУ-дің философия факультетінің алғашқы түлегі еді. Ол кездегі жастар білімге өте құштар болатын, күндіз-түні жатпай тұрмай оқитын. Сәкеңмен бірге осы топта еліміздің аса көрнекті философ-ғалымдары Жабайхан Әбдилдин, Ағын Қасымжанов сияқты азаматтар оқыды. Олардың ішінен тағы да басқа белгілі ғалымдар және айтулы ұстаздар шықты. Бұған университеттің жасаған жағдайы және оның көрнекті ұстаздар ұжымының әсер еткені сөзсіз.

С.Темірбеков өз білімін сол кездегі одақтағы ең озық оқу орны Мәскеудің мемлекеттік университеті жанындағы аспирантурада жетілдірді. Бұған, әрине, Сәкеңнің жеке таланты мен еңбекқорлығын қосу керек. Көп оқыған азаматтар аз емес шығар, бірақ сонымен бірге оқығанды қорытып, көңілге тоқи білу керек. Міне, Сәкеңнің осындай ірі тұлға болып өсуі терең біліммен ерен еңбектің арқасы.

С.Темірбекұлының негізгі қызметі де, саналы өмірі де жоғары оқу орындарында өтті. Ерекше атап өтетін жағдай – ол кісі 1967 жылы Шымкент қаласында ашылған Мәдениет институтының бірінші ректоры болып тағайындалып, оны он бір жыл басқарды. Сол институттың белгілі ұжым болып қалыптасуына, материалдық техникалық базасының нығаюына үлкен үлес қосты. Лайықты ұстаздар қауымын тәрбиелеп өсірді. Мұғалімдерінің біразын аспирантураға, қалғанын стажировкаға жіберіп оқытып, біліктілігін арттырып отырды. Ол басқарған жылдары Мәдениет институты өсіп, дамып Қазақстан жоғары мектебінің белгілі ошағына айналды. Жүздеген, мыңдаған мәдениет қызметкерлерін, өнер мамандарын дайындап, еліміздің мәдениет саласының өсуіне үлкен үлес қосты.

Менің Сәкеңмен алғашқы таныстығым 1976 жылы жазда болды. Министрдің орынбасары ретінде Шымкентке іс сапармен барып, біраз оқу орындарын аралап танысып едім. Мәдениет институтын аралап кеңірек таныстым. Институттағы тәртіп, тазалық, ұқыптылық қатты ұнады. Шын мәнінде мәдениеттің жаршысы болатын ұжым екеніне көзім жетті. Әрине, бұл өз басы өте жоғары мәдениетті ректор Садуақас еңбегінің нәтижесі. Көп ұзамай 1978 жылы Сәкең қызметі жоғарылап Алматыға ауысып келді. Қазақстан КП Орталық Комитетіне бөлім меңгерушісінің

орынбасары қызметіне тағайындалды, ал, 1980 жылы бөлім меңгерушісі болып бекіді. Орталық Комитеттің ғылым және оқу орындары бөлімін басқарған кездері өте жемісті жылдар болды. Ғылымымыз өсіп қарқындап, ғалымдарымыз, ғылыми мектептеріміз әлемге әйгілі бола бастады. Қазақстан ғылым Академиясының абыройы асып, Одақ Академиясы мен Украина Академиясынан кейінгі үшінші орынға тұрақты түрде ие болды. Білім беру жүйеміз де Одақ көлемінде алдыңғы шепке шықты. Көптеген жаңа жоғары және орта арнайы білім беру орындары ашылды. Еліміздің экономикасына қажетті жаңа мамандықтар ашылды. Оқу орындарының материалдық техникалық базасы нығайып, ғылыми-педагогикалық кадрлардың құрамы сапа жағынан едәуір өсіп жетілді. Осы жетістіктерге қайраткер тұлғаның қосқан үлесі аз емес.

Сәкең қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын және бұған өзінің адами қасиеттерін қосып отыратын. Ақыл айтып, қол ұшын беріп, көмектесіп отыру оған тән қасиет болатын. Мен Сәкеңмен оның соңғы қызметінде етене жақын араластым. Ол кезде мен республикамыздың жоғары және арнайы орта білім беру министрі болатынмын. Ақылдасып шешетін ортақ мәселеміз көп. Сәкең еш уақытта ақыл кеңесін аяған емес, әр кезде көмек беріп отыратын. 1985 жылы Орталық Комитеттің Секретариатында консерваторияның жұмысы талқыланды. Ректор Ғ.Жұбанованың баяндамасынан кейін мәжілісті жүргізіп отырған Орталық Комитеттің екінші хатшысы О.С.Мирошхин мені тұрғызып ой пікірімді сұрады. Мен консерватория жөнінде өзім білетін жайларды айтып, жұмысына оң баға бердім. О.С.Мирошхин: «вуздың жұмысына қандай баға қоясыз – 2 ме, 3 пе, 4 пе, қандай баға лайықты», – деп тұрып алды.

– Мен, Олег Семенович, үлкен ұжымының ұлан ғайыр жұмысын бір цифрмен бағалауға болмайды. Бұл бір пәннен тапсыратын емтихан емес қой. Консерваторияның еліміздің өнері мен мәдениетіне қосқан үлесі аз емес. Қаншама таланттарды тәрбиелеп шығарды. Олар қазір Қазақстанды бүкіл әлемге паш етіп жүр. «Вуздың» атқаратын қызметі сан қырлы, оның әрбір саласын жеке-жеке бағалау керек, – деп жауап қатып ем, хатшымыз тас-талқан болып ашуланды.

– Егер қарамағыңыздағы «вузға» лайықты баға бере алмасаңыз сіз қандай министрсіз, онда консерваторияның жағдайын білмейтін болдыңыз ғой, отырыңыз – деп мені ары қарай сөйлетпей отырғызып

қойды. Сонда мәжіліске қатысып отырған С. Темірбеков сөз сұрап орнынан тұрды. Менің пікірімді қолдап:

– Олег Семенович, «вуздың» қызметін бағалайтын көрсеткіштер біреу емес ондаған. Тек солардың бәрінің жиынтығы ғана «вуздың» жұмысының сапасын (рейтингін) анықтайды – деп еді, О. Мирошхин одан бетер ашуланып:

– Сіздің консерваторияға емес, министрге жаныңыз ашып тұр ғой. Секретариат министрді қорғайтын орын емес – деді. Сәкен оған бой бермей:

– Олег Семенович, мен шындығын, анығын айтып тұрмын, мен де ректор болған адаммын, сондықтан «вуздың» жұмысын бір адамдай білемін деп еді, хатшы оны да сөйлетпей отырғызып қойды.

Сонымен мәжілістен көңіліміз төмен болып шықтық. Содан Сәкен кабинетіне шақырып маған басу айтты: Көбеке, көңіліңізге алмаңыз, хатшымыздың білгені осы, қайтеміз, өзі білмейді, білгеннің сөзін тыңдамайды – деп мені жұбатты. Мен Сәкен ақиқатты айтып, мені қолдағаны үшін рақмет айттым. Сәкеннің қолдағаны бір бұл емес, талай рет болды.

С. Темірбеков жоғары білім жүйесін өте жетік білетін. Сондықтан ол кісімен сөйлесу, ақылдасу өте жеңіл болатын. 1986 жылы Мәскеуде жоғары білімді жетілдіру жөнінде үлкен жиналыс болатын болды. Одақтық республикалар атынан министр ретінде мені сөйлетпек болыпты. Сәкен менімен хабарласып, «Көбеке, Мәскеуге қандай оймен бара жатырсыз, ақылдасайық деді. Екеуіміз жолығып, біраз мәселені талқыладық, мен өз ойымдағы мәселелерді айттым, олар Сәкенге ұнамады. Бұлар белгілі нәрсе ғой, оларды қайталап қайтесіз, бір тың ой-пікір болса дұрыс болар еді» деді. Мен көптен ойымда жүрген мына жағдайды айттым: техникалық «вуздарда» сол салада қызмет істеп, саланы жетік білетін ұстаздар азайып барады. Қазіргі мұғалімдердің көбісі осы «вузды» бітіріп, аспирантурада оқып, ғылыми жұмысын қорғап алған, бірақ өндірісте бір күнде жұмыс істемеген, саланы жетік білмейтін азаматтар. Олар өзі білмейтін саланың мамандығына студенттерді қалай баулайды, не үйрете алады. Жастарымыз кітаппен ғана тәрбиеленген мамандар болып шығады ғой. Осы мәселені шешуіміз керек, ол үшін техникалық «вуздардың» болашақ мұғалімдерін өз саласында қызмет істетіп, не стажировкадан өтетіндей жағдай жасауымыз керек. Өзі дәріс беретін саланы жетік білмей оларды аудиторияға жіберуге бол-

майды – деген едім. Сәкен мына ойыңыз өте дұрыс, осы пікіріңізді айтыңыз үлкен жиналыста – деп ақыл айтты.

Одақтық жиналыс өте үлкен деңгейде Кремльдің үлкен залында өтті. Жиналысты КПСС Орталық Комитеттің екінші Хатшысы Лигачев ашып, жүргізіп отырды. Политбюроның біраз мүшелері қатынасты. Маған сөз кезегі тигенде Сәкенмен келіскен мәселені және «вуздардың» материалдық базасын нығайту жолдарын айттым. Аудитория дұрыс қабылдаған сияқты. Садуақас шыдамай КПСС Орталық Комитеті аппаратының қызметкерлеріне телефон соғып, менің сөзім жөнінде пікірлерін сұрапты. Олар: «очень актуально и хорошо прозвучало» – депті. Бұған Сәкен балаша қуанып, менімен хабарласып, құттықтап жатты. Міне ол кісінің табиғаты осылай еді. Жетістіктерге керемет қуанатын, ал кемістікке қатты ренжитін.

Мен Мәскеуден оралған соң бөлімнің барлық қызметкерлерін жинап маған жиналыста болған әңгімелерді айтып беруімді өтінді. Кездесудің соңында маған Көбеке, сізге рақмет, Қазақстанның жақсы атын шығардыңыз деп ризашылығын білдірді. Сәкен қызметке де қызметкерлерге де осылай адами тұрғыдан қарайтын азамат еді. Садуақас Темірбековтың әріптестерімен де өзінің қол астындағы қызметкерлері немесе өзіне бағынышты кадрлармен де ара қатынасы өте мәдениетті болатын. Мен бастықпын деген мінез көрсетпейтін, әрдайым қарапайым, кішіпейіл болушы еді. Қаншама қызметі көтеріліп, лауазымы өскенмен мінез-құлқы өзгермейтін, ел жұртпен қарым-қатынасы бірқалыпты болатын. Бұл мәдениеттің ең үлкен үлгісі десе де болар.

Сәкеннің тарихи ірі тұлға, қазақтың біртуар қайталанбас ұлы перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа қатынасы ерекше болды. Сәкен ол кісіні пір тұтатын, пайғамбардай сыйлайтын. Атына кір келтірмеуге тырысатын. Мен Димекеннің кадрімін, сондықтан, қателесуге немесе жаман іске баруға хақым жоқ, өйткені жаман аты Димекенге тиеді, сол кісідей адал, таза болуым керек деп отыратын. Сәкен үлкен кісінің сенімін толық ақтады, себебі ешбір жаман аты шыққан емес. Ол кісі ешкімнің қолынан келмейтін небір жауапты мәселелерді Сәкенге сеніп тапсыратын болды. Ал Сәкен оны ойдағыдай етіп орындап жүрді. Садуақас 50 жасқа толғанда Димаш Ахметович құттықтау адресіне өзі қол қойып, Орталық Комитеттің бюро мәжілісінде құттықтау сөз айтып тапсырыпты. Сол құттықтау папкасын құрандай көріп,

құрметтеп өтті. Мұны мен Димекеннің өз қолынан алдым деп отыратын.

Д.А.Қонаевқа төңірегіндегінің көбісі қарсы сөз айтуға батпайтын, кейде қате шешім қабылданса да үндемей отыра беретін. Мәселенің шындығын Садуақас айтатын және Димекен оны тыңдайтын. Сәкең бірнеше мәрте шешімнің дұрыс еместігіне Д.А. Қонаевтың көзін жеткізіп, оны өзгерткені бар. Димекен дана адам ғой, өз қателігін мойындай біледі –деп отыратын Садуақас Темірбекұлы.

Д.А. Қонаев қызметтен кеткеннен кейін ол кісіні сынайтындар қатары көбейді. Солардың біразымен Сәкең айтысып, Димекенді қызғыштай қорғап жүрді. Онда да өте дәлелді, нақтылы сөздермен қорғады. Бұл енді Сәкеңнің үлкен адамгершілігі.

Димекеннен кейінгі Сәкеңнің жақсы көрген адамы – ғұлама ғалым, көрнекті қайраткер Өмірбек Жолдасбеков еді. Екеуі бірге өсіп, бірге ержеткеннен болар, аралары ажырамастай дос еді. Өмекең 1986 жылы маусым айында орынсыз жаламен ректорлық қызметінен алынды. Ал, Желтоқсан оқиғасынан кейін қудалауға түсті, партиядан шығарылды. Қайта-қайта комиссия құрылып, Өмекеңді қайта-қайта тексеріп, себебі табылса қамауға алмақшы болды. Бірақ оған негіз таба алмады. Сонда төңірегіндегі көптеген «достары» бой көрсетпей кеткенде, қасында күндіз-түні болған осы Садуақас болатын. Өмірбектің өзінен көп қиналмаса, аз қиналған жоқ. Күнде-күнде танертең барып Өмекеңнің жағдайын біліп, кешке келіп түн ортасына дейін отырып кетеді екен.

– Сәке, айналайын, көп уайымдамашы мен үшін, мен тазамын, маған шамалары келмейді, ал сен бүйте берсең ауырып қаласың – дейді екен Өмірбек. Міне шын адал достық деген осындай болар.

Желтоқсанның ызғары көп адамға тигені белгілі. С.Темірбековте одан сырт қала алмады. 1986 жыл басынан бастап өте ауыр жыл болды. Небір тәжірибелі ректорлар қызметінен алына бастады. Институттарда қазақтар көп оқып кетті деген лақап әңгіме таратылды. Алматы мен Оңтүстікте орналасқан «вуздардан» «ұлтшылдық» іздей бастады. Біраз ғалымдар қудалауға түсті. «Правда», «Известия» газеттері Қазақстанның жоғары мектебі туралы сын материалдардың бірінен кейін бірін жариялап жатты. Оны біздің республикалық, облыстық, тіпті аудандық газеттер де жарыса басып жат-

ты. Мәскеуден қолдау тапқан өзіміздің жандайшаптар жазалау шараларын күшейтті. Осы теріс бағытты сезген Садуақас өзі арыз беріп қызметінен кетті. Ол кезде мен әлі министр қызметіндемін. (Сәкеңнен кейін тура бір жылдан соң мен де кеткем қызметтен).

Сәкең КазГУ-дің жанынан ғылыми қызметкер лауазымын сұрады. Ондағы ойы докторлық жұмысымен айналыспақ. Мен: «Сәке, бұған уақытты жұмсап қайтесіз, Сіздің қазіргі деңгейіңіз ешбір доктордан кем емес – десем, Сәкең – қызмет, қызмет деп жүріп ғылымым қалып қойды, енді соның орнын толтырайын деп жүрмін», – деді. Сонымен Сәкең докторлық диссертация жазатын ғылыми қызметкер лауазымын бердік. Екі-үш ай өткеннен кейін Сәкең министрлікке келіп: «Көбеке, мен ел-жұртпен араласпай тұра алмай-ды екенмін, докторлығым бітсе бітер, бітпесе бітпес, өзің айтқандай білімім еш доктордан кем емес, мені елмен араласатын мұғалімдік қызметке жібер», – деп өтінді. Ол кезде КазГУ-дің құрамында қоғамдық ғылымдардан дәріс беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыратын арнайы институт бар болатын. Сол институтқа директордың орынбасары етіп тағайындап жібердік. Сәкең өте риза болып қалды, өзі сияқты әріптестерімен араласып, жаны жай тапқандай болды. Кейін ол институт жабылған соң КазГУ-дегі философия кафедрасының профессоры болып қызметі істеді.

С. Темірбеков – үлкен ғалым, философ, мәдениеттанушы. Мәдениеттану ілімінің теориялық мәселелерін терең зерттеп жүзден аса ғылыми еңбектер жазды. Ғылымның осы саласы бойынша жазылған алғашқы оқу құралының, ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Қазақ ұлттық мәдениетінің тарихын, даму заңдылықтарын, өсу кезеңдерін жан-жақты зерделеп, өз пікірін айтып кеткен ғалым.

С. Темірбековтің ірі қайраткер ретінде еңбегі кезінде жоғары бағаланған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланды, Қазақстан КП Орталық Комитетіне мүше болды. «Еңбек Қызыл ту» орденімен, көптеген медальдармен және Құрмет Грамоталарымен марапатталды. Бүкіл саналы ғұмырын халқының ой-санасын байытып, рухани өрісін кеңейтуге арнаған абзал азаматтың аты ұмытылмақ емес. Сәкеңнің аты халқының жүрегінде, елінің есінде сақталмақ.



ПІРІМЖАНОВ НЕГЕ ҰМЫТЫЛЫП БАРАДЫ?

Кезінде театрдың киелі дәстүрін жетілдіруде көл-көсір тер төксе де, бертініректе көзден таса, көңілден ұмыт болып бара жатқан Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірім театрының айтулы өнерпазы – Тынымбек Пірімжанов жайлы кеңірек айтуды жөн санадық. Осынау, бейнетқор жанның өнерге сіңірген еңбегі, қызметі, жарқын бейнесі уақыт өткен сайын көмескіленіп, ұмытылып бара жатқаны жасырын емес. Бүгінгі жас толқын үшін жоғарыдағы ардақты есімнің өнердегі келбегі мүлдем бұлыңғыр.

Яғни, театр сахнасынан елеусіз ғана өтіп кеткен ақиық актер аға буынның есінде болар, ал, кейінгі ұрпақ ол турасындағы мағлұматтардан мүлдем ада.

Күллі өнер атаулыға ортақ қажеттілік – табиғи шынайылық пен оған деген адалдық. Осы киелі қос қасиет дарығанда ғана тума талант мойындалып, халық жүрегіне жол табады, өнердің ғұмыры ұзарады. Содан да шығар, кез-келген басқа мамандықпен салыстырғанда, актерлікке кездейсоқ адамның келе салуы – күлкілі. Өйткені, өнер кез-келген адамның қолы емес. Әсіресе, драма актері болудың өзіндік қиындығы мен мехнаты мол. Осынау қиын да, қызығы орасан өнерге жан-тәнімен берілген жас Тынымбек 1960 жылы Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театры сахнасына келді. Ол небәрі он жеті-ақ жаста болатын. Жасөспірім жігіттің алғашқы актерлік қызметі «Аманкелді» спектакліндегі Дробилин рөлімен айшықталды. Ізінше, «Абай» спектакліндегі Тәкежан, «Еңлік-Кебектегі» Кеңгірбай, Гольдонидың

«Қонақ үйдің қожасындағы» валер Репофраттың рөлдері сахнаға шықты. Ұйқысыз түндер мен мазасыз күндер басталып-ақ кеткен. Себебі, тәжірибесіз жанға көп іздену, еңбектену, дайындалу ауадай қажет болды. Оның бер жағында Қобыланды мен Қодардың, Мұстай Кәрімнің «Ай тұтылған түн» пьесасындағы Диуана рөлін, қырғыздың Сыбанқұлы мен өркөкірек, менменшіл Ескендірін, Қ.Мұхамеджановтың «Жат елдесіндегі» Сайып рөлдерін шығаруда Тынымбектің өлшеусіз тер төккені айтпаса да түсінікті. Осындай толып жатқан күрделі сахналық бейнелердің барлығы да бір-біріне ұқсамайтын, өзіндік бояуы мен көркемдік шешімін тапқан характерлер. Ұлттық шығармаларымыздағы алуан түрлі кейіпкерлер мінез-құлқын толық меңгеріп, оларды өзінің таныс-бейтаныстарына айналдыра білген үлкен шебер атанды.

«Абай» спектакліндегі Тәкежан рөлімен тұңғыш көрінген Тынымбек, ҚР халық артисі А.Тоқпановтың көңілінен шығып, кәнігі ұстаздың оң бағасын алған болатын. Белгілі режиссер жалынды жастың ерекше қабілетін тез байқап, Алматыдағы Құрманғазы атындағы өнер институтына оқуға қабылдады. Тынымбек Пірімжановтың өнердегі үлкен қадамы осылай басталған-ды. Көрнекті театр сыншысы әрі зерттеушісі Әшірбек Сығайдың алғашқы мақаласы Тынымбек өнері жайында жазылыпты. 2 курстың студенті Әшірбекті арнайы мақала жазуға итермелеген 4 курсты аяқтағалы жүрген Тынымбектің рөл жасау үстіндегі тынымсыз ізденістері еді. Сонау 1967-ші жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жарияланған «Өнерде әркімнің өз соқпағы бар» атты Әшірбек Төребайұлының тұңғыш

мақаласынан үзінді келтіре кету жөн болар. Себебі, бітірушінің рөлге деген жауапкершілігі, жанкештілігі, әр нәрсеге байыппен қарайтын қырағылығы еңбекқор Тынымбектің табиғатын аша түскендей.

«Мен таза ауаға біраз шығып келдім де, көрші тұратын жігіттердің бөлмесіне кірдім. Тынымбек еден жуатын ағашты қолына найза орнына ма, әлде, таяқ орнына ма кезене ұстап алып, жалғыз өзі сөйлеп тұр жұлқынып. Әлде біреуге ашу аралас арызын айтып тұр ма екен, әлде, біреумен дауға түсіп тұр ма, шын беріліп сөйлеп тұр жалғыз өзі.

Ретсіз уақытта кіріп қалған соң, қайта шығудың жөнін таппай тұрған мені байқап қалып:

- Кешіресің інім, ертең актер шеберлігі пәнінен мемлекеттік емтиханға жолдама беретін кезекті дайындық сабағы өтуші еді. Соған рөлдерімді пысықтап жатқаным зой... Көп дайындықсыз рөлдің оңай шықпайтынын өзің де білесің, деді Тынымбек жалғыз тұрып сөйлегенін жуып-шайғандай.

- Дипломыңыз қалай? Қай спектакльден еді рөліңіз?

- Отеллоны, Король Лирді, Ричардты, Абайды иемдендім зой. Қалай, көңілің тола ма? – деді ол менің сұрағым қарай әзілдеп.

- Кім біледі, бүкіл институттағы оқытушылар сізді мақтап, бізге мысал етіп сөйлейді зой. Соған қарағанда, Отелло, Абайларды ренжітпессіз деп ойлаймын.

- Әңгіме классикалық рөлдерді ойнауда емес, ұсақ образдардың өзін аз көрініспен-ақ кейіпкердің қырын танытып үлгіру керек. Осы мақсатпен Ә.Әбішевтің «Кім менің әкем?» пьесасынан колхоз председателі Ошаған Көсеубаевтың бейнесін таңдаған едім. Содан кейін М.Әуезовтың әйгілі «Қаракөз» трагедиясынан Қаракөздің әкесі Жарылғап бейнесі тағы ениімде. Комиссияның талғамы да, талабы да зор. Олардың көңілінен шығу үшін ескі сұрлеумен дұрыс жүріп қана қоймай, өзіңше жүруің керек, өзіңнің үніңді, өзіңнің мәнеріңді таныту керек» деп өз рөліне үлкен жауапкершілікпен қарайтынын айтса, сонымен қатар, оның

институттағы қоғамдық істерге де белсене араласып отыратын үлгілі студент болғанын айтады. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, білімге құмар Тынымбектің бір қолында оқулықтары жүрсе, екінші қолынан сурет дәптері түспепті. Оның қыл қаламмен жиі сырласып, туған жердің табиғатын, ауыл көріністерін қағаз бетіне түсіріп отырғанын жиі көретін сол кездегі жиырма жасар алғыр студент өзінің осы мазмұнды мақаласында ескеруді ұмытпаған. Бүгінгі күнде белгілі театр сыншысы атанған Әшірбек Сығай: **«Тынымбек Пірімжанов – өте білімді шәкірт болды. Үстіне бір қылау жұқпайтын, тазалықты, адалдықты сүйетін тиянақты актер еді»** деп тебірене есіне алады талантты жан келбетін.

А.Тоқпановтың курсы 1967 жылы «өте жақсы» бағамен тәмамдаған талапты өнер иесі, кезінде өзі жұмыс істеп кеткен төл қара шаңырағы Қызылорда облыстық драма театрына қайта оралады. Кейінірек, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына ауысып, біраз жылдар сонда қызмет етті. Театр артисінің соңғы жылдардағы өмірі Ғ.Мүсірепов атындағы Балалар мен жасөспірімдер театрымен байланысты өрбіді. Бір кездері қазақ театр сахнасында «мінсіз көсемдер» Ленин, Сталин секілді кесек бейнелерімен сәтті көрінген қағылез орындаушы бірте-бірте назардан тыс қала берген.

Кеңестік кезеңде Ленин бейнесін кескіндеу кез келген актердің еншісіне тие бермегені айтпаса да түсінікті. Белгілі режиссер М.Байсеркенов актер бойындағы ерекше дарынды жіті байқап, басты әрі жауапты рөлді Т.Пірімжановқа сеніп тапсырды. Сол уақыттағы кеңестік тақырыпты меңгерудегі ең күрделі де ең жауапты қойылым болғандықтан, небәрі жиырма бес жастағы Тынымбек А.Штейннің «Толас» пьесасындағы Ленин бейнесін өзінің тұғырынан түсірмеуге бар күшін салды. «Театр өнерінің ірге тасын қалаған қарлығаштардың бірі Е.Өмірзақов та Н.Погодиннің «Мылтықты адам» пьесасындағы Ленин бейнесін сахнаға шығарған болатын. Елубай рөл дайындаудағы өз жұмысын Мәскеу, Ленинград қалаларындағы мұражайлардан керекті деректер жинап, өзіне дейінгі

Ленин бейнесін сомдаған Б.Щукин, М.Штраух сынды ірі актерлерден сабақ алып, тәжірибе жинақтаудан бастаған. Мәскеудің Кіші театрында болып, Лениннің гримін жасауды үйренген» деген, мәліметтердің барлығын тарихтан білеміз. Көсем бейнесіне тереңдей енген қайталанбас біртуар Елубайдың бай мұрасын, актер өзіне өнеге етті. Аты аңызға айналған сахна алыбының жарқын ізін жалғастырғаны үшін Тынымбек өзін бақытты санады. Сол ұлылар рухына сай өнерпаз тағдырына ие болуды үздіксіз армандады. Өзін қамшылай түсуді бір сәтке тоқтатпады.

Режиссер Р. Сейтметов қойған Ш. Мұртазаның «Сталинге хат» пьесасы – Тынымбек Молдашұлына адам сенгісіз бедел әкелді. Т.Рысқұловтың Қазақстандағы хал-ақуал туралы Сталинге жазған екі хатының айналасындағы күрделі диалогтарға құрылғанын білеміз. Актер Кеңестер одағының қаһарлы көсемі – Сталинді шебер сомдап, шығарманың қазақ халқы үшін маңызды тұстарды ашуға зор үлес қосты. Сталиннің ішкі әлеміне тереңдей ену жолындағы Тынымбектің әр минуты есептеулі болды. Бос уақытын текке өткізбей, үнемі дайындық үстінде жүретін актер үшін кешкілік спектакль бейне бір шығармашылық мерекесі іспетті болды. Қойылымдағы өзінің «менін» толығырақ танытуға, көрермендердің рухани жандүниесіне игі ықпал жасауға, олардың биік талғамын тәрбиелеуге мүмкіндіктер іздеген өнер иесін таныдық. ҚР Еңбек сіңірген әртісі Айдос Бектемір: «Сіздерге өтірік, маған шын. Сол спектакльді қойғанда, адамның көптігінен театрдың есігі сынған. Қазақ сахнасында қайталанбас образ жасады. Оның өте талантты актер екенін мен сонда көрдім, сонда мойындадым» деп, өзінің сол кезде алған әсерін таңданыспен жеткізеді. Актердің аталған бейнеге байланысты көкейге түйгені, түйсік-түсініктері, тұжырым-ойлары аса айшықты шықты. «Сталинге хат» қойылымы театр репертуарынан ұзақ жылдар бойы түспей келді. Темірмен көмкерілген театр есігін сындырған көпшіліктің қара күші емес, Сталиннің дәл өзі бола білген үздік

актердің сахналық шеберлігіне деген сүйіспеншілік күші еді. Тынымбектің таңғажайып талантына тәнті болған көрерменнің ыстық деміне, жалын атқан отты лебіне емен есік те тосқауыл бола алмаған. Бұны қалың жұртшылық сенсация деп қабылдады. Түпсіз тұңғыық қиялына жетелеген Тынымбектің ғажап өнері – қалың бұқара халықтың шексіз алғысына бөленді.

Ленин, Сталин рөлдері актердің ұзақ жылғы ізденістері нәтижесінде биік дәрежеге жеткен қайталанбас көркем дүниелер. Биік өнердің шарты – артистің театрға жан дүниесімен берілуі. Автордың ой идеясын, сезім қылын, шығарманың бар бояу реңкін, рухын көрермендеріне еркін жеткізе алуында болса керек. Талантын еңбегімен таудай қылған, нағыз актер сахнада кейіпкерінің тағдырымен өмір сүреді. Әр рөл – адамның тағдыры. Жүз рөл ойнасаң, сахнаға жүз түрлі адам болып шығасың, яғни, өзінді-өзің ұмытып, образды дұрыс аша алуың бұлжымас қағида. Өзінді ұмытып өзге біреудің тағдырымен өмір сүру оңай болмаған. Сол үшін де, Тынымбек өз кейіпкерлерінің өмір сүрген уақытын, мінез-құлқын, жеке көзқарасын, мақсат-мүддесін бүге-шүгесіне дейін зерттеп алудан жалықпаған. Кейіпкерінің болмысын толық танып-білмей шынайы образ жасаймын деу бекершілік екенін ерте түсінді актер. Ал, кейіпкерлердің сыртқы пішіні, қимыл-қозғалысы, дауыс ырғағы да актерге аз жүк артпаса керек. Нұсқалар бейнеңнің жан иірімдерін аша алсаң, оның сыртқы жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін салу аса қиынға соқпасы тағы мәлім. Тынымбек жұмыстарының толыққанды шығуы оның өз қаһармандарының ішкі жан дүниесіне құлай көңіл бөлгендігінде еді.

Қазақстанның Халық артисі Т. Жаманқұлов: «Қандай рөлге салсаң да, оза шбатын, қамшы салдырмайтын жүйріктер болады. Солардың бірі осы Тынымбек болатын. Шығармашылық жұмыс істеу тәсілдері де ерекше. Ісіне жауапты болатын. Өнерді жан-тәнімен жақсы көрді. Сегіз қырлы, бір сырлы жан киноға да түсіп, телевизияда да өзін өзге қырынан танытты. Ірі пошы-

мына ерге тән ірі мінезі сай, отбасы, дос-жаранға адал актер, өнерге қалай ерте келсе, арадан да солай ерте озды ғой» деп, өзек кернеген өкінішін білдіреді. Жазушы-драматург Т.Әбдіктің «Біз үшеу едік» атты пьесасын белгілі режиссер Райымбек Сейтмет Алматыдағы – Балалар мен жасөспірімдер театрында қойғанды. Бұл керемет пьесаның тууына себеп болған жазушы Сейітбек Нұрханов екенін көпшіліктің біле бермейтіні белгілі. Алашорда қайраткерлерінің сарқытындай болған бұл кісінің шыншылдығы, турашылдығы, ешкімге өзін тәуелді етпейтін қайсыбір қасиеттері жазушының жан-дүниесіне әсер етпей қоймады. Адам жанының тазалығы турасында жазылған бұл шығарма уақытында көп мақталды да. Р.Сейтмет, Т.Пірімжанов, Р.Әшірбекова үшеуінің ғажап актерлік шеберліктерінің арқасында, бұл қойылым әлі күнге дейін ел аузында. Бір-бірімен біте қайнасып жатқан бар жоғы үш кейіпкер болғандықтан, бұл үштікті бір-бірінен бөліп талдауға әсте болмайды.

Қазақстан Республикасының халық артисі Райымбек Сейтмет нұсқалаған Мұрат – максималист жан. Оның көңіліндегі акторғынды ешқашан кіршалмауы тиіс. Ал, қара дегенің бәрібір қара болып қалады, маңында өзге түске орын жоқ. Осы мінезінен де оның тартқан азабының мол екендігін түйсігіңіз танып, оның күйгелектігінің табиғаты қайдан шығып жатқанын көпшілік ұғынып отырды. Өзі құлай сүйген Дариганы жандосы Өмірбек иеленгенде де сезімін сыртқа шығармай, өкінішін құлыптап ұстаған ұстамды жан Дариға күйеуінің көзіне шөп салғанда үнсіз қалуға дәті шыдамады. Оны досына жеткізіп, ол жағдай жұртқа жария болғанда, Өмірбек пен Дариға ажырасады. Сатқындықты біле тұра жасырып, айтпай қалуды ары жібермеген Мұрат араға жылдар салып түн ортасында Дариға үйінің есігін қағады. Дариға мен Мұрат арасындағы әңгіме – шығарманың ең бір шиыршық атар тұсы. Жан тебіренер ашық әңгіме. Шамырқанған, налыған ащы пікір. Буырқанған, адалдық сөзі. Достық, шын ниетпен жақсы көру, махаббат пен аярылық, сатқындықтың неге апаратыны сөз болар кейіпкерлер арасындағы өткір диалогтар көрерменді ой тереңіне батырды.

Ал, Мұрат пен Өмірбек арасындағы

сөз алмасулары көңілге аяныш, жабырқау әкеледі. Дарынды актер Тынымбек Пірімжанов сахнаға шығарған Өмірбек шаруасы жүріп, тасы өрге домалап тұрған тәп-тәуір отбасы иесі болып көрінгенімен, танымы мен түсінігі бас пайдасын көздеудің айналасынан ұзай алмайтын тар қолтық, кемшін адам ретінде бейнеленген. Бір кезде Дариғамен көңілдес болған жанды құрметтеп дастарқанына шақырып, құрақ ұшып, сол арқылы әлдебір шаруасын атқарып алудан үмітті Өмірбек дастарқан үстінде Мұраттың бұл адаммен қатар отырмаймын деп дау шығарғаны үшін досын кінәлап, қонағынан кешірім сұрауға да әзір. Ар соты, адамгершілік мұраты оны қинамайды. Оған бас қатырудың да қажеті жоқ, себебі, ол пайдасыз.

Осы заманның өзекті мәселелерін арқау еткен пьесада 20 жыл өткен соң бұрынғы бірге оқыған достардың кездесуі сөз болады. Мұрат, Өмірбек және Дариганың біреуі елім десе ет жүрегі елжіреген отаншыл перзент болса, екіншілері ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүруді көздеген тоңмойын тоғышарлар. Үшеудің аққу, шортан, шаяндай ара-қатынасы көрерменді тәрбиелейді, жаманнан жирентіп, жақсыдан тәлім алуға шақырады. Иә, жан тазалығымен, ой-сөз тазалығымен әрбір адамды салауаттылыққа, тұлғалыққа жетелейтін сүйекті шығарманың иесі Т.Әбдік: «Біздің үйіміз ТЮЗ-дің жанында болатын. Бір күні кешке таман үйге келе жатсам, Тәуекелов Сламбек әйелі екеуі театрдан шыққан беті екен, қарсы ұшырасып қалды. (Сламбек кезінде «Қазақфильмнің» директоры болған, белгілі режиссер). «Төке, сіздің пьесаңызды көріп, кір жуғыш машинадан шыққандай тазарып келе жатырмыз» деді. Жүрегіме әлгі сөз кәдімгідей әсер еткені... Біраз уақыт есімнен кетпей қойды. Егер, шығармаң адамды «кір жуғыш машинадан шыққандай» тазартатын болса, авторға одан артық қандай бақыт керек!?» дейді. Халық артисі Роза Әшірбекова әлі күнге дейін Төлен Әбдікке телефон шалып, «Шіркін-ай, баяғы біздің «Біз үшеу едікті» ойнаған кезіміз-ай» деп, сол кезді сағынышпен еске алатын көрінеді.

Райымбек, Тынымбек, Розалар рөлге дайындық кезінде өз кейіпкерлерінің сыр-

ларын өмірден іздестірді. Күнделікті көріп-біліп жүрген, сырын-үнін ұғынған жандар арқылы рөл сомдады. Біз сөз етіп отырған талантты актер – Тынымбек Пірімжанов үшін де, жаңа рөл әуелі қиын, сосын үйреншікті, соңында кереметке айналды. Шеберлігін, үздіксіз іздену арқылы шындай түсу – актер үшін биік мұрат.

Талғампаз көрерменнің назарын бір өзіне қарата алған осынау актердің жарқын бейнесі кейінгі жылдарда елеусіз қалғаны өкінішті жағдай. «Саналы ғұмырын театрда өткізген ерекше дарын иесінің жетпіс жылдық мерейтойы жетім қыздың тойындай болып өтті. Актерді елеп-ескеріп, есімін ауызға алған жан да болмады. Өнер үшін туылған ардақты жанның өнерге қосқан титімдей үлесінің ескерусіз қалғаны, елеусіз қалғаны жанымызға батады. Тынымбектің бір жақсы қасиеті, өзіне сеніп тапсырған рөлге ынта-шынтасымен кірісетін. Кез келген адаммен тез тіл табысатын. Біреуге ренжіп, қабағын шытқанын да көргенім жоқ. Батыр тұлғалы, мінезі бірбеткейлеу болғанымен, аузын ашса, жүрегі көрінетін адам еді ғой, жарықтық. Тынымбек ешқандай сыйлыққа да, атақ пен даңққа да ие бола алмады. Әсіресе, өмірінің соңындағы оның ең үлкен трагедиясы – рөл берілмеді. Ол кісіні уайымға салған да осы еді» деп, көңілі босап тебірене жеткізді, актердің жары Әсия Асқарова. Өзінің өнерге деген адалдығын сақтай білген дарын иесі өнер жолында қанша қиындық көрсе де, әділетсіздік шарпуына түссе де, театрға деген сүйіспеншілігінен айнамады.

Тынымбектің бойындағы артықшылық – өзіне ғана тән, ана сүтімен дарыған табиғи дарыны. Қалай десек те, оның әрбір сомдаған бейнесі жаңаша, тың серпіліс пен құбылыс десе болады. Актер сахнаға шыққанда жанып кетер еді. Көздерінен от ұшқындап, кейіпкерінің ішіне тереңдей-дендей еніп, оның болмыс-бітімін барынша ашып беретін. Образдың ішкі дүниесі мен сыртқы болмысын бір-бірімен қабыстыра, астастырып берудің хас шебері болды. Әрбір сөзін шегелеп, айшықтап, көрерменіне анық жететіндей етіп беруі де оның басты ерекшеліктерінің бірі. Бәлкім, ол

үлкен шеберлерден алған тәлімі болса керек. Олай деуге негіз бар. Ол тұста, М.Әуезов театрында қазақ өнерінің кіл марқасқалары ойнайтын еді ғой. Ол да талантты жастың өсуіне, актерлік шеберлігінің шыңдалуына сөз жоқ әсерін берді. Оның ойынында ешкімге ұқсамайтын жеке-дара сұрлеу, өзіндік соқпақ жататыны сондықтан, болар. Ол шағын кейіпкерлердің иін қандыра, көрерменнің ешқашан есінен кетпестей етіп, жарқыра алатыны да содан шығар. Тынымбек сахнада сан қырлы болды. Әсіресе, сөзді беру мәнері саф алтындай таза. Артикуляциясы мен дикциясы анық та айқын. Кейде, тіпті, кейбір актерлердің кескіндеген бас кейіпкерлері де көрерменнің есінде қалмай жатады. Ал, Тынымбектің кез келген шағын бейнелерінің өзі ұмытылмастай боп қаперде сақталып қалады. Осының өзі оның ерен, таланты мен дарынын танытса керек. Ол жанр талғамайтын өнер саңлағы еді. Комедияға, трагедияға салсаң да, автор кейіпкеріне ене кетеді. Т.Пірімжанов актерлік шеберлігін классикалық драматургиядағы күрделі кейіпкерлерді сомдаумен де сынап көрді. Актердің асқан техникасы, пьеса авторы өмір сүрген кезеңді жақсы білуі, оның не айтпақ болғанын ұғуға, шығарма идеясын түйсінуге ұмтылуы өз сезім түйсігі, арман-қиялымен астасқанда ғажайып үйлесім, үндестік қиял есігін ашар еді. Ол үндестік, үйлесімінің темірқазығы – еңбек, жан мазасыздығы, ізденісте екені анық.

Өмірінің соңғы жылдарында Тынымбекті басқадай бір мұңлы күй маза-лап жүрді. Бұл күй бір өзінен басқаға естілмеуші еді, естуге де ықылас танытқан жан болмады. Біз меңзеп отырған сырлы күй – ол сахнаға деген шексіз сағыныш еді. Театрға деген шексіз махаббатын сахнаға төгіп бере алмай, небір таңғажайып сырларын жан қалтарысына жасырып асыл актер өзімен бірге о дүниеге ала кетті. Т.Пірімжанов – актерлік шеберлік техникасын бар болмысымен меңгерген дарынды орындаушы сапында ел есінде қала бермек.

Айзат ҚАДЫРАЛИЕВА,
театртанушы



ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ СЫР

Итен ағаның этикасы

Журналистік этиканы кім, қалай түсінетінін қайдам, өз басым этиканың қандай мағына беретіндігін, қай жерде этиканы сақтау қажеттігін ұғамын-ау. Алайда, қым-қуыт аласапыран тіршіліктің тынысын кәнігі тамыршыдай тап басып отыратын жорға журналистерге күнделікті қызметте этиканың ер-тұрманын ерттей беру керек пе? - Меніңше, этиканы қолданудың да өз орны бар болуы тиіс және ол оппонентіңіз екі жақты болғаны ләзім. Әрине, мен жеке пікірімді айтып отырмын. Аз-кем мерзімде қалам ұстап, қоғамдағы көп түйіткілді көңілге тоқығаннан кейін, өзім сияқты он екі мүше, алпыс екі тамырлы жаратқандармен жақын араласқаннан кейін келген байлам бұл. Сақа журналистерді білетін едім. Сондай-ақ, сақа журналистерді де көп кездестірдім. Айтайын дегенім, жуырда республикаға белгілі қаламгер Итен Қарымсақұлының «Қоңыр қалам» және «Адамдар, жылдар, тағдырлар» атты кітаптары қолыма тиді. Безендірілуі, түптелуі өте сапалы әрі айшықты. Мұқабасының көлем мөлшері де өзге кітаптарға қарағанда қанықтығымен қатар, қалыңдау ма деп қалдым. Кәсіби баспагер, дизайнер Бақыт Ойса басқаратын «Арна» баспасы жарыққа шығарыпты. Екі тәулік бойы бас алмай сол кітаптарды бақайшағына дейін сүзіп шықтым. Мәні терең мағлұматтармен бірге, қалам ұстаған «Қара балаларға» аса қажет очерк, репортаж, шытырманды детектив сияқты кез келгеннің оң жамбасына келе бермейтін күрделі жанрлардың жықпыл-жықпылына үңілдім, үйрендім. Ойға қалдым. Көп толғандым. Сонда көңіліме түйгенім біз күнделікті күйбең

тіршілікпен жүріп көп нәрседен қағажу қалып қойған сияқтымыз. Көңілім алай-түлей. Қос кітаптың ішінде бүгінгі дүниедегі сиқырлы сұмдықтардың жеті атасын көрдім. Таңғалдым. Тандандым. Біз көбіне үстіртте, өмірден оқшаулау жүреді екенбіз. Мына кітаптарды оқып шыққанымда маған сондай терең әсер қалдырды, өмірге деген көзқарасымды бұрынғыдан да айқара оятып жіберді.

Жоғарыда журналистің этикасы төңірегінде бекер сөз қозғаған жоқпыз. Осыған дейін бір бүйірге шаншудай қадалып қалатын сын мен бет-моншағында мәдениеті үлбіреп тұратын этиканың жана-са жүретіндігін көрсем көрген шығармын, бірақ, жадымда сақталмапты. Ал, енді сонау 70-80 жылдары Торғай өңірінде жүріп облыстың бас газетінде және жері шалғай Жезқазғанның кенді аймағын аралап, жеті қат жер астындағы шахтаға түсіп, кеншілердің кем-кетік өмірін де түгендей назарға ала саралаған жазбаларына көз жүгірте отырып, Итен ағаның қалыптастырған өз этикасы барына бас шұлғысыз.

Одан кейін Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде өнеркәсіп, құрылыс және транспорт бөліміне жетекшілік жасай жүріп, егін, мал, өндіріс шаруашылықтарының жетістігімен қоса, аяққа тұсау болған кемшіліктерін де сын жебесінің нысанасына алады. Бастан сипай отырып, мақтаудың да иін қандырады. Осы жерде берген бағамызды нақты мысалдармен тұздықтап отырмасақ, сөзіміз жалаң болуы мүмкін. Мәселен, «Бос тұрған он екі пәтер...», «Дандайсыған директор», «Жылжымалы алаяқ», «Тілші болсаң қайтейін...», «Жайлау жайы толғантады...», «Ағамыз өтірік айтады...», «Қатынас қағазындағы бұрыштамалар» сияқты мақалаларында кеңес заманындағы тоңмойын тоғышарлардың құлқыны мен қатып қалған бюрократияның тас қамалын қаламының қарымымен

бұзып-жара әшкерелейді. Ол кездегі облыстық басылымның қуаттылығы сонда сын жебесіне бір іліккен сабазын бірден сабасына түсіп, көпке дейін сенделіп есеңгіреп кететін. «Ағамыз өтірік айтады...» атты сын мақалада Тасбөгет поселкесінің тұрғыны үшінші топтағы мүгедек Бектібай Талпақовтың өз пәтеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін «Қызылордамелиорация» өндірістік бірлестігіне қарасты №24 мехколонна бастығы Е.Микеевтің соңынан жарты жыл жүргіргені жөнінде айтылады. Ә дегенде үш күн мен бір жұма ішінде жәрдем беруге уәде берген суайт басшы кейіннен сөзінде тұрмай қу түлкідей құйрығын ұстатпай кетеді. Қыстың көзі қырауда әжетханасы істен шығып, жуыну бөлмесіне су көтерілмеген, оның үстіне балкон есігі ісініп жабылмай қалған қамкөңіл Талпақовтың отбасы қатты қорлық көреді. Бюрократияның қақпалынан шаршаған Бектібай облыстық газеттен араша сұрайды. Мәселенің мәнісіне араласқан, оны екжей-текжейлі тексерген журналист Итен Қарымсақұлы әлгі мүгедек жан Талпақовтың талай күн тығырыққа тірелген шаруасын оң шешіп береді.

Тағы бір мысал. Итен аға «Тілші болсаң қайтейін...» деген сын мақаласында Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданы аумағындағы кең далада орын тепкен теміржол бекетінде қызмет бабын пайдаланып, разьездге тиесілі көмірді талан-таражға салған үлкен қылмысты батыл әрі айқара ашып көрсеткен еді. «Әсіресе, ол-ол ма, разьезд басшысының жұмыста жіберген кемшілігін бетіне басқан, оны газетке жазған қарапайым еңбек адамының, газеттің штаттан тыс тілшісінің қыр соңына түсіп құдалап тіпті жәбірлеуге дейін барды», – деп жазды Иекең сол сын мақаласында. Мәселе былай өрбиді. Облыс, аудан орталықтарының шалғай жатқандығын пайдаланған разьезд бастығы ойына не келсе, соны істейді. Мұны өзінің қарауындағы қарапайым жұмысшысы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі Әлімбай Маханбетов газетке жариялайды. Содан басталған даудай ұзаққа созылады. Оны айтасыз разьезд бастығы тілшіге күн көрсетпей, зәбірлеген, оған қоса әлімжеттік жасаған. Оның аяғы мемлекет мүлкінің талан-таражға салынып жатқандығын, разьезд бастығының аралас

тауарлар дүкенінің меңгерушісі болып істейтін әйелі Жұмашеваның жазықсыз жас ана Рамазанованың шашын жұлып, сабағанын жазуға әкеліп соққан. Басқа да кемшіліктер батыл әшкереленген. Газетте шыққан мақаладан кейін разьезд бастығы Ә. Маханбетовті шақырып алып, балағаттап, оған қатты шүйлігеді. Қарапайым жұмысшы өзінің коммунист әрі сол газеттің штаттан тыс тілшісі екендігін алға тартады. «Тілші болсаң қайтейін...! Оның маған түкке де қажеті жоқ. Ана газеттегі шатпағыңды қалтаңа салып қой. Менің беделімді түсіріп, абыройымды төгуге кім саған право берді?» – деп жерден алып, жерге салады. Содан құдалау басталады. Ә. Маханбетов болса кері шегінбей жоғары партия, атқарушы билікке шағымданады. Комиссия келеді. Алайда, Жұмашев оларды сары қымыз бен жылқының сүрі еті, жал-жая, қазы-қартасына сылқия тойдырып, ауыз бастырықты да аямайды. Енді арнайы комиссияның өзі разьезд бастығын қорғаштай бастайды, өңешінен өткен соң ашықтан-ашық қорғайды. Міне, осындай шым-шытырықты, жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықты Итен аға өзіне тән стильмен, жоғарыда айтқан көзге көрінбейтін этиканы сақтай отырып, ұйымдасқан «ұйықтың» ұйпа-тұйпасын шығарады. Ең бастысы, алыстағы елеңдеген ел-жұрттың еңсесі, мемлекетке деген сенімі көтеріледі. Бұл 1973 жылы болған оқиға. «Біздіңше еңбекшілер дабылына терең үңіле қарап, оның тиісті шешіміне назар аударатын уақыт әлдеқашан жетті», – деп түйіндейді Иекең «Жезқазған туы» газетіндегі сын мақаласында. Қазір ғой БАҚ-да сот шешімінен кейін ғана жүгенсіздіктерді жүндей түтіп жатады. Ал, Итен ағаның сол кездегі жарияланымдары сотқа дейін сүйреп, дәлелді дәйектемелерімен жетелеп апаратын-ды.

«Мен Ұзекеңмен бірге қоян-қолтық бес жыл жеті ай сыйласып еңбек еттім, жақсылығын көп көрдім, үлкен ұстаз санаймын. Сондықтан журналист ретінде қаз тұрып, қадам басуыма және қалыптасуыма, мәртебелі мамандыққа қиянат келтірмей, адал қызмет етуіме ықпал еткен Ұзақ ағаның өмірі жайлы қалай жазсам да жарасады» дейді ол. «Адамдар, жылдар, тағдырлар» атты кітабындағы «Редактордың соңғы сөзі» толғау стилінде жазған Итен ағаның жүректі елжіретер сөздері ойға оралады. Ол «Ұзақ Бағаев бауырына басқан жас

журналистің бірі едім, редакцияда жұмыс істеп жүріп, жоғары білім алдым. Осы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеті редакциясының табалдырығын ширек ғасырға жуық аттап, туған жеріме адал қызмет атқардым», – дейді ағамыз арада 50 жыл өткеннен кейін сол бір жаймашуақ жастық шағын еске түсіріп.

1962 жылы редакторлық қызметке келісімен Ұ.Бағаев жұмысты жаңа қырынан қалыптастыруға күш салды. Аз уақытта газет гүлденді, бедел жинады. Оқырмандары да өзіне тартып, облыстық газет шын мәнінде қара халықтың айнасына айналды. Ұзекең сол 1963 жылы Қызыл Армия қатарынан борышын өтеп келген Итен ағаны бірден бұрынғы жұмысына қайта қабылдайды. Қылшылдаған қара балаға сенім білдіреді. Үйретеді, жол-жоба көрсетеді, жөн сілтейді, ақыл-кеңесін айтады. Жас буын, қаламдары қатаймаған журналистер арасында Бағаев мектебі жүйелі жұмыс істейді. «Редактор Бағаев тілшіге тапсырма берер алдында бұынсыз жерге пышақ ұрмас бұрын әуелі іске қол байлау болған кедергілерді зерттеп жазуды міндеттейтін еді. Кабинетінің есігі кіргісі келген жанға әрдайым ашық, өзінің де көңілі нәзік, қашан барсаң да жылы ұшырап қарсы алатын іскер әрі сергек, жұмсақ мінезді адам болды», – дейді Итен аға. Бағаевтың ұқыптылығымен қоса барған жерінде еш салмағы жоқ, бөгде адамның мазасын алмайтын жайлы мінезін де ұмытпапты ағамыз.

Итен аға Ұзақ Бағаевпен 1968 жылы маусым айында соңғы іс-сапарға бірге шыққанын, сол сапардан кейін оның көңіл-күйінің нілдей бұзылғанын әсерлі де әдемі әрі жеріне жеткізе суреттейді. Жұмыс бабындағы іс-сапарда Қызылорда облысының басшысы Х. Бектұрғанов көкөрай шалған шабындықты аралай жүріп, бір көдеге бұрылады да оның арасына қолын сұғып жіберіп, бір уыс балғын шөпті суырып алған күйі:

– Міне, қараңыздаршы, шөптің құрамы жақсы сақталған, иісі де аңқып тұр. Демек, жем-шөп дайындау жұмысын барынша қысқа мерзімде аяқтау қажет, – дейді. Шөпті уыстап қолын көтеріп тұрып, сөзін тәмамдай бергенде редактор Ұзақ Бағаев осы көрініске қызығып кетіп:

– Хасан Шаяхметұлы, осы сәтті фототілші түсіріп алсыншы, тұра тұрыңыз, – дейді.

– Мені қайтесің, онан да анау еңбек адамдарын суретке түсір, – деп облыс басшысы бұрылып жүре береді.

Бұл бір ыңғайсыз жағдай болады. Жан-жақтан облыс активтері қарап тұр. Бірінші хатшының кездейсоқ, ойланбай айта салған бір ауыз сөзі Ұзекеңнің жүрегіне оқтай шаншылады. Нәзік жан ғой, беттері өрттей қып-қызыл боп кетеді. Түк үндемейді. Хасан Шаяхметұлы семинарды одан әрі жалғастыра береді. Оның ойында ешқандай теріс тиғыл болмағаны байқалады.

Ұзекең сол жолы оқыста айтылған басшы сөзін тым ауыр қабылдады. Іс-сапардан үйіне оралған соң зайыбы Нұрбибі апайды «Елге қайтайықшы, ауылға жақындайықшы» деп мазалай берген көрінеді. Маған мұны кейіннен дастархан басында апайдың өзі айтты. Содан кейін-ақ, Ұзекеңнің газетке редактор ретінде қол қоюы сиреді, оның орнына орынбасарлары қол қоятын болды. Көп ұзамай желтоқсан айында Талдықорған облыстық газетіне редакторлық қызметке ауысып кетті. Осы Ұзекеңнің көңілін құлазытқан жағдайды көп жылдар бойы жадымда сақтап жүрдім, ұмыта алмадым», – деп жазды Иекең 45 жылдан кейін естелігінде.

Әдебиет сүйер қауым байқайтын шығар, мейлі газет, мейлі естелік кітап болсын биікке шыққан немесе шығармашылықта біраз белесті алған қаламгер ағаларымыз не 30-40-тағы адуынды ақын-жазушыларымыз «А» деген әріпті үйретіп, оқиға, сюжет немесе шығарма жазуды, басқа да жазудың қыр-сырын, қиын жолын көрсеткен, ырыққа көнбейтін сөйлем көшін жетекке ілестіруге күш салған ұстаздарын тілге тиек ете бермейді. Мен мұны соңғы 20-30 жыл көлеміндегі аңғарған жәйттер негізінде айтып отырмын. Бәрі де дана болып туған сияқты, кеуделерін керіп сөйлейді. Бәлкім солай да шығар. Ал, Итен ағаның «Редактордың соңғы сөзін» оқып отырсаңыз, соншама ыстық сағынышты, ұстазына деген терең ілтипат сезімді еріксіз ұғар едіңіз. Меніңше бұл естеліктің тағлымы өте мол, оны оқу керек.

Итен ағаның ілкімділігі

Қазіргі таңда баспасөзде Маркстің іліміне қайта жүгініп жатқан оқымыстылардың жазбаларын жиі ұшырататын болдық. Ол үрдіс дұрыс деп ойлаймын өз басым. Сол қауға сақал данышпан былай дейді:

– Егер, адам тек өзі үшін өмір сүретін

болса, өзі үшін еңбек ететін болса бәлкім, ол атақты ғалым, дарынды ақын да бола алар, бірақ, ешқашан да ол шын мәнінде толық жетілген зиялы ұлы адам бола алмайды.

Меніңше, Маркстің осы тұжырымын бүгінгі бас пайдасын бірінші кезекке қоятын, өздерін қазақтың сорпа бетіне шығар зиялы қауымына балайтын ағаларымыз, құрдас-замандастарымыз естен шығармағаны ләзім. Ал, арда кеткен алаштың азаматы Жүсіпбек Аймауытов Маркстің бұл байламын былайша таркатады:

– Әлеумет тұрмысындағы зор кемшіліктің бірі әлеуметтің мүшесі – әр адам өз ортасына қызмет етпеу. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де зор пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ... Әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекетті, пайдалы болуын тілейді. Неғұрлым әрбір мүшенің жұмысы жемісті болса, соғұрлым әлеуметтің әлеуеті де тез оңалмақ, – дейді.

Аймауытовтың бұл түйіні де комментариді қажет етпейді, керісінше ой иірімдеріне жетелей жөнеледі. «...Бас мақсатын біржолға ұмытып, әлеумет қызметіне бірыңғай берілетін адам болу мүмкін емес, ондай адам кемде-кем», – дейді қазақтың данышпаны Жүсіпбек шайыр.

Сонау 50-жылдардан етене таныс, көрші ауылдарда қонсы тұрған, ағайын-тумалығы да бар, облыстық газетте әріптес те болып, кейінгі жылдары Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде бас редактор болған белгілі лирик ақын Әскербек Рахымбекұлы бала кезгі досы туралы былайша толғанады:

– Мен білетін Итен кез-келгенге жалпақшешейлік жасайтын адамға ұқсамайды. Жұрт жампандасып жатыр екен деп кірісіп кетпейді, кісікиік мінезі бар, сыр бермейді, сырттап жүреді. Ал, мен дегенде ол неге ийді де тұрады? Түптеп келгенде, менің қазір оған төрт тиын да пайдам жоқ қой. Иекен бұндай ойдан атымен ада. Екі, үш күн бірге болып, ашылып, ақтарылып, өткен-кеткенді елжіреп еске алғанға мәз. Өзі де жадырап, жасарып кеткендей. Кәдімгідей бауыр басып қалыппыз.

Оның журналистігі де өзіне тартқан. Бөсіп, бөрітіп жазу оған мүлде жат. Айтар ойын нақты дәлелдермен нақтылайды, факті-цифрлармен шегелеп шегендейді. Қаламы тиген тұс дау-дамай тұғызбайды, иландырады, жіңішке жерлерді жиектеп өтіп кетеді. Журналистік шеберлігі басым, – дейді.

Әсекең сонымен қатар Итен ағаның жеке кәсіпке деген ілкімдігін ашық мойындайды. Төтеннен тап келген нарық қатынасын да сергек сезініп, ерте қимылдағанын айтады. 90-жылдардың дағдарыс сәттерінде досын оңашаға шақырған Иекен «Кеңес Одағы кезіндегі әскерлер Ленинск қаласынан кетіп жатыр. Жап-жаңа техникаларды түкке тұрмайтын бағаға пұлдауда. Мен алды-арты бірдей тартатын су жаңа жүк көлігін болмашы тиынға әкеліп, қорама кіргізіп қойдым. Бұлардың базары көп ұзамай тарқайды. Сенің де пайдаланып қалғаның жөн», – дейді. Осыдан-ақ, Итен ағаның қоғамның, әлеуметтің, әулеттің еңсесін көтерумен бірге өзінің жеке басының, отбасының жарқын болашағын да жадынан шығармағанына көз жеткізесің. Әйтпесе, сол елең-алаңда жоспарлы экономиканы ысырып тастаған адуынды әрі ырыққа көнбейтін нарық қатынасының ертеңін жай журналист түгелі мүйізі қарағайдай экономистердің өздері де бұлыңғыр болжағанын жақсы білеміз.

И.Қарымсақұлы 1968 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин төс белгілерінің иегері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. КСРО Журналистер одағының Құрмет дипломымен, «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл» мерекелік медалімен, еліміздің Бас Прокурорының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Қазақ журналистикасының қабырғалы өкілінің бірі Итен аға елу алты жыл бойы журналист деген мәртебелі мамандықтың атына кір жуытпай үлкен жолдан абыроймен өтті. Қазірде 75 жасқа толып отырған қаламгерге мықты денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

**Берік СӘДУАҚАСОВ,
журналист**



Бақытжан ЖАҚСЫМБЕТОВ,
«Экспо-дизайн» ЖШС-нің
Бас директоры:

Қай салада жүрсем де, жақсы мінез бен еңбекқорлығымнан таңған емеспін

Ғұлама бабамыз әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» деген екен. Бүгінде өзінің телегей табысты биігіне жақсы мінезімен, еңбекқорлығымен, қабілет-қарымымен, зейінді білімімен, іскерлігімен жеткен «Экспо-дизайн» ЖШС-нің Бас директоры, заң ғылымдарының кандидаты, Жамбыл облысы мәслихатының IV шақырылымының депутаты Бақытжан Пармешұлы Жақсымбетовпен сұхбаттасудың сәті түскен еді...

- **Өмір деректеріңізге көз жүгіртсек, заң саласында жоғары білім алып, осы салада көп тер төккен екенсіз. Талай жылдар заңгерліктің аса жауапты әрі қатерлі маманы – тергеуші болып қызмет атқарып, заң магистрі ретінде ғылымға да тамшыдай болса да үлес қосқан екенсіз. Осы туралы өз аузыңыздан естісек.**

- Заң саласы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін тәмамдадым. Бұл оқуға түсу де оңай болмады. Дәл сол уақытта еліміз егемендік алғандықтан, шенді азаматтардың шетелдегі балалары қайта оралып, оқуға түсіп жатты. Бұл жағы айтпаса да белгілі. Солардың арасынан Алла бұйыртып, үзіп-жарып, түстік қой оқуға. С.Зиманов, Я.Әубәкіров, С.Сартаев, З.Кенжалиев деген белгілі тұлғалардан тәлім алдым. Осындай білімді кісілердің қарамағында жүргендіктен бе екен, жан-жақты болып қалыптастық. Қиын да жауапкершілігі мол заң саласының қырсырын меңгердік. Ұядан алып ұшқан жауапкершілік, адамгершілік, ұқыптылық қасиеттерді ұштап, кәсібилікке үйретті. Оқу бітірген соң, жолдамамен Алматы қаласындағы Мемлекеттік тергеу комитетіне жұмысқа орналасып, университет қабырғасында алған білімді тәжірибе

жүзінде пайдаландық. Тергеуші болу қызық әрі жауапкершілігі ауыр қызмет, әрі мен үшін үлкен мектеп болды. Полиция капитаны деген әскери шенім бар. Кейін оқуды әрі қарай жалғастыру мақсатында М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің магистратурасында оқып, заң магистрі дәрежесін алдық. Ол талабымыз заң ғылымында кандидаттық диссертация қорғауға жетелеп, арман орындалып, қазір заң ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежем бар. Заң саласының ұлттық дәстүрлермен байланысты ғой. Ғасырлар бойы дана бабаларымыз билік айтып, әр істе төрелігін көрсетіп отырған. Сондықтан, диссертацияны Шәкәрім бабамыздың билігі мен сот шешімдеріне қатысты қорғап шықтық. Ең бастысы, адамның талабы, ынта-ниеті болса ол үшін алынбайтын қамал болмайтын шығар.

- **Заңгерліктен кәсіпкерлікке қалай келдіңіз?**

- Мына нәрсені қадап айтар едім, заңгерлік – бұл менің мамандығым, ал, жеке кәсіпкерлік- менің өмірлік кәсібім. Жаңа айтып өткенімдей, жоғарғы оқу орнынан алған білім жан-жақты болуға үйретті. Кез-келген саланы, оның ішінде кәсіпкерлікті де тез үйіріп алып кеттік. Оның үстіне, өзімді басқа қырымнан сы-

нап көргім келді. Заң саласындағы қызмет істеу үлкен жауапкершілік, әрі әрқашан қаталдау мінезбен жұмыс істеуді талап етеді. Табиғатыма жаткөрінді. Содан, осы «Экспо-дизайн» ЖШС-на шақырылып, жұмысты бастап та кеттік. Осы тұста, кәсіпкерлікке келуіме шапағаты тиген Халық Абдулла ағамызға алғысымды айтып өткім келеді.

- **Бүгінде Жамбыл облысы мәслихатының IV шақырылымының депутаты ретінде Жамбыл жұртшылығы қандай мәселелерге тап болып отырғандығы жөнінде айтып өтсеңіз. Және бұл мәселелер қалай шешілуде?**

- Бүгінгі күні Жамбыл облысын еліміздің басқа облыстары сияқты «аймақтық проблемаларды» бастан өткеріп отыр. Осы өлкеде туып-өскендіктен, тұрғындардың барлық қиыншылықтары жайында жақсы білеміз. Әсіресе, ауылды жерлерге тән проблема өте көп. Мектеп ғимараттарының ескіруі, балабақшалардың жеткіліксіздігі, ауыл шаруашылығымен айналысатын жеке кәсіпкерлердің мұн-мұқтаждықтары деген секілді. Соған орай, Қарасу ауылында 120 орындық мектеп үйін, Көктерек, Жалғызтөбе, Суханбай ауылдарында балалар бақшалары пайдалануға берілді. Мырзатай, Жетібай, Түймекент ауылдарындағы мектептерінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шаруақожаларындағы су мәселелері шешілді. Мәселен, Сеңкібай, Белкожа су жүретін каналдар тазартылып, суармалы егіс алқаптары ұлғайды. Дихан ауылдарына газ құбырлары тартылды. «Алау газ» бағыты бойынша Жамбыл облысының көптеген аумақтарына газ кіргізілді. Жалпы, бұл тек экономикалық тұрғыда ғана емес, экологияға пайдалы. Себебі, бұрынғыдай отын үшін ағаштар оталмайды, көмір жағып ауа ласталмайды. Әрі халыққа да өте ыңғайлы жүйе болды. Сумен, жылумен қамту мәселелері осылай шешілуде. Бәріміз ауылда туып-өстік. Сондықтан, ауылдың хал-ахуалы жақсы таныс. Бәрінен де мені бүгін мен болашағы көбірек алаңдатады. Себебі, қазіргі кездегі халықтың ауылдан кетуі көбейіп бара жатыр. Жұмыс орындарының азаюы, жастардың бос уақытын дұрыс пайдаланбауы, әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалуы секілді мәселелер баршылық.

Осыған байланысты «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы Жамбыл облысында жақсы жолға қойылуда. Жастар жас кездерінде қалада білім алып, еңбектеніп, өсіп-өркендеп, ал, кейін егде тартқанда ауылға барып, бар жинаған білім қорын сонда пайдаланса, ауылдың игілігі үшін төксе нұр үстіне нұр емес пе? «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы, «Жаңа ел», «Балапан», «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі», «Еңбек қоғамына қарай – 20 қадам» секілді мемлекеттік маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыруға қолдан келгенше ұмтылып отырмыз. Басқа облыстарға қарағанда, біздің аймақты дамыту жылдам қарқынмен жүргізіліп жатқаны қуантады.

- **Әңгіме барысында шетелдерге жиі шығатыныңызды айтып қалдыңыз. Кәсіпкер ретінде, жеке азамат ретінде шетелге сапарларыңыздан қандай ой түйдіңіз? Біздің үйренеріміз не?**

- Орынды сұрақ. Қазіргі кезде шетелге шығатындар көп, бірақ, шетелге барып еліміздің кемшіліктерін сынағыш болып кететін секілді. Бұл дұрыс емес. Шетелге өз елің мен өзге елді салыстыру үшін емес, өз Отаныңа не керек, мен не жаңалық әкеле аламын деген оймен бару керек. Дамыған мемлекеттер утопия емес. Олардың да кемшіліктері жетіп артылады. Ал, біз тек жақсы жақтарын ғана, талғап, таңдап алып үйренуіміз керек. Маған шетелдік қалалардың инфрақұрылымдары ұнайды. Қай сала болмасын инфрақұрылым өте мықты дамыған. Қарапайым ғана мысал, әрбір аялдамаларда қандай автобус тоқтайтынын, қайда баратынын, қанша минут тоқтап, бір айналымды қанша уақытта жасайтынын және басқа аялдамаларды тайға таңба басқандай көрсетіп қояды. Сол секілді әуежай, қонақүйлер, демалыс орындары, туризм нақты жолға қойылып, сол арқылы дамып жатыр. Мәселен, әлемге әйгілі Дубайды алып қарайықшы. Құмның үстіне тұрғызылған қала. Мидай жазыққа жоқтан бар етіп қала жасаған. Көгалдандыруға су да, топырақ та тапшы. Климаты да қолайсыз аймақтан керемет туристік орын жасап шығарған. Ал, бізде бәрі дайын ғой. Климатымыз туризмге арналған секілді, мүмкіндіктің бәрі бар. Тек соны пайдаға асыруды біле

Нарықтың жүгін нар тартар

бермейміз. Дұрыс ұйымдастырылу жоқ, қысқасы.

- **Қазір нарықтық кезеңде кәсіпкерліктің қоғамдағы және экономикадағы рөлі ерекше. Сондықтан, дәл қазіргі уақытта қазақстандық кәсіпкерлер қандай болуы керек? Жалпы, «кәсіпкер ұлт» қалыптастыру мәселесі жиі қозғалады. Осы жөнінде сіздің пікіріңізді білсек...**

- Қазақстандық кәсіпкерлерге табанды еңбектену және жүйелі жұмыс істеу керек дер едім. Кәсіпкер ең алдымен көшбасшы адам болуы керек. Жұмыскерлерін ұйымдастыра алатын, іскер, кәсібінің көзін таба алатын қабілет керек. Өзіңіз айтқандай, қазіргі нарық заманында бәсекелестік өте күшті. Экономика қарқынды даму үстінде. Сондықтан, кәсіпкерлер біріншіден, кәсіпкер басқаларға жұмыс тауып беретіндіктен, оның кәсіп көзі қаншама адам үшін күнкөріс көзі болмақ. Соны ескергені жөн. Мемлекеттің «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» деген бағдарламасы осыдан келіп шығады. Екіншіден, кәсіпкер мемлекетке салық төлейді, бюджеттің көбеюіне ықпал етеді. Үшіншіден, кәсіпкерлер қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерге қатысады. Айналадағы өзін секілді қаншама кәсіпкерлер меценаттықпен айналысады, әлеуметтік тұрғыда көмек көрсетеді. Меніңше, кәсіпкер имиджі деген ұғым осылардың айналасында қалыптасуы керек. Дегенмен, меніңше, «қазақстандық кәсіпкерлердің» өзіндік имиджі жыл санап қалыптасып келеді. Өзіндік ұстанымдары, жұмыс істеу тәсілі бар, қоғамға пайдасын тигізе алатындай кәсіпкерлер көпшілік. Нарық заманы екені рас. «Сананы ақша билеуде. Алайда, заман осындай екен деп, кәсіпкерлерге ардан аттап кетпей, адами болмысын сақтап қалуы керек деп есептеймін.

Ал, «Кәсіпкер ұлт» деген өз қажеттіліктерін толығымен қамтасыз ете алатын орта таптың баламасы дер едім. Елбасымыз да орта тап қалыптастыру туралы өз Жолдаулары мен бағдарламаларында жиі сөз қозғайды. «Кәсіпкер ұлт» дегенде жұрттың бәрі кәсіпкерлікпен айна-

лысуы керек дегенді білдірмейді. Бірақ өз мамандығы, кәсібі, жұмыс орны бар топты қалыптастыру. Байқап қарасақ, 90 жылдары халықтың көпшілігі мемлекетке тәуелді еді. Мемлекеттік қызметкерлер айлық жалақысымен көн көретін. Ал, қазір өз кәсібі, тіршілік көзі бар адамдар өте көп. Әсіресе, Алматы, Астана секілді ірі қалаларда, ауылды жерлерде көбіне ауыл шаруашылықтары бар. Міне, кәсіпкер ұлт күн санап қалыптасып келеді.

- **Елімізде кәсіпкерлік күннен күнге даму үстінде. Мемлекет тарапынан мол мүмкіндіктер беріліп, кейбір кедергілер жойылып жатыр, т.б. Осы орайда, сіздің кәсіпкерлігіңізде қандай жаңалықтар бар?**

- Елбасының шағын және орта бизнесті тексеруге мараторий жариялауы бұл көп кедергілерді алып тастады. Өйткені, шағын және орта бизнес үлкен бизнестің бастамасы, фундаменти. Өсуі, өркендеуі керек. Сондықтан, бизнестің жандануына осының өзі үлкен көмек деп бағалар едім. Шағын бизнес - қарапайым көпшіліктің ісі. Мұны дамыту бір жағынан өкіметтің өзіне де үлкен көмек. Мемлекетке қол жаймай, өз қажеттіліктерін өтей алатын, өзгелерді жұмыспен қамтамасыз ететін инфрақұрылым қалыптастырады. Сондықтан, биліктің бұл бизнес көздеріне жеңілдіктер жасауы өте дұрыс.

- **Бақытжан Пармешұлы, әңгіме барысында өзіңіз жайлы, кәсіпкерлігіңіз туралы көп жайтқа қанық болдық. Бүгінде табысты кәсіпкер, сыйлы азамат, білікті де білімді заңгерсіз. Алайда, бәріміз пендеміз ғой. «Өттеген-ай» дейтін армандарыңыз бар ма?**

- Адам қай салада, шартараптың қай қиырында жүрсе де, өзінің ішкі «менін», ісіне деген адалдығын, адами қасиетін сақтап қалуы керек. Осы тұрғыдан келгенде, менің еш өкінішім жоқ. Құдайға шүкір, бүгінде төрт балам бар, тұрақты жұмысым бар. Өмірдегі бастысы осы деп есептеймін.

- **Сұхбатыңызға рахмет! Ісіңізге табыс тілейміз!**

-

Жания ӘБДІБЕК



Әсия БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
журналист

МАҒЖАННЫҢ МОЛАЛЫҚ ЛИРИКАСЫ

Неге Мағжан? Неге өлім? Білмеймін. Түбіне дейін түсініп, Мағжанды түгесіп қойдым деп те айта алмаймын. Бірақ, өлім туралы жазған жырына елти беремін. Мағжан сөзінде мас қылатын құдірет бар. *«Мағжандай ақыны бар қазақтың тілі қалай жоқ болады?»* деді Әлихан Бөкейханов. *«Дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ»* деді Жүсіпбек Аймауытов. *«Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен... артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі»* деді Мұхамет Әуезов. *«Егер кезінде Мағжанды оқығандар көп болса, Қадырлар мен Тұманбайлар көп болар еді»* деді Мұрат Әуезов.

Бәріні рас, бәрінікі – ақиқат.

«Мағжанның жазығы – жаңа ғасырдың көкжиегінен зор ақындық қуатпен жарқ етіп көрінуі еді. Мағжан тұрғанда, оның өлеңі ел құлағында жүргенде ақынмын деп, өлең жазамын деп айту әркімге оңай болмаған... Демек, «терезеден қараймын, қарындашты жалаймындардың» бағы жанбайтын еді. Олар, Мағжанның мүрдесін басып қана, оның өлі денесін итеріп тастап қана орнын иелену мүмкін еді». *«Мағжанның түбіне жеткен Кеңес өкіметі емес, өз қандастары»* дейтін зерттеуші З.Сыздықұлының сөзі. Сенгің келмесе де сенесің. Кісі баласы, әсіресе қиқу заманда, қылмысқа бейім келеді. Қалай десек те, ұлт ақыны Мағжанның тағдыры тәлкекті еді. Не көрмеді Мағжан. Тергелді, темір торға тоғытылды, қорлық пен зорлық, сатқындық, жала, айдау... Әйелі мен жас баласын өз қолымен жерлеген. Жоқшылық та көрген. Өрімдей жасында «байшыл көзқарастары үшін» айдалған. Горькийдің араласуымен қамыттан құтылғандай болған. Бірақ, көп

ұзамай атылған. 1938 жылы. Бұл – ресми пікір. Ал, бейресми пікір бойынша, Мағжан атылмапты. Өмірінде өтірік айтқанын тірі пенде көрмеген Бауыржан Момышұлының мына бір естелігі бар: *«1948 жылы мен Сібірдегі 59-бригада командирінің орынбасары болып тағайындалдым. Кезекті әскери жаттығулар өткізіп жүрген кезімде ну орманның арасында отқа жылынып отырған бір топ адамды көріп, маңына жақындадым. Киген киімдері біртүрлі, әсілі сотталғандар болу керек. Олардан өзгешелеу, басында түлкі тымағы бар бір адам 10-15 метрдей жерде өз алдына жылынып отыр екен. Тегінде қазақ сияқты. Мен соған жақындап келіп, қазақша «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем бердім. Ол менің сәлемімді ернін жыбырлатып қана қабылдап, түріме одырая қарады да, үндемей отыра берді. Теріс қарап отырған күйінде: «Маған жақындама, бәлем жұғып кетеді» деді. Сол кезде барып менің есіме Мағжан түсіп, оның өлеңдерін жатқа айта бастадым. Ол сәл жібін «Шамаң келсе, мені елге жеткіз» деді. Мен оның қазақтың ақиық ақыны Мағжан екенін біліп: «Мен оншақты күннің көлемінде қайта ораламын. Сол кезде дайын болып тұрыңыз» дедім. Оншақты күннен кейін уақытым болмай, қайтып келе алмадым. Бір айдан кейін келсем, түрменің бастығы маған оның сал айдап жүріп суға кетіп қайтыс болғандығын айтты»...*

Қос қазақтың ну орманда кездесуін қарашы. «Егер, Баукең қателеспесе, он бір жылда Мағжан қалай өзгерді екен? Науқас па еді? Нені ойлады? Не басынасы бар еді?..» дейміз біз. Баукеңнің естелігі баршаға мәлім болса да, зиялы қауым ол туралы жақ ашпай келген. *«Мүмкін емес, мүмкін болса да, оны бықсытып не керек»* деген. Жақында Құлсарыдан *«Мағжанның 1938 жылы емес, 1951 жылы аштық пен аурудан өлгенін өз көзіммен көрдім»* деген 92 жасар кейуана шықты. Көп кешікпей, ақынның туыстары

Мағжанның зиратын танып алмаса да, Берелекке туған жердің топырағын жеткізген. Ал, Абдолла ақсақал Мағжанның жалғыз аманаты – өлеңдерін жоғалтып алғанына налиды... Сонда, қашанғы кеше ғана ағып түскен акынның өмірі ақтаңдақ күйінде қалмақ? Әдебиет институтында осыны зерттейтін бір адам неге табылмайды? Акын алдында борышты емес пе едік?... Мөр басылған мұрағат түгілі, мөлдіреп жатқан Мағжан өлеңдері де жан-жақты зерттелді деп айта алмаймыз. Ол – ең алдымен рухты поэзияның өкілі. Оның азаматтық лирикасын, табиғат лирикасын не махаббат лирикасын жекелеп алып зерттеуге болады. Сентиментализм, символизм, романтизм, декаденс елестері... Ол қазақ поэзиясына көп жаңалық әкелді. Бірақ Мағжанның молалық лирикасы – қайталанбас құбылыс, әлі күнге жалғасын таппаған жаңалық деп білеміз.

О баста Еуропадағы «өлім бии» акындардың жанына үрей себетін. Келе-келе өлімге ғашық болатын Вийон шықты. «Өлім зұлымдықтан құтқарады» деген Бодлер болды. Өлімді «қалыңдық» деген «күміс ғасырының» тарланбоздары келді. Мағжан солардың бәрін оқыған, кейбірімен тең тұрған, кейбірінен озған. Әуезовтің ол туралы: «Мағжан – культурасы зор акын» дегенде меңзегені де сол еді. Мағжан молалық лирикаға қалай келді? Қуғын-сүргіннен көз ашпаған ол алдымен өмірдің баянсыз, рақымсыз екенін таныды.

*«Әншейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек өлмек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін».*

Содан кейін... Ең қызығы осы кезде басталды. Мағжанға дейін қазақ өлімнен Қорқыт болып қашуды ғана білді. Мағжаннан кейін оған асыл жарындай ынтыға бастады.

*«Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі – тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, алдиле,
Әлдиле, өлім, алдиле!»*

Эдгар По жазған, «Әдемі, жас әйелдің өлімінен сұлу не болуы мүмкін?» деп. Жоғарыдағы өлеңдегі: жас қайың, майдандағы ұлан, он бестегі қыз, талпынған жас нәресте... Осы бір «мезгілсіз өлімнің» бәрін Мағжан сұлу поэзияға айналдырды. Жары мен баласын еске алсақ, өз қасіретінен өлең сығатын акын «зертханасына» таңданбасқа шараң жоқ.

Ал, енді, мына жолдарға үнілейікші:
«Басы сайран бұл жалғанның, соңы – ойран.

Адам өмірі – таздыр ойыны. Біл де ойлан!»

*«Құшам, ішем, жынданамын,
жылаймын,
Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі!»...*

Оқимыз: әр адамның өлімі – өз меншігі. Өмір – су құятын құмыра секілді. Өлім ғана жеке индивидке тән. Бақыт кешігуі мүмкін, үміт өшуі мүмкін, шаттық пен қуаныш келмей қалса да өз еркі, бірақ, өлім Құдайдың еншісі. Бірде-бір жаратылыс өз жаназасына кешікпейді. Философ Герберт Маркузе айтады: *«Өлім – өркениетті жазалаудың иарасы. Тек өлім ғана бостандық символына айнала алады. Және өлім ғана ақтық бостандықтың кепілі болады».* Дәл солай, Мағжанның өлімге құмартуы да – баянсыз дүниеден жеріну. Жаңа, тылсым, сұлу, саф және сөзсіз – мәңгілік кеңістікке ұмтылу. Расында, дүниеден баз кешкен адамның жанында үміт қана қалады. Ал, үміт, түптің-түбінде, өлім бейнесінде келеді.

Жаратушы өлім жіберсе, сені өз жанына қалағаны. Жаратушы өлім жіберсе, сені бұ дүниенің азабынан құтқарғаны. Қалай болғанда да, өлімге ұмтылу – Құдайға ұмтылу. Ақиқатқа ұмсыну.

Батыс поэзиясындағы декаданттық гедонизм ләззатты өлімнен іздеді. Мағжан да ажал туралы адам баласының *«Өлгені емес, жерді тастап кеткені, Шын бақытқа ерте бастан жеткені»* деді. Бірақ, Мағжан айтып тұрған бақыт – қатардағы кісілік қуаныш емес. Абсолютті құбылыс. Жалпы акынның абсолютизмін, ақындық болмысын, мына, өлең түсіндіретін сияқты:

*Ерді еңбек, от жүректі жерлейді,
Жанға аспанға өрлеуге ерік бермейді.
Келер ме күн еңбек малғұн өлетін,
Ит қарынды қорылдатып көметін,
Қиялдың ақ қанатына қонып ап,
Мәңгі байрам дүниесіне кіретін?*

Тосын ба? Тосын. Керенау қазақ кергіп жатып «мәңгі байрамды» аңсайды, еңбекке лағнет айтады. Бірақ, үңіліңкіресен, біз осы титтей өлеңнен ғаламдық пәлсапаны оқимыз.

*Келсе сол күн, мен Күн болып
күлер ем,
Келсе сол күн, жүйрік желдей
жүрер ем...
Келсе сол күн, о, дариға, жұртыма,*

Судай сұлу жырлар жырлап берер ем.

Ол еуропалық утопистер секілді «мамыражай күн келеді» деп келешектен күтпейді. Асан Қайғы секілді жерұйықты да Жер бетінен іздемейді. Мағжан философиясында абсолютті Жерұйық – жұмақ. Мағжан анау-мынау емес, адам баласының жұмақтан қуылғаны үшін налып тұр! Өйткені, оның жаны жұмақ үшін жаралған. Оның жаны сұлулықты көру, сұлулықты құшу, сұлулықты жырлау үшін жаралған. Оның жаны жаншылғаның не, сәл ғана мінсіз жаратылысты көруге қақысыз еді...

Енді, мына жолдарды оқыңызшы:

Жер жүзін топан басса екен!

Асқар таудан асса екен!

Таудай толқын құтырып,

Улы көбік шапса екен!

Не деген жаман ниет... Әрі қарай оқи-мыз.

Жанды, жансыз жоқ болып,

Қалсам жалғыз бір өзім!

Жан иесі тұншықса!

Үн иесі үн шықса!

Қараңғы жердің көгіне,

Күн болып сонда мен шықсам!

Қандай ойын салар ем!

Жалынмен бәрін жсалар ем!

Екі-шексіз дүниеде

Жалғыз өзім қалар ем!

Заулаған от – жалғыз жан,

Жер мінезді жоқ адам.

Заулап тұрған отымнан,

Жаратар ем жаңа адам.

Міне, түйін. Ол өз жанынан, «Күннен туған ғұннан» мінсіз әлем жасағысы келеді. Мағжан – әрине, ұлтшыл ақын. Түрікшіл ақын. Және ғаламдық биіктен жаратылыс жұмбағына үңілген пәлсапашыл ақын. Былай қарасаң, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ еуропалықтар ғана жаратылыстың метафизикалық негіздері туралы өршіл өлең жаза алмақ. Халқың біреудің қанжығасына байланып жатса – қайдағы ғаламдық жаратылыс? Оқ пен оттың арасында жүріп, әлемнің тегі туралы кім ойлай алады? Мағжан ғана! Өлімді жырлады, өмірден түңілді екен деп, Мағжан депрессивті ақын деген ой тумау керек. Ер түрік, қасиетті Тұран, айбынды алаш... ол осы ұғымдар үшін күйіп кеткен-ді. А.Блоктың жазғаны бар: *«Біз басқалар 100 жылда көретінді бастан өткердік»*. Мағжан да солай. Ол жүз ақын арқалаған жүкті бір өзі көтеріп жүрді. Көз аштырмаған қуғын-сүргінді алыңыз.

Жалғыздық пен бақталастықты айтыңыз. Ұлтының ұйыспағын ойлаңыз. Мағжанға сол зауалдың бәрін үйіп-төгіп бере салыпты. Қалай ғана сонша қасіретті көтеріп жүрген жан:

«Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, ғұннан туған пай-замбар!» – деп жар сала алды?! Бұл – Мағжанның шексіз оптимизмі. Иә, Мағжан тулап, тасыған «ақынның ақыны». Ол дәл солай кемерінен асып, қазақтың намысын түрткіледі, өзіне деген сенімін оятты. Өзінің КІМ екенін есіне түсіріп, ұлтының ұраны бола білді.

Атадан жалғыз емес еді, ағайындары болды. Алашта жалғыз емес еді, қанаттастары болды. Онда мінез де болды. Біреулер адам менсінбейтін пан еді дейді. Біреулер жібектей сызылған жан еді дейді. Онда парасат та болды. Зұлмат заманда ұлтын сатпау үшін парасаттың падишасы болу керек еді. Ол дос та болды, жар да болды, сүйді де, сүйгізді. Онда сымбат та болды. Біреудің келіншегіне (*Гүлсім*) ғашық болған, оны өзіне ынтық қылған да Мағжан. Сәкенмен сұлулардың жүрегі үшін шекісіп, ақыры өзі барып кешірім сұрап, табысқан да Мағжан. Оның өлеңдері өртелді. Жинақтары жыртылды. Өзін отырғызып қойып, өрімдей жастар жиналысқа салды. Нәлеттеді, қарғап-сіледі. Бақталастар елге сыйғызбағанда Әлихан ағасын паналаған да Мағжан. Енді, біліп жатырмыз, әбден құса болғанында кездейсоқ кездескен Бауыржанға «Алып кет» деген де Мағжан. Ақынның біз білмейтін өмір парақтары қаншама? Нешеме жыл бойы жазылған өлеңдерінің оқырманға жетпей қалғанын қайтерсіз? Алаштың ғұмырға жетерлік өкініші – осы деп біліңіз.

Қиялдаймыз. Мағжан сары сахарада емес, Мәскеуде немесе тұманды Альбионда туылса, тағдыры қалай болар еді? Әрине, ол нәлеті көп сол дүбірлі дәуірде қазаққа керек еді. Сонда да... Мағжан тым ерте, тым қатыгез қоғамда туылғандай болады да тұрады. Мағжан заманға лайық болды, заман Мағжанға лайық бола алмады. «Адамның өмірі Бодлердің бір жолына да татымайды» деген Рюноске. Мағжанды білмегендіктен айтқан. Бізге Жұмабаевты әлем кеңістігіне шығару керек. Мағжанның оған қақысы бар.

ТҰРСЫНБАЙ ДАТҚА ТУРАЛЫ

«Датқа (*дадха*, – *дау*, парсы сөзі – *тілек, әділдік*). XIX ғ. хан сарайындағы жоғарғы лауазым, атақ. Сол хандықтағы төртінші дәрежелі адам, билерден жоғары, сұлтандармен шендес, тек хан әміріне бағынышты болды. Бұл лауазым Орта Азия халықтарының ықпалды ру басыларына және әдет-ғұрып салттарын жақсы білетін шешен, батыл адамдарға беріледі. Д. жұрттың ханға берген өтініш, арыздарын қабылдап, ханның жауабын жарлығын жұртқа хабарлап отырады. Д. Бұхар хандығы тұсында әскер басы мағынасында да айтылады».

(Қазақ Совет энциклопедиясы 492 бет. III-том).

Ақтабан шұбырынды заманында Арқадан ауған қыпшақ ағайындар Сырдың бойына өз ру, ауылдарымен келіп қоныстана бастаған. Сол кезеңде, осы Тартоғай маңына қоныстанған «Тұяқты» қыпшақтардың малдарына Тартоғай тоғайы тарлық етіп, дарияның арғы бетіне өтіп, қазіргі Ботабай елді мекенінің тоғайына барып қыстаған. Тоғайы тарлық еткесін «Тартоғай» деген ат содан қалған деген әңгіме бар. Ал «Ботабай» елді мекенінің ежелгі аты «Бокты өлең». Бұлай деп аталуы жеріне ну өлең шөбі өсіп, жайылған малдардың боғынан өлең шөбі көрінбей қалады екен. «Бокты өлең» аталуы осыдан. Совет үкіметі кезінде «Қоғалы», кейіннен 3-ферма өз алдына елді мекен болып бөлінгенде (1995 ж) «Ботабай» деген атқа ие болды.

«Бокты өлеңнің» жерінің құнарлығы, малға жайлылығының арқасында «Тұяқты» ағайындардың малдары көбейіп, Қызылдың құмына симап, жаз айларында Сары-су бойын да жайлайтын болған. Әсіресе Тұяқты қыпшақтың Досан аталығынан тарайтын Есберген, Қосбергеннің Арзығұл, Келдіғұл атты балалары мыңдап түйе, жылқы айдаған ірі байлар болады. Басқа ағайындардың да өздеріне жетерлік малдары жыртылып-айрылған. Мал жүрген жерде ұрлық, барымта, жер дауы болып жататыны бесенеден белгілі. Әрі, ол заманда бұл жерлер Қоқан ханының иелігінде болып ханға алым-салық төлеп отырған. Осындай кезеңде салмақ көбінесе байларға түсіп 2-3 еселеп артық төлем төлеп, дауларда да еселері кетіп жататын болған. Осыған ренжіген Келдіғұл, Арзығұл байлар сол

кездегі елге билік айтатын Өркен би, т.б. ақылдасып сөз байласады. «Осы бізден тараған ұрпақтардан ел билейтін, елге қорған бола білетін бір бала туған шығар, іздестіріп қолына билік алып берейік» – деп келіседі.

Күндердің күні Келдіғұл бай өзінің малшыларын, малдарын аралап келе жатып, жылқышылар қасында ұйықтап жатқан жас жігіттің үстінен түседі. Көркіне көз тоятын жас жігіт екі қолын екі жаққа жіберіп, аяқтарын талтайтып шалқасынан жатыр екен. «Е, мына бала тегін жатқан жоқ, аяғым жеткен жерді аламын, қолым жеткен жерді билеймін, түбі осы жерді мен билеймін деп жатыр ғой» – деп сынап кетеді. Әрі, осы жігіт туралы ағайындарымен ақылдасады. Сөйтіп, бір келісімге келеді. Әкесі ерте өліп Келдіғұл байдың жылқысын бағып жүрген Тұрсынбай деген немере інісі болып шығады. Сол кезеңде Сыр бойының халқынан ханға тиісті алым-салықты ханның Қаранұрман деген батыры нөкерлерімен, әскерімен келіп жинап кетеді екен. Келдіғұл, Арзығұл байлар ағайындарымен ақылдасып осы жылдың алым-салығын халықтан түгел жинап, толмаған жерлерін өз малдарынан толықтырып Тұрсынбайдың алдына салып беріп, Тұрсынбайды Қаранұрманға тапсырып, ханмен таныстырып датқалық лауазым алып беруге ықпал жасауына өтініш айтатын болып келіседі.

Елден алым-салықтың малдары түгел жиналып болған соң Келдіғұл мен Арзығұл бай барлық жиналған малдарды түлік-түлігімен өздерінің көз алдарынан өткізіп, нашарларын бөліп алып қалып, орнына өз малдарынан мал қосып, қосымша Қаранұрманның өзіне бөлек, ханға сыйлық деп бөлек мал салып, Тұрсынбайды ханға таныстырып лауазым алып беруді тапсырады. Жер-жерден келген алым-салықтың малдарын көз алдынан өткізетін тәртіп болған. Ханның көзіне басқа жақтың малынан Тұрсынбай алып келген малдар ерекше көзге түсіп, әрі Қаранұрманның айтуымен ханның қабылдауына ілінеді. Сол қабылдауда жаста болса оның өжет, батырлығы, әрі ел ішінің жағдайын сұрағанда Сыр бойына орналасқан халықтардың тұрмыс жағдайлары мен олардың рулық қатынастарын бес саусағындай білетіндігімен ханды тандандырады.

Ырза болған хан сол қабылдауда-ақ датқалық лауазым берген екен. Дегенмен, ел басқару оңай емес, әрі жас кезі. Әрі, датқалыққа бағынатын жер көлемінің ұзақтығы, оған орналасқан әр рудан құралған ел, бірімен бірінің арасындағы дау-жанжал, әсіресе, қазақтың қанына сіңген жер таласы мен жесір дауы, барымта мен ұрлық т.б. жанжалдың жиі орын алып бір билікке бағынғылары келмей, бір бірлерінің сөздеріне тоқтамай ел ішінде тәртіп кете бастайды. Ханның қабылдауына арнайы сұранып, ел ішіндегі осындай орын алып бара жатырған келенсіз әрекеттерді тоқтату үшін қатаң тәртіп орнатпаса болмайтындығын ханға түсіндіріп, басқаратын елді мекенге дар құруға рұхсат сұраған екен. Алыста жатқан ханның тәртібі, алыстағы сыр бойына құрған бір дармен тарап жатырса, әрі, оны Тұрсынбай сияқты жас, әрі батыр, әрі өжет ақылды жігіт сұрап тұрса неге бермеске? Дар құрып, оған тәртіп бұзған адамды асуға да рұхсат берген екен. Құрған жерлері «Тұрсынбай қорғаны» деп аталады. Бірі қазіргі «Ботабай» ауылының дария жақ бетіндегі «Алтынбек» аралының оңтүстігінде дария жағасында, аттылы адам өте алмайтын қабат-қабат 3 қатар қазылған терең орлардың ортасында 7-8 сотықтай жерді алып жатырған, шеңгел-жиде басып кеткен шағын алаңның орны қалған. Сол алаңның ортасына құрылған. Дәл осындай орын қазіргі Аманкелді ауылына қарасты дария бойындағы Мырыш түбегіндегі «Құм-суат» деген жерге құрылған. Екі жерге құру себебі, басқарған елді мекендердің ара қашықтығының ұзақтығы Таршадан бастап, қазіргі «Қоғалы» ауылына дейін 160 шақырым жерге созылып жатырған. Дар құрылғанмен ешқандай адам асылмаған.

Зерттеуші, ғалым Тынышбек Дайрабайдың әр түрлі баспасөзде Тұрсынбай датқа туралы архив деректері бойынша жазған материалдары соңғы кездері жиі жазылып жүрді. Әрі, сол кісінің ұсынысымен 2014 жылдың мамыр айында Ахмет-Яссауи кесенесіне жерленген атақты адамдар тізімінің қатарына Тұрсынбай датқаның да 139-шы номермен тізімі ілінді. Датқа туралы кітап шығаруға ұйғарым болды. Сол айда датқаның жерленген жерінде құран оқытылып шағын ас берілді. Кітап шығару үшін датқа туралы ел аузындағы әңгімелерді топтастырып жинау жөнінде ұсыныс-пікірлер айтылғасын, ел аузындағы осы кезге дейін ұмытылмай айтылып келе жатырған әңгімелерді қағаз бетіне түсіре бастадым. Мен жазушы емеспін. Дегенмен датқа ұрпақтарының ішінен салмақ маған

түскен сияқты. Әрі датқа туралы басқалардан көбірек білетіндігім, датқаның ел басқарған жерлерін, қызмет бабында жүріп түгел аралап шығуым-ау деп ойлаймын. «Мен кезбеймін, несібем кезеді» дейді екен. Қалаға жақын Тасбөгет қыстағында туып өскен, мен, ауыл тұрмысын, 1974 жылы Аманкелді совхозына бас инженер болып қызметке келгеннен бастап біле бастадым десем артық емес еді. Ауылға қызметпен келуін келгенмен қайтадан қалаға қайтқым келіп жүрді. «Адамның басы алланың добы» деген сөз бар. Ып-рас сөз. Бір күш желкемен ұстап кес-кестеп жібермеген сияқты. Бүгін осы жолдарды жаза отырып ойлаймын, ол күш-Алла тағаланың бұйрығы, яғни, датқаның жүріп өткен жолдарын ұрпағының бірі көріп өтсін деген-ау. Қызмет бабымен (1974-2014 ж) 40 жылға жуық аралығында көптеген сол кездердегі көзі тірі ақсақалдардан датқа туралы көп әңгімелер естуіме тура келді. Қандай да бір ас құдайы, той т.б. жиындар болмасын датқа туралы әңгімесіз тарамайтын.

Аманкелді совхозында марқұм Дүйсенұлы Алтынбек, Тілеубекұлы Шапи, Ескейұлы Маханбетжан, Ермаш аға, көздері тірі Ақылбайұлы Өмірзақ, Өденұлы Зиятбек, Жұмабекұлы Әнуар ағалар, қожалардан марқұм Латіш, Уалихан, Ақназар, алтыбас Сейтен деген кісілер. Айдарлы ауылынан марқұм Жалел, Сейдалы, көзей Абдраман, көзі тірі Айтбаев Қалдыбек, Рүстембекұлы Асан, Жомарт, Жеңіс ағалар. Ботабай ауылынан марқұм Нұрмағанбет (Нұрмақ), Бекіш, Қалман, Бектұрған ағалар арғын Міңке ақсақал, көзі тірі інілерім Жолдас, Әнуар, Мирзояндар. Тартоғайдан марқұм Әлмағанбет, Бектұрсын, Әбдікарім (молда) ағалар отырған жерлерінде датқа туралы бірінен-бірі өткізіп, көне көз қариялардан естігендерін қолмен қойғандай, өздері арасында болғандай болып айтып отыратын. Екі жүз жыл өтіп кетседе төменде айтылатын әңгімелер кеше-бүгін болғандай айтылар еді.

Тұрсынбай датқа мен Құлболды иманның достығы. Сайыпназар ахун мешітінің салынуы. Тұрсынбай датқаның хан қолынан қаза болуы

Қожжан қожа ұрпақтарының шежіре кітабында Құлболды иманның Мир-Араб медресесін бітіргеннен Сырдария ауданының төңірегінде өмір сүріп, ислам дінін уағыздап, емшілікпен айналысқаны, иманның алдына барып бала сұрағандар балалы болып, дертке шалдыққандар құлан таза жазылып кететіні, қуаңшылық жылдары түрлі дуа оқу арқылы бұлт шақырып жауын жауғызатыны туралы

деректер айтылған. Иман өмір сүрген ауылдардан ханға түсім түспей қалатын болған. Хан сол төңіректі басқаратын Тұрсынбайға тапсырма береді. Датқа әскерімен сол ауылды шаппақшы болып, ауыл маңына келіп қонады. Бірақ, түнімен әскерінің, өзінің де мазасы кетіп, ұйқы көрмейді. Әскерін түнімен бақа-шаян, жыландар шағып әбігерге түседі. Бұл мазасыздықтың иманның әрекетінен болғандығын түсінген датқа райынан қайтып, тарту таралғысымен, аз нөкерімен барып, кешірім сұрап, ақыреттік дос болыпты.

Әрі, сол кезеңде датқаның билік жүргізетін елінің, кіші жүз жаппастарымен «Иіркөл» шекарасында жер дауы болады. Екі жақ келісімге келе алмағасын жер дауын шешіп берудің билігін сол кезде діни оқуды аяқтап келген, сол жердің тумасы қожа Сайыпназар ахунға тапсырады. «Екі жақ бітімге келуі үшін, осы шекараға екі ел балаларын оқыту үшін екі мешіт медресе салып бітімге келсін» – деген шешім айтады. Осы бітімге тұрған екі жақ орта жүз, кіші жүз болып екі мешіт тұрғызған. Олар «Жайлау» мешіті, «Қыстау» мешіті деп аталған. Мешіттің құрылысы жайлы сол қожалардың шежіре кітабының 37-38 беттерінде толық айтылған. Тұрсынбай датқа мырыш түбегіндегі «Құм суат» қорғанында болған кезінде жұма намазын осы мешіттерге келіп өтейтін еді деген әңгіме бар. Қорған мен мешіт арасы 7-8 шақырым. Мешіт салынып жатырған кезде қаржы жетіспегендіктен ханға төленетін екі жылдық салықтың қаржысын осы мешіт құрылысына жұмсатып жіберген. Әрі датқаның орыс отаршыларымен байланысқа түсіп, орыс патшасының қабылдауында болып шен алғандығы, салықтың уақытымен келмегендігі, Қоқан ханының ызасын келтірмей тұрмайды. «Ақмешіт», «Жөлек» қорғандарын орыстар басып алып тәртіптерін орната бастағанмен, дарияның басқа беті әлі Қоқан хандығының иелігінде қалып, орыстарға толық өте қоймаған өлара кезең. Хан әскерін Тұрсынбай датқа билеп тұрған ауылдарды шауып келуге жұмсаған. Датқа хан әскеріне қолсыз, өзі қарсы шығып, халықтың еш кінасының жоқтығын айтып, ханға өзінің есеп беріп, жауаптасатынын айтып, әскерді тоқтатады. Қасына ешқандай нөкер ертпейтін, босқа өліп кетеді деп. Өзінің өлетінін білді ме «Елім үшін халқымның қара тоқтысы болып бауыздалып кетсем арманым жоқ» – деп кетіпті. Осы сөз айла-қатесіз ел арасында осы кезге дейін

айтылып келеді. Кетерінде: «Құтқарса мені бір-ақ адам құтқара алады, ол Құлболды имам, басқаларың құтқарамын деп әуре болмандар» – деп имамға астыртын сәлем жібереді. «Кезінде ел қорғаны болған азаматымызды іздемесек елге сын» – деп артынан іздеп барып Құлболды имамның құтқарып алғандығы туралы ел ішінде әр түрлі айтылады. Соның бірі: Ханның қабылдауында болған Құлболды имам Тұрсынбай датқаның уақытылы салық төлемеуінде ешқандай кінасының жоқтығын, елге жасаған жақсылықтарын айтып босатылуын талап етеді. Босатпаған жағдайда ханның өз басына зиян тигізетінін айтып қорқытады. Зиян тигізетіні дейтіні Құлболды мен датқаны кездестіргеннен кейін, датқаны қамаған зынданның есігі үнемі жабылмай ашық қалатыны болыпты. Күзетшілер қанша құлып салып жапқанмен ертеңгілік келсе құлыпта, есікте ашық, датқаның ертеңгі намазын далада, ашық ауада оқып отырғанын көреді. Бұл хабар ханға да жетеді. Басынан қорыққан хан датқаны тікелей өлтіруден қорқып, таралғысына у жақтырып жолда өлтіретін етіп қайтарған екен. Таралған удың зардабынан Түркістанға жетпей жол үстінде қайтыс болады. Атақты адамдарды жерлейтін Ахмет-Яссауи кесенесінің жанына Құлболды имам өз қолымен жерлеп қайтыпты деген әңгіме қалған. Қалай болғанда хан қолынан қаза тауып, Ахмет-Яссауи кесенесіне жерленгені рас, болған уақиға.

Тұрсынбай датқадан Арқадан көшіп келген 60-үйлі Арғын ағайындардың жер сұрап алуы немесе Жанай әжеміз туралы (Арғын Міңке ақсақалдың әңгімесі желісімен)

Тұрсынбай датқаның датқалық билігімен атағының Қыр мен сырға бірдей жария болған уақыттарында арқадан 60 үйге тарта көшпенділер рұхсатсыз келіп қонсы қонады. Бұл қонған ауылдың ерекшелігі әр тігілген киіз үйдің белдеуінде бір байлаулы ат, бір шаншулы найза тұрады екен. Датқа өзінің нөкерлерінің бірін жұмсап: «Біліңдер, бұл не мақсатпен көшіп-қонып жүрген ел, белдеудегі аты, шаншулы найзасы неменесі?» – дейді. Қонсы қонған ауылдың ақсақалына келіп датқаның сәлемін айтып сұрастырса: «Біздер Арқадан жаугершілік пен барымтадан әбден шаршап шалдыққан, тозуға айналған 60 үйлі орта жүздің арғын ағайындарынан құралған шағын ауылмыз. Белдеудегі атымыз бен найзамыз өзімізді өзіміз қорғау үшін жасаған әрекетіміз. Бөгде біреулер

себепсізден-себепсіз тиіскен жағдайда, әр үйден атқа шауып найза ұстайтын 60 жігіт шағын ауылын, мал-жанын қорғайды. Ал, біздердің бұл келісіміміз Тұрсынбай датқаның даңқын естіп, иелігіндегі жерден осы 60 үйлі арғын ағайындарға жер бөліп берсін деген өтінішпен келгенбіз. Жерінің ақысына қоса, датқаның өзіне әйелдікке беретін 17 жасар тұрмыс құрмаған қызымыз бар» – деп өтініштерін датқаға жеткізуді сұрайды.

Датқаның ол кезде 4 әйелі, олардан туған 8-ұлы, 10-нан астам қыздары бар екен. Әрі жасы да 50-ден асып 60-қа жақындаған кезі болса керек. Датқа: «Құдай қосқан 4 әйелім, олардан туған ұл-қыздарым бар, 17 жасар қызға обал болар. «Елге-ел қосылса құт» деген онсызда жер бөліп орналастырыңдар деп тапсырма берген екен. Сол тапсырмамен, кейіннен «Байсал бауы» аталған, дария бойынан жер беріп, арғын ағайындарды орналастырады. Дегенмен, «жер дауы», «жесір дауы» үнемі жиі болып тұратын даулар, жер мәселесінің түпкілікті шешім табуы қыз беріп, қыз алып «мың жылдық» құда болғанда барып, оңай шешімі табылып, әрі оның келешек ұрпаққа жалғасын тауып жатуына бірден-бір негіз болған.

17 жасар Жанай атты арғынның қызы – тек әке мен шешенің шешімімен (*Тұрсынбай датқаға әйелдікке берілу мәселесі*) болған шешім емес, бүкіл ауыл ақсақалдарының ұйғарымымен болған шешім екенін, әрі алған жер осы ауылдың ұрпақтарына мұра болып қалатын жер болатындығын жақсы түсінген, зерделі қыз болса керек. Әрі жер мәселесінің түпкілікті шешім табуы-ол датқаның нақ өзіне әйел болып барғанда ғана, дау-дамайсыз шешілетінін барынша сезініп, елі үшін қалай болмағанда, датқаның өзіне әйелдікке баруға, өзіне-өзі сертте бергенде болуы керек. Сөйтіп, ауылының жер алудағы өтінішін іске асыру, оны нығыздау мақсатында өзіне-өзі серт берген қыз-датқаның көзіне түсуді мақсат етіп қояды.

Қақаған қыс айларының бірінде датқа нөкерлерімен дария бойын жағалап, өзіне қарасты елді мекен ауылдарының жағдайларын білуге, атпен аралауға шығады. Жаңадан қоныстанған Арғын ауылдарына келгенде, олардың жақсылап қоныстанып, қысқа да жақсы дайындалғанын көреді. Қыс айларында әр ауылдың өздерінің мал суаратын суаты болатындығы белгілі. Сол суатты көріге ат басын бұрып, дария жағасына жақындағанда, көз ұшында жалтыр мұздың үстінде тыр жалаңаш әйел баласының суаттағы суға

түсіп бірдеңе алып шығып жатырғандығын байқап, атының басын тартқан датқа: «Бұл не қылған әйел баласы, қақаған қыста мұзға түсіп жүрген, барып біліп кел» – деп нөкерінің бірін жұмсайды. Нөкер жеткенше әйел баласы киініп те үлгереді. Қайтып келген нөкер «Түрсеке, арғын ағайындардың сізге тапсырған 17 жасар Жанай атты қызы екен, үкіге балтасы түсіп кетіп, соны алып шығып жатырған үстінен түсіппіз» – дейді.

Елді аралап қайтып келгесін датқаның өзінен кейінгі ел басқарып отырған билері жиналып, арғындардың атаған Жанай атты қызын датқаның әйелдікке алуына ұсыныстарын айтып датқаны көндіреді. Датқа көп айтқасын келісімін беріп, Жанай қызды алып келуге құдалар жұмсаса, қыз отырып алып қиғылық салыпты: «Мен датқаның 4 әйелінің үстіне тоқал болып бармаймын, бәйбіше болып барамын, көнсе алсын, көнбесе еркімді берсін-деп.

Екі рулы ел болып, келісімге келіп шешіліп қойылған мәселе-айнуға болмайды. Елдің ерке, ақылды қызы Жанайдың еркелігін көтеріп, датқа келісімін беріп: «Төрт әйелдің үстіне бәйбіше болып түскен Жанай» аталған екен. Жанай әжемізден Жүсіпназар, Пірназар туады. Тұрсынбай датқа хан қолынан қаза болғаннан кейін, жастай екі ұлымен жесір қалған Жанай әжеміз, әмеңгерлік жолмен қайынысы, датқаның немере інісі Тұрман атамызға тиіп, одан туады. Датқаның ұрпақтары арасындағы уақиғалар, олар бөлек әңгіме болып жалғасады.

Келдігүл бай және Жаназар батыр туралы

Келдігүл бай шежіре бойынша Бекболат Досанның Қосберген атасынан тарайтынын, оның Тұрсынбай датқаның датқалық лауазым алуына бірден бір нақты үлес қосқан ағаларының бірі екендігін айтқан болатыбыз. Бірде Сары-судан Сыр бойына құлап келе жатырған, Келдігүл байдың есепсіз жылқыларының, 100-ден астам басын жолда барымташылар айдап кетеді. Бұл жағдай Тұрсынбай датқаның қайтыс болып, ел ішінде қайтадан тәртіпсіздіктің орын ала бастаған кезеңінде болса керек. Дегенмен, сол кездегі датқаларға ортақ батыр – Жаназардың тірі кезі. Келдігүл бай өзінің інісі, әрі батыры Өтегенді бірнеше жігіттерімен Жаназар батырға жұмсап өтініш жасайды. Байдың өтінішін құп алған, Жаназар батыр қасына Өтегенмен қоса көмекшілікке бір-ақ жігіт алып, үшеу болып жоғалған жылқылардың ізіне түседі. Ізбен қуа отырып жолдағы найман

ауылдарынан сұрастырса, жылқылардың көрші әулие атаның (Жамбыл облысы) ұлы жүздеріне өтіп кеткендігі белгілі болады. Таппай қайтпауға тапсырма алған батырлар Ұлы жүздің ішіне кіріп, астыртын сұрастырса жылқылардың осында келгендігін анықтайды.

Аузында сөз тұрмайтын біреу болса керек, Сыр бойынан барымталанған жылқылардың көрші ауылдарға таратылып берілгендігін айттып қояды. Айтқан адамды шап беріп Жаназар ұстап алып, аяқ қолын байлатады. Аяқ-қолы байланған кісі зарлайды «Менің не жазығым бар еді. Онанда көрші, пәленше деген ауылда түрлі даулы мәселелерді шешуге билер жиналып жатыр, мені босатып солардан сұрастырыңдар» – дейді. Аяқ-қолы байлаулы адамды қосақтағы атқа отырғызып, сол билердің билік құрып жатырған жеріне келеді. Айтқандай билердің билік құрып, халықты жинап, даулы мәселелерді шешіп жатқан үстінен түседі. Жаназар батыр қолы байлаулы кісіні алдына салып қынабынан қылышты суырып: «Біздер Сыр бойынан Келдіғұл байдың барымталанып кеткен 100 жылқысын қайтарайық деп келген қуғыншылармыз. Мына кісілеріңнен хабарын естіп осында келіп тұрмыз. Үш күн мерзім береміз. 100 жылқыны тай тулағымен тауып бермесендер, ердің құны 100 жылқы деген, осы кісілеріңді көз алдарыңызда басын шауып, қайтып жүре береміз» – дейді. Түрі суық, жанындағы екі жігіті де өзіндей бес қаруы сай, ығай мен сығай, әр қайсысы осы тұрғанда 10 жігітті соғып жер қаптыратын батырлар екендігі көрініп тұрса керек. Жиналған билер «Батыр сауға, батыр сауға, текке біреудің қанын мойнымызға жүктемесін дауларыңызды шешіп береміз» – деп ара түсіп қуғыншыларды бөлек үйге түсіріп, мал сойып күтімге алады. Айтқандай, үш күнде даулы жылқыларын таптырып, адамдарын құтқарып алады. Бірақта, ат-тон айыбы бар, ұрланған жылқылардың өсімі бар, оларды келесі жылы қайтарып беретін болып келіседі. Сонымен, алдарына жүз жылқыны салып қайтып келе жатып, Жаназар батыр өзінің еңбегіне тиісті малын алып қалып қойғысы келеді.

Келдіғұл байдың мінезін білетін Өтеген батыр – «Ойбай, Жаке, байдың өз қолынан алмасаң, барған соң маған күн бермейді. Оданда елге қайтпай-ақ менің де осында қалғаным дұрыс» – деп келісім бермейді. Жылқыларын аман-есен алып келген соң, Жаназар батыр болған жайларды айтып еңбек акысын сұраса, бай келесі жылы өсімін алып келген соң, бірақ, есептесеміз деп ештеңе де бермепті. Жаназар батыр ашуланып, өкпелеп сол кеткеннен мол кетіп, келесі жылы бармай

қалыпты. Келесі жылы бұрынғы жігіттерді бастап Өтеген батыр жылқылардың өсімін алып қайтуға барса, бұрынғы билік айтқан билер елдеріне тарап кеткен. Өсімді жинап беруге тиісті ауыл, ауызбіршілік жасап жинап бере алмапты. Ол кез орыстың оязына бағынатын кез. Елдің болысынан қайран болмағасын, жол білетін Өтеген батыр орыстың оязына шағым жасап, қарулы аттылы казактар алып келіп, зорлықпен малдарын жинап алыпты. Казактар Сары-судың даласымен Сыр бойына құлатып, есептесіп елдеріне қайтып кетеді. Елге жақындағасын Өтегеннің жігіттері: «Өтеке біздер былтыр да, биылда байдың жоғын жоқтап біраз еңбек сіңірдік. Бай не біліп жатыр дейсің, еңбегімізге тиісті малымызды байдың алдына бармай-ақ осы жерден бөліп алайық» – деп қолқа салады. «Ойбай, байдың білмейтіні жердің астында, ол осы әңгіменің өзін қазір естіп біліп отыр, біз оның келісімінсіз мұндай әрекетке барсақ, ертең бәрімізге де күн бермейді, өзінің алдынан сұрап аламыз, не көрініпті еңбегімізді бағалар» – деп тағы да келісім бермепті. Жылқыларды алып келе жатыр деген хабар ертерек бара берсін деп бір жігітінен байдан сүйінші сұратып жібереді.

Малын өсімімен алып келдік, енді біздерді қор қылатын болды деп арып-ашып, сонда да болса қуанып келе жатырған жігіттерге, бай көзін көлегейлеп, келген жылқыларды санап тұрып: «Әй, әкелеріңнің ауызын пәлен қылайыңдар, мына жылқыларыңның ішінде менің кара айғырым жоқ, барлық әкелген жылқыларың менің бір кара айғырыма татымайды, аттарыңнан түсіп, аттарыңды да жылқыларға қосып жіберіңдер» – деп сөккен екен. Я, мал тасқа бітеді, қасқа бітеді деген сөз осындайдан қалған шығар. Тас болсада, малды орынды жерінде жұмсай білетін бай еді деген сөз қалған.

Өлерінің алдында Келдіғұл бай енші берген ұлдарын жағалап жағдайларын білейік деп аралайды. Барлығы да жаман емес, өзінің салған жолымен жүріп келе жатырғандай. Келесі бір баласының үйіне келсе, баласы жоқ, келіні бар екен. Бар баласының үйінен ет жеп, қымыз ішіп келген байды, келіні: «Ата, биыл мал арық болып соғым соя алмадық, сізге тісіңізге жұмсақ тағам жасап берейін» – деп, майға бөктірген талқан мен сүтсіз кара шәй беріп қайтарған екен.

«Мына келінім баламды есебі жоқ бай қылар, я болмаса мүлдем түгі жоқ кедей қылар» – деп сынап кеткен екен. Осы баласы келешекте өзіндей атақты бай болса керек. Оның кім екенін анықтауды «Боктыөлендіктердің» өздеріне қалдырайын.

Мейрам ОМАРОВ

ГЕНДЕР – ЖАҒАНДЫҚ ҮДЕРІС

«Отан отбасынан басталады» десек, сол отбасының ортаймас ырысқа, шапағат-шуаққа бөленуіне бүкіл ғұмырын сарп ететін жан ол – әйел. «Жәннат – әйелдің аяғының астында», – депті Қасиетті кітабымыз. Егер, ұлттың рухани деңгейі оның әйелге деген көзқарасымен өлшенеді десек, қазақ халқы қыз баланы әрқашан әлпештен өсірген, төріне отырғызып, төбесіне көтерген. «Қыз – қонақ, қыз – жатжұрттық» деп өз отбасында кемшілік көрсетпеге тырысқан. Анаға, әйелге ерекше құрмет көрсеткен. Жаһандану заманында осынау жақсы салт-дәстүрден тамыр үзіп, ажырап қалу қаупі байқалуда. Тарихқа көз жіберсек, ел басына күн туғанда атқа қонған арулар аз емес. Ежелгі түркілік ақпаратта дүйім елге бес ана билік айтқан кездер болған екен. Біздің тілімізде қалыптасқан «Бесенеден белгілі» деген тіркес сол бір ықылым замандардан қалған. Көптеген қыз-келіншектер Ұлы Отан соғысында жаумен арпалысты. Тылда миллиондаған әйелдер, соның ішінде Қазақстан арулары Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты. Кеңес Одағының батырлары Әлия мен Мәншүк, ұшқыш Хиуаз Доспанова т.б. қаһармандық көрсетті. Қазіргі таңдағы Қазақстанның Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметші әйелдердің де мемлекет дамуына қосып жүрген үлестері мол. Яғни, қоғамдағы әйелдің орны ерлермен тепе-тең деуге деректер мол.

Гендерлік саясаттың алғышарты ретінде 2000 жылғы қыркүйек айында өткен саммитте әлемнің көптеген елдерінің лидерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын қабылдаған болатын. Осы құжаттағы негізгі сегіз мақсаттың бірі ретінде гендерлік теңдікті қолдау айқындалған еді. Сонымен қатар, бұл мәселеге Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы өзінің XXIII сессиясын арнады. Осы жиынға қатысушы мемлекеттерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы» қабылданды. Бұл құжат Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін айқындап берді. Осындай ізгі қадамға бару арқылы Қазақстан әлемдегі гендерлік теңдікті мұрат тұтқан мемлекеттердің біріне айналды. Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары мемлекеттің Ата Заңымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында тең қол жеткізуі, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасылық құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау жатқызылғаны белгілі.

Азаматтық қоғам институттары белсенді болған сайын гендерлік саясаттың да қызметі қарқындай түспек. Бұл арада әйел затының мәртебесі жыныстық ерекшелік тұрғыдан емес, әлеуметтік-саяси тұрғыдан қайта қаралады. Осы арада сырттан келген гендерлік саясат пен ұлттық дәстүр қалай қабысады деген мәселе туындайды. Батыс қоғамы ажырасу, түсік тастау, ойын-сауық, құмарлық сияқты рухани кеселдерге барынша жол беруде. Батыс әйелдерінің көпшілігі бақытты отбасынан, бала сүюден емес, мансап куудан, қалаған кезде нақсүйермен көңіл қосып жүрер саяқ өмірден іздейді екен. Әйел еркіндігіне мол мүмкіндік берген сайын дәстүрлі отбасының іргесі сөгіле бастады. Әйел құқын желеу еткен феминистік қозғалыстар әлеуметтік теңдікті былай қойып, саяси билікті талап етуде. Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания, Нидерланды елдерінде нәзікжандылардың саяси билікке көбірек қол жеткізгені мәлім. Батыс жұртшылығы моральға сай отбасылық өмірге ұмтылмаған соң, азғындық қоғамды жайлап, арты демографиялық тоқырауға душар етті. Әйел-ер теңдігіне негізделген гендерлік саясат ішінара әлеуметтік салада болмаса, Батыс қоғамының басын қатырған мәселелерді түбегейлі шешіп бере алған жоқ. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – демократияның маңызды белгілерінің бірі. Сондықтан, өркениетті ел болуды бағдар тұтқан Қазақстан гендерлік стратегиядан айналып өте алмайтыны ақиқат. Әйел қауымының азаматтық құқықтары мен әлеуметтік теңдігін қайта қарау мәселесі өз кезегінде демократиялық қағидалармен сай келіп жатты.

Кеңес өкіметі кезінде әйел теңдігі орнады, әйел қауымы қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласты. Қазақ әйелдері арасынан талай «Раушан – коммунистер» шықты. Алайда Кеңес өкіметі табиғатынан нәзік әйел затын ерлермен бірдей қара жұмыстарға жегіп қойды. Ал, қатал нарық заманы келген соң қазақ әйелі қайтадан базарға шықты, пойызбен мыңдаған шақырымнан, шетелдерден тауар тасыды. Тұрақты жұмысы болмай, ер-азаматтары ішкілікке салынып кетсе де, қазақ әйелі бар ауыртпалықты көтере білді. Осы ауыртпалық кезеңдегі әйелдердің әрекетін бағалағанда әйел-ананың рөлін барынша көтеру мәселесі күн тәртібінде тұрғандығы айқындала түседі.

«2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясында» гендерлік саясат – ерлер мен әйелдердің билік құрылымдарына теңгерімді қатысуына қол жеткізу деп жазылыпты. Сондай-ақ, стратегияда Үй еңбегі – әйелдердің үй шаруашылығын ұстап-күту жөніндегі ақысы төленбейтін, сандық баламасы мен әлеуметтік тұрғыдан мойындалған мәні жоқ қызметі (үй жинау, кір жуу, тамақ дайындау және т.б.) де есепке алынуы қажеттігі айтылған. Мұны гендердің әлеуметтенуі десек, саясиленген гендер тағы бар. Ал, оның да өз кезегінде артықшылығы мен кемшіліктері

бар. Саясиланған гендердің кемшіліктері деп, **біріншіден**, ерлерден оқшауланған (автономды), кейбір жағдайда қарама-қайшы бағытта бірлесу мен ұйымдасу әрекеттерін; **Екіншіден**, оларды шетелдік әсірефеминистік ұйымдардың ықпалы мен қаржыландыру ықтималдығы; **Үшіншіден**, дәстүрлі отбасылық міндеттер мен моральдық-этикалық қағидалардан алшақтауын атауға болады.

Әлеуметтік, отбасылық өмірде қордаланған мәселе бар. Дегенмен, гендерді сырттан әкеліп жаңалық ашудың қажеті жоқ. Әр қазақ әйелі өзінің өмірлік міндетін, қазақы болмысын сақтай отырып қоғам өміріне араласса, ұлттың шынайы менталитеті қалыптасар еді. Осындайда, қазір түрлі пікірге арқау болып жүрген, қордаланған мәселелердің қатарында тұрған гендер мәселесі қоғамдық дұрыс пікірге ие бола алады. «Гендерлік саясат егер әйелден еркек жасауды көздейтін болса, оған Ислам діні қарсы екені мәлім. Әйелдерді «еркектерден қай жерін кем» деп қолтығына су бүрке беретін болса, онда отбасындағы тепе-теңдік, бір-біріне деген үйлесімділік, яғни, гармония жоғалады. Шариғат отбасының тізгінін еркекке жауапкершілік ретінде тапсырған. Еркектер әйелдерге пана, қамқор, басқарушы. Басқарушылық оған дөрекілікпен қарасын деген сөз емес. Бұл үлкен жауапкершілікпен қарауды білдіреді. Қазақта: «әйел бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген әдемі даналық сөз бар», – делінеді «Әйел және ислам мәселесі» деген мақалада (1). Бұл да болса әйел мен еркектің өзіндік ерекшеліктерін айта келіп, гендерлік саясат аясында кірігіп кетуден сақтандыруы секілді. Қазіргі заманда әйел адамдардың қатысыныссыз жасалатын еңбек түрі жоққа тән. Алайда, олардың құқықтарының қорғалуы сондай біркелкі емес. Халықаралық ұйымдардың алаңдаушылықтарын туғызып отырған мәселе, «әйел мен ерлер тең құқыққа ие» деген ұраншылдықтарына қарамастан, кейбір тұрмыстық қатыгездіктер мен жыныстық зорлықтардың өріс алуы. Әйелдерді есірткі бизнесіне, террористік пиғылдағы құрбандыққа тарту әрекеттерін айтпағанда, әйелдер мен қыздарды саудалау контрабандасы мен әйелдерге қарсы әртүрлі қатыгездіктер әлі де орын алуда. Лаңкестікке тартушылар олардың көп салада ауыр әлеуметтік жағдайын пайдалануы да мүмкін, кейде өздерінің білімсіздігінен соқыр сенімге уланғандар да кездесетіні анық.

Міне, сондықтан да әйелдерді кәсіби қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, жыныстық зорлықты тыю және күнделікті жұмыс сағатын азайту, білімін көтеруге мүмкіндік туғызу, зейнет жасын төмендету күн тәртібіндегі тақырып. Бұл жерде қазіргі заманның өзгеруіне, тұрмыс-тіршіліктің өзгеше бағыт алуына сәйкес қарастыру керек. Қалалық жерлерде 58 жасында зейнеткерлікке шыққан әйелдердің көпшілігі өздерін зейнет жасында сезінбейді, қайта бала-шағасын өсіріп болып, қолдары босап, белсенділіктері артады, ал, керісінше ауылда өмір сүретіндер, көбіне

жұмыссыз отырғандар сол зейнетақыны ғана күтеді. Сондықтан, әр түрлі категорияларға қарай зейнетке шығару мәселесі қайта қаралу керек сияқты. Бұл орайда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік гендерлік саясат гендерлік теңдікке қол жеткізу саласындағы ұлттық және халықаралық тәжірибені, әлем қауымдастығы елдерінің өркениеттік, діни және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты және мұқият ескеруге негізделгенін мысал ете аламыз.

«Еркек – табыс табушы, асыраушы, қорғаушы, қоғам қайраткері, отағасы, күйеу, әке. Ал, әйел – ана, жар, ошақ қамқоршысы, ұрпақ өрбітуші, тәрбиелеуші. Еркек асыраушы ретінде тұрмыста үстемдікке ие болып, абсолютті тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік мол. Олар әйелдерді тұтас тұлға деп емес, тек өздерінің «жартысы» деп таниды. Яғни, жыныстық теңсіздік әлеуметтік теңсіздікке апарып соқты. Нәтижесінде екеуінің ешқашан бір-біріне көңілі толмауда. Қазіргі әйелдер ер-азаматтарға өкпелі – «ұсақталып кетті» деп. Еркектер әйелдерге кінә артады – «сыйламайды» деп... Қыздарға ренжиді – жалаңаштанып барады деп... Бүгін аяғымен шүберекше таптап, ертең оларға «сен неге былғанып жатырсың?» деп бірден талап еткілері келеді. Тәнін сатты деп ренжиді. Ал, сатып алатын – тағы өздері. Қазақ қызының намысын жыртатын, қыздарды әлпештеп, аялайтын еркек болуы тиіс. Кавказ жігіттерінен, ұйғыр ер-азаматтарынан мұндай мінезді әлі де кездестіруге болады. «Қазақ қызы анандай болған, мынандай болған...» деп бүгінгі қыздарды бұрынғылармен салыстырады. Бірақ, «бұрынғы қазақ жігіттері қандай болған?» деп бір уақыт өздерін бұрынғы қазақ жігіті қандай болғандығына үйілмейді. Жалпы, кеше мен бүгінді салыстырудың өзі қате. Қазіргі қоғамда еркек пен билік егіз ұғым. Демек, қоғамдағы кез келген жетістіктер мен құлдырауларға еркек себепкер» (2).

Әйелдерге «көбейіндер» деп талап ету оңай. Алайда, оларға жеткілікті жағдай жасалуы керек. Мысалы, қарызға баспана бере отырып, «бір бала туғанда – 25 %, екі балада – 50 %, үш бала – 75 %, төрт бала дүниеге келсе – 100 % баспана қарызынан құтылуға болады» деп шарт қойылған болса, демографиялық сілкіністің болары хақ. Әйелдердің денсаулығына көңіл бөлу, дәрігер мамандардың қабылдауын жеңілдету. Жөргек ақысын мұнайлы араб елдері сияқты 100 мың доллар демесе де, мың долларға көтеру, депозит ашып беру, ол депозиттегі қаражатты бала 18 жасқа толғанда үй алып, шаңырақ көтеруіне жететіндей болу, жұмыспен қамтамасыз ету, балабақшаны көбейту, оның төлемін арзандату. Сонда көбеюдің алғы шарттары толық жолға қойылмақ. Осы аталған шаралар Болгария мемлекетінде, Араб елдерінде ежелден жолға қойылған.

Ғалым А. Байғұтованың келтірген деректері бойынша гендерлік қайшылықтың бірі – еркек пен әйелдің қайсысы ақылды деген сұрақтың шығуы. Нейробиологтардың зерттеулеріне

сәйкес, ми салмағы әйелдерде шын мәнінде еркектерден азырақ екен. Ерлердің миының салмағы орта есеппен – 1,4 келі, ал әйелдердегі орташа көрсеткіш – 1,3 келі, бірақ, әйелдердің ми иірімдері артығырақ екен. Сондай-ақ, әйелдердің миы олардың дене салмағының 2,5 пайызына, ал, еркектердікі 2 пайызына тең екені, ерлердің миының алдыңғы жағы көлемдірек, әйелдердікінің артқы бөлігі үлкенірек екені және әйелдерде екі жарты шарды байланыстыратын ми бөлігінің тығыздық екенін ғалымдар анықтаған. Демек, әйелдің еркектен ақылы артық болмаса, кем емес. Арнайы тәжірибе жасаған шетел нейрохирургтары әйел миының екі жартышарындағы сөйлеу және ойлау қабілетін байланыстыратын нейрондардың қоюлығы ерлермен салыстырғанда 23 % артық деп көрсетеді. Ғалымдар осы нейрондардың бала психологиясына, физиологиялық дамуына әсер етуімен бірге, оның тілдік белсенділігін жетілдіруге де көп ықпал ететінін дәлелдеген. Әйел табиғатына тән осындай заңдылықтар, ерекшеліктер әрине, қазақ әйеліне де ортақ. Шындығында, әйелдер ерлерге қарағанда, физиологиялық жағынан нәзік, әлсіз, көп сөзге бейім, тым эмоционалды, әсершіл болғанымен, оларда руханилық басым, олар кемшілігін тез түсініп, бастапқы райынан тез қайтады(3).

Әйел мен еркектің басты міндеті – отбасын құрып, ұрпақ өрбіту. Екеуі бір-біріне тәуелді. Өмір сүрудің үш түрі бар: Топтасып өмір сүру, жұптасып өмір сүру, жеке өмір сүру. Мәселен, жеке өмір сүретіндер – аюлар. Кіреуке мен кірекей (аюдың еркегі мен ұрғашысы) тек ұрпақ өрбітер кезде ғана бір-бірін қажет етеді. Басқа уақытта олар жалқы күн кешеді. Жұптасып өмір сүретіндер – адамдар мен аққулар. Жұптасу формасы қажеттіліктен туған. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдар топтасып өмір сүрген болса, сана-сезім мен ақыл-ойдың дамуына байланысты олар бірте-бірте жұптасқан. Адамзат психологиясы еркіндікті ансайды. Қазір ажырасудың көптігі – осының салдары. Англияда отбасының 80 пайызы ажырасқан. Кеңес дәуірінде ажырасу аз болған дегеннің өзінде, үш адамның біреуі ажырасқан деген дерек бар. Мысалы, қазір бос, еркін әйелдер мен бойдақ еркектер – отбасы бар әйелдер мен еркектерге қарағанда, анағұрлым табысты еңбек ете алады. Адамзат моральдық құндылықтардан ажырап, материалдық құндылықтың құлына айналды. Бұл құбылыс өршімесе, кемімейді. Болашақта келісімшартпен некеге тұру, отбасын құру белең алады. Бұл қазірдің өзінде адамзаттың өміріне енді. Ол келісімшарт бір жылға, бес жылға, он жылға түзілуі мүмкін. Қазір бұрынғыдай «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деп үйленуге асығатындар азайды. Нағыз «үйленудің оңай, үй болудың қиын» екенін сезініп, түсінетін ұрпақ келді өмірге. Кәрі қыздар мен сұр бойдақтардың көбеюі, ажырасудың жаппай белең алуы бұған дәлел.

Пайгамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде:

«Сендердің ең ізгілерің – әйелдеріңе жақсы мінезде болғандарың» десе, басқа бір хадисінде «Арттарында қалған күйеуі өзінен разы болған күйде жан тапсырған әйелдің барар жері – жұмақ» деп, өзара рухани түсіністікке, теңдікке шақырған. Бүгінгі қазақ жігіті – қазақ қызының, қазақ әйелінің, өз отбасының, ұрпағының, қазақ деген ұлттың тірегі екенін естен шығармаса, қазақ әйелдері бала тәрбиесіндегі міндетін атқарар еді. Бүгінгі баланың тәрбиешісі – теледидар, интернет, аула, қоршаған ортасы. Баласының қайда, немен айналысып жүргенінен бейхабар ата-аналар да аз емес. Егер, ер-азаматтар нағыз «түздің адамы» болып, табыс тауып, бала-шағасын бақса, әйелдер де баласын бағып, күйеуінің бабын тауып, ұрпағының тәрбиесімен айналысып отырар еді. Амал жоқ, сүйенетін ері жоқ көптеген әйелдер балаға ұлттық тәрбие беруден бұрын олардың қарны тоқ болғанын ойлайды.

Кеңес үкіметі орнағанға дейін, қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлі отбасылық өмір сүру салтына әлем оқымыстылары бей-жай қарамағанын білеміз. Солардың бірі ағылшын ғалымы Джеймс Бейкер: «Қазақ отбасындағы әже, үлкен әулеттің анасы. Бәрі сол әжеге бағынады. Әже келінге сүйеу әрі қамшы. Ал, қыз немереге ұлағатты ұстаз, тәрбиеші депті. Және, әулеттегі ислам шарттарының орындалуының қатаң бақылаушысы» – деп, ұрпаққа отбасынан сіңірілетін тәлім-тәрбие кілті осында екенін байқаған(4). Ал, шетелдік М. Олкотт атты ғалым: «Қазақ ерлері ержүрек болып келеді екен. Дұшпанына қатал, қарсы келген жауларын тайсалмай жояды. Өздері аңқаулау болғанымен досқа, ата-анаға, жарына адал. Көбінде аңшылықты серік етіп, отбасын асырайды. Балаларын өте жақсы көретін болып келеді» – деп баяндайды (5). Бірақ, әйелді Құдай әйел етіп жаратқандағы, оның мойнына артылған ең үлкен парызы – ұрпақ жалғастыру, өмірге сәби алып келу, бала тәрбиелеп, отанасы атанып, отбасын сақтап қалу, ұрпақтар сабақтастығын жалғау. Қанша қаражаты болып, болмысын өзгертуге тырысса да, ер азаматтардың қолынан келмейді бұл шаруа. Оны ешкім қолдан жасай алмайды. Сондықтан, қоғамда әйелді қанша биік көтерсек те, оған қандай бостандық беріп, қанша қызметке қойсақ та, оның ана болып қалуына жағдай жасалғаны жөн.

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
филология ғылымдарының кандида-
ты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің ассоциир профессоры

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Әйел және ислам мәселесі», Д.Нөкетасва, «e-islam» порталы, 2013 ж. қыркүйек.
2. Қ. Қыдыр, «Айқын» газеті, №40, 7.03.2009.
3. Қ. Қыдыр, «Айқын» газеті, №40, 7.03.2009.
4. «Бақ.кз» жаңалықтар порталы, 2012, наурыз.
5. «Бақ.кз» жаңалықтар порталы, 2012, наурыз.

ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ФЕНОМЕНІ

Мемлекеттің саяси өмірінде, қоғам дамуының тарихи кезеңінде оның дамуына қажет идеяны қалыптастырып, халық мүддесіне қызмет етіп отыратын құндылықтарды зерделеп, жарыққа шығаратын ұлттық интеллигенция өкілдері. Ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметі ел мүддесіне қажет дүние.

Қоғамның даму тарихынан көрініс тауып отыратын ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметі алдағы уақытқа шығармашылық қызметтің рухын қалдырып, келер ұрпақтан елдікті талап етіп отырған. Әсіресе халыққа жол көрсетіп, ұрпаққа бағыт бағдар беріп отыратын **интеллектуалдар қоғам дамуының бет бейнесін зерделеуде тарихтың тағылымын ұғынудың, қоғамның өткені мен болашағының тәжірибесін ой елегінен өткізудің, ұлт болашағына тұлғалары қалдырған даналық деңгейімен қарап, әлеуметтік дамудың түрлі бағыттарын, үлгілерін білімнің таразысына салып, соның негізінде ұлттық мүддені қамтамасыз етіп отыратын идеяны қалыптастырудың тәсілдерін де үйретеді.**

Тарихсыз әлеуметтік шындық жоқ, тарихи кеңістікте орын алған кез келген оқиға әлеуметтік шындыққа толы, сол әлеуметтік шындық негізінде ұлттық интеллигенция қызметінің рухы мен ақиқатын жете зерттеу тек қана тарихтың негізінде ғана мүмкін болмақ. Себебі алаш зиялылары айтып кеткендей, «дүниедегі негізгі әділ сыншы тарих пен халық». **Халықтың ұлттық ойлауы тарихтың тағылымымен өзінің рухын сақтайды, ал ұрпақтың тарихи зердесі сол тарих өрісіндегі тұлғалар қызметінің ақиқаты негізінде қалыптасып отырады.** Бұл ұлттық интеллигенция өкілдерінің тұлғалық қызметтерінің өрісін зерттеуде ғылым алдында тұратын негізгі мәселе, негізгі ұстаным.

Ұлт тұлғаларының шығармашылығы, ғылыми ізденістері, идеялары, дәлірек айтсақ ұлттық интеллигенция өкілдерінің ұлттық мүддеге негізделген қызметтері қоғамның рухани деңгейін қамтамасыз етіп отырған. Түркі кемеңгері Жүсіп Баласағұн былай деген:

*Тағы бір топ ғалымдар мен даналар,
Ілім беріп, халық жолын саралар.
Қатты сүйіп, қадірле сөз, түйгенін,
Көп пе, аз ба білімдерін үйренгін.
Солар жарар-жарамасты парықтар,
Тура, таза жолды ұстанып, анықтар.*

Олардан сен ілім үйрен, білім біл [1, 441 б.]. Халқымыздың тарихтағы рухани өмірі ұрпағына мағынасы терең міндеттерді жүктеп отырған. Ел басқарған тұлғалардан бастап, рухани өмірдің есігін жаңа аттағалы жатқан қазақ баласына

дейін елдің тағдырын ұғынуға жетелейтін уақыт олардан өз елінің мүддесіне қызмет етуді тегістей талап еткен.

Философиялық сөздіктерде, әдебиеттерде, «интеллигенция – оқыған, білімі бар, қоғамға шығармашылық деңгейде қызмет ететін адамдар тобы, белгілі бір мамандық иелері деп көрсетіледі» [2. 3-б.]. Оқыған, білімі бар маман иелері қоғамда (белгілі бір салада) қызмет атқарады. Билікке араласады, тіпті ғылым иесіде бола алады. Бірақ мемлекетіміздің тарихындағы ұлттық интеллигенция қызметінің рухы мен тарихи мәнін ақиқат тұрғысынан зерделесек, ауыртпалығы көп тарихи кезеңде адамның алған білімінен де жоғары адам рухын қалыптастырып, тәрбиелеп отыратын тұлғалық қасиеттердің қызметін байқаймыз. Сол арқылы интеллигенция феноменін зерделейтін болсақ, шынымен де адамның тұлғалық қалыптасуына алдымен рухани қасиеттерінің жетекші болатындығына толық көзіміз жетеді.

Ел тарихынан анық көріп отырғанымыздай, қазақ хандарының өмірі әр бір қазақ зиялысынан ақылдың күші мен білектің қаруын қатар жұмсауды талап етті. Қазақ мемлекетін құру және оның болашақ мүддесіне сенімді өмір сүру үшін міндетті түрде қазақ батырларының қызметін арттыру маңызды болғандығын тарихтан жасыру мүмкін емес. Осы мақсатта хандарымыздың заманында батыр қызметінің беделін арттырып, тұлғалықтың рухын халыққа насихаттау жыраулардың міндетіне жүктелген.

Батыр қасиетті адам, киелі тұлға. Оның қасиеті батырдың бойына халқы үшін дарыған. Себебі қазақтың қай батыры болмасын оның сезімі де, ой арманы да жалғыз. Ол әр бір ұлттың мүшесі жеке адамның өмір сүру бостандығына, тағдырына құрметпен және өз ісіне жауапкершілікпен қарау.

*Халық иесі хандарды
Қалай айтса – мін барма?!
Шегірткеге таланған
Қырғауылда жүн барма?!
Жапалақтан сескенген
Жалғыз қазда үн барма?!
Хандарынан айырылған
Қарашыда сын барма?!
Қайран есіл ерлерді
Енді бір көрер күн барма?!
Ақауызды жүгіртіп,
Кенекенді тірілтіп,
Наурызбай келер күн барма?! – деп жырланған*

Кенесары хан мен Науырыз бай батырдың тарихы, қазақ хандары мен батырларының мәңгілікке ұласқан рухының тірегіне айналды [3.73 б.]. Оның ұлт руханиятының тірегіне айналу себебі

тарихи қажеттілік. Себебі Кенесары ханның тарихы қазақ елінің топырағында қалыптасқан тұлғалар рухының қасиетін дәлелдеп кетті. Ұлттың идеясы арқылы, халықтың ұлттық ойлауы, ұлттың тұтастығы арқылы сақталатын дүние - рух. Кенесары хан тағылымы өзіне дейінгі өмір сүрген қазақ хандарының дәстүрін және сол тұлғалар дәстүрі бойындағы құндылықтарды қайта қалпына келтіріп, кейінгі қазақ зиялыларының қалыптасуына идеялық бағыт бағдар беретін тұлғалық рухтың терең арнасын қалдырды, ол ел топырағында қазақ батырларының бейнесімен ұрпақ санасында сақталып отырады.

Хан билігінің рухы ұлт зиялыларын қалыптастыруға мән беруімен ерекшеленеді. Мемлекет идеясының болашағын және тұлға ұстанымының нақты жағдайын зерделеп отыратын билер мен жыраулардың тағылымы қазақ хандығы құрылған уақыттың өзінде маңызды беделге ие болған. Қазақ хандығының негізін салушы Жәнібек хан мемлекет мүддесіне қызмет етуде, елдің территориясын кеңейту идеясымен қатар қоғамның интеллектуалдық өрісін қалыптастырып, елдің рухын көтеруді, ұлттық идеяны дамытуды қолға алған. Сол кездің өзінде қазақ қоғамының рухани өмірінде зиялылар идеясының құндылығы хан билігінің тарапынан ерекше бағаланған.

Мемлекеттің негізгі байлығы адам, ұрпақ болмысының мінсіздігі. Бұл мәселе әр елдің әлеуметтік философиясында кеңінен зерттелген. Осы мемлекетті нығайту жөніндегі идея ғылыми зерттеулердің негізіндегі түрлі философиялық ғылыми бағыттарды қалыптастырып отырды. Жәнібек хан, «ұлт болмысының рухын қалыптастырып, сақтау үшін қандай идея, қоғамға, халыққа өмір сүрудің қандай ережесі қажет» – деген мәселелерге ерекше көңіл бөлген. Ол мынадай жарлық шығарған: «**Күллі алаш ұранды бұқараларымның өздерінің және ұрпағының мінсіз болмағы шарты үшін.... жеті атаға толмай қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт**» [4. 15 б]. Осы кезеңде, яғни XV ғасырдың өзінде қазақтың шығармашылық ғылыми бағыттағы тұлғаларының жаңа бір буын өкілдері қалыптаса бастаған. Осындай өрісі кең тәжірибесі тереңнен бастау алатын қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихындағы ұлт интеллектуалдарының қызметі ғылыми тұрғыда жан жақты зерделеген сайын, қоғам өміріндегі интеллигенция қызметінің мәні мен ақиқатын тұтас зерделей аламыз.

Жекелеген адамдардың халықтың игілік жолын дұрыс зерделеп, қоғамның даму бағытында мемлекеттің нығайтуына қажетті идеяны қалыптастыра білуі, сол ұлттық идеяны тарих бойы ұлт мүддесінің қалыптасып, дамуында қажетті құндылықтардың қамтамасыз етілуіне жетекші бола білуі интеллигенция қызметінің мәнін айқындай түспек. Өткен ғасыр басында өмір сүрген алаш зиялыларының ізімен

өсіп келе жатқан қазақ жастары тарих бетіне былай деп жазып кеткен: «**Өмір – күрес, тартыс, талас. Көп те, аз да халінше бірігіп, тырбанып, өлмесін көздеп, бастарына келер бейнетті үлесіп алып жатқан заман.**

Дүниеге келген адам біреуден күш алмай, біреуге күш бермей мақсұтына жетпекші емес. Қосылып іс жүргізу көпке пайда болса, ішінен шығар азға да жетпекші. Аздікі көпке жоқ. Сол себепті адам өзін ойламай, көпті ойлау керек. Қазаққа келген жақсылық, кемшілік баршамызға ортақ, бөлінбей түгел тимекші» [5. 153 б]. Бұл сол кездегі қазақ баласының ойы, бұл ойдың мәнінде өмір шындығы бар, ұлт мүддесінің алдындағы тұлға ақиқатының құндылығы бар. Бүгінгі әр бір оқыған адам, билік саласында жүрген азамат елдің ертеңгі мүддесіне тарихи тұрғыдан қарау керектігінің маңыздылығы бар.

Интеллигенция қатары сиреген қоғамда қандай қоғамдық мәселе болмасын дұрыс жолға қойылмайды. Қоғам мүддесіне қажет құндылықтар тарихта жатқан күйі қалып қояды, соның салдарынан қоғам мен халықтың тәжірибесінің арасында алшақтық орын алады, ұлттың мүддесін қамтамасыз етуге қажет білім қалыптаса алмайды. Осыған байланысты Міржақып Дулатов былай деп ұрпаққа айтып кеткен: «**Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз болмас. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрі бір. Депутат бол, газет шығар, бала оқыт... Өзгеміздің бәрі сай болып жалғыз депутатқа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын онан пайда тағы жоқ... Екі қазақ таласып бір орысқа олжа болсақ, онан тапқан абыройға түбінде ие табылмай жүрмесін. Осыны әркім ескерсе екен**» [5. 394 б]. Интеллигенцияның негізгі парызы халыққа үлгі болу, халық интеллигенция қызметінің сапасын мойындағаннан кейін ғана мемлекет билігінің беделі өседі. Себебі мемлекет интеллигенция қызметіне тәуелді және интеллигенцияның қызметін қорғайтын билік. Қазақ хандарының тұсында тұлғалар рухы өмір сүрді, себебі әлеуметтік шындықтың себеп салдарын халық пен мемлекет басшысының алдында сараптайтын жыраулар мен билер қызметі өмір сүрді, соған билік тарапынан мүмкіндік берілді. Соның нақты мысалы ретінде ең соңғы ханымыз Кенесары басқарған қазақ қоғамының рухани өмірін алуымызға болады.

Кенесары хан басқарған қазақ қоғамында тұлғалар кеңесіне мән берілді. Елдің экономикалық дамуын, ел мүддесін қорғауда әскери күштің сапасын қадағалау, көршілес елдермен экономикалық және саяси қарым-қатынаста болу сынды мәселелер Кенесары хан құрған зиялылар кеңесінің міндетіне жүктелген. Соның ішінде Кенесары хан адамдардың құқығы, заң мәселесіне аса мән беріп, ол өз билігінің негізінде сот билігін құрған. Сот билігі Қазақ мемлекетінің ата заңының негізінде толықтай халық пен мемлекеттің мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған. Ал, оның сапалы қызмет

атқаруын ханның өзі бақылап отырған. Кенесары хан басқарған қазақ мемлекеті билігінің рухы аз уақыт болса да ел тарихында мемлекет пен тұлға қызметінің рухын салмақтап отыратын тарихи феноменге айналды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей әр бір тарихи кезең интеллигенция өкілдеріне уақыт талабына сай қоғамға, ел мүддесіне қызмет етудің жаңа міндеттерін жүктеп отырған. Көп жағдайда интеллигенция қатары қызметіне сай бөлінеді деген пікірлер туындап жатады. Интеллигенция ұлт мүддесінің өкілі, «зерделі адам». Тұлғаның зердесі елдің өткені мен бүгінгісі және ертеңін қамтиды. Сол себептен де нағыз ұлттық интеллигенция өкілдері ұлт ісіне келгенде дараланбайды.

Интеллигент қоғамның қай саласында болмасын ел мүддесіне өзінің үлесін қосушы адам. Оның танымы, іс-әрекеті алған мамандығымен шектелмеуі тиіс. Интеллигент ұлт ісіне маманданған адам. Тарихтан, өзі өмір сүріп отырған уақыттан, яғни өмірден алған тәжірибесін білімі арқылы халық игілігіне жарата алған адамның қызметі рухани мәнге ие. «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, – деген М. Дулатов - ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. Не нәрсені де болса адам керегі болса іздеп жоқтайды, қажеті жоқ нәрсені кісі жоқтамайды» [5, 31 б].

Ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихта қалған идеялары не себептен заман сыншысы болып қалады? Интеллигенция қызметінің қадір-қасиеті, қай заманда болмасын адамның іс-әрекетіне қайшы келетін нәрселерді көрсетіп отыруында. Адам, халық мүддесіне қатысты айтылған идеяларының ақиқатқа айналуы, тұлғаның зиялылығын бейнелейтін нәрсе. Қазіргі уақытта, яғни еліміздің рухани өмірінде интеллигенттіліктің талабыда осы шындық негізінде өрбіп отыр. Қазақ қоғамының қалыптасу жолын зерттеу және оның білімін бүгінгі уақыт талабына сай пайдалана білу әр бір маманның негізгі міндеті. Мемлекетіміздің ұстанып отырған саясаты қоғамды дамыту, ол білімді ғылымды жан жақты игеру, озық технологияны меңгеру идеясы. Бұл идеяны жүзеге асырудың нақты тәжірибесін кезінде алаш зиялылары айтып кеткен: «Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниядағы жер билігі күнен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Еуропада ұлық патша атанған жұрт халықтың ақылды ұсталығына сүйеніп, ұлық патша болып отыр» [5, 39 б].

Интеллигенция өкілдеріне жүктелетін міндет қай уақытта да бірдей. Қаныш Сәтпаев сынды тұлғаларымыз кеңес дәуірі тұсында қазақтың тарихи мұраларының зерттеліп, жарыққа шығуына жетекші болды. Қиыншылығы мол уақытта ұлт мүддесіне аянбай қызмет еткен алаш

ғалымдарының ізін жалғастыру бүгінгі күннің де талабы.

Халықтың алдында нағыз интеллигенция өкілдерінің беделі үстем. Әр адамның рухани қызметі ұрпақ болмысына рухани мүмкіндік болып саналмақ. Себебі интеллигент зерделі, сезімтал, білікті адам, оның бойындағы осы бір рухани қасиеттер арқылы тұлғаның білімі мен тәжірибесі халықтың игілігіне жарап отырады.

Интеллигенция зердесі халық мүддесі, ел игілігі. Ол өмірдің шындығы арқылы идеяға айналады. Сол идея негізінде қоғамға қызмет ету әр ұрпақтың елдігі.

Интеллигенция халық мүддесінің өкілі, олар қоғамның даму бағытын зерделеуші адамдар. Уақыттың талабына сай ел қажеттігін жүзеге асыруға жетекші нәрсе олардың рухани тереңдігі. Алаштың ұлы тұлғаларының бірі А. Байтұрсыновтың ел санасында сақталып қалған сөзімен түйіндесек, «Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілер де көбеюі ықтимал» [5, 60 б]. Бұл бүгінгі қоғамның да шындығы, білімділер қатары көбейіп, қоғамға қызмет ететін мамандар саны арту үшін зиялы ұстаз қажет. Ел игілігі үшін алына-тын білім, елдің ертеңгі тағдыры үшін берілетін білім ұлттық интеллигенция қызметіне мұқтаж. Ал атақ үшін интеллигент болу емес, елдің тәуелсіздігі үшін қоғамға қызмет ету әр адамның тектілігі. Біз қаншалықты тарихтан алшақтағанымызбен алаш тұлғаларының идеяларына жақындай түсеміз. Себебі олардың идеясы біздің өмірімізбен бір жүретін дүние. Бұл интеллигенция зердесінің рухын салмақтай түсетін құбылыс.

Үмбетхан СӘРСЕМБИН,
Философия ғылымдарының
кандидаты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университетінің
Әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының
меңгерушісі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түрк тілінен аударған А. Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 бет.
2. Карлов Н.В. Интеллигентна ли интеллигенция...//Вопросы философий, 1998. №3. С. - 3- 17.
3. Батырлар жыры, 7-том. Тарихи өлең-толғаулар, дастандар. / (құраст. Е.Дүйсенбайұлы). – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.
4. Тілеуқабылұлы Ө. «Шипагерлік баян» Араб қарпінен көшіргендер – К. Елемес, Д. Мәсімхан. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 бет.
5. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. -Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 бет.

ДАЛАНЫҢ ДАНА ПЕРЗЕНТІ

(Шәмшадин Керім. Сығанақ саңлағы. Алматы, 2012. – 240 бет+16 бет сурет).

Хақ елшісі (с.ғ.с.) арқылы келген асыл дініміз ислам VII ғасырдың екінші жартысында Араб түбегі шеңберінен шығып, Африка мен Азия құрлығына тарала бастады. Тіпті, VIII-ғасырдың алғашқы ширегінде Тұран даласында да Хақ діннің керімсал желі есіп, бабаларымыз да ислам дінімен қауышуға мүмкіндік алды. Ат үстіндегі майданда ешкімге дес бермейтін дала тарландары ислам дінін қылыштың жүзімен емес, Хаққа деген жақын бітім-болмысымен шынайы түрде қабылдады. Себебі, түркінің тұла бойында ғылым, білім, имандылық, адамгершілік пен гуманизм, әділдікке деген құштарлық тасып жатушы еді. Иә, біздің дүртектегі дана бабаларымыз жаңа дінді қабылдап қана қоймай, оны байытуға үлкен үлес қосты. Бұл ретте Отырар, Шауғар (Иасы, Түркістан), Исфиджаб-Сайрам шаһарлары һәм Сыр бойындағы ислами орталықтар: Сығанақ, Жезд, Баршынкент, Аркөк, Өзкент; Арыс өзені сағасындағы Арыс-баникас (Қараспан) және Ежелгі Тараз және оның маңындағы Шелжі, Жікіл, Құлан, Меркі және атақты Баласағұннан шыққан даланың асыл перзенттерінің өмірі мен өнегелі еңбектері араб, парсы қолжазба қорлары мен мұрағаттарында сақталып қалды. Осындай қалалар мен кенттерден ілім, білімге ден қою ғана емес, жетістіктерге жеткен зиялы даналар да шыға бастады. Олардың бірқатары әуелі өз топырағындағы оқу, білім ордаларында дәріс алды, сонан соң Шаш (Ташкент), Самарқан, Бұхараға аттанды. Сонда оқуын жалғастырып, қызмет етсе, ал кейбірі Бағдад, Дамаск, тіпті, Ніл бойындағы ежелгі Каирге де бет алды. Дей тұрғанмен, уақыт өте еліміз бен жерімізден аталмыш ғұламалар ғана емес, сондай-ақ, ғасырлар парағының арасында қалып қойған өзге де ойшылдар бар деген ой ізденістерімізді жалғастыра беруге жетеледі. Әрине, қазақ жеріндегі білім ошақтарынан тек ғалымдар ғана емес, бар өмірін ислам дініне қызмет етуге жұмсаған, шығармаларын дін ислам ғылымына арнаған парасат иелері де шыққан.

Ислам дінін ұстанған даналарымыздың бір шоғыры негізінен IX–XIII

ғасырларда өмір сүрген. Бұл кезде қазақ даласында билік басына исламды мемлекеттік дін деп жариялаған қарахандықтар келген еді. Олар асыл дінді өз биігіне көтеріп, қастерледі. Қажет кезде жаулардан жанын салып



қорғады. Ғылым-білімді терең игеріп, дамытып, өркендетті. Ислам мәдениетінің өсіп, өркендеуіне мүмкіндік жасады. Бұл қазақ елінде ислами ғылым, білімнің дәуірлеген кезі болды. Тарих, география, филология, ислам дінінің сан-саласы бойынша сандаған еңбектер жазылды. Мұсылман шығысындағы діни, мәдени, ғылыми, әдеби ортамен тығыз байланыс орнады. Араб тілін жақсы меңгерген бірқатар ұлдарымыз озық ойлы шығармаларын туындатты. Әсіресе, Әбу Ханифа мектебін түлеткен ортаазиялық Бұрһан ад-дин әл-Марғинани (1118-1196), Имам Фахр әл-ислам Әбу-л-Иуср Әли бин Мұхаммед әл-Баздауи (1010-1089) сынды данышпандардың еңбектеріне түсіндірмелер жазылды. Имам Ағзам (1010-1089) мазһабы насихатталды. Кейбіреулері тіпті, сонда дүниеден өтті. Сол себепті де қазақ даласының перзенттерінің көптеген шығармалары мұсылман жұрттарындағы кітапханалар мен қолжазбалар қорында қалып қойды. Олар өз туындыларын сол кездегі мұсылман шығысы жұртының ғылым, білім және қасиетті Құран тілі – араб тілінде жазды және ол еңбектері түрлі себептерге байланысты әлемнің көптеген елдеріне шашырап кетті.

Қазақстанның егемендік алуы, тәуелсіз жұрт болуы, өз елінің бұрмаланып, әбден шатастырылған тарихын жазба деректерге сүйеніп қайта қарауға, ең бастысы «тарихтарың жоқ, көздеріңді Қазан төңкерісі ашты» деген жалған идеологияны жоюға жол ашты. 2000 жылы Түркістанның 1500, 2002 жылы Тараздың 2000 жылдық

мүшел тойлары ЮНЕСКО шеңберінде атап өтілді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бас-тамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы қолға алынды. Каир, Дамаск, Тегеран, Үндістан мен Пәкістан, Түркияның бай кітапханалары мен қолжазба қорларынан Отырар алқабындағы Сүткент, Уасидж (Оқсыз), Иқан (Атқан, Итқан), Зернұқ, Сұлхан, Исфиджаб-Сайрам, Түркістан, Қараспан, Манкент, Арысбаникет; Сыр бойындағы Сығанақ, Сауран, Жент, Жанкент, Кердер, Қыпшақ, Баршынкент, Аркөк, Өзкент, Ашанас; Тараз-Талас өңіріндегі Тараз, Баласағұн, Меркі, Құлан және басқа да қалалардан шыққан данышпандарды және олардың жазба дүниелерін іздеу, табу, зерделеу жұмыстары күн тәртібіне қойылды.

Өз басым қазақ даласынан шыққан 200-ден астам ғұламаларды анықтадым. Олардың ішінде жеке-жеке зерттеуге жүк боларлық нар тұлғалар да кездеседі. Сол қатардағы Әбу Ибраһим Исхак әл-Фараби (?-961), Хұсам ад-дин ас-Сығнақи (1240-1317), Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357), Хибагулла ат-Тарази (1272-1333), Шараф ад-дин әл-Женди және т.б. еңбектері тереңдей зерделеуді күтуде. Дегенмен, мұндай қиын істерге тәуекел ететін ғалымдар некен-саяқ. Қазақ даласынан шыққан ойшылдар ішіндегі бірегейі Хұсам ад-дин Сығнақи екені шындық. Кеңес дәуірінде ол туралы еңбек жоққа тән еді. Осыдан бірер жыл бұрын Каирде жыл сайын өтетін халықаралық ислам конференциясына барғанымда, Хұсам ад-дин ас-Сығнақидың 2001 жылы Риядта шыққан 5 томдық және Каирде басылған 3 томдық еңбектерін алудың сәті түсті. Ас-Сығнақи еңбектерінің негізінде араб елдерінде докторлық диссертациялар да қорғалыпты. Оның бірі – Каирде Ахмед Мұхаммед Хаммуд әл-Йамани, екіншісі – Мадинада қорғаған Фахр ад-дин Сайд Мұхаммед Қанит, үшіншісі – меккелік Ахмад Хасан Ахмед Наср. Сөйтіп, осындай тың деректер негізінде ас-Сығнақидың өмірі мен шығармашылығы хақында «Егемен Қазақстан» газетінде көлемді зерттеу мақала жазып, жариялады. Әрине, бір мақалада ғұламаның өте бай ғылыми мұрасын түгел қамтып көрсету мүмкін емес. Ал, ізбасар шәкіртім, филология ғылымдарының докторы, профессор Шамшәдин Керімнің монографиясы – Сыр перзенті Хұсам ад-дин ас-Сығнақидың діни

қызметі мен ғылыми шығармашылығы хақында әлемнің әртүрлі кітапханаларынан жиналған мол материалға, сенімді қайнар көзге сүйеніп, қазақ тілінде жазылған алғашқы көлемді еңбек. Зерттеуде Хұсам ад-дин бабаның ғұмыр кешкен дәуірінің тарихи-әлеуметтік сыр-сипатына тоқталып, ғалымның айналасы ғылыми орта, дәстүр бірлестікте қарастырылып, еңбектері нақтыланып, олардың күмән туғызбайтыны – жетеу, олардың көлемі 19 томнан асады деп тұжырымдалады. Зерттеуде ойшыл бабаның «әл-Уафи», «әл-Кафи», «ат-Тасдид», «ан-Ниһая» секілді шығармалары жүйеленіп, сала-сала бойынша бір ізге түсіріліп, зерделенген. Оның ішінде фикһ, усул-фикһ, ақида, араб тілі білім бағыттары бойынша ғылыми талдаулар жасалынып, мән-маңызы айқындалған. Әр еңбектің нұсқаларының қай елдің қай кітапханасында сақталғандығы туралы толыққанды мәлімет келтірілген. **Еңбектің жаңалықтары баршылық. Мәселен, Хұсам ад-дин ас-Сығнақидың осы күнге дейін әлі де ғылыми айналымға түспеген қолжазбаларына да алғаш рет сипаттама берілген. Әрі оқымыстының әлем кітапханаларында сақталған, дәлірек айтсақ, Түркия, Сауд Арабиясы, Өзбекстанда сақталған қолжазбаларының факсимелері ұсынылған. Оның ішінде автордың өз қолымен жазылған түпнұсқа қолжазбалары табылып, тұңғыш рет назарға ілінген. Өзбекстанның Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының қорынан табылып, ұсынылған қазақ даласының дара тұлғаларының бірегейлері Хұсам ад-дин ас-Сығнақидың «ан-Ниһая» мен Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістанидің «Ғаят әл-баяны» қатар көшірілген қолжазбаны да тосын, соны дерек ретінде қабылдадық. Сонымен, Сыр перзентінің «ан-Ниһая», «ат-Тасдид» секілді еңбектері алғаш рет қолжазба нұсқалар негізінде тарау, тақырыптары көрсетіліп, ғылыми тұрғыдан сарапталған. Мәселен, ғұламаның даңқын шығарған көп томды «ан-Ниһая» атты басты жұмысы күні бүгінге дейін зерттеушілердің қолы жетпеген күйінде шаңы қағылмай жатса, айтылмыш кітаптың бір тарауы осы аса құнды еңбекті өзек еткен. «Ан-Ниһая» – әл-Марғинанидің «әл-Һидаясына» жасалған түсіндірме еді. Бәрімізге белгілі болғандай «әл-Һидая» мың жылдан бері мұсылман қоғамындағы қатынастардың оң реттелуіне шариғи өлшем болып келе жатыр. Ас-**

Сығнақи «ан-Ниһаясында» осы көлемді еңбекке жан-жақты талдау жасаған. Ас-Сығнақидың «әл-Уафи фи усулу-л фикһ» Орта Азиялық тамаша ғалым Хұсам ад-дин әл-Ахсикасидің (?-1247) «ал-Мунтахаб» атты шығармасына жасалған шарх (түсіндірме), өз дәуіріндегі мұсылман хұқығының теория-методологиясына қатысты мәселелердің түйіні тарқатыла тәптіштелген.

Ал, ас-Сығнақидың «Ат-Тасдиді» қалам, ақида тақырыбына арналған. Бұл еңбекте Ұлы Жаратушының заты мен сипаты, нубубат институты, шапағат, керемет, тағдыр, самғият (ақырет, жындар мен періштелер) мәселелері қамтылған. Яғни, ас-Сығнақидың бұл туындысымен бүгінгі мұсылман қоғамында дау тудырып жүрген көптеген ақидалық мәселелердің жауабын кездестіре аламыз. «Ат-Тасдидтің» Стамбулдағы Сүлеймания кітапханаларында елеусіз, іздеуші жоқ болып келген ескі нұсқалары сипатталып, трактат қалам ілімі, Матуридия ақида мектеп ұстанымы тұрғысынан бағымдалады, сондай-ақ «Ан-Нажах», «Муассал» еңбектерін сөз ету арқылы оның араб тіл білімінің білікті, көрнекті өкіл болғандығына көз жеткізіледі. Сайып келгенде, «Діни рухани кеңестігіміздегі бүгінгі күннің түйіткілді сауал-сұрақтарына тұщымды, дәлелді жауап беру үшін осы саладағы мамандарымыз өз еліміздегі исламтанушылық дәстүрлерімізге байыппен үңіліп, ас-Сығнақи сынды төл ғалымдарымыздың мұраларын кемел игеруі дұрыс болмақ. Ғалымның еңбектерінің практикалық та, теориялық тұрғыдан мән-маңызы зор екендігін атап өткен жөн. Оның еңбектері Қазақстанда Әбу Ханифа фиһк мектебін және Матуридия ақидалық мектебін зерттеуде, оқытып-үйретуде құнды ғылыми әдебиеттер қатарына кіреді» деген қорытынды түйінмен аяқталған монография Хұсам ад-Дин ас-Сығнақидың өмірі, ғылыми қызметі, шығармалары хақында айғақ-дәйектерді кеңінен қамтып, іріктеп, ана тілімізде саралап берумен бағалы.

**Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының
директоры, филология
ғылымдарының докторы,
профессор**



**Сықақшы
Толымбек
ӘЛІМБЕК-
ҰЛЫНЫҢ
әзіл-оспақ
беті**

СҰЛУ МҰРТ

*Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
ҚР халық әртісі
Қайрат БАЙБОСЫНОВҚА*

Сұлулық бар мұртында,
Жылулық бар жұртында.
Маңғазданып ән шырқар
Өзі қалай, сылқым ба?!
Қайраты бар үнінде,
Айбаты бар түрінде,
Дауысы ашық тап-таза
Мүкісі жоқ тілінде,
Құпия бар көзінде,
Ыңғайлау ғой сезімге
Қалт жібермес сұлуды
Дейді-ау: «Сезім көз ілме!»
Ән-жыры да жетеді,
Қалжыңы да жетеді.
Желпілдейді ондайда
Шапанының етегі.
Желбіреген үкісі,
Насыбай толы құтысы
Білмесеңіз, айтайын,
Қайрат деген бұ кісі!

ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК, ТАТАР

*ҚР еңбек сіңірген әртісі
Бауыржан ИБРАГИМОВҚА*

«Тамашадан» бата алған,
Айнымайтын татардан.
Үні тілі жететін,
Өзбек болып кететін.
Өзі қазақ десең де
Бірде ұқсайды шешенге.
«Бұтқа қолды салатын»
Қырғыз болып қалатын.
Сыйы да бар тәуір жан,
Күлкіменен «ауырған»,
Су болмайтын жауыннан,
Бауыржан-шоу – Бауыржан.

ТАНЫСЫҢ БАР МА?

– Бізде сыбайлас жемқорлық жоқ!
Өйткені елдің қарны тоқ,
Көйлегі көк,
Жегені ет,
Ішкені сок.
Тепкені доп,
Ақшалары көп.
Ақшасы көп адамның
Проблемасы атымен жоқ.
«Проблемасы бар» деу –
Көре алмайтындардың өсегі.
Алда-жалда проблема бола қалса,
Оны ақшалылар
Ақшамен-ақ шешеді.
Мәселен, бірен-саран «онбаған –
он шошқаға тоймаған»
Азын-аулақ пара алады да,
Ісі сотта қаралады да
Абақтыдан бір-ақ шығады.
Осыдан келіп құлақтың орнына көз,
Көздің орнына құлақ шығады.
«Абақтыда жатқанды қалай босатуға
болады?»
Өзінен-өзі осындай сұрақ шығады.
Онда бару үшін таныс керек.
Дағдарыстың қалт-құлт етіп тұрған кезі –
Танысқа аздап табыс керек.
Ол таныс өзінің танысын табады,
Осы істе тісқакқан кәрісін табады,
Сөйтіп тірліктің мәнісін табады.
Абақтыдағы кісі
Түп-түгел боп тісі
Аман-есен шығады,
Мыйы бар адам осыдан бірдеңе ұғады.
Проблема шешілді.
Осында сыбайлас жемқорлық бар ма –
Атама!
Өзің ойлап қарашы,
танысы бар адам абақтыда жата ма?
Ол жемқорлық емес –
Барып тұрған қамқорлық!
Демек,
Абақтыдан шығару – адамгершілік көмек.
Сыбайлас жемқорлық дегеніміз
Ит тұмсығы өтпейтін ну қамыс.

Бас сұқсаң бітті, шыға алмайсың.
Таборға кірген сығандайсың.
Ал таныс –
Екі адам құшақтасып билейтін вальс.
Екеуінің жақындығы –
Сүйем-сүйем, қарыс-қарыс.
Онда махаббат та бар,
Шапағат та бар.
Бір-бірінен ләззат алатын
Қанағат та бар.
– Менің де бір жақыным абақтыда еді,
Шығаруға шанс бар ма?
– Қазір іздестіріп көрейікші –
Таныс бар ма?!

**Болат ШАРАХЫМБАЙ. «Жаным – жанартау»
(Арыс» баспасы, 2005 жыл)**

...Шөгер болам шөлсіздіктен шөгермін...
(10-бет).
...Шөгіп бара жатқам жоқ...
(25-бет).
...Қара нар – ойға зарыққан боздап көп
шөктім...
(63-бет).
...шемен емес, күрең өлең шөгерем...
(76-бет).
...Менің тауым шөгіп қапты...
(80-бет).
...Өмір саған білмеймін не дерімді,
Қай тұстарда дем бітіп шөгерімді...
(89-бет).

АҚЫНҒА ТІЛЕК

Сұлулықтың әкеп көзге елесін,
Жақсы өлеңнің көреберсек төбесін.
Қалжыраған қара нардай ақыным,
Қайта-қайта шөгесің кеп, шөгесің.
Тауқыметін шөгіп жүрсің өнердің,
Поэзия деген ғажап әлемнің.
Сән түзеген керуендерін ірікте,
Күймелері сыңғыр қаққан өлеңнің.
Алқынба да, алға түсіп жүгірме,
Токмейілісіп, тоқтап қалма бүгінге.
Ертеңіне жету үшін межелі,
Жол үстінде шөгіп қалма, кідірме!

«ЕНДІ ЕКІ ЕСЕ ТУАТЫН ШЫҒАР»

Толымбек Алтынбек Қоразбаевпен бірге
Алматы маңындағы Боралдай стансасындағы
күс фабрикасына концерт қояды. Концерттен
соң фабрика директоры шәй беріп отырып, біраз
мақтанады.

– Біздің фабрикада пәленбай жұмыртқа
өндіріледі. Тауықтарымыз туғыш, – депті.

Толымбек қарап отырмай:

– Енді тауықтарыңыз жұмыртқаны екі есе
артық туатын шығар, – дейді.

– О неге? – деп, фабрика директоры аң-таң
болады. Сонда Толымбек саспастан:

– Ауылдарыңызға Қоразбаев концерт қойып
кеткен жоқ па? – депті.

«КӨРЕ АЛМАЙ ЖҮРМІН»

Толымбек Қазақ теледидарында «Орда»
шығармашылық бірлестігіне бас редактор боп барып,
біраз қызмет істеп жүрген соң бастығы, әрі ағасы,
төрағаның бірінші орынбасары Тыныс Өтебаев:

– Келгеніңе біраз болды, неге хабар жасамай
жүрсің? – депті ұрысы мен назын араластырып.
Ол кезде Толымбектің хабарларының алды эфирге
шығып қойған.

– Хабарларым шығып жүр ғой, көрмедіңіз бе?
– депті.

– Қол тимейді, көре алмай жүрмін, – депті бірінші
орынбасар.

– Қазақ осы, бірін-бірі көре алмайды, – дейді
Толымбек күлімсіреп.

СОДЕРЖАНИЕ

Перед принятием закона о языке.
Сон Чхи КЫН. Перспективы развития отношений между Кореей и Казахстаном.
Жания АБДИБЕК. Кто является другом казаха?
Айдос САРЫМ. Друг казаха: казахская диаспора и интеллигенция за рубежом.
Жарылкасын БОРАНБАЙ. Не имей сто рублей, а имей сто друзей.
Абдрашит БАКИРУЛЫ. Нам не нужно чтобы «националисты пришли к власти», но необходимо чтобы «те, кто у власти руководствовались национальными принципами».
Куандык ШАМАХАЙУЛЫ. Откуда казахам грозит опасность?
Сейлбек МУСАТАЕВ. Не кажется ли вам, что западный дух преобладает в нашей жизни?
Марат КАБАНБАЙ. Давайте, переедем в Акмолу.
Аманхан АЛИМУЛЫ. Не является ли Масанов камердинером?
Хасен КОЖА-АХМЕТ. Почему не допустили Амре к участию в опере «Кыз-Жибек»?
Болат ЖУНИСБЕКОВ. $17 = 32 + 37X$ или формула страха.
Мырзан КЕНЖЕБАЙ. Это не Ер Тостик.
Омирхан АБДИМАНУЛЫ. Великий ученый.
Сагатбек МЕДЕУБЕКУЛЫ. Родной край тоскует по своему поэту.
У. ШАЛЕКЕНОВ. Благородный Айтеке Байбекулы.
Копжасар НАРИБАЕВ. Сильная личность, компетентный руководитель.
Айзат КАДЫРАЛЫЕВА. Почему забывается память об актере Примжанове.
Берик САДУАКАСОВ. Этика Итена.
Б. ЖАКСИМБЕТОВ. В какой бы сфере я не работал, всегда оставался жизнерадостным и трудолюбивым человеком.
Асия БАКДАУЛЕТКЫЗЫ. Могильная лирика Магжана.
Мейрам ОМАРОВ. О Турсынбае датхе.
Клара КАБЫЛГАЗИНА. Гендер – глобальный процесс.
Абсаттар жазы ДЕРБИСАЛИ. Великий сын степи.
Сатирическая страница Толымбека Алимбекова.
Содержание журнала на русском и английском языках.

CONTENT

Before adopting a law on languages.
Son Chxi KYN. Prospects for the development of relationship between Korea and Kazakhstan.
Zhaniya ABDIBEK. Who is the friend of the Kazakh people?
Aidos SARYM. Friends of the Kazakh people are Kazakh Diaspora and intelligentsia abroad.
Zharylkasyn BORANBAY. Life is nothing without friends.
Abdrashit BAKIRULY. We do not need “nationalists come to power,” but we need “those who are in power to be guided by the national principles”.
Kuandyk SHAMAKHAYULY. Where does danger come from to Kazakh people?
Seilbek MUSATAEV. Do not you think the Western life style is getting acceptable in our life?
Marat KABANBAY. Let's move to Akmola.
Amankhan ALIMULY. Is not Masanov a valet, is he?
Khasen Kozha-AHMED. Why was not Amre allowed to participate in opera “Kyz Zhibek”?
Bolat ZHUNISBEKOV. $17 = 32 + 37X$ is a formula or fear.
Myrzan KENZHEBAI. This is not Yer Tostik.
Omirkhan ABDIMANULY. The great scientist.
Sagatbek MEDEUBEKULY. Native land yearns for its poet.
U. SHALEKENOV. Noble Aйтеке Baibekuly.
Kopzhasar NARIBAYEV. Strong personality, competent leader.
Aizat KADYRALIYEVA. Why have we forgotten about the actor Pirimzhanov.
Berik SADUAKASOV. Ethics of Etan.
B. GHAKSUMBEKOV. Wherever I used to work, I was always cheerful and hardworking person.
Asiya BAKDAULETKYZY. Tombstone lyrics of Magzhan.
Meyram OMAROV. About Tursynbai Datkha.
Absattar khazhy DERBISALI. The great son of steppe.
Klara KABYLGAZINA. Gender is a global process.
Satirical page of Tolymbek Alimbekov.
Table of contents in English and Russian languages.

Редакцияның мекен-жайы: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй, 6-қабат.

Байланыс телефоны: 394-42-63. Факс: 8 (7272) 394-37-62. электронды адрес: akikat1921@mail.ru
www.akikatkaz.kz

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2006 жылғы 4 маусымда № 7347-Ж куәлігі берілген. Журнал айына 1 рет шығады.

Басуға 25. 07. 2014 ж. қол қойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Есептік б. т. – 10.15. Таралымы Тапсырыс ?

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Дәуір» ЖШС-нің Республикалық полиграфиялық баспа комплексінде басылып шықты. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы 93 а. Тел: 394-39-27, 394-39-24.

КОМПЬЮТЕРЛІК ОРТАЛЫҚ: *Техникалық редактор* – Гүлжан ОРАЗБАҚҚЫЗЫ, *Корректор* – Айгүл МАҚАТАЕВА, *Компьютер операторы* – Эльмира ЕРҒАЗИНА.

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР – Ораз ҚАУҒАБАЙ.

Мұқабаның бірінші бетінде: Алматыдағы болашақ Көктөбе мешітінің эскизі.

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.

Журнал материалдары басқа басылымдарда көшіріліп басылса, «Ақиқатқа» сілтеме жасау міндетті.